

АПБАЗ  
ҚАРАЖІГІТОВ



# Қайран шеше

АПБАЗ  
ҚАРАЖІГІТОВ

*Қайран  
шеше*

Әңгімелер, хикаяттар

АЛМАТЫ  
АНА ТІЛІ  
1998

ББК 84 Қаз 7-44  
Қ 41

Қ 41 Қаражігітов Абаз. Қайран шеше. Әңгімелер, хикаяттар. Алматы: Ана тілі, 1998—232 бет.

ISBN 5-630-00510-3

Кітапқа қаламгердің соңғы кездері жазған шығармалары енгел. «Базекеңнің әңгімесі» хикаятында отызының жылдардың басындағы ашаршылық апаты, «Сонбекен шырақ» хикаятында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қыяңышылық туралы нағымды баяндалады. Қазіргі уақыттың оқиғалары туралы сез болатын «Қияндағы жалғыз үй», «Ашылмаган сыр» атты туындылар да оқырмандардың назарын аударары анық.

Қ 4702250000—07  
415(05)—98 39—98

ISBN 5-630-00510-3

Орталықтандырылған  
кітапханалар жүйесі Қ.

Жезқазған қаласы  
С. Қаражігітов А., 1998 ж.

## *Абай келгенде*

Бұл бір естен кетпес сәт айтулы әңгіме болды. Жаз. Дала бойжеткен қыздай үлде мен бүлдеге оранып, қанасына сыймай, көздің жауып алады. Қызылала бәйшешегі, гүлі, көкорай шалғыны кілемдей түрілген. Ақ шилеп қайың, көк жапырақ, жасыл желең киген қарагай, терек шөғыры да молайып, толықсып ыргалады. Айнала мұнар көк теңіз. Шымыр-шымыр толқып жатқандай, соноу кек жиегіне ұласып, шалқып жатыр. Ерікті билеген әсер, тамылжыған тәттілік көк сағымға бөккен өңірді жанарына жұтып, көкірегіне басып, аңсағанын, жогалтқанын қазір ғана тапқандай, жұтына тамсанады. Бәрін көз жеп, жан сүйіп, түйсік қабылдан, алабұртады кеп. Әттең дең көкей тесіп, құшағына сыймайтын сұлулықтың құдыреті-ай дегізіп, көзге көрінбес, іште өрт бол тұтанған алоқпе қызғаныш па, қимастық па, аңсау тәнді шымшылаган бөгде сезім ләззат бол тулады, бір тұс. Қыбыр етіп қозғалтпас, е деп дыбыс шығартпас өң мен тұс арбасып қалған. Дәл қазір бәрі-бәрі қанатын жайған аққу бейне болып, сөл тысырға елең етіп, ғайып болар бір оқыс сәт алдында түрғандай.

Мана бір әзірде тақтайдай тегіс жолға шыққан «Волга» барын салып, ағып келеді. Шыр айналған дунине шашагы төгілген түбіт шәлідегі үйіріледі көзге. Машниадағы үшеу әлі бірін-бірі тіс жарып тіл қатыған күйі. Бұкіл аңсары далала кезіп кеткен. Сәл қимыл, оғаш үн көрікті дүниенің алтын алқасын төгіп-шашып жіберердей қалт қалған. Соноу ақ шуақ аспаннан созыдып кеп төселе қалғандай қасқа жол терек, қарагай, қайыңы, тал-шілігі араласып, қалыңы жұпар иіс сая тұндырган қылтадан бой жаза бергенде, манадан сабырын шідерлеген Қайырғаллі тамағын кепеп:

— Сәл кідіресіз бе?— деп журғізушиге сыпайы тіл қатты. Осы бір жаиннат шуагы төгілген, қалың шалғыны түйе жасырынатын атшантырым алаңқай едәуір созыла түсіп, етегі шұбалған сұлудай қайыра орман құшағына

ешіп барады. Асфальт төсөлген жолдың оң жағы ыргалған егін. Егін болғанда, баданадай-баданадай боп қаузынац дәні баржысып піскен бидай егістігі. Сабағынан ма-йысып, басын көтере алмай, қалғиды кеп. Болмашы үркіп откеп жел екпініне жайқалып, толқып, сыйдыр қағыш қана басылған.

Қайыргали етінді, қекшалғыны атырапты қызықтады ма, бірсыныра ұзап барып, еңкейіп көтеріліп, қолын бізге бұлгады:— Бері келіңдер,— оның ашық үні мына таза ауда жұмсақ естілді. Қазір де екі алақанын толтырып алышты. Бұлдірген. Қып-қызыл. Еріп, уылжып тұр. Әбден пісіп, енді болмаса ағып кету алдында ғана.— Міне, жеміс дегеніңіз бұ Жерде аяқ астында. Тұғін тартса, майы шықап жер деген осы! Тере берсеңіз, қазір қап толтырасыз,— деген ол бізге құле қарады.— Тұрмадыздар, теріңдер. Қарның тойып, кекірігің азып тұрса да, жердегідең жеті аса деген атамыз қазақ. Қане,— деп сойлей жүре, бізді де ілгері оздырган.

Кенет қекшалғыны тузыраган орманды дала мың ағыс болп, жанды баураган әуенге құйқылжып, тұнып жүре бергені. Апыра... Тұтас әлем, бұқіл тылсымды құшагына алған саз, сананы тұмшалап төгіліп, мөймілдеді де қалды. Құйқылжып шырқала түсіп, биіктен қайта үзіле соргалап, тұнық аспапға шың-шың соғып, үздіктіре құлайды. Шарқ үрган нәзік әуен бұқіл атырапқа емін-еркін жайылып, қекбарқыт шалғынга төсіп аймалатып жатқандай. Қайдан шықты? Қайда? Бұл қандай құдышрет?! Тамылжыған ыстық әуен асасу сезімді, сананы қас қатымда бауырына басып үлгерген. Бұқіл байтак құлақ түріп, тіршілік мұлгіп, тың-тыңдаپ, қыбырсыз қалған.

— Пәлі! Өмір деген осы ма еді? Сұлулық та, пәктік те мұнда еken ғой,— деген Қайыргали бәрімізді жалтқаратты.

— Қайда озі? Бұ нендей құдышрет? Қөрейікші,— деп ынтыға тіл қатты Баян төңірегіне жаутаң қағып. Қайыргали қолын көтерді. Дыбыс шығарма дегені. Айпаланы кезе тінтіп, үрлана көз жүгіртеміз. Қоғе түспес сұңғыла сұлу әуеп ғана. Бай даланы емін-еркін ырқына алып, бал шуақ әпін шайқап, бәйіз табар түрі жоқ. Мың құбылтып, жүз бұралтып, шырқап, асқақтап кетеді.

— Өзі қайда тұр? Қайдан жаңған ләззат шогы,— деп Баян қайта қозғалды. Ұйып тұрмыз. Саз нәрі таңдайды жұлып, тынысына тұтылып, сезім құшагынан босатар емес. Қол-аяқ үйиш, бұқіл құш-қуатың тек әуен сазына құлап, қозғалыс тыйылған. Апыр-ау демескे шараң жоқ.

Қазір қазақтың байтақ сахарасы бұрын-соңды естілмеген әнге, тосын қүйкүлжыған күтеге бөгіп, құлаққа ұрган танадай мүлгіп, іштей тұнып, тың тыңдаш, айқара жайылған. Аң-таң хал кешіп, бір өзі оркестрдегі бүкіл даланы күтеге бөктіріп, сиқырлы дауысымен баурап, көпіл көкжиегін шалқытқан құдыретті коруге ынтық сезім билеген сана алас-құлас жап-жагын қайта сүзеді. Жоқ! Бірғана асау, арыңды бұлақ суындаі мөлдір, тұнық әуез толастар емес. Мың бұралып, жұз құбылып ыргақ тауып, ғарыш биігін кезіп кеп, қайта құйыла төгіледі. Әнтек биіктік бір!

— Бұлбұл ғой сайраган,— деген Қайыргалидың еміс үні шықты.

— Т-с-с,— Баян құлағың тігіп, көзін жұмыш, берілген күйі ернін тістеді. Қөгілдір орман, тау, тас, шалғын, егістік, кек аспан, ғұлжазира марғау үйінде. Бірақ сол құдырет тілі — ән қайдан шыгады? Қайдан сорғалайды, қайдан төгіледі! Қозға көріну жоқ, бар болмысы жанды тербел, аялап, тәтті шырын болыш еріп, созыла түседі.

— Орман бұлбұлы өз әнінен жақылып қалмайын дей екен, гүлге оранып, бойын жасырып, тытыла түседі, ә! Сол! Сол! Әне, біртуар асыл еркелік! Дала сырласы деп соны айт! Сол ғой, сол шетсіз-шексіз кен өрісі, тауы, көздің жасындаған тұнық аққұлы колі, озені арқыраған тіршіліктің бармақтай перзенті. Ө, дарига, сұлу да жайсаң өмірдің жыршысы болу бақыты маңдайына жазылған... Жан иесі-ай, сенің ұлы қасиетің-ау әлемді шуақа болеғен!— Қайыргали тебірене тіл қатты. Баян өзін қоярга жер таптай, тышыршып:

— Өзің көрейікші, бір көрсетіңіш! Бұ қандай керемет! Қайда тұр? Бір өзіне осыншама асқақ әншілік сыйған тәңірі қасиетін таниықшы!— деп, опы көру де, көрсету де Қайыргалидың еркіндегідей, жік-жапар болды да,— өзі анық ғұлбұл ма? Қайдан блесіз, бәлки...

— Бәке, сіз де қызықсыз. Ондай біртуар құбылыс козге шалына бере ме! Бұлбұлы ғұлбұл ғой, үніне сеніңіз, тыңдаңыз. Бұл табиғат — ана ілкіде сандугашын сайратқан киелі дала. Құсығана емес оның өңіне балбұл қызылшырай берген.

Қайыргалидың әр қимылын бағып, төгілген асқақ әуенге берілген Баян бір тың әңгіменің ұшырын ұстагандай.

— Құсығана емес дейсіз бе?— деп сұраулы үн тастады...

Тақтайдай тас жол жүрдек машинаның төсіне асығыс шумақталып келеді. Әлгі құлақ құрышының қандырган әуен

еңді машинаның салонына жайғасып алған. Әркім өз ойы, өз сезіміне үйшіп, үнсіздікке берілген.

— Міне, елге де келіп қалдық,— деген Қайыргали бәрімізді елең еткізді. Мамырлаған қаздай жылжып асфальт қуалаған ақ «Волга» кіл шатырлы, жан-жағы жасып жа-пышрақты ағаш, гүл көмкөрген, шагаладай үйлері қатар түзеген селога кіре берді. Бұлбұл дауысына беріліп отырып, қайда, қандай елді мекенге келгепімізді де аңдамай қалыпты. Әйтеур, тап-түйнақтай, жаңа ғана су сеуіп, көрпе-тосенішіп қағыш-сілкіп, жұпар шашып қойған қонақжай үйдей тап-таза көшелі ел. Ауыл сыртына қарай топ-топ қаз, үрек мамырлай басып, өрістеп барады. Одан өрі ірі қара табыны орманға бет алып, шұбатыла жайып, шашырай қозғалады.

Қайыргали еңселі үйдің алдына тоқтатты машинаны. Құні бұрын хабарлағандай, сағына қарсы алу, мейман-достық кәде де басталып кетті. Жиһазды, кең үй іші лезде орелі мәслихат, қызықты әңгіме дүкеніне айналған. Ақ сақалы омырауын жапқан қарт кісі қаз дауысты ашық үнімен көпті баурап, бірден қонақжайлыштың танытып тастанады. Өз атын Байтақ деп таныстырған зиялды кісі сөзге де шебер, көпті көрген көне болып шықты. Сонысын аңғарды ма, машина жүргізуші Баян лыпты алып үшқан мінезіне бағып, төбеден сауда тастағаны:

— Сіздің жеріңіздің асыл жаңнат қөркіпе әні де сай екен. Бұлбұлы сайрап, бағы гүлдең, егіні пісіп, орнатағайы ыргалып, көлі аққу, қаз-үйрек пен қасқалдаққа тұнып, өзені сылдырай күміс шашқан мұндан өлкеге бірінші келуім. Бұкіл жол бойы бұлбұл құсы өмірдің мәңгілігін жырлап берді. Үні құлақтан кетер емес,— дегені.

— А? Не дедің? Бұлбұл ән салды дедің бе?— деп қарт қозғалақташ кетті. Мына тосын сөзге жадырап, көйлегінің тамақ түймесін ағытып.— Фажап қой, рас па өзі? Көптен естілмеген керемет сағыныш сазы ғой ол,— деп аз кідірді де,— мышаларың соны жақалық екен. Анық бұлбұл ма?— Қарт еңсеріле қарады бізге.

— Бұлбұл екеніне күмән жоқ,— деді Қайыргали.

— Өзін көрmedік, бірақ тамылжыған үні бұкіл атырапты қөміп кетті,— деді Баян.

— Е, е, ол бірден кімнің көзіне түссін. Сирек жааратылыс иесі емес пе?— деген Байтақ қарт.— Бұрын-соңды кейінгі жұз жыл мұғдарында, осы өздерің тәнті бол, қызыға қараган өңірде бұлбұл сайраганын естідім дегенді білген де емеспін. Дала жүргегін тулата қактырған шығар, ә, өзі де,— деп ойланап қарт өзінен-өзі, арқасы

бар жандай қопаңдаш, қозгалып кетті.— Рас болғай! Бұл өзі ақылдыны тебірентіп, сананы толқытатын күштен жаратылған ерекше басқа дүние гой,— өзімен-өзі сөйлескендей, бет бейнесінде әлдене бір таңданыс сәулесі ойнап өткендей де болғап.

— Бай ага, бұл ақиқат! Жаңа ғана жолымызда айнадай жарқырагап Әтір科尔 бауырында мың құбылтып әуелете шырқаған оның сазды дауысы құлақтан мәңгі өшер ме?! Бүкіл тіршілікті мұлгітіп, езілте шыққан асыл өүен құлақта тұнып тұр,— деген Баян аузының сұзы құрып.

— Үзілтіп бір шырқады дейсіз енді. Сол жерден қадам басып кету де мүмкін еместей болды,— деп Қайыргали да оның сезін бекіткен.

Ақ сақалын саумалаған Байтақ қарт қабағының арасы қосылып, ойлы күйде бір сәт отырып қалды да:

— Құдышет қой бұлбұл әні,— деді екі иығып кезек қомдаш,— неткен ақжолтай азамат едіңдер. Мына ырысы тасыған дарқан даланың сандуғашы сайрап қарсы алса, әлемнің жасауы айқара төсін шешіп, гүлі мен көкмайсасын жолдарыңа төсесе, енді, міне, неше жыл естен шығып, ұмыт болған жыр-дастан тағы бір асыл соз бол менің де ойыма оралғанын қарашы. Ей, Қайыргали,— деген қарттың дауысы да көтеріңкі әрі коңілді естілді.— Дәл осы әңгімені өз атаң Майдожаның әкеме айтып, ұзак тебіренгені есіме оралды. Рас болды. Қайран әруақ та, дала сандуғашы да тірі екен-ау, бар екен, тірі болды.— Қарт нұрланып, жан-жагына байыппен ыңғыласын аударды.— Тұқымы тұздай құрып кеткен шығар. Болмаса, осы өнірде туып, тіршілік етсе, қалай бір із қалмайды, неге бір сананы сelt еткізер белгі бермейді деуші ем. Базбазда осы жәйт есіме түскенде,— деді де, қарт түсі сұзып, лезде өзтере қалды. Қалың қабагы жарға біткен қияқтай бол төгіліп, көзін жауып кетті. Ақ күмістей сақал, мұрттан қалам ба дегендей, агарып, жылт-жылт құйылған. Аз үнсіздікten кейін,— Мына сендер гой,— үнінде қабаржу ма, налу ма, сызды салқындың бар,— қаншама жылдар әруақты жоқ деп келдіңдер?! Құдаймен қанша жыл ұрыс салдыңдар, ә?! Ал енді сенбей көр! Құдай мен әр-уақты жоқ қылышы, қолдарыңан келсе,— оның үні біртүрлі жасып, іле құдышеттеппеніп, еркін биіктеп шықты. Қабагын жазып,— Бекер болты. Зая, бекерге сенішпіз. Бүгін бәрінді тәнті етіп, сұңғыла сырлы әнімен тәнінді ерітіп, жүргегінді, саианды баурап, ағыл-тегі л шаттық нұрын бір өзі естен кетпес күй етіп шерткен, иә, сол бұл-бұлдың не сиқыры, не сыры барын бір құдайым біледі.

Тамылжыған әнімен ұлы Абайды да қарсы алғап. Тәңірінің сүйікті пендесіне еткен құрметі демеске кімнің күмәні бар? Қапе, айтшы бірің!— Байтақ қарт саңқылдан кетті. Бас бармағын азу тісіне басып, «сөндер де ойланып көріңдерші» дегендей, көзін жұмған ол үнсіз отыр. Өзімен өзі іштей сырласып кеткен ол енді бір сәт тілсіз күйге түсті. Бәрі қартқа жаутаң-жаутаң қараң, аң-таң.

— Осы бұлбұл Абайды да қарсы алған дейсіз бе?— Баян қартқа таяна түсіп, сауалына жауап күтіп, дегірісіздепе қозғалды. Басқалар да сол күйде.

— О, жарықтың, Бай аға, сіз біз өмірі естімеген, басқа жап біле бермейтін соны деректі бастадыңыз. Мына әңгімеңіз бұлбұл жайлы ғана емес ұлы сөз патшасы хакына ауысты. Тәңір жарылқап, өнер туы, мәңгілік жыры болғай— деген Қайыргали үзілген сөзді жалғауға тырысты. Қарт қозғалар емес. Үстіне сауыт, басына дұлыға кигізіп, қолына қарағай наиза ұстасып, тұлпар мінгізіп, сайдын даға жіберсе, жарықтың Қара Қыпшақ Қобыланы немесе Қаракерей Қабанбай батыр тіріліп келген бедемес бір пепде болмас еді. Тұлға шіркін, бір иендерге бітсе, осы қартқа біткендей-ақ екен. Қас, қабақ ортасы дөңестеу келген мұрын да айбарлы, бетті сұстандырып жіберген... Әр саусағы оқтаудай. Жасында он кісіге ат бермеген қуатты палуан болғанына, жасы сексеннен асқап шағында да, күмән келтіріп болмас. Осы күннің өзінде алыш дене, қарағайдың қарсы біткен бұтағындағы тіп-тік.

— Қайыргали шырағым, сенің атаңың — Майдожаның сондагы үні өлі де құлағымнаң кетпейді.— Манадан өзімен-өзі болып кеткен қарт үйқыдан оянғандай мойнын толғап қозғалып, тайпалған жорғадай ағып сөйлем кетті.— Осы тұлғама, тәңір берген болмысыма тәнті болды ма, қадала сөйлем:— «Уай, Байтақ,— деп жарықшақтау дауысын азап шақыргандай созып,— атаң жарықтың көрінкел әулие екен. Сенің осындаі алыш болатыныңды білмесе, атынды да Байтақ қоймас еді»,— деп маған деп аударғаны соңша, үстіме төле түсті. Сөйлегенде орнынан қайта-қайта қозғалып, алдындағы кісіге таяна түсетін әдеті бар екен. Осы елдегі көзіқарақты кісі атанған беделді дуалы ауыз адам алдында әкем қалбалақтап кетті.

— Оу, Майеке, түкіріңіз балама, түкіріңізші! Қырықтың бірі қыдыр деген, тегін кісі емес едіңіз. Әрі сіздің жапарыңыз бер тіліңізде құдыреттің қылышы бар деушін еді,— деп қурақ ұшып, монтай қақты.

— Ой, тәңірі, онда не түр, тұға! Тұға!— деп бетіме түкіріғін шашыратып, бұғагы бұлкіл қағып, қопарыла тү-

сіп, аяғын астына басып, жүргініп отырды.— Мына ба-лаңың атына заты сай жаратылғанына тәнті бол жатқаным гой. Әлгі, мына қайсысы еді, ант атқаның бара жатқаның балтасын, келе жатқаның кетпенін ши та-салап, орман ықтап, рулы елдің тұяқтысын, ерулі елдің тоқтысын қағып жеп дәніккен ақ сойыл топ ұрыны шы-бындай қаққанына жаңым сүйсініп айттып отырмын мұ-ны,— әңгімешіл Майқожа аңсағай денелі, селдір сақал, екі беті қыш-қызыл шиқандай, нұрлы кісі екен. Сенің сол кісіге бет бейнең аздаپ келеді,— деп Қайыргалиды да көтермелеп алды сөзін жалғаган Байтақ.— Атаң сондай. Адам құдайдан бала сұрайды. Сұрағанда да ақ-ылды, есті бала сұрайды. Сонда атағым қалсын, үрпағым мақтансын, әруағым өлмесін деп армандайды. Пенденікі сол гой,— деп селдір сақалын тарамыштай отырып-оты-рыш,— құдайдың құдыретіне қалай тәнті болмассың. Бә-рі жаратушының қолында екеніне кейде күнәкәр жан се-не ме?! Құдайды мойындармай, асып-тасып кететіні де бар емес пе адам шіркіннің! Гажап,— деп сақалын тістеп аз отырды. Бұл гажапты қөзін корген соң пайымдаймын. Өзім күемін өган,— деген Майекең.— Жарайды, Байтақ-тың ұрыларды қалай түсіргеніп кейін бір сұрармын. Одан бұрын мына бір әңгімені естіп қойындаршы,— деп осы бұлбұл хикаясын жырғып айттып еді, жарықтық.— Бай-тақ қарт тамағын кенеп,— мен естігенимді ғана айтайын деді де:

— Жер-ананың кемеліне келгеп шағы еді деген Ма-йекең, түкірігіне шашалып едәүір жөтеліп, онсыз да қы-зылшырайлы жүзі масатыдай бол кетті.— Жер бетіне шықпаған шоқ атасы қалмаған. Төрт түлік малы кең да-лага сыймаған халық береке, ырысы тасып, мәре-сәре.

Осы Қыдыр әлейссалам шылауына оралған елдің о-шеті мен бұштіне тосын, күтпеген хабар ұрандаш жетті. Жай аттетті соғ емес, қазақ сахарасын елең еткізіп, да-бырая келді. Бүкіл жайлау дүрк құлақ түріп, делебе қозған құндер қарбалас қызу дайындық құшпағына енді де кетті. Осы сәтті күткендей, жер-кок бал шуақ, өзен, көл құс базарына айналды. Не керек, халық мол тыныс-тап, бар ықылас-пейілін өсы мәуірт сағатына бағыштап, сыйлы қонақ, қадірлі-қасиеттісін көруге зейін қойған. Сөз басы: «Елдің иті жақсылары бас қосады екен. Ел қамы, бүкіл болашақ жайы талқыға түсіп, келелі мәселе айтыл-мақ. Бұл беделді де пәтуалы мәслихатта заман ағымы, ел тағдыры соғ болмақ. Міне, сол бас қосудың сыйлы қона-ғы бол Абай келмек. Міне, керемет! Абай келмек! Абай

келеді, Абай... Ауыздаң ауызга, елден елге, таудаң тау асқап байрақ соз бұл. Қалай келеді? Кіммен келеді? Бар сауал, жұмбақ сыр да осында...

Рұлы еліміздің, ата-бабамыздың кіндік қаны тамған, қаншама ас, той, киелі жиыны өтіп, ұран тастап, әруақ шақырган Әтіркөл маңы құлпырып, жайнап шыға келді. Ақ шағала үзікті, жасаулы үйлер тігіліп, көл маңында, құрметті қонақ құтілетін мәуелі бақ ғүл, орман майысқан атырап жаңа бір жасаулы түрге енген.

Әтіркөл десе, Әтіркөл көздің жауын алады. Ата-тегі әруақты, текті түқым, сол кездегі ел басшысы Бекениңде аузынан жалыны шығып, атақ-даңқы Мекке-Мединеге жетіп тұрған шағы. Қазіргі жер де, ел де сонықі. Атақ-абырой иесі де сол. Елі мен жері қандай кемеліне келсе, Бекениң де ақыл-парасаты, бақ-дәрежесі қатар-құрбысынан қырық кез биік тұрған күндер еді.— Селдір сақалын саумалаған Майекең мәртебелене дауысын созып,— Біздің де жас жігіт кезіміз. Ол генерал құбірнатор келсе де бас имейтін, маймәңкені білмейтін көңіл шіркіннің астам кезі. Атам жарықтық «жұр, жүрдің» астына алыш: «Заманымыздың көсемі, параст иесі, қазақта одан асқан дана жоқ. Әр сөзі алтын, пайғамбардың хадисінде суарылған. Не айттар екен? Есті. Біл. Есіңде ұста! Тыңда! Біртуар адам»,— деп, сәдірмек құған бозбала емеспін бе, алдына салып, еріксіз әкелген.

Айтса-айтқандай, сол күні мәңгі Қыдыр қонған даала қоңыр салқын шуағына бөгіп, құт қонағын тосып, жадырап қалып еді. Оғаш айқай, тық еткен дабыр-дұбыр тылыған. Бәрі Бекениң қас-қабагына мatalып, соның ымығытына бағынған.

...Омбы жолы. Қешкі қоңыр көлеңке ұзарған шақ. Үш ат көсем жегілген сәулетті күйме көк шалғынды мөлдір аспан астында аққал жүлдіздей қалып ну орманда кориніс беріп, жарқ етіп, қайта жасырынады. Былдыр-былдыр қоңырау үні ауада ілініп, атойлаш қалады. Ұшқыр басымен алысқан, қашшырай бауырынан жараган ат жегілген тегіс жол емес пе, келіп-ақ қалған. Сыйлы қонақты құтіп алуға үстінде ақ жібек жейде, жұқа қантал шапан, басында мақпал тақия, қою, келісті қара мұртты Бекен қадірлі ел ақсақалдарымен өзі шыққан.— Майекең тағы бір кідіріс жасап, дәс орамалын алыш, жасаураған жанаарын сүртіп, желлініп аз отырды да:— Шіркін, көз көргеніңе сірәда тоярмысың, көргеніңді қаперіндеге ұстауға жадың жарап ма? Қанағат тұтыш, сері көңіл тоят таптым, тоқтадым дей алар ма? Әй, қайдам, бұл пәнидің

ыстығы мен ләззаты үшін жараган жүрек өз соғысын сол қызыққа — таусылмас махаббатқа арнаған емес пе?! Ендеше... бұл жалған дүние талай жорғаны да, тұлпарды да, ділмәр шешенді де, ел бастаған көсемді де бауырына басқан. Сонысымен ыстық қой, сонысымен қыиспайды.

Иә, жалған дүние-ай десеңі, адами өмірдегі зиялыш парасат иелерінің бірін-бірі құшағыша алыш, тос қағысыш жатқан мәуірті неткен ыстық, неткен қымбат еді. Жел тынған. Жапарлары нұрга толған халқымның қасиетіндей тажайыш тұлғалар маң-маң басады. Кере қарыс маңдай, ұлы тұлғалар, жерден пішкендей дара жаратылыс! Байтақ атырап хош иісін шашып, хош келіпсің, абзалым деп, қуанышы қойнына сыймай, үп етіп жел де соқпай, әлем қас қақпай қалған сәтке күе болдым сонда. Мен соны көрдім. Көз тойған, армансыз рақат тапқан шағым болды.

— О, Алашымның мәртебесі, мақтаны! Елімнің асыл перзенті, қадірлі Абай аға, хош келдіңіз? Төріңіз әне! Құрмет, ізгі ииетіміз міне! Тәңір сізді мына ата жұртымызды, халқымызды көруге пәсіп етіпти. Еліңіз мынау құшағын ашқан,— деген Бекен алты қанат кіре беріс үйлі сегіз қанат ақ орданың есігін өзі құрақ ұшып ашып еді. О, жалған дүние-ай! Сонда да жүрек жарылмады. Соған да күе болдық,— деген Майекең басын ілкі шайқап кідріді. Байтақ қария да, сол әңгімеи қазір тыңдалап отырғандай, кең маңдайын шалқая сипап, үй төбесіне тесілө қарап қалды. Бәрі қартты аңдып, аузынан шығар әр сөзді дүға сөзіпдей көкірекке тоқып, үпсіз тыңдауда. Элден уақытта:— Элгіде осы далада бұлбұл сайрады дедіндер ме?— деп қайта тіктеліп алды. Үйқыдан оянғандай.

— Иә, сайраганда да бір сәтке емес, ұзақ толғады,— деп Баян елгезектігін қайта танытты.

— Айтарлық жаңаңың екен. Жаңсы ырым! Жаңсы белгі екен. Мәңгілік шаттық келеді, халыққа дала бұлбұлы сайраса,— деп жадырады ол.

— Аумин!

— Айтқаныңыз келсін!— деп қымыз сапырыш отырған жас келін де күбір етті. Қарт соноу бала шагында естіген сезін қайта жаңғыртып, ұзақ әңгімелеп кетті.— Майекенің қыза сейлегенде дауысы ашылып кетеді екен. Айтар ойы да түйдек-түйдек, тыңдаушысын еріксіз ұйытыш барады. Әкеме бар ықыласын аударып, қадала қарап:— Сол күні ұлы Абайға көрсетілген құрмет, қошеметті сөзбен жеткізу мүмкін емес. Айтылған ұлагатты да-налық ел жайы, заман ағымы, үрпақ келешегі туралы

ойлар кімді тебірецідірмегі дейсіз. Даңышпапың аузынан шыққан барлық асыл ойды көкірекке түйіп қалар басқайда!— деп бір тоқтаған.— Байекең бізді бір шола коз жүгіртіп,— Қайыргали,— деді, оны өзіне қаратып.— сениң Майекенді коруге қысының жоқ. Онда сен туған да жоқсың. Менің ат жалын ның ұстаган шагым. Жарықтың, сезге шебер, құйма құлақ, ойы да көзі де суреткер кісі еді. «Абай былай дегенде, Бекен былай деді» деп, жазып алғандай тақпақта, шұбырта жонелгенде, жоргадай тайналады кеп. Экем одан көзін алмай, басын шұлғын қалған. Мүйіз шақшаны өкіпесіне тық-тық қагып, бұйра насыбайды ерніне тастап жіберіп, ширата сыздық атып, түкіріп отыр.— Қайран Абай-ай, бір тұспал ой тастап, жүртты ұйытып кетеді. Эр сөзі алтын, әр ойы да наалық. «Көк тұман алдыңдагы келер заман, үмітті сөүле етіп көз көп қадалған. Көп жылдар көп күнді айдал келе жатыр, сипат та, сурет те жоқ, көзім толған»,— деп толғанған тұстарда Бекен де сыр сандықты молырақ ашуға күш салған. Көзі жайдың шогындаі жарқ еткен Абай осы ойының қорытындысында саңқ етіп, қоңыр үшіп соза тұсті де: «Бірінді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос» деп түйіп тастады. Бұл не тұспалы, не дегені, түсініппіз бе, әйтеуір, үлкендер құрақ ұшқан. Сойтсем, ұлы дана осы заманды да болжап тастапты-ау! Бірікпесең, бір ауыздан сөз, бір жеңінен қол шығармасаң, күшің қараң ақ,— деп те кетіпти. Ойланыңдаршы, бірікпесең, бүгінгі тәуелсіздігіңнің күні не болмақ!— Қарт үні қатқыл шықты.

Келгелі бері ұйып тыңдаپ, ара-арасында ой қосып қостап, өздері түйгендеріп ортага салған ел қариялары: «О, бәрекелді, тәңір жарылқасын, Абай! Соziң сөз-ақ. Міне, пәтуа басы осы! Алаштың көкбайрагы осылай тігіледі де!»— деп, бәрі орындарынан дүрк көтеріліп еді. Дабырласып сыртқа шыға бере көп ішінен біреу:— Таң құлан-иектеніп келеді. Таңсәрідегі Абай сөзі періштенің құлағына шалынгай,— деп бетін сипаған. Дәл осы сәтті күтің тұрғандай, ақбоз үйдің сыртынан бір бұлбұл сайрап берсін. Үйден көтеріле шыққан Абай бастаған топ қалт тоқтап, мына асқақ сазға құлақ түре кідірген. Бар әлем бұлбұл әпіне үйіп қалған. Саз сыйылып, үзіле түсіп, қайта шиыршық атып биіктең, шыңға шығаңдаپ, енді бірде төмен құйылып, сорғалайды кеп. Балдай созылып, тамылжиды, үзілер емес.

— Пәлі! Жан тынысы ғой мынау!— деген әлдекімнің

жалқы дауысына қолын көтеріп, сойлеме деген ишара білдірген Абай қозгалар емес...

Сол бір жан қимас таң шапагы алдындағы әсем үн тұнған тыныштыққа шапқан аттың дүбірі, таңғы ауаны басына көтерген «Сүйінші! Сүйінші!» деген айқай кеп араласып еді. Ұлы табиғат — ананы сазды үнімен баурап, сананы елтітіп төгілген бұлбұл дауысы енді сүйіншілекен жүрек жарды қуанышқа ұласып кетті. Өмірде мұндай дағажап қуанышты сәт болады екен. Бұлбұл әні, сүйіншілекен таңғы шық дауыс! Ұлы Абайды, оны құрметтеген елдің қасқа мен жайсақының құндей құлғен қуанышын, сол сәттегі мәңгі ешпес дидарын қөрдім. Бұл тіршіліктегі енді қайталанбас, екі келмейтін қимас мезеттің қуәсі болдым. Жүргегім сондагыдан әлі тулады.

— Бақыттысыз той, Майеке, бәріне қуә болдыңыз,— деген әкем,— иә, сонымен әлгі тамылжыған бұлбұл әнін үзтеп таң алдындағы не сүйінші екен?— деп тағатсызданды. Майекең асыгатын емес. Екі бүйіріне кезек шайқалып, басын шайқап отырып-отырып:

— Құдай бергенге береді. Дәuletіне сәулеті сай, басында багы, астында тағы бар, атагы талайды тамсандырған Бекешпің Абай қонақ болған түннің таңы атар алдында әйелі ұл туыпты. Әне, сүйінші сонық! Мұны естіген Абай:

— Да, Бекен мырза, бұлбұл сайрагап тәңірдің сәтінде бәйбішең ұл туыпты. Құтты болсын! Бауы берік, сандуғаш үні таңдайынан төгілген өнер серік болсын ұлыңа! Бұлбұл сені мен маған баяғыдан бері бозала таңда сайраса, талай таң атты емес пе?! Бұлбұл сол сәбидің өмірге келуіне қуаныш, әні қеудесіне сыймай, шат жанын қоярға жер ташпай сайдады деп біл,— деп аялы қара көзін жаниат шуағы төгілген жасыл атыраңқа аударып, ілгері қозгалған. Әңгімесін әлі үзбеген ол,— Бұлбұл — бармақтай ғана, таңдайына ән ұя салған құс. Өнер сонда! Оның үні өмірдің қан тамырын соқтырады. Тыңдаңызыны, бүкіл тылсым тыныш, байтақ даланың бұтасына дейін маужырап, елбек қағып қалды емес пе?! Ол — өнер құдыреті! Оны естіген адам жүргіші ше? Езілуғе шақ тұр. Ләzzат құшқан жүректе мұң болмақ емес. Рақат сезімі аялаган жан — мәңгілік! Бүтінгі тұған сәбиді бұлбұл сазы құштағына алды. Ол мәңгілік асқақ жыр, таусылмас саз бол туды!— жанары жалын атқан, осылайша тебіренген Абай көпті барлаң қалған...

Абай үні сонда күпі енді шығыш келе жатқан даланы

кезіп бара жатты. Ол әлі де шырқап шыққан бұлбұл үніне қосылып, жаңғырыға естілетіндей.

— Сейтін, бұлбұл осынау елғе Абай ата келген күні тұған сәбидің құрметіне сайраған болды ма? — деп Байтақ қартты Баян тағы сөзге тартты.

— Иә, Абай солай десе, басқадай кім сөз қоса алады. Солай болған,— деп қария нақ түйді де,— Бүгінгі ауда өзгеше бір леп бар ма деймін. Жүректі алыш ұшқан тың серпін, ағыс бар сияқты. Басқанды қайдам, секеннің сенгіріне шыққан мына мені де сол тың, сері күш алыш ұшып бара жатқандай,— деп көңілденді.

...Айнала жым-жырт. Масаты түс жазық дала, көк орман, шұбат иіс ауа, көк майса шалғын, ыргалған бітік егіп — бәрі-бәрі сыйбырызы, үйип қалған. Табиғат — ана желіні дертиш, ағыл-тегіл құтарылар сәтін үздіге тосып қалған сыйдайлы. Қекейді жарып, соноу шалғайдан сорғалаған бұлбұл дауысыны, әлде осы кешкі кірпікке тұнған сұтсағым көріністі шайқап алудан іркіле ме, үлбірей тамылжиды кеп. Тіршіліктің лұпіл қаққан алыш жүрегі бұлқына туласп, өксікті сағынышп иен зарыға аңсау үстінде, көзге көрінбес ыстық діріл құшқан. Қоңғылтің жанары ішіп-жен, үнсіздік билегелі де бірқауым уақыт өтті.

— Пай-пай, Жер-анам-ай, бітіміне болайын! Бар сұлулық өзінде жатыпты-ау! — деп қалды Байтақ қария көзін көлегейлеп, алысқа зер салғап күй.

— Бұлбұл тұған дала емес пе бұл! Жаннат топырағы да осында шығар. Содан да, әне, кешкі салқында созыла шыққан сандуғаш әніп қайта тыңдацыз, — деп Баян сөзге қайта араласты. Елеңдей қалған қарт:

— Өзі бірте-бірте күшейе түскендей-ау! — деді.

— Дұрыс айтасызыз. Асқақ саз биіктеп барады.

— О қасиетті Байтақ аға, өзіңіз қазір ғана айтқан ұлы Абай келгенде бұл далапың ғұлбұлы сайрапты. Ол Бекен атамыздың даңқты ұлы тұған күп екен. Одан бері тұра аттай жұз жыл өтіпте.

«Арыстанмын, айбарыма кім шыдар,

Жолбарысынын, магал қарсы кім тұrap?» —  
деп, әлемге жар сала келген халық перзентін іңгалған үнінен таныған қазақ өнерінің пайғамбары ұлы Абай: «Ол мәңгілік таусылмас жыр, көркем сөз бол туды», — депті демедіңіз бе? Сол шындықтың екінші жүзжылдық мәңгілі өмірі басталғанына кепшеден бері бұлбұл қайта сайрап, сүйінші сұранты. Сүйінші! — деді қарттың қос қолын ұстаган Қайырғали қуанышты үнмен.

— Ал, ал! Сүйінші сендердікі. Әлті саз, әлті дауыс

ұлы Мағжандікі болды емес пе?! Мағжан!!!— Қарт үні кешкі ауада қалқып қалды. Есіл ер туған күні бұлбұл сайраганына да жұз жыл болып қалып еді. Отіп бара жатқан өмір-ай. Қайран Абай, көріпкел екен-ау! Қалай тап басып, дәл айтып еді. Бекеппің Магжапы,— қолын кекке көтерген Байтақ қария,— өнер көгімізде өшпес жұлдыз болып жаңыш қалды емес пе?— деді. Қенет қарттың көзі боталаپ, кәрі жанары суланыш жүре берген.

— Оу, агатай, бұныңыз не? Қоғінде өнер жұлдызы жаңыш, даласында шаттық бұлбұлы сайраган дарқан елдің қариясы сөйте ме екен,— деп Қайырғали еркелей тіл қатты.

— Иә, қарақтарым, қапалықты қуаныш жеңіп, көңіл шіркіп босап кетті. Туғанында әлемді таң қалдырып бұлбұлы сайрап, халқымыздың Абайдай данасы болашағын болжаған Мағжандай ақыны бар ел қамықпас болар! Үлкен той бар екен. Бұлбұл әнімен басталған тойларың мәңгі жалгаса берсін! Той! Той! Енді біздің үйден басталсын,— деген ол үйіне қарай беттеген...

— Мағжан ұлы Абай келген күні туған гой сонда?— Баюн елпілдеп кетті.

— Иә, Бекен де тегін кісі ме, Абайдай ұлының батасын алған, ырым еткен!

— Гажап!— десті отыргандар.

— Эрине, гажап! Ондай құдыреттер өмірге солай кепеді,— деді Байтақ қария.— Сол бұлбұл әлі сайрап түр. Оның үні құлақтан кетер емес. Сөйтсек, ол Мағжаниның бұлбұлы екен. Мағжан екеп! Иә, сайрай бер, қазақ жұрғының сандуғашы!!!

Байтақ қарттың сом жаратылышы қазір де коз алдыман кетер емес. Ол әруағы тасып, шоқтықтанын сейлей кірген үйге:— Бір сөзді бір сөз, бір ойды бір ой қозғайты екен-ау! Майекеңнен естігенді әңгімелеймін деп отырып, ұлы Абайға, Мағжанға кездестік. Жан рақат таптый. Көңілден кетіп, санадан ошे бастаған болмыс тірілді. Абай бәріміздің сүйікті қонағымыз болса, бүгін қимас Мағжанымыз қайта туды. Кемеңгерлік өлмейді деген ұсы! Адамның бәрі дана болмайды. Жердің бәрі дала болмайды,— деген ол аз кідірін,— Адамзатқа ұлы ойшылдар берген халық та мәңгі жасай береді. Халықтың журегі қаналықта! Өйткені даналар — дәүір бұлбұлы. Ал бұлбұл кімнің жаңына қуаныш екпеген?!— деді. Дауысы гінті асқақ. Жарықтық, халқымның ойшыл қарттары-ай!!!

## Қырдағы көріністер

Самолет салонында қимылсыз отырмын. Қоңіл шартарапқа шалқиды. Қоз алдында тасқа жазған жазудай өшпейтін көріністер жатыр. Содан ба, міне, көкіректі жарған иісі бүркырап кетті. Өзім туған дала, жайсаң дала күліш жатыр. Қазір бұған дейін сезілмеген саз бар табиғат бойында. Осылай кең әлемде ерекше нөзіктік көлбец қағады. Жанымды әлдилеп, қытықтайты. Жүргімді аялаған сол сезім сұлулығы алыстан қыздың тақиясындағы үкідегі бұлғақтайдын сияқты, елігіп келемін...

...Менің бұл туған жерге көп жылдардан кейіп келуім еді. Сагынышым да қойныма сиятын емес. Жан-жағыма ынтыға қарай беремін. Сұлтан да шаттыққа бөленіпті. Ол ауылда жылқышы. Жан-жағына жалт-жалт қарап, аяғын билей басқан ақбоздың басын босатып алады.

— Міне, туған жер, ауасын жұтшы емін-еркін, бір жасап қаласың,— деді қоңілді дауыстап ол. Мен өз төңірегім тінте қарап, иісі сұлулық, тәттілік болса, құшып сүйгім келіп келемін. Жастық шагым, Жыланды бауыры депемді балбыратып ерітіп барады. Жан елігуі деген осы да! Өзен бойының балауса иісіне масайған бозторғайдың қоңыраулы үні де шалқыш шығады. Екі көзімді төңіректен ала алатын емесспін.

Дала іргесін әлгіден де кеңітіп, ұзап барады. Соноу кек жиекке дейін теңіздей толқып бұлдыраган сұлу кеңістік құшагы керіліп жатыр. Қоз жетер жер құлышының жонындағы құлпырады. Алашадай қызыл-ала гүлге тұна қалған.

Мен, расымды айтсам, бұған дейін ауасы тар жерде көп отырып қалып, енді сайын далада жаңа тыныстап түргандаймын. Тынысым кеци түсіп, делебем жараган аттай тықыршып, қунап кетті.

— Жарқын, неге аң-таң бола қалдың?— деген Сұлтанның дауысы құлағыма еміс-еміс естіледі. Осы сәтте екі көзім төңіректі ішіп-жеп, өзімнен тыс бір құбылыс менде алғанын байқамашын. Лезде сұлулық әлемі аялаған маңдайым жіпсіп, терлең кетті.

— Ана қарашы,— оц қолын құлаштай көтеріп, қапталымызда қалпы бара жатқан өзекке қарап,— атақты шопан ағаң Жапекеңің күзегі, эне, күн көзін қызықтырып жатқан жоқ па?— деді енді бар денесімен маған аударыла бұрылған Сұлтан.

О шеті мен бұл шеті ат шаптырым кең өзек әдейі қол-

мен еккендей әр түрлі гүл. Жусан ба, изеп бе, қоңырбас па, қарға тұяқ па, қараған мен тобылғысы аралас бір тұтас өңір кілемшің түріндей түріле қалған. Әсіреле өзектің бергі тостек басы, үстіне биіктетіп су тартатын «ЗИД» моторын орнатқан құдық төңірегі Алматыдағы гүл алаңындай. «Сайын далаға, жел мен аңызақ қабындаған жерге де гүл шіркін біте береді екен-ау» деген менің ойымды тагы да Сұлтанның құлкісі бөлді.

— Сен табиғат сырына үңіліп жүрген ғалымсың гой,— деді маған ат үстінен бір жамбасынан аударыла қарап. Аялы қара көзінде сүйкімді құлқі бар.— Басқаны қойты, ал мына далаға соноу гүл қайдан келді? Мұның бапкері кім?— деді таңырқаған маған ол. Жөннелемеде аузыма жауап оралмай қалды.

— А-а-а, ғалым, ойланарсың. Мұндайда гүлдің бағаны да, күтүшісі де қой екенін қайдан білейін деп едің?!

— Қой? Қойың не?— деппін тагы да ойланбаған мен.

— Міне,— деп шалқалай құлген ол,— сендер соноу үлкен қалаларда, алаңдарда, қөшөлдерде күпде су қүйыш, жас баладай әлдилеп өсіретін гүлді Сарыарқаның қойы өсіреді. Қой қозы ғана емес, осындай сап-сары ала, көздің жауын жеген гүлді де туады, ха-ха-ха-ха,— деп барынша құтарыла құлді.

Әлі аң-таңмын. Не сыр бар мына далада? Не көріп, не естіп келемін? Құн сәскелікке тармасып барады. Үп еткен жел жоқ. Манағы кілегей бұлт ауда тараган түтіңдей ыдырап кетіпті, тоңірек құбылыш, бар шыраймен мені көр деп тұр. Жүйткітіп ауыздығымен алысқан ақбозды еріксіз тоқтатқан Сұлтан осы кез жez сапты қамшысын сермей көтеріп:

— Эне, соноу ақ иек төбенің бергі етегіне көз жіберші. Тұған жердің қой тоқыған кілемін тагы да көресің. Бұл даланы жасаулы ғажайып өңір десе де болғандай,— деп ілгері оза берді де,— ал ол қойдың өрісі, тұнгі жатқан қотаны гой, Қыдыр аунаған жер деген сөз!— деді.

Көгілдір жібек шайыдай ашың аспан астында кең жазық, кілем түсті дала маңып жатыр. Осындай табиғаттың өзімен кіндіктес сұлулықты қалай байқамағанмын? Нет-кен ғажап еді! Ауаның тазалығы мынау, миды шағаратын басқадай дыбыс та жоқ. «Еркіндік екен-ау»,— деймін ішімнен көк жиегіне көз жетпес өңірге үңіле қарап.

Алыстан үйрісек айғырдың кісінегені естілді. Ақбоз да, менің атым да мен мұндалап, ішін тартып, құлдір-құлдір кісінеп, басын ала қашып, зорға басылды.

Кекпеңбек бел-белес таусылар емес, созылып барады.

Мұрын жарған ауаның хоп иісі қымыздай бүркырап тұр.

Осы кезде атының басын іріккен Сұлтан қарсы алдымында бұлт басқандай қарауытын жатқан тұтас жондың нұсқасы:

— Қарашы, не болғанын,— деді қабағын шытып.

— Кез келген жерінен боденесі пыр-пыр ұшқан қызыл балтыр изені мен тубіт балақ бозы, бетегесі мен жусаны, әсіреле осындағы жауынды-шашынды жылдары гүлден сәүкеле тағатын тобылғысы мен теріскені ормандай болып жататын маң даала! Міне, тұте-тұте. Енді не айтартсың. Кемердің баурына қарашы. «К-700» тракторлары гасырлар бойы торт туліктің анасы болған құйқалы жазықты түрөн салып аударып жатыр. Алыстан көзіме алып тракторлардың тізбегі бұлдырап көрінді. Тракторист өзіміздің Сәден екен.

— Эй, тоқтат, не сұмдық мынау?

— Не сұмдығыңыз не?

— Жерді жаралама!

— Не айтыш тұрсыз? Мұнда көпжылдық шөп, жоңышқа егіледі,— деді ол маган таңдана қарап.

— Ойбай-ау, ол шөбің шолғе шыға ма? Мына жердің бетінде тұқым қурап қалады ғой,— деймін ышқынып.

— Агроном айтты, болды. Жоспар дегенді естімен не едіңіз? Агроном сөзі — маган заң,— даусы шаңқылдан шықты.

— Ей, бауырың қалай езілмей тұр? Осы жерде туып-естің. Жараламашы жанын,— дедім жалынып.

— Бауыр-бауыр, жоспар-жоспар,— екі сөзді бөліп-бөліп айтқан ол тракторына отырып, жүріп кетті. Менің ендігі айқайым оған даритын емес. Іші-бауырым өзіліп, атыма қамшы басып кетіпшін.

— Ата-бабалар оқымаған ғой. Олар бірақ, омірден үйренген. Олардың кітабы міне,— деп Сұлтан байыры әдетінше маган кең жазықты нұсқады.— Осынау далада табын-табын сиыр, үйр-үйр жылқы, мыңғыртып қой мен түйе осірген. Қашама малдың өрісі мен жайлауы — осы даланы көзінің қарашығындағы сақтаған. Құткен, күзетке алғап. Оның жорытқан ағын, ұшқан құсын да аялап қорғаған. Ал біз ше?— Қозінде әлдене бір сұрау ізі аның көріпді.— Жер-ананың жібек көйлегін сиырып, парша-паршасын шығарып жыртып, жалаңаштап жатырмыз. Жалаңаштап! Тырнай берсек, оның да денесінен қан шығады екен. Сорғалап қаны пыңғаны емес не шаң ду-ду еткені. Осынау жалпақ жазықта, расында, екпе шөп егілді. Бірақ не пайды, жаз бойы көктең тамшы тамбайтын

далага ол шыға ма? Қайдан тамырласын. Сөйтіп, замандар бойы тусырап жатқан дала тыр жалаңаш қалды. Жел жеп, құйып қағып, енді бетінің құнары да кетті. Әлгі жер эрозиясы осы шығар, шамасы,— деген даусында кекесін бар. Маган тігіле қарады. «Оқиды екен-ау, көп нәрседен хабары болды той. Сөздері қалай салмақты еді»,— деймін ішімнен.

— Басқаны қойғанда, Ұштағаның көл табандарында, Нар өлген, Қарабидайлышқа баршы, не болды дерсің. Бір кезде балапан бидайың оскен жерді қазір қоға басып барады. Шілденің аяғына дейіп су іирген жерді қамыс пен қоға баспай, қайтсін. Осылай, бауырым, көп жер тозып барады. Жыл сайын тамырынан тартып, тырма жеген дала айғыз-айғызы шығып, ақтарау жол болып кетті. Бәрі сол. Табиғатты аялау, оны қоргау жергілікті басшылардың ойына келгенше қашап! Үкімет заңып солар оқымай ма деймін осы?— Ол айтар ойып жинақтағысы келді ме, үпсіз қалды.

Қайта үзіле қараймыш кең далаға. Осынау бір қара жонқа болып жыртылған өңірден басқа кең дала құліп жатыр. Бетіне күн шуағы төгіліп, шілде айының самалы желпіш, жасыл дала жайбаракат рақат құшағында.

— Жер тозады екен. Тозғанда, ол бетінен тозады екен. Ай мен күндей арудың бетін әжім басып, белі бүкірейсе, қандай болар еді,— дәл сол. Жер де нәзік жанды арудай ерке, сылқым дүние. Ол да күткенді, баптаганды, құрметтегенді тілейді,— деді қатты құрсінген Сұлтан тамағын кенеп.

Енді бір сарын қазіргі ауыл шаруашылығы жайын сөз етіп кетті. Әр созін дәлелді, мойын бүрғызбас өмір шындығымен бекітіш қояды. Еріксіз бас изетіп, мақұлдатады. Бүгінгі ауыл өмірін егжей-тегжейлі білетіп ғұлама тәрізденіп те кетті ол маган.

— Мына Сарыарқа мал құлағы тұтам шыққан қаснетті жер,— деген ол қолын қөлегейлең, күн салып қарап алдып.— Әнде, машинамен қой баққанды коріп не едің?— деді жазықта жоны қунге шагылсып, бытырай жайылған отардың алдып орағытып бара жатқап машинаны сілтең,— көрмесең, кор! Түйемен, атпен бағатын осы жашуарды қазіргі мал осирушілер «Волга», «Москвич», «Жигули», ең таптағаны мотоциклмен бағып жүр. Сонда сол малдың халі қандай болады десеңізші! Тұскі үзіліске мына отар да, анау машинадағы шопаш да барады,— деген ол атына қамшы салғашып езі де байқамай қалды. Онысы — ашуланғаны. Онызы да желігіп келе жатқан ат ба-

сын ала жонелді. Едәуір жер үзап кеткен Сұлтан орала шауыш, магаш қайта келді де:

— Жарқын, ашапы қара,— деп қалың шайыр үйисе оскеп тобылғылы өзекке назар аударды. Қос қүшіген бірдеңеңі ортага алыш, жүнсіз мойындарын қылқындастып, телмендерден отыр. Біздер қамшы сілтейтіндегі қасына келгендізде екі құс орындарынан әрең котерілді. Мойындарын толғаш, ауыздарын ашып, тіліне дейін көрсетіп барада жатқан құсқа:

— Э, зәнталақтар, бәсе, бекерге отырмаса керек деп ойлад едім-ау,— атынан аударыла түсті де,— не болды екен?— деп кирелендерген құралайдың жас лағын балаңай аялай берді.

Кең танауы желбендей, мойын жүні қоңыр тарғыл жолақтау тобылғы түсті үлбіреген лақ буйірін соғып, дәрменсіз қозғалақтайды.

— Міне, тағдыр иттің тәлкегі. Әйтпесе, осындаі сұлұлық көзін ашпай жатып осынша қорлыққа тап болар ма? Қарашы анықтап,— деп әлжуаз жүзін өзіне аудара берді де,— әне, қонаққа қара, көрсін, табигат зерттеушісі, гылым әлеміне, мүмкін, сенің атыңды қалдыrap,— деді, дауысында әзіл бар.

Қап-қара мойылдай отты жаиар, мені танисың ба деңгей, шарасын кең ашып, зейілсіз, өмірден түңілген еңжар пішінде сүзіле, қадала қапты. Қекірек жарды удай запыран ашылық па, таңдай жарған тәттілік пе, жүректі еріткен, жан сүйсіндірген сүйкімділік пе, неше сақта құбылып, сезім тамырын қозғады ма, жүргегім тулас кетті.

— Құралайдың баласы гой бұл. Міне, көрікті дүние деп осыны айт. Жаңады сурет емес пе, шіркін! Адам осындаі өмірден алған ләzzат ыстығымен ұзақ жасаса керек. Сұлұлықтың зәредей ұшқыны түскен жүргегімді тыңданып. Сонда рақат тапқан жүргегің өмірді мәңгі сүйемін деп, тық-тық соғып тұрады емес пе, сол сұлұлығың осы,— деген Сұлтан егіле қарады.

Құралайдың көзі әлгіден де ғөрі үлкейіш кеткен сияқты. Жуылған қарақаттай көздің қарашығы от болып жаңып жатыр. Кірпіктері ғана баяу қозғалады. Күн төбеге котерілген. Әлдеқандай бір шуберекпен лақтың бел омыртқасынан бастап денесін өбектеп орап таstadtы Сұлтан.— Ұрышығы тайыпты. Мұндай оқыстық табигатта да болады. Енді қайда болмасын,— дейді өзімен-өзі сөйлесіп.

Осы кезде Сұлтанның қолы қаттырақ батыш кеткендей, лақ оқыс қимылдаш, бар даусымен қоңыраулата маңырап, тарбақтап, қатты бұлқынып қалды. Аяқтары

ерең-ерең етіп, өкпесін соғып, танауынан демін зорға алған құралай көзін жұмыш, әлі таусылғандай, біраз сұлық жатты да, едәүірден кейін көзін қайта ашты. Әлгі әлгі ме, дала тағысының көзі сексеуілдің шоғындай жайнап кетіпті. Енді оның жанарына бүкіл жайсаң дүние тұтас тұна қалған тәрізді. Мың турлі сезім пернесін басып, жанына аяушылық пен мейірімнің, өмірге құштарлық пен махаббаттың мәңгі сөнбес шырағын жаққан екі шоқ тесіле қадалады.

«Бақытсызың үшін деген осы. Өмір, сен не деген тәттісің. Әлі сениң бал дәурен қызығының дәмін татпаган мына мен сени қалай қиып қасірет тұңғигына батамын. Шешімін өзің айтпы, келбетті өмір», — деп сайрап жатыр төңкеріле қараған қараышық. Оның ұшқын шашқан жанары қазір аспан кеңістігі мен жер бетіне қимастықшын қараң қалған.

Демімді зорға алыш тұрмып. Тілсіз-ак өмірге құштарлықты танытқан мына қос қараышыққа тәнті сезіммен үцілемін. Адам оқып түсінбеген, сезінбеген көп сыр бар қос жанарда. Құланшайырдың селдір көлеңкесіне жатқан құралайдың жанары кейде тарам-тарам етеді. Тағы да оқыс өз денесін лақтыра қымыллады. Бірақ жан тәсілім етердей қалде жатқан ол осы сәтте қара көзін төңкере ашқанда, қараышығын жауыш тұрган мөп-мөлдір жас сынның сәуледей тамшыға айналып, үзіліп-үзіліп тұсті.

— Эне, эне, пан, жарық дүние, сені кім сүймеген! Сенің ыстық махабаттың-ау, мына жануардың сәби жүреғін жарыш ырышып түскең.— Манадан үнсіз отырған Сұлтан енді тіл қатты. Барлық тамаша өмірде екенін қос қараышың айтып жатқан жоқ па? Енді бір қараыш. Ал енді осы жануардың өзара өгейлік білмейтінің, кез келген анасы жатырқамай емізіп журе беретінің айтсайшы.

Міне, содан да болар, бұлар жетімсіремейді,— деп ол мені оқыс тұртіп қалды. Екі көзі құралайды.

Әр тарау өй мені билеп алған. Әлгі Сұлтанның «озара өгейлік, жетімдік дегенді білген бе бұл жануарлар» деген сөзі құлағымда қалды. Жас сәбидің откір жанары ішіп-жен жатыр. Қүнге шағылышқан оның көзі жан дүниесінің алтын айпасында жайнай тустанып. Құралай басын көтеріп, төңіректі шолыш тұрып, кете алмасын білгендей, қатты дем алыш, жаудырай жас токкен көзін төңкере аударды. Қазір оның көзінде манағыдан да күшті жан оріткен ерекше жалыныш бар еді. Жан-дүнием өзіліп, жүйе-жүйемнің қалай босап кеткенін өзім де аңғармапнын. Қарсы алдымда:

— Күпім-ау, бері келші, бері, бетіңді таяшы! — деген апамың асыл үші құлағыма жып-жылы естілді. Бар жаңымен таусыла бетімнен сүйген туган апамың баурына епіп барамын. Козінде мейірім шоғы. Жан-тәнімді бөлек-шіе пұрга орап, ерітіп алды. Қыбыр етер хал жоқ, тілім таңдайыма жабысың, отқа ұрынған кобелектей оның құшагында отырмын. Мен ана құшагына еніп, ұмытып кетсем керек.

— Ей, сен не көрдің мына сәби көзден, — деді жарымжап лақты даалаға тастап кете алмай, алдына алған Сұлтан атына мініп жатып. Селк ете қалған мен үяла төмен қарап, көзімдегі төгілген жасты сурттім. Не деймін, жүргіме үялаган әлгі, әлті тәтті ана жүрек сезімі бойымды босатар емес. Туган анам дүние салғалы қашан! Жүріп келеміз.

Өзімді сол тәттілік құшагынан енді ғана босатып, Сұлтанға қараймып. Сұлтанды көрсөн, енді көр, онсыз да сағын далада емін-еркін ескен жылқышы жігіттің депесі толысып, айбаттанып кетініті. Жаурының кең жазып, құралайдың лагын баладай құшактап алған.

— Япыр-ай, жанары не деген өткір, не деген асыл еді, — дейді маған дауыстап. — Құн мен аианың көзіндегі жылылық, мейірбандық өмірге осылай тараған екен-ау. Алғашқы махабbat шоғы адам жүргегіне осындаі көзден үшты ма? Тылсым табынған сұлулық мұнда жатыр екен гой. Әй, шіркін, шалқары мен айдыныла ел қонған сырлы қара көз, не деп жатырсың? — деп ақбоздың басын шалқая тартып, — сазаны тайдай тулаған, шабагы мен шортаны асыр салып еркелеген желсіз құнгі құрақты қөлдей екенсің-ау, — деген ол алға ұзақ қарап қалды. Сейтті де:

— Жарқын, сенің кіндік қаның тамған Құрақты қөл ана корінген. Оның бұрынғы Құрақты аты өзгерген. Бүтін әдейі сонда алтын шығып едім сені. Енді, мынадай да-ла аруын өңгеріп жүріп, оған соға алмаспсыз, келесі бірде...

Оң жақ қанатымызда дауыс жететін жерде ғана айпадай жарқыраған қол қалып барады. Бергі күн баурында бытырадай шашыла екі үйір жылқы жатыр. Өз үйірінен құлағын қайшылаш шауып шықкан қаба жалды айғыр бізге оқшиыш қарап қалысты.

— Эне, байырқалап келесің бе? Қөлдің қалың иу басқап қою тұсына қара. Сұлулық бетіндегі жалғыз мәңдей бір түн терек бар сол жерде, — деген ол, — екі түрлі ғажап оқиғапың қуәсі болдым. Мына жарымжап құралай-

дың лагына пеге азаптаңып келеді дейсің. Табиғатта артық нәрсе жоқ. Бәрі де өз орынмен түр. Аспандагы құн, ай-жұлдыздар пеге құлап кетпейді? Оны біреу ұстап түр ма,— бұрыла қарады ол,— ешкім ұстап тұрган жоқ. Оның бәрі табиғи өз орында тұрган дүние. Ендеше, әр нәрсені өз орынна қоя билетін, әр нәрсенің өз орны болатынын пайымдайтын өмір зергері — адам. Адам гана өзін құдіретпін деп санасын,— оның даусы шалқып, көтеріңкі шықты,— адамдың деген ұғымға табынайықшы осы!— деді қыза сөйлеген ол.— Осы жерде көп көзге түспеген, отбасы тірлігін күйттеп, елеусіз ғана өмір сурген Жөргелтай деген кісі өтті. Бері қатарға жүріп отыр,— деді жер сүзе шұлғып, жап-жагына жалтаңдаған атының басын тежеп.— Сол кісі колхоздың бір отар қойын бағатын. Баламын. Жаз айы еді. Мені қолқалап, қояр да қоймай, үйіне ертіп әкелген. Ол кісінің дарғызы әдеті — қозыны өнесімен бірге өрістепеуші еді. Үнемі боліп жаятын. Кемшір дімкәсінен жазылғанша мен сол кісіге көмек етіп жүргем. Осы Аққұлының, мынау мынау ма,— деді солай қарай көз тастаган Сұлтан,— бойжеткен қыздай сылаңдаш тұрган шағы. Төңіреті жасыл құрақ, көк шалғын, беті жыптыраган құс. Жәкен қойды осынау қырдың етегіне шашыратып жіберді. Мені қозыдан айрылып қала ма дей ме, көз көрім жерде ұзамай жүр. Қозылар да ойдым-ойдым болып жүгіре болініп, тым-тырақай жайылып жатыр. Алакандай тақырда өзіммен-өзім болыш бестас ойнаң отырғам. Құн кешкіріп қалған шақ. Атылған мылтық даусынан елең етіп, жалт қарадым. Дыбыс көл жақтан шыққандай болған.

Үнемі үстінен тастамайтын шолақ қара тоның абылғұбыл жүре шешіп, Жөргелтай қария көлге қарай ентелендеп, жап ұшыра тұра жүгірді. Мен де солай жүгірдім. Іле зде көл беті азап-қазан болды да кетті. Ұшқан үйрек, қаз аспанды қапташ барады.

Іле көл үстінде жанталаса ұшқан аппақ құс көтеріле берді. Тез-тез қағылған қанатының суылы да естіліп еді. Биіктей ұшқан құс көктең құйылыш, көлге қарай келді. Сызылған жібек үні көкейді жарып барады. Асыл үн, қарлықпай, толқып шығады. Тебірене тербелген скрипканың ба, сырнайдың ба, не болмаса асыл жақұттың бір-біріне соғылу дыбысы ма, әйтекеүір, жап ұшығы сапырылған әуен.

Енді байқадым, тап-таза көлдің арғы шетіпен бері қарап, төшпісі салбыраш, сол қанатымен су бетін сабаған аппақ құс далбақташ, жап ұшырып келеді. Әлгін-

дей емес, мына дауысы шыққан құстың үні бойымды тітіретіп жіберді. Қас қағымда тұп-тұнық мөлдіреп жатқан көл, кең дала үсті қисансыз көп құстың, әсіресе, бірі кекте, бірі жердегі, бұған дейін өзім көрмеген екі ақ құстың сырнайлы үніне тола берді.

Аспан асты құлағыма құніреніп кетті. Төбемде енді құс емес, жаңа туған мың сәби шулап жылағандай. Басқа емес-ау, тек әлгі құстың ғана үні көк күмбезіне сиятын емес. Қайта-қайта қол бетіне төне түскен құс қанатын жайып жіберіп, құлап түсердей, айдынды тінте қалқып қалады. Төсімен су бетін сипаң, қамыс басын де несімен соғып, қанатымен сабалап, зарлы дауыспен, сен қайдасың дегендей, ишір айналады. Осындаид зауалды сәттің қашшага созылғанын білмей де қалдым. Құлағымда, әйтеуір, бір зар үн бар. Мен-зең болып тұрмын.

— Адам емессің, жауызың! Жыртқышсың,— деген дауыс мені өзіме келтірді. Жөргелтай қарттың алдында арық қарасұр кісі мойнына су кеткендей молиіп тұр.

Күн батуға барып қалғап. Өзіме өзім келіп, ілгері жүре бергенім сол еді. Күннің астынан көлге қарай құйылып келе жатқан сыбар құсты тағы көрдім. Ұзын мойнып алға созып, бүкіл салмағын жерге тастап, үшкіл қызыл жібек орамалдай үлбіреп, батар күннің шапағына жуылып, құлап келеді. Бұл жолы дыбыссыз қара маржандай көзі жалт-жұлт ойнаш, жаңа ғана өзі үркे көтерілген ол енді кілт қайта білктеп, сыңырлған даусын созып, ішпін тартқан балаша өксіп, сыңсыған бойы көк баурына еніп, біджола көрінбей кетті...

— Кие соқсын сені, кие соққыр! Жүреті бар пендө өмір көркі осыпдай аруға оқ жұмсар ма! Сарыарқаның күміс алқасы атанған осынау қөлдің көркіне қол жұмсадың, қарабет! Сұлулықты да қимадың ба өмірге? Келмеске кетті-ау, әлгі құс аруы. Жай емес, жылан кетті-ау. Жылап! Нагылет айтып кетті-ау!— деп алдында тұрган сұрша кісігে төне түсті де,— Сенің құның мына жаралы құстап төмен. Сендей топастар көп, ал мынандай сұлулық тым сирек!— деді ашуына булыққан Жөргелтай қарт.

— Білмедім,— деп міңгірлеген анау.

— Топастар, нені таныған, нені білген,— деп оның қолындағы қосауыз мылтықты жұлыш алыш, жағада жатқан қара тасқа бір соғып, құндағын быт-шыт талқандап, суға бір-ақ атты.

Жалғыз қанатын далп-далп қағып жатқан ақ құстың жанына тез-тез басып барған қарт құрақ ұшып, жаралы

құсты жерден көтере берді. Ақ ұлпа ару ұзын мойынын созып, сүйкімді тұмсығын топшысына ауырсына тығып алды. Ноқаттай қара көз мөп-мөлдір, түп-тұнық. Жұлынған тамырсыз гүлдей құстың мына мұшкіл халі жүректі сыйздатып барады. Қарттың ебедейсіздеу саусагы жарасқатып сипап еткенде безектей қаңқылдаپ, аянышты үн шығарып, сол қаиатын қағып, жанталасты.

— Енді қайттым, шіркіп-ай! — Ол кезде матаның да тапшы кезі емес пе, жан-жарына дәрменсіз қараган Жәкең үстіндегі жалғыз қонелеу койлегін дар еткізіп жыртып, қолына алды. — Ұшығынан сақтасын, ұшығыпан! Оқ топшысын сындырып кеткен екен. Неде болса, таңып көремін. Шөбі таусылмаса, олмес. Сүйегі де бітер, жарасы да жазылар,— деді қатты курсініп.

Манадан өзіме белгісіз мына құсқа осыншама жаны ашып, жүргімен езіліп, аяушылық еткен қарттың әрекетіне таңданған мен:

— Ата, бұл не құс сонда,— дей бергенімде:

— Ойбүй, балам-ай, білмеуші ме едің? Бұл құс аруы — аққу емес пе! Шіркіннің пошымына қарашы, көзін қарашы. Әсіреле сыңғырлаған даусын айтсайшы жарықтықтың. Айдын көл көркі, сұлулық періштесі ғой бұлар,— деді аққудың жаралы топшысын таңып жатып.

— Манағы көкте сорғалап, сырнайлы үні төгілген жалғыз аққудың батар күнге шағылышқан тұрпаты көзімнің алдынан кетер емес. Қыш-қызыл үшкіл орамал көкке көтеріліп, үлбіреп тұр. Қөзімді үқалаймын. Қан құйылып кетті ме? Аққудың аянышты үні осы бүгінге дейін сыңғырлаپ, құлағымнан кетпейді,— деп Сұлтан артына бұрыла қарады.— Сол аққуды корем үнемі. Жәкең сырт қараганда ебедейсіз кісі көрінгенмен, қолы епсекті болыш шықты. Сол аққуды қүзде, жарықтың, қайта ұшырып жіберді-ау. Сондай адамның жанымен берілген адад қызметінің нәтижесі шығар, қазір барсаң да осынау көлден аққу көресің. Оны жұрт Жөргелтайдың аққуы десе, көлді содан бері Аққұлы деп атап кетті... Үніп-де риза пейіл мен мақтандыш бар.— Бұрынғы Құрақты көл осындай себеппен Аққұлы атанса, шынында да, мақтандыш емес пе?— деді тағы.

— Әй, Жарқын, енді бір қарашы артыңа,— деді аспанга секіріп, артқы аяғымен тік тұрып, басымен алысқап ақбозды байырқалатқан Сұлтан.— Қең дала төрінде дөңгелене тігілген кок жібек үй емес пе Аққұлы қазір. Әне, жалғыз терек те биіктеп көрінді. Мана мен табиғат-

та басы артық ештеме жоқ, артықты оған өзің қос, барын сақта дег неғе айттым. Ол өз ойым, өз түйгенім.

Батуға барып қалған күниң қабағы нарт қызыл жаңып тұр. Қызыл шардай болып қыр үстіне ілігіп қалған. Дүние демін ішіне тартқандай, жел тыныпты. Не үшқан құстың, не жүгірген аңың сыйбыры білінбейді. Манадан дамылсыз ауызықпен алдың, ала қашып келе жатқан екі ат та құлақтарын қайшылаң, жаш-жагына тігіле қарап, шиыршиқ атын тұра қалғап. Қөңілім құлазып кетті. Құлаққа үрған танаңдай қимылсыз тіршілік денемді қарып барады. Құн бетіне қайта қараймын.

Қоңыр қошқыл болып доңгелене өртепіп жатыр. Қа-зір маған әлемнің жалғыз от көзі қанталаң кеткендей болып көрінді. Енді денем бір турлі түршіп кетті. Қек-ке ілінген қызыл табақ қозғалар емес. Бойым ауырган-дай. Сұлтан атынан түскен. Жөресінен отырған ол қура-лайға табынған жаңдай қимылсыз әлі отыр. Дәл қазір ол жансыз қалған тәрізді еді. Тек оның:

— Жер бетіне жақсылық зәредейден құралып, үстем-дікке үмтүлыш келеді. Адам — жаны аbzal, парасат ұя-сы. Ол беріне мына әлемге күп көзінен кейінгі сақшы, бағбан болуга міндettі. Қару ұстаған өз қолыңды өзің қақпасаң, аяғыңды шауып аласың,— деді.

Мен басымды изедім. Алыстан мотор үні естілді. Бір-шама уақыт та отті. Енді байқадым: күн батып, аппақ нұр токкен ай туған екен...

Міне, қазір менің көз алдыма өтіп жатқан саңадағы жазу осы. Сұлтандың қайта көруге асығын кеттім. «Япир-ай, сондағы құралайдың лагы не болды екен? Жазылыш, үйіріне қосылды ма екен? Жоқ...» Аржағын менің де ой-лагым келмейді. Сұлтан кес-кестеп, осы кезде алдыннаш шыға берді. Алыстан бұлдырап, үстіндегі қара тонын жу-ре шешкен Жөргелтай қарт та жүгіріп барады. Момақан даала, жайсаң жазық көк пұліштей толқиды. Сагынышым ба, әлде қызыққан қөңілім бе, мен...

— Иә, иә, осындаид адамдармен көрікті ғой, туған жер. Шіркін, ләzzат шашқан қарақат көздер-ай,— дешпін сон-дағы көзі мөлдіреген құралайды, тошысына оқ тиген аққуды көз алдыма елестетіш.

— Не дейсіз?— деді жанары жалт етіп, қасымда ма-надан газетке үңіліп қатар отырған қыз таңырқан.

— Әншнейін өзім,— дедім сасқанымнаң қыздың сауа-лына тосыннан не дерімді білмей.

— Өзім?

— Иә...

# Қияндағы жалғыз үй

Бүгін Молықбай отарын дағдылы уақытынан ерте қашырды. Құздің қоңыр салқыны түс аумай-ақ сүйек тесер шегедей қадалыш, бойын сыз ауаның салқыны қалтыратып жіберді. Ертелең желбегей жамыла салған сулығы өңезденіп сұық тартып, тобарсып арқасына аяздай батты.

Омірі тойдым деп басын жерден алғы көрмейтін қой жануар шопанның тоғғанын қайтсін, шөшпектеп, шашыла жайылып барады. Тек ай мүйізді қара ала серке ғана мүйізі сырқырады ма, оқыс басын көтерін шайқап-шайқап жүгіре жайылды. «Мына шіркін, қайтеді-ей, қара сұық болмағай еді!»— деп ойлаған шопан атын тебіне түсті.

Ауыл сыртына отарын қалдырган қарт үй жанына кеп атынан түсті. Сәуле сыртта пеше жылғы таптаурын болған шомның үстіне шығып алыпты. Екі көзі кокте. Атасының келгеніп байқап түрган жоқ. Өзімен-өзі болып, бар ықыласы кокке ауған. Бұл қақырының дыбыс бергенде ғана жалт қарады бұған:

— Ата — деді еркелей дауысын созып,— жер бетінде ғана емес, гарышта да ұлы кош басталыпты. Қараңызышы. Бәрі күнгейге қарай асығыс бет алған.— Жүзі жайнап түр.

— Иә, балам, тіршілік әлемінде қарбалас шақ туды. Әр пәрсенің өз мезгілі бар,— деген қарт көзіне түскен тымағын қолына алып, қасқа маңдайы жарқырап кокке қадалды. Бірақ ештеме көре алмады. Көзін алақанымен қалқалаш, әйтеуір үциле қарап-ақ бақты.

— Ата, барлық тақап бүгін аспанда екен. Құс атаулы кош бетін оңтүстікке бүрдь. Әр көштің өз әуені, өз әні бар. Туған жермен сиңсип қоптасып бара жатқандай. Әнел! Әнел! Қашшама, тізбек!— деп балаша дауыстады Сәуле.— Тағы бір ағыл-тегіл ұзын тізбек үшкіл жібек орамалдай жайылып шұбалды кокте! Бері қараңызышы, ата! Өздері тіпті томен ұшып келеді.

— Аныр-ай, мына ұшыс тым төмендеу екен. Аспанда бір ызғар болды ғой. Қауырсыны тоңбаса, мұншалық төмендемесе керек еді. Ауа райы құрт бұзылмаса неғылсын!— деп уайымдады қарт.

— Әйтеуір, осы бүгін далада құс қалмады десе болады,— деді Сәуле барлық құс атаулыны өзі қолымен ұшырып түргандай.— Тізбек-тізбек үйрек, қаз, тырна! Әсіре-

се, бәріпеп де ғажабы аққулар көші болды. Әнші мамиңтай үлпілдеп, қанаттарын аспай-саспай жайып, көктө ауанымен сырнайлатып бара жатқан олардың көрікті бейнесі өмірі өзім сезінбеген ерекше әлем бол көрінді. Аққұ әлемі әлі санамда қиқулап, асқақ ән тербел түрғандай — деген келініне ойы он саққа жүгірген қарт:

— Балам-ай, құс биыл ерте қайтты-ау! Қыркүйектің басында құс қайту енді... — деп күмілжіді.

— Дағаның құсын айтасыз, әке, адамдары да, тіпті бүкіл ауыл қопарыла көшіп кетіп жатқан жоқ па? — деді Сәуле. Атасының бетіне қарамай атөтті айтылса да, мына сөз Молықбайды елең еткізді.

Сәуленің козі әлі кокте екен. Бар аңсары қайтқан құстың керуеніне ауған.

«Адамдардің белгілі, неге көшіп жатқаны. Ал құстарға жол болсын, қоңыр күзде» деген сауал қартты ойлантып-ақ тастады. Бәрі өзіне аяни.

— Қайтсін! — деген дауысы жасып, күйзеле шықты. — Олар да бірдемені сезетін болар. Тәңірім түйсікесін жап иесін жаратыған. Ең аргысы құмырсқа екеш құмырсқа да қалың ғоссер алдында жан сақтау үшін жанталаспай ма? — деген атасына Сәуле енді қарады.

— Сонда адам, мына біздер неге айдала қу медиенде, — ол сөзінің соңын әдейі үзді.

— Тек, олай деме, балам! Бұл — айдала қу медиен емес. Берекелі ел мекені. Ата-баба қонысы. Әне қарашы өзің, бір қала емес пе? — деп күмбезі қүнге шағылысқан көп қорымға иек қақты. Сәуле үндемеді. Сәл ғана жымия күлді де, сөз бағытын басқага бұрып:

— Құстар да қызық, — деді әлі де көзін көктен алмай.

— Олар... Иә. оларда бір сезім бар. Әлде өзені мұздан, жайлайу қуара бастады ма, кім білсін — деді қарт.

— Ата, не десеңіз де осынау кең дала, көк аспан бәрі көшіп, бәрі кетіп, байтақ жер құлазып қалып жатқан сияқты. Осы далаңыздан беймаза кейде әлди үші, кейде ексік пе, тіпті сыйсу ма, әйтеуір адамның жан дүниесін ыстық-суық бол қармаган бір әуен естіледі. Оны енді...

— Жоқ, балам! Не десең де бабалардың кіндік қаны тамған жердің киесі, берекесі көшпек емес. Оның құлазуы да мұмкін емес. Жер тозады дегенді естіген емес-пін, — қарттың шыр-пыры шықты. Жүреғі қан жылап, жаны қүйіп лезде ойсырап қалды. Аяқ астында ішкүса ойындағысын кімге айттар, кіммен сырласар, кімнен көмек күтер. Мына заманың сұңғыла адамы бұл білмеген-

ді біліп, естімегенді естіп, сезбегенді сезіп тұрса, мұның қарсыласар дәрмені қайсы! Өзін, өзінің отбасын қалай ғана дәрменсіздік қазығына байлап, сары уайымга салар. Сонда олар не ойлады? Бұның өз толғамы не? Тегі, мына уақытты, бүгінгі тыныс-тіршілікті қалай түсіндіреді. Уақыт — заман не дейді?

Бұл не гажан! Былай тартса, арба сынатын, былай жүрсе, өгіз өлетін қатерлі жол... Әлде мен қателестім бе? Бірдің қатесі ештеме етнес-ау, ал егер, көп болып адаса, қателессе, аяғы құрдым апат болып кетпей ме?!

Бас салып бәрін заманға жабамыз. «Заманың тұлғи болса, тазы бол шал» — деп бағыт-бағдары, маңдай тірер нысанасы белгісіз уақыттың көк жиегіне ентелеп бара-мыз. «Айдала... қу медиен...» Неткен кокболат, қызып түсер рақымсыз зұлпықар сөз!

...Со жылы осы Сәуле түскенде ат шантырып той жа-саған. Онда бүгінгідей ме, бұл отырған жайлаудың то-лықсыған шағы. Ел де ығы-жығы. Қыры ассаң шопан ауы-лы. Табын-табын ақтылы жылқы, сиыр, отар-отар қой.

Әсіресе, той болатын құнгі ағылған халықты айтсаң-шы. Аттысы атты, мәшине мінгені қашшама! Қызыл-жа-сыл кийіп топ-топ болып, ән салып даланы күйге бөле-ген қызы-қырқып бір әлем. «Құдай бергенге береді» деген-ді де Молықбай сонда естіген.

Бірінен соң бірі қаздай шұбалыш ақ «Волга», «Жигу-ли» мішген құда-құдаги саулеті өз алдына. Бәрінеп де мұның атақ даңқын асырып, дәл сол күні елдің не жақ-сылары бас қосқан той үстінде бұған орден тапсырғанды айтса ше! Жарықтық құт береке дарыған Мыңбулақтың да көк шалғыны сол жылы бітік болар ма! Шеккен түйе көрінбейтін көк майса, бассаң аяғыңа былқылдаған сал-қын шым. Жібек бол желпіген Сарыарқаның саумал иіс желі. Ұжмақ екен-ау, дала сонда!

Облыс орталығынан келетін қасқа жолда әйнегі құн-ге шағылысып, айдында жалғыз жүзеген жайындаи «Чай-ка» мұның ақ боз үйінің алдына келіп тоқтап, ішінен об-лыстық кеңес атқару комитеті тәрагасы шығып, қос қо-лын ұсынып:

— О, Мәке қоныс оң болсың! Тойыңыз тойға ұласын! — деп мұның мәртебесін көтерген сәті естен кетер ме, сірә. Құдасының алдында мерейі қанша өсіп еді. Әсі-ресе, екі қуанышының қатар келуін үлкен ырым санаған.

Сол ат шантырып, балуан күрестіріп, ұлттық ойын-ның неше атасы көрсетілген той үстінде мұның омырауы-па орден тағылып, оны тәңірден мойнына бүршақ салып

тілеш алған жалғызың ұлдың ата-епесі, құдай қосқан құдақұдаги құттықтаганда, өзін бұл дүниедегі ең бақытты жаш санаған. Расында да, өзін шексіз бақытты сезінген. Сол күні кім кездессе де мұның шашбауын көтеріп жатты.

Той болған соң әзіл-қалжың, әп-күйсіз, көпті көңілдендіретін тамашасыз болған ба! Мұнда да аузынан құстістерен не ділмәр әзіл-оспақ шеберлері, әншілер, қүйшілер талайдың таңдайын қақтырган. Той болса, осындай болсын дегізген.

— Да,— деген бір сөт жүртіпшылықты елең еткізген той жүргізуші қуақы жігіт — мына тамашаға келген халық, Молекеңнің келіні айтуды, топжарғап қобызыны екен. Мұндай тойды көрген де бар, көрмеген де бар. Жас келін бір күй тартыш берсін деген тілек айтылып жатыр. Бұған не дейсіздер? — деген.

— Е, ондай өнері болса, қанеки, не сөкеттігі бар.

— Қысылмасын.

— Халықтың батасын алсын!

— Ұлықсат келінге — деген дауыстар үсті-үстіне шыққан.

Жүрт ду-ду. Ондайда көшпілік ерік бере ме, желегін жөлбіреген жас келіннің қолына еріксіз қобыз үстатқан. Аққудың көгілдіріндей, үлде мен бұлдеге оранған Сәуле қып-қызыл бол бетіне қаны теуіп, саяқ өскен ақдайыңдай бүралып қысыла-қысыла кеп ІІқыластың «Аққу күйін» сорғалата тартқан. Өзі де аппақ, квімі де аппақ, тартқан күйі «Аққу», тәңірім Молықбайға үйін-төгіп берген екен деген сөз сол жерде ауыздан ауызға көшкен. Молықбай мен Бәдігүл шексіз бақыт құшып, бұл дүниедегі армансыз пінде қатарына қосылып та кеткен еді.

Тек тойдан кейін арнайы қонақ асы беріліп, көңіл толтырардай сый-сияптың алыш аттанар шақта құдағыны өңі бұзылып, қасын керіп отырып:

— Құда, құдағы — деп дауысын созып, үй ішіндеңілердің назарын өзіне аударып, әлде биіктігін, оқығандығын көрсетейін деді ме, сурмемен қатып қалған кірпіктерін бұларға тікірейте қарап, қолындағы рюмкедегі конъякты шайқап тамсанып отырып алды. Қозінде ызгарлы ұшқын бар.

Үйдің оң жағындағы жібек шымылдықты айқара ашып нықтаса өзара күлісіп отырған Қазанбай мен Сәулеге, одан Бәдігүл мен бұған, басқаларға ине жоғалтқан-дай тесіле түсіп: — Бәрін көрдік. Білдік. Сіздер үшін бә-

рі жақсы. Ал, біздер үшін осы бір жарым тәулік уақыт жанды жеген азап болды,— деп тұтіге бастады.

— Мама!— Сәуленің дауысы от басқандай саңқ еткен.

— Отыр! Қөрдім жеткепінді!— Құдағи долданып кетті. Құдада үн жоқ. Екі иығы түсіп, астына төселген жібек корпенің ою-өрнегіне үңіліп қалышты.— Мепің қызыым мұндаі өмір үшін жаратылған емес. Далада күнгө күйіп, азып-тозып өмір сүре алмайды.

— Мама!— деді шыр-пыры шыққан Сәуле.— Айтпаңыз мұндаі сөзді! Қойыңыз!

— Отыр! Отыр дедім саған!— деп өршеленген құдаги бір тізесін астына басып еселі сөзге кеткен.— Ендігі айтарым, құда, құдағи! Бүгін мына халқының алдында айтып кетем. Ешкімнің оті жарылмасын. Айтылмаған сез екініш бол жанды жейді. Мениң жан азабын тартқым жоқ. Сол азапты басымнан кешпес бүрін айтып қояйын. Мен Сәулешімді тұғанинан алақанымда есірдім. Қанаттыға қақтырмадым, тұмсықтыға шоқтырмадым. Не ішештін, не киейін деген емес. Аяғын тәй-тәй басқан шағында бала-бақша, одан мектеп, одан еліміздегі озі таңдаған ең жоғарғы оқу орны! Не керек бұжгалтанның бар керегін бойына сіздіріп ости. Мұқтаждық көрген жан емес. Енді кеп, құйын жайлап, қаңбақ кезген қалага тап болды. Ба-ламды қор қылмаймын. Өнерін бүгін ел тыңдаپ, таңдай қақты. Тойын тамаша жасадыңыз, құда! Рахмет! Енді балаларды мамаидығы бойынша еңбек етсің, қалаға жібересіз! Бұл — бұзылмас шешім,— деді сөзін аяқтап.

Молықбай үнсіз, басы түсіп кеткен. Не деу керек. Мынау күтпеген сөзі. Жалғызы. Басқа сүйенері жоқ. Жасы да сурінер шаққа бет бүрді. Эйда бара берсіп, бет алған жағына. Құдаги сіздікі жөп дейін десе, шұя тартқан шал, кемпір екеуден-екеу қалмақшы. Қатты қиналып кетті.

— О, құда! Басынызды котеріңіз! Мына екі балаңызға батаңызды беріңіз — деп құдаги жапалғыштай төндіріп барады. Не деу керек. Құлагы шыңылдаш басына қаны теуіп күйзеліп отыр. Дәл сондағы, иә бала күнгі мұғалімнің алдында не дерін білмей қысылғаны есіне түсіп, терлеп қоя берді.

Енді болмаса, сол оқиғаны айтқалы, одан қалса, өзеп бойында жалғыз қасқа сиырды қабан жарғандаты күйзелін айтқысы келіп, еңсесін тіктей бергенде:

— Мама,— деген Сәуленің апсы дауысы мұның ойын боліп кетті.— Сіз қателесесіз. Қатты қателесіп отырсыз. Өмір сүретін мына біз — Қазанбай екеуміз. Сіздер неге,

босқа қара тер боп отырсыздар. Мен Қазанбайдың шоптапның баласы екенін білмей келгем жоқ. Менің ендігі театрым осынау байтақ дала, көрерменім де, қызықтаушым да осы отырган ата-енем! Ал, сіздер тек тек сырттай тілеуқор бола беріңдер! Жүр, Қазкен, біз өз шаруамызға кетейік — деп тұрып кеткен.

Құдай-ау, сонда мұны қуаныш па, әлде жасынан көртен шерменде қасірет пе, бір белгісіздік өксік болбыш, қоңілі босамасы бар ма! Осынша жасқа келгенше, жұрт алдында талай мәртебелі жиында, не қызық тамашада мұндай толқын, асып-тасуды білмеуші еді. Енді кеп жалғыз баланың тойында, ең сыйлы, жанын үзіп, ақ пейілімен өзі күтіп отырган құда-құдағының алдында, мұны қасиеттеген елі-жұрты көзінше босагапы несі... Жүргегінің басына дық бол тиген сол түйткіл жан сезімін алқан-талқан етті. Өмірі басқадан естімеген, тіпті түйсінбеген, ата-анасынан ғана сезінген жап құбылысы оны қанша жылдардан кейін қалай кеп таиты екен. Өзегіне түскен аяулы сүйеніш жүрекін елжіретіп жан-тәнін аялап, жүйкесін босатып кеткен еді. Аяныш, сүйкімді сезім бол аялады.

— О, құда не бұл? Осылай отыра беруші ме едіңіз — деп құдаги тағы тіл қатты.

— Менің айтартымды Сәулемпім айтты — деген жалғыз сойлемді бұл үзіп-үзіп зордың күшімен жеткізді. Сол окига есіпе түскен Молықбай:

«Шіркін, өтіп бара жатқан заман-ай! Мен сенен не алдым, өзім не бердім?!— деді ойланған жан-жағына қарап. Ол осы ойдан қанша сілкінсе де арыла алмады. Жатса тұрса, соңынан қалмайтын сауал қартты мендетіп барады. Тоқтамды жауабы да жоқ. Сонда да сарқылмайтын көп сауал. Бәріпің тірелер жері — бүгінгі уақыт, қаіргі халі, өсіреле от басы жағдайы. Құн артынан құн өтіп жылжып жатыр, өтіп жатыр.

Батыстал жер бетін суырып ысқыра соққан қара жел шегін тартып күшіне түсті. Бет қаратар емес. Соноу көк жиегіне жұлым-жұлым боп түтілген түбіттей бұлтты аударып тоңкеріп, от қамшысын ерсілі қарсылы ақыра сілтеп жосылтып түре қуыш келеді. Құркілі құркіреген бурадай алапат мына дүниеге қысас қаварын аямай төккелі қабағын түнере қарс жауыш алған.

— Дауыл күшінен барады. Тезірек қымылда! — деген Қазанбайдың төменнен шыққан дауысына жалт қараган Сәуле маңдайынан айғыз-айғыз тери төгіліп айырды құлаштай сілтеді.

— Өзің де көтере таста! Соз айырыңды! — деп ол да Қазанбайга жонданыш биқтей бастаған мая үстінен да-уыстаған. Екеуі де қатты қарқынмен енді барын сала қи-мылдады. Су басты шөбі бітік былқылдақтың иісі жұ-пардай, әсиелі мәйегі жұп-жұмсақ. Айыр ашасына жі-бектей қомақтана оралып, қарулы жігіттің қабыргасын қайыстыра түседі. Қенеттен бұзылған ауа-райның жа-уын-шашинына ұрындырмай бабында үйіп алуға ерлі — байлы екеуі енді міне: жан алыш, жан беріп-ақ жатыр. Құні бойы тізе бүкпей тасылған кок мәйекті қалайды қур-ғақ ірмшіктей қүйінде маялаң тастамақ.

— О-о-о-о-у! Мына дауыл адамды да ұшырып әкетер! Әлі көп пе! Берген шөбің қауыздай бүркырап кетті ғой — деген биқтегі Сәулеге:

— Апырай, желдің оті жарылыш кеткен шығар! Ыш-қына ерекпи соғады. Болып та қалды. Қазір, бір бес, ал-ты айыр, — деген Қазанбайдың қарлығыңы дауысын жел қағып Сәулеге естірткен де жоқ.

Манағы манағы ма, алай-тулей дауыл үдей түскен. Аспанда көзге көрінбейтін бір құдыретті күш өзіне ке-зіккенің бәрін борт-борт сындырыш, бей-берекет лақтырыш жатқан сияқты. Дәл осы ауыл тұсы болар, анықтап алайын дегендей қан-қара ұйыған тұн туырлығын серпе ашып, шарт еткізіп шырпысын шаққан наизагай бір сәт сөнбей жарқырап жана қалады. Іле қара кірпігі төгілген тұн-тұнегі тоңіректі қайта кеп құшақтайды. Артыниша кеп, іші бауыры елжірегендей шелектеп құйды-ай кеп сел жауын. Аспаннан төгілген тасқын!

— Аллам-ай, мынау бұл жасымда көрмеген әлемет жауыным. Құйып тұр. Аспанда тесік жоқ. Қан-қара бұлт, мұхит бол аунаған нөсер! — деп сыртқа шығып келген Молықбай қария уайым айта төрге озды, — шырагым отын суың да суда қалды-ау — деп Сәулеге де ескерту жасап жатыр.

— Сенекке мана біраз қи енгізгем — деген келініне — Менің байқауымша мына жауын жеті қат жер астына жетпей тоқтамайын деп тұр-ау! — деп нөсердің күш қуа-тын да шамалатқан.

— Әке, бір сәрі болар. Қашанғы жауа берер дейсіз. Ашуы тарағасын өзі де қояр — деп Қазанбай кеңк-кеңк күлгөн болды.

— Тек құдайдың кәріне қарсы келме! — деді баласына қабағын шытына қараған қарт. — Мана өрісте қой-дың пысқыра бергенінен шошып едім. Осы биылғы қысың қатты болар-ақ.

Қарт сөзін естіп тұрғапдай ғұрс етіп жай түсті ме, үйіргесі солқ ете қалды. Бәрі үрейлеше біріне бірі қарасып, «Астагыпіралла» деген Молықбай қарттың, Бәдүгіл ананың жалбарынған үні де естілгеп. Тобе қүйқасы шымырлады ма, қарт еңсесін көтеріп, демін теренірек алыш, қатты курсінді.

— Мына күздің сұрқы ұпамайды маган — деген ол баласының бетіне бірдеңе айтатындаі ойланған қарады. Сақал, мұрты, қас-қабағы, кірпігіне дейін күміс қырау басқан қарттың бір кездегі жоталы сүйекті денесі қазір шөгіп бір шекім бол, кәрілік жеңгені ме, еңкейіп-ақ қапты. Жанары жасып, көзі жасаурап, еті қашқан жақ сүйегі ұзарып, бұғағының майы қашып, қалталанып бос жатыр. Әлгіде сөз жоқ, жай түсті. Қоңыр күзде жай түсудің не жақсылығы бар — деп қабағын кіржитіп аз отырды.— Менің бала кезімде түйеші Бекбайға осындаі күздің қара нөсерінде жай түсіп өліп еді. Марқұм төбесінен ұрган жай оғынан жаңқадай жарылып бәршек-бәршек бол күйіп, күл бол, астындағы түйесі шокелеп құлап тіл тартпай кетіп еді. Сол бір айта жүрер сұмдықтың басы болған күз дәл осындаі қара нөсер төгіп, тоқсаптың сары аязына дейіп созылмасы бар ма! Қара жер жарықтың иге түскен терідей езіліп кетті. Салт атпен жүргендер де толарсақтап саз кешіп жүру-тұру да қыындаған еді. Жауын соңы сақылдаған сары аязға ұласып, езілген жер темірдей тоң бол сірескен. Ол кезде бұл арқада мұндай жылы үй, төбесі бітеу қора, мая-мая шеп қайда?! Қысты кигіз үйде, қолдағы малды күрек ашып қарсы алатын. Қиямет заман өкен-ау, ол.— Қарт өз сөзінен денесі түршігіп кетті ме, иштеп қозгалқаттып қалған.

— Ата-ау, кигіз үйде қыстаганыңыз не? Күрек ашқаныңыз немене?— деді қазан-ошақ басында жүрсе де әке сөзін бар ықыласымен тыңдаған Сәуле, мына сөзге түсінбей.

— Е, балам-ай, не өмір өтпеді. Біздің еліміз сонау бір заманда көшпелі болған гой. Қайда шұрайлы жер болса жаз демей, қыс демей мекен ете берген. Әйтеуір малына жайлы қоныс болды деген гой. Содан ба, әлде мұндай үй салып, қора соғып отырықшы тұрмысты әдет етпеген бе, әйтеуір, қыс айларында кигіз үйлеріне қабат-қабат туырлық жауып, іргесін қалың етіп қордамен көміп, ақпан мен қаңтардың аязында отыра берген. Ал, күрек ашу деп қалың қар астында қалған, жаzdай мал тұяғы тимеген соны жердің шебін қыста қолмен, күрек-

пен аршып беруді айтады. Эне, ойлап көріндерші, елестетіндерші көздеріңе қашалықты қынышылық көрінер екен?

— Эке-ау, сонда қолмен күрекпен аршылған жерде қаша мал күн кореді. Аз мал ұстайды да. Біздей алты жұз бе,— дей берген Қазанбайға:

— Не десен де, қарағым, ол кездің адамы да қатал табиғатына лайық жаратылса керек. Олар малды аз ұстаган емес. Бірақ сондай тіршілікке әбден үйренген, шынықкан деңіз. О кездегі байлар сол малды бағатын бірнеше қарулы жігіт ұстайды.

— Сонда да бір қора қойды қар астынан шөп аршып беріп асыру одан емес шығар.

— Әрине! Атпал жандар гой олар. Солай өмір сүрген. Бүгінгідей тракторы, шөп шабатын машина, тырнауышы жоқ ел, не істейді, сөйтіп күн көрген.

— Өлмешінің күні екен,— деді жүргеті шайлыққандай Қазанбай тәмен қарал.

— Нениң күні болса да сол заманда да мыңды айдаған байлар болған. Сол байлықпен біздің осы ел — Едігенің майлы жұрты атанған. Қарттың мына түйінді сезіне от басы таласқан жоқ. Үнсіз отырып қалысты. Едәуірден кейін Сәуленің:

— Олар арқыраған аязда, күркіреген боранды күрек ашып, мал бақсан дейсіз. Ал, біз маяда тұрган шөпті зордың күшімен алыш береміз. Неткен мықты жаратылған жандар еді десеңізші оларды,— деген сезі қартты сезге қайта шақырды.

— Ол үрпақтың көнбіс мықтылығында сез бар ма! Табиғаттың долы күшіне беріспей, мол қайратпен еңбек етіпті олар. Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар деген де солар. Міне, бүгінгі заман, мына сендердің заманында, жекешелеп, өзіндікін кебейт, байы. Басқадан, кешегі кеңес дәүіріндегідей өкіметтен дәметпе деп отыр емес не? Әлгі шет елдерде Әмерикада сондай. Туркияда мынандай, Алманияда анандай деп бекер айтып жатқан жоқ. Бір кездегі мемлекет тараапынан малышы қауымға ағыл-тегіл беріліш жататын көмектің кесілін қалуында осындай сыр жатыр. Ендігі жерде өз қоныңды өзің тырнайсың.

— Қайдам, әке, айдында емін-еркін жүзін жүрген балықтың құрлыққа шынып қалғанында күн гой бұл! Міне, мұның артының не боларын қудай біледі, азды-көпті шөпті тасып болып жанар-жағар май әкелуге жүргелі отырғанда, аспаннан сел төтіліп кетті.

— Адам заманының перзенті. Қыран болсаң биікке

самга! Қүшіген омір кімге дәркөр! — қарт баласының бетіне тігіле қадалды. — Ақыл мен қайрат алмайтып қындық жоқ! — Оның дауысы үй ішіне жаңғырыға шықты.

— Ана қараңыз — деген Қазанбай — Сәуле, төбеден тамшы ағып барады. Сорғалап ағады өзі. Тез шелек әкел! Апыр-ай, қанша жауын жауғанда бұл үйдің төбесі сыр бермеуші еді, — деп қалбақ қақты.

— Мал не болды екен, ә? Мана қорага қамау керек не еді. Қазір асты-усті су мал, әлде қалай аяз үрса не халде болар екен — деп Молықбай уайымдаш, әттегене-ай, ә дей берді.

— Үй мынандай болғанда, қора қай бір жетісіп тұр дейсіз. Неғылса да бұл айта жүрер нөсер болды — деп Сәуле де ойын айтып қалды.

— Е, қайтер еді, күздің жылы жауыны емес пе? — деп Бәдігүл ана басу айтқан болды.

— Расы, әбден тойып келген семіз малды мына қоңыр күзде қорага қамау апатқа байлау емес пе, — деп әкесінің уайымын сейілткен болып жатыр Қазанбай да.

— Әйтсе де, сыртқа шығып отарыңды бір байқап келши — деген Молықбай дегбірсіздене берді.

Тырс-тырс ақсан тамшы жүйкені шағып, онсыз да көңілсіз, шаруасына алаңдаған от басып езіп барады. Тық-тық. Астына қойылған шелектің түбін ғана емес «көресілерінді көрсетемін» деп бәрінің де жанды жеріне қандауыр бол қадалып қалғандай. Ол балаларға жаңа бір ойын козі де бол кетті. Әсіреле, Бағлан қолын тосып мәз. Еңбектеп Ерлан да жетті.

— Іш-шай,— Сырттан Қазанбай денесі түршіге кірді. — Ғажап, бұрын болмаған нөсер. Отар түп-түгел үрнип-үрнип тұрып кетті. Асты — көл, үсті — дария. Қораны да көрдім. Сорғалаған тамшы. Енді не істейміз.

— Әйтеуір, ақыры қайырлы болгай — деді айтар тың ақылы болмаган қарт шопан. — Бұған қарсы тұраң күш жоқ! Ендігі сенерің бір құдайдың рақымы. Жауын тез ашыла көрсін де! — Селдір сақалын сипап ұнжырғасы түсіп отырып қалды.

Нөсер үш күн, үш түн төгін барып басылды. Байтақ даланы жусан жұдырығып жапқан көк жойқын су басты. Әбден ылғал жерге су сіңбей іркіліп тұнып қалған. Содан да көктемнің көксөкта ірімігіндегідей жер езіліп, малдың жайылымға шығуы да едәуір қыннадаған. Сабырлап аяғын зордың күшімен басады. Сонда да Молықбай қария жаз бойы мал түяғы тимеген соны далаға кіш-кіш деп отарып шығарып келіп жүр. Шөп жұмсап малдың то-

йымы жақсарған. Өрістен ыңқылдаپ жатын жерге зорға жетеді. «Жер беті құргаң, шөпті тоң баспаса екен» дег тілейді шопан. Ауа райына көңілі алаң. Аспанда дөңбекшігеп бұлт әлі де ашуын баса алмай жөңкіле қозгалады. Ауада екпек ызгар бар.

Ауылда Қазанбайдан тыныштық кеткен. Қора-қопсының тесіктеріп, сынған терезе, есіктеріп жөндей ме, тозған ықтырма, тұрғызылған шалы ма, әйтеуір дамылсыз, өнімсіз тіршілік. Қүнде таусылмайтын бір күйбең. Бұғін «Беларусь» тракторының соңына жанаң-жағар май құятын цистернасын тіркең бұрынғы кеңшар — орталыққа, одан әрі қаладағы мұнай өнімдері сатылатын орындарға кеткен. Салы суға кетін, кештетіп қайтып келіп тұр.

— Жер езіліп кетіпті. Трактор сазға батып жүре алмадым,— дейді.

— Саспа! Құн ашылсын,— деді әкесі.

Бірақ ауа-райы қабағын аштай, көкірегіне кек түйіп ызгар шаша қалды. Желтоқсаның алғашқы құні бүкіл атырапты ақ бурыл мұздак бол жапты. Қыламықтап жауған қун торғайбас-торғайбас қарын бүркүратып, откен-дегі носердей, бүрқасын қезді байлады.

Қанша жыл шаруда бағып, дала сырын білсе де Молықбай осы жолы апық сасайын деді. Қалта сағатын алыш қарады да «Қой, отарымды жылы орнына жеткізе-йін» дег ауылга беттеді. Қар арасында аракідік ірі-ірі тамшы жаңбыр тыре-тыре тонына да тиіп қояды. Енді байқады: бірде қар, бірде жаңбыр — ауада ыстық, сұық аралас жылымшы бір ағыс пайда болған.

Қарт құлазып кетті. Ақар-шақар ауылдың соңғы аз уақытта іргесі сөгіліп, бұл жалғыз үй қалышты. Бәрі қалага, орталыққа көшіп кетті. Басқаларды білмесе де, кіпдіктесі, ата-бабасы осы жерді мекен еткен, кіндік қаны осында тамған Бейсен, Мәлік, Әлібек тәрізді құрбы-құрдастарының уақыт қыспағына шыдамай тұра көшкені ақиқат.

«Мәке, мен ішіп-жеуден қалған-құтқан малымды сатып, қаладан үй алдым. Ендігі жерде бізге сырттан келер қамқорлық комек жоқ. «Есің барда ел тап» дег өндірісті қалаға панағамаса, құн көріс қыныңдап кетті. Бала-ларым механизатор ғой. Бірдеңе істер. Не қын заман болса да, бір атаниң баласы өмірі іргеміз бөлінген жоқ еди. Уақыттың от қамшысы арқамызды осып, айдан барады. Қош болыңыз. Тірі болсақ, заман түзелсе, ата қонысымызга оралармыз. Әйтеуір, сіз пермер болып етпеп

мал басын ұстап отырсыз»— деген Бейсен құрдасы көш басын қалаға түзең.

Сонда бұл неге екенін өзі де білмей ұлы бабасына қүйдірген кірпіштеп түргызған күмбезді молаға қарап, көзіне жас үйрген. Атынан түсіп Бейсенді кең құшағына алып:

— Менің өмір тарихымды білесің. Бала кезіміз, жігіт, кәрілік шағымыз, міне бір етті. Қимасым едіңдер Әлібек, Мәлік, мына сен!— деді кемсендеп — Мен анау қорымнан ұзай алмаспын. Сүйегім осында қалар. Туған әкем тағдыры өзіңе мәлім. Бабаммен бір жатсам деймін. Нартәуекел! Ферма дей ме, фермер дей ме, мұның да қызығын құдай бүйіртса көрейіп. Қазанбайымды мына сыры әлі көпке беймәлім өмірге баулын — деген. Дәл сонда өзінен-өзі қолқасы үзілердей бөп іші бауыры езіле қүйзелген. Қазір сол сөзі, сондағы ішқұсасы есіне қайта оралды. «Бейсендер бірдеңе біліп көшті ме? Расында жалғыз түтін бол, ел-жүрттан жырылып қалғаным тым қорқынышты да екен-ау. Әлде қалай бас ауырып, балтыр сыздаса, тіпті зәүінде...»— деп іштеп борығыш, қамығыш кетті. Қайран өмір-ай, осынша тіршілігімде сенің күнгейің мен көлеңкенди ажыратса алмай-ақ қойдым-ау! Ыстығыңа қүйдім, сұығыңа тоңдым. Енді егделік мойынга мінген шақта сыйбагам не болмақ?! Қасірет пе, ырыс па сыйларың? Жалғызымның талайына не жазылды екен. Бұла бол есіп еді. Бетінен қақпап едім. Қос кек жапырақ — Бағланым, Ерланым, Қарт көзіне жас іркілді ме, көз алды бұлдырады.— Әкем жарықтық дүниеден өтерде,— бойы дір етіп жүрегі жиі қагын оқыс кідірді де,— Иә, осы мен сияқты жалғызын, мына мені есіпен алды ма екен...

Қарттың қияс-қияс ойы осы жерде үзілді. Отары да қорага жеткен. Әлгіде оңашада қамалаган мазасыз ойдан төбе қүйқасы шымырлағаны. Қоқейінде мәңгі ошпей қалған «әке» деген жалғыз соз алқымына кеп өксік бол түріп қалды. Сол соз, сол ұғымнан жанын жеген уақыра қайта тірілсе болар ма?!

...Бар жазығы байдың баласы болғандығы. Отыз жетінің қаңтарында, бір түнде, осы ата-баба қопысында белгісіз жандар, тіпті кім екендерін де, ұсташа себептерін де айтпастан алды да кетті. Содан хабар-ошар жоқ! Содан бері Молықбайдың бұл жалғанда ішпеген уы, тартпаган азабы қалды ма екен. Есін білін етегін жиган бала шағында тұңғыш басқадан естіген сөзі жанын күні бүгінге дейін езгілеген қасірет бол, ешпес таңба бол жа-

дында қалды. Сол сөз ойына түссе да арқасынан жылан журіп өткендей бойы мұздап сала беретіні бар. Не деген кесапат, үрелі сөз еді!

Онда да үйі осы Тұмабұлақта болатын. Елдің жиын жері. Колхоздың мал жайылымы участекі деп малшы ауылдың балаларын оқытуға арнап бастауыш мектеп ашқан. Мектеп жасындағы бұз да мектепке барды. Мектепте ие бәрі он-он бес қана өз қатары. Жас кезі кебіп танымайды. Мұғалім қагылездеу, бойы басы бүтін, шаш қойған. мойнына қызы галстук таққан әдеміше бала жігіт. Қара тақтага әрінтер жазып, қалай жазылатынын көрсетіп, қалай оқылатынын айтып, одан әр баланың қасына келіп, қолдарына қалам ұстауды үйретіп құрақ ұшатын жас еді.

Бір күн мұғалімнің әр баланы тұргызып, ата-анасының кім болғаны, не істейтіні туралы деректер сұрамасы бар ма! Қезек Молықбайга келген. Бұл не дейді. Не деуі керек. Экесі үйде жоқ. Шешесі дімкес. От басында ыңғыл-сыңғыл. Әйтеуір жалғыз сиырын сауып, мезгілімен баласының шай-пайын қайнатып беруге гана шамасы келеді.

— Ата-анаң не істейді? Олар кімдер? Айта гой, сейлем үйреп, Молықбай! — деп мұғалім мұны сөзге тартып жауабын тосып тұр. Мұның аузына сөз түспейді. Экесіншесін кім деп, не істейді деп айтуды білмей тұр.— Айта гой, айта гой — деп мұғалім соңынан қалар емес. Бір кезде желке тұсында отырган бір бала:

— Мұғалім, бұл халық жауының баласы, Экесі — халық жауы,— демесі бар емес пе! Сол сол-ақ өкен. Бүкіл кластагы балалар шу етіп, «Бұл халық жауының баласы. Экесі — халық жауы» деп шулап қоя берді.

Мына у-шудан кейін Молықбайдың көзі қарауытын, дүниe коз алдында дөңгеленіп, кеуде тұсы қатты шашып, жүргегі аузына келгендей болды. Тұған даласы у-шу, азан-қазан боп мұны жан-жагынан қамалап «Халық жауының баласы» деп азандап кетті. Мұғалімнің көзі шарасынан шығып, бұған тесіле қарап қапты. Одан әрі не болғанын өзі де білмейді. Еніреп жылагап бойы мектептен шығып үйіне қалай келгені әлі күнге дейін есіпे туғсіре алмайды.

Осылайша бұл сол бір күздің қара сұығында мектеппен біржола қош айтысқан. Мектеп жасындағы бала деп мұны соңынан ешкім іздемеді. Бұл да мектеп бар еді-ау, қатарым оқып жатыр гой, мен де оқыншы деп ойлаған емес.

Әйтеуір, тәңірі жарылқап он үш жасқа толысымен мұны қасиетті қара еңбек өзі іздел тапты. Колхоз деген қызы жазы жұмысы таусылмайтын өмірдің қыл арқаны мұның сәби мойнына өзі кеп шиелене оралды. Әдепкіде аданы алыш кел, мынаны апар дейтіп женіл бүйрықтарды орындаған жүрін, елгезек, тынымды, берекелі бала атанды. Бұған көшілік халық жауының баласы демей, сепімді адам дең қарай бастады. Бұрынғыдай алара сыйздай қарайтын тайынша көз тоқтаған.

Сейтін қаңқу, жанды жегең, у сөзден құлағы тынни бастаганда, тағы соры қайнап аласы дүние салды. Бір оттың басында жалғыз сопа басы, малдан сол жылы қысыр, қасқа сиыр қалды.

Тағы да осы Тұмабұлақ, осы Сарысу өзепі бойы. Енді ойласа, дәл қазіргідей, елдің іргесі согілген кез екен. Сондагы ұзынсұра әңгімеден естіп түсінгені, есінде қалғаны елді қаусатқан қырғын аштық, шайтан түрт бірді бірге айдаған салған үргін-сүргін, қым-құыт корсетіс, халық жауы бол есі бар, бетке ұстар, сүт бетіне шыққан азаматтардың атылыш-шатылуы. Біреу ойға, біреу қырға, наны бар шет жерге босып, күші барлардың басқа ел-жүртқа ауып кетуі. Эр жерде қадау-қадау аралары қозықөш бірлі жарым сіңірі шыққан осы Бейсендікі, тағы бірлі жарым үй, өз үй қалған екен. Таңдайларына талшық еткен әр от басында бір-бір сиыры бар. Солардың басып құрал серіктік құрылған жыл.

Бейсеннің әкесі ойдағы-қырдағы жарлының жалғызынан құралған серіктікің аз қойып бағады. Ертелең қойды өрізіп бара жатып:

— Бейсен, Молықбай екеуің сиырларды байқай салындар. Қасқыр жарып кетпесін — деген.

Екеуі өзеннің қалың қамыс оскен жағасымен келе жатқан. Сиырлар алдында гана өзенге суга құлаган. Сейткенше болмай, бір тоң турлері бейтапыс, бұлар бұрын көрмеген тағылар өзен қалыңынан шұбыра шықты. Екеуі қорыққанынан жата-жата қалды. Қол созым. Қастарынан өтіп барады. Түктегі май жаққандай. Жылт-жылт етеді. Жұп-жұмыр. Семіз-ақ сияқты. Ішінде дөнен өгіздей, кірпінің тікеніндей әр түті тікірейген бір дәуі бар. Иіс алды ма, әй дейтін жерде оңқырайып, тұмсығын шүйіре жан-жағына үркे қарап алды. Езуінде қарыстай ақ сүйегі бар. Жалы құдірейіп көрінеді. Дәл осы тұстан суға құлаган сиырлардың шұбырын шыға келмесі бар ма! Алдында қасқа сиыр. Әлгі қара дәү қүйріғы шолталандаған тұра кең үмтүлды. Тіпті сиырга таянбаған сияқты еді. Бір

қараса қасқа сиыр өкіре құлап барады. Басқалары тымтырақай жәңкіле қашыпты. Тура шап тұсынан көтере түсін, төс қасқасына дейін қылышиен тілгендей жарып отіпті. Зәре құты қалмагап екі бала пора-пора коз жастарын төгіп, ауылдан пышақ әкеліп бауыздаган. Сөйтіп, Молықбай қасқа сиырдан да айырылды. Кешке Бейсенпің әкесі:

— Зәнталақ, осында бір үйір жабайы шошқа жүр еді. Соның қабапы гой, сиырды жарып кеткен — деді.

Міне, Молықбай қабап дегенді со жолы көрген. Соңда қатты шошыған. Енді әлде қалай НКВД адамын көрсе, есіне сол қабан түседі. Бала жүрегі зәресі қалмай қорқып, сырттай жонеледі. Олар таянып кетсе әкесін әкеткендей, өзін ала жонелердей, кейде тіпті жаналғыш әзірейіл көреді. Бұл тұлдырысыз жетім, шерменде боп есе берді.

Енді-енді есін жиып, жұрт сепіміне ие болып, алдына колхоздың бір қора қойын алғаны сол — соғыс басталып, бұл әскерге алынды. Халық жауының баласы демеді. Соңдагы қуанғаны-ай! Қөппен көрген ұлы той!..

Бәдігүл соңда он алты жастағы қызы. Пешде болып екеуі бірінші рет сүйіскең. Қол алысып, айт етіскең. Бұл әскерге жүретін түн түн бойы бірге болып, көз жасы көл болып жылап қалды.

— Бұл өмірдегі жалғыз арқа сүйерім сен,— деген бұғап:

— Күн күә. Менің де өмірімдегі сүйгенім сен,— деген Бәдігүл.

— Егер, мен әлдеқалай соғыста оққа ұшсам қайтесің? дегенде Бәдігүл:

— Олай болмақ емес. Сен өліп болғансың. Енді саган өлім жоқ. Алдында үлкен жарқын өмір бар. Оган екеуіміздің мәнгі молдір махаббатымыз, көрер қызығымыз күә. Бір жеріңе оқ тимей келетініңе мен күәгермін,— деген.

Соңда Молықбай Бәдігүлді бауырның қысып, аппақ сүттей ай астында құшақтап езіле сүйген. Бал жұтқан. Онысы ең алғашқы, ең соңғы махаббаты да болыпты.

Содан бері де жарты ғасырдан астам уақыт отіпті. Соноу қалың өрт қыргын соғыстан бір жеріне шөңге кірмеген бұл аман-есен туган елге оралды. Арманына жетті. Бәдігүлге қосылды. Бұл да үй болып, арманда кеткен әке-шеше шаңырағының шырагын жақты. Құдай жарыл-қап, көп жылдар зарықтырып барып бір ұл көрді. Атын

ырымшыл жан, түсінде әкесі аян беріп өзі атап еді деп Қазанбай қойды. Бірақ Қазанбайынан соң перзент болмады. Жалғызы болған соң да, оны бетінен қақпай барын аузына тосып желге, күнгө тигізбей еркелетіп, бұла есірді. Оқытты. Не талап етсе де, бетінен қақпады. Бүгінгі арқа сүйері сенері де, мұрагері де осы — жалғыз ұл. Бұл да орда бұзар отыздан асыпты. Уақыт шіркін, қолда су-сығап сынаптай-ау, ағып барады. Ағып...

Иә, уақыт сынаптай сусып ағып барады. Өмірге біреу келіп, біреу кетіп жатыр. Дүние — базар. Әл-қадірінше әркім өз бүйірган қызығын көріп, өз кезегінде береріп беріп, бағзы тұста азабы мен бейнетіп арқалап, мыңдар мен миллиондар барған базардан ертелі-кеш асығыс қайтып барады. Өмір сонысымен қызық, сонысымен қымбат. Ешкімге мынаны таңда, мынаны ал деп шүлен таратып жар салып та жатқан жоқ. Әркімге өзі жүрер жол соқпақ бол тартылып жатқан сияқты. «Аласпа, былай жүр!» деп қасқа жол сілтеп тұрганды тағы көрмейсің. Содан ба екен адам дейтін ұлы дүние мына жарық әлемге үлкен махабbat, нәзік сезім мен құштарлық бол туынты. Жаратылынты. Сонда бәрін билейтіп, бәріне билік айтатың, бәрін өз ырқына кондіретіп әркімнің, әр жанның бойында, иә өз бойында, тіпті басқага корінбей-ақ ерік-тагатын алатып құдырет бекіпті. Сол күш не бүйірса, адамның басы алланың добы болыш, жел айдаған қаңбақтай домалай береді екен. Сонда адам жер бетінде өмір сүріп жүргеніне өзін-өзі сендіріп, мен бәрін жүрек қалауымен атқарудамын деген ұлы сенімге тағзым етеді екен.

Сәуле де сол құдыреттің құлы болды. Қалада туды. Қалада есті. Не киіп, не ілемін демеді. Әке-шешесі де оқығап, дәрежелі қызметтегі бір қаланың бақ-беделден кенде кіслері емес еді. Әкесі облыс орталығындағы ірі өнеркәсіптің бас экономисі, анасы орта мектептің директоры. Тәңірge жалбарының, мойындарына бүршағын салып, ұлан байтақ даланы кезіп, таудан-тау, биіктен-биік қоймай жүрген әке-шеше өліп-өшіп мыңдаған көздің жауын алған қалың гүлден жалғыз осы шоғын гана үзіп алыпты. Жалғыз гүл! Үлбіреген жұпар иісті, қолға үстауга жаның қаймыгатын нәзік, сүйкімді ләzzат бол төтіле құйыла қалған. Жылдың торт мезгілінде ауа-райының озгерісіне берілмейтін үнемі гүл бол жаратылған бұл құбылысты табиғи қалпында сақтауға, есіруге әкешеше бар күшін, ықыласын берген. Тәй-тәй басқап алғашқы қадамынан балабақша, мектепке барған, одан

арнаулы білім беретін оқу орын тәмамдаған, өмір жолын таңдаған шағына дейін ақ алақанда өсірді. Өмір айданында ескекті қайық болды әке-шеше.

Сол Сәуле бұл. Атына заты сай ай жүзді, қын-қызыл бол уылжып піскен тәтті жемістей жұп-жұқа құлкі тұнған ерін, қылған қап-қара қас, күлім қағып жанды жадыратқан қара көз, сағагынан қылған аппақ алма мойын бәрі-бәрі тек тәңдердің өз қалауымен, шебер суретші қолдан мүсіндеп салғандай ерекше сұлу да еді. Көзі түсінген жан бір тамсанбай отшейтін әдемі ерке сұлу бұлғақтар есті. Жақсы оқыды. Қатар құрбыларына сыйлы, беделді, әдептілігімен қадірлі де болды.

Бәрі ойда жоқта өзгеріп сала берді. Мына дүние Сәуле үшін бұған дейін белгісіз бөгде сыр, беймәлім тылсым тіршіліктің құпиясын жайып салды. Тіпті ойда жоқта тұс көріп оянған жандай хал кешіп, өзін қоршаған ортаға сын көзімен қарап қалды. Барлығы сол кештен басталды. Бір қараған ыстық жанаң мұның бойындағы ләззет шогына түсіп өртеп кетті. Алай бол, озінен өзі берекесі кетіп, күйіп-жанып тағаты таусылып, бар аңсары өзіне де белгісіз құбылысты аңсай ма, әйтеуір аңқасы кепкен шөліркеу пайда белған. Қеудесін дүсірлете қаққан бір күш мұның қол-аяғын жрге тигізбестен ерік-кушін билеп барады.

Қызы мінезі күрт өзгерді... Сол би кеші өткен мәдениет үйіне аңсары ауып бара беретін болды. Бірақ, бұл ізденген бейне кездеспей қойды. Бұу не? Елес пе? Сойлескені, тілдескені, танысқаны қайда?! Сонда неге, пә, соңша тілі байланған жандай аузын ашпай қалғаны несі! Неге сөйтті. Бұкіл рухани жан-дүниесі қорғасындағы үйіп сала бергені не сонда?! Иә, оңашалап, қолтығынан демеп қана шеткөрі алып шыққан ол мұны өзіне тартып, иә, өзіне сәлғана икемдей бергені, мұның бір сырт күштің өзіне белгісіз ықпалымен ешбір қарсылықсыз құлай еңкейіп, өмірінде тұңғыш рет онымен, иә, онымен сүйіскені ақынат... Сүйіскен... Өліп-өшкен!

Сәуле соңғы күндері едәуір жүдеп, басқа жанмен ең аргысы туган анасымен де сойлеспей іштей құпия өмірге кошті. Баласының жүдеу тарта бастаган рецин аңгарған шешеғана.

— Гүлім-ау, неге жүдеп кеттің? Бір жерің ауыра ма? — дегі үзіле сауал қойған.

— Өзегіме от түскендей. Қеудемді бір алау жайлап алды. Мән-мазмұның да білмеймін — деген қашанда ойын ірікпей айтатын ерке мінезіне бағып.

— Ол не сүмдүк тағы?! Өзегіне от түскені несі!— Шеше жалғызына үрке қарады. Орыс мектебінде оқып, ұлттық әдет ғұрып, салт дәстүр, мінез тәрбиесінде сол халықтың ықпалы мол әсер еткен қыз:

— Эйтеур солай!..

— Өзім де білмеймін, мама — дегенипен әріге бармады.

...Сол күні Сәуле үйге қауызынаң жаңа жарған гүлдей жайнап келді. Өзін қоярга жер таптай: Мама! Мама!— деп қызметіпен жаңа ғана келген анасын бөлмесіне шақырып:

— Бір өлең оқып берейін. Тыңдаңың ба? Тыңдаңызышы — деп үздіге жалына қарады. Шешесі аяқ астында пайда болған қызының өзгерісіне таң-тамаша қалыш, қуана құлақ тұрді. Қызы өлеңді оқып кетті.

«Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!»

Жылы, тәтті у тарады қаныма!

Бұл ләzzаттың бір минутын бермеймін,

Патша тағы, бүкіл дүние малына!— Сәуле хат бетіне телміре қадалып қапты. Анасы да қызының құбылған ажарынан көз алмай қалған. Екеуі де іштей басқа дүниеде, белгісіз бір тұлғамен кездескендей, біріне-бірі тіл қатса сол қимас сәт, мөлдір шақ келмеске кетердей қимылсыз отыр.

— Мынау өлең емес қой, қызым! Рас болса, ант қой! Жалғап болса, азап — деді анасы көп үзілістен кейін. Сәуле тіл қатпады. Өзімен өзі болып кетті. Көз алдында хат берген, мұны аймалап, бауырына тартқан жаңының бейпесі келді. Бұл қалпында қыбыр етіп қозғалса, шүйіркелесіп жапы обек қаққан мына тіршілік әлемінің бар қызың қасиетін өз бойына, тек өзінің ғана бойына, жинаған жан гайып болардай. Демін зордың құшімен алғып, қара көзі мөлдірең, ұзын кірпіктеріп қақпай сол бейнеге ойша үзіле қарап қалды

«Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!»... Қызы аузынан бұл сөздер басқаға естілер-естілмес сыйыр болып шықты. Жаны жадыраң, лұп-лұп соққан жүрегі аузынан атыны шығардай, ерік күшін билеген аңсау ма, құштарлық па бір белгісіз құдырет бол аймалады мынау соғ.

Хат сөзін ойында қайталаш, қазірде жатташ алды. «Бұл ләzzаттың бір минутын бермеймін. Патша тағы, бүкіл дүние малына!» Не деген өткір сезім мынау! Анам дұрыс айтысты гой. Мынасы ант қой! Ант!..

Сәуле сол күннен бастап, торға түскен торғайдай өзіне ғана мәлім басқаға белгісіз бір ыстық омірдің құшында қалды. Ләzzат шогы бол тамсандырған аңсау

көкейіне отау тігіп, есі-дерті сол жанга құлап кетті... Иә, махабbat деген осында болушы ма еді?! Неткен тілсіздік, жанды жеген, арбаған беймаза хал едің сен?! Мына кеудемде қармаққа түскен балықтай айнала шоршип, жанұшырып күмбірлеген күй боп тулайсың кеп. Бірақ тілге оралып соз, құлаққа тұнып ән болыш мен сондаймын — деп өзінді жария ете алмайсың. Бұ не? Дүниедегінің берінен қорынып қымсынып, жасырынып, имене бересің. Жанды азап болыш аймалайсың кеп! Ал... Қызың көп сауалына жауап таппай, мөлдіреп отырып қалды.

\* \* \*

Дәл осы халді Қазанбай да басынан кешіріп отыр. Соңғы күндері ұлы Абай мен Магжанның кітаптарын көп оқытын болған. Элемдегі коркемсөз шеберлері айтқан не асыл, не өткір дуалы соз — махабbat ішірткісін кекірегіне басып, жүргімен жаттаپ, санасын жайланаң ынтық сезім, сүйіспенішлік дейтін шуақты әлемнің отына күйіп жанып барады. Бар аңсары сол бір ғана жаның қорік, келбетіне ауған. Тек сол деп соққан жүргіндегі құштарлық өзін билеген от сезімді дәл ұғындырып, өмірдегі мұрат мақсатына жетсе тіршілігінде армансыз болар еді. Сол тілегіне, ойнаған кәміл жетіпті. Оны тапқан, жанын жеген тілге сөз болыш оралмайтын түйсікті айшықты көрікті бейнеге айналдырган жеткізген ұлы Магжанға табынып отыр. «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!» — еріндері жыбырлайды, аузында үп жоқ. Жас жігітті сезім құшагына алған...

Уақыт керуені тоқтамай жылжып, жылдан жыл қуыш, өз мәресінен бет алыш барады. Бірақ, өмірде бақытты жандар уақыт санаған ба! Олар ушін өмір тегершігі айналмай бір орнында қызық балғын шақтарды мәңгі күзетіп қозғалмай тұрғандай көрінетін болар. Жоқ, уақыт адамдардың саналы тіршілік тынысынан құралады. Ол адамдардың ақыл ойның җастық жігіттік кемелді шағының өлшеуіші. Сол өлшеуіш албырт җастықтың қоңырауын қағып, өмірдің думанын, базарын қыздырып жатса ше?! Әне, жалын атқан алаулы шақ! Сол жап шырағын жағып, тіршіліктің тәттілігін әлемге паш ететін құдырет қуат!

Қазанбай Сәулені тосқалы сағаттан асты. Шашылып бір орында тұра бермей ерсілі-қарсылы жүр. Аяғы талды. Отырар орын жоқ. Қун көзі де шақырайып, төбеден отты қызын төгіп тұр. «Мұнша кешікпесе керек еді. Не

болды екен. Үәдесіне берік болушы еді»— деп ойлаған жігіт, «әлде әке шешесі»... деп өзіндей емес, оқыған дәрежелі, дәүлетті беделді отбасында өскен қыздың өзінен артық-ау деген тұстарын есіне алды. Бірде Сәуленің «Мамам сенің әке-шешеңің кім екенін, не қызмет істейтінін, қайда тұратынын білгісі келеді. Соны айтшы» деген созі есіне тұсті. Бұл сонда әзілге бағып «мендейлер тек қойлы ауылдан шығады. Қойшыдан ғана туады» деген. Сәуле бұған қара көзін тоңкере қарап: «Ойнамашы расында, ата-анаң не істейді?»— деп салмақты сауал тастаган. Бұл:

— Сәуле қызықсың сен. Мениң ата-анамның кім болғанында не тұр. Әйтеуір, ұры-қары емес. Қарапайым адамдар. Сен мені сүйесің. Маған жолдас болмайсың ба? Ал, әке-шешем кім болса да, мені сүйген саған да әке-шеше!

— Дұрыс айтасың. Сенің әке-шешең менің де әке-шешем. Мәселе басқада. Мамам олардың кім екенін білгісі келеді. Әлгі, өзің көп күледі екен дейтіп қыз Зура ше, бір оқымыстының, академиктің баласына тұрмысқа шығып, жақында дүрілдетіп керемет той жасапты. Папам мен мамамды шақырынты. Сонда көрген құрметін, олардың мәдениетін, ірі лауазымды жолдас-жораларын айтып, ауыздарының сұзы құрып келді. Әне, орнын тапқан қыз деп естері шықты. Сонда сөз соңында әлгілерді мақтаған папама мамам:

— Саспа, біздің Сәуле одан да артық жерге барады — деді. Мен папамнан ұялыш шығып кеттім. Өзінен сұрайыншы деп ойлағам сонда. Расында менің ата-енем кімдер?— қыздың өткір жапары сұраулы кейіпте қалған.

— Мен рас айтам. Мен қойшының баласымын. Ауылда тудым. Ауылда өстім,— деді Қазанбай ағынап жарылыш.

— Қазкен,— деген еркелете қыз,— ойнамашы, сен онай жерден шыққап жан емессің. Мен сені патшаның тұқымы көрем. Тегінде қасиет бар жансың. Сол ушін сені мен,— деп мұның бауырына енген.

— Қызықсың Сәулеш сен де. Мен сенің алдында жалған сойлем көрғем жоқ. Және өмірімде отірік мақтанды жаным жек көреді.

— Сонда, иә, сонда — деген Сәуле көзіңің қарашығын ойнатып — Шопанин да сендей бала туда ма? Қыз енді өзің-өзі ұстай алмады ма — Қазанбайдың кең маңдайын жұмсақ алақанымен сипап, қас қабағын сүртіп, ат жақты иегінен кетеріп — О, боже, какой он прекрасный у

меня! — деп тамсанып кеп, шөп еткізіп сүйіп алды. — Құдай сені маган сүюге, мәңгілік сүюге берген. Мейлі кімнің боласы болсаң да, мен үшін жер бетінде сенен артық жаң жоқ!

— Таусылмай сөйле! Мұмкін менен де жақсы атақты академиктің мырзасы кездесіп қалар,— деді Қазабай Сәулеңің шамына тигісі келіп.

— Патша да сенің басқан ізіңе тұрмайды. Бұ жалғанда сенеп басқаның маган құны көк тиын!

— Олай десең өз обалың өзіде. Расымды айттым. Мен жарты гасыр қой баққан адамың жалғыз перзентімін. Қарт әке-шешенің көзіңің ағы да, қарасы да мына мен!

— Енді екеуміз де!

— Әлі де ойлаң, Сәуле!

— Ойланғам. Менен ерік кеткен. Мені жүрек билеп алды.

— Соның әмірі. Ол сенің «Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін. Патша тағы, бүкіл дүние малына» деген анытыңа жауабым болған. Менде сенсіз әмір жоқ! — қыз дауысы көкте жаңғырып, ашық аспап астында таза ауада сылдыраган қоңырау үніндей, Қазапбайдың құлагында көпке дейіп тұрып қалды.

\* \* \*

Қыс қаһарына мінген. Айқай жететін жерге жету қияметтің қыл көпірінен отуден бір кем емес. Қалың жауған қардың беті көк мұз. Асты бос көпсін жатыр. Бірақ оны жылқыдан басқа мал алып жей алмай қалган. «Желтоқсанда қолға қараған отарға мына шөп жете ме? Қой жарықтың қарны тоймаса, күйіс қайыра ма? Молықбайды жегідей жеген ой осы. Қыстаудың бет алысында тәңір жаратқан әмір бойы тамыры үзілмей қорыс бол сақталған қалың қияқ болатын. Әдейі барып көрді. Бетін басқан мұзды сындырса, малды тебіндегі болатындай. Бар тапқан айласы сол болды. «Белорустың» артына салмақты темір ме, басқама, байладап «Ақ қияқ» аталатын ауыл қотанында алациң мұзын қиратса, басқасы қойдың өз жұмысы. Абырой болғанда бұл жұмысы берекелі іс болып шықты.

— Ата-ау, әлгі бұрынғылардың малына күрек ашады дегеніңіздің қай жагы болды бұл? — деп сұрады Сәуле қалыңға түсіп үйме-жүйме жайылған қойды көріп тұрып.

— Соның дәл өзі. Олар қолмен күрек ашып жайса,

біз трактормен сірескен мұзды қиратып, әне көңсіп жагақан шөпке аузын жеткіздік.

— Тамаша болды,— деді Сәуле.

— Маядан шөп суыру да оңай болмай қалған өді — деді Қазанбай.

— Аз күн болса да қолдағы шөпті үнемдеудің де жолы табылды. Қараңдаршы — деді Молықбай жапатармай қалың жабагыдай үйисқан қорыстың қияғын үздігे жұлған отарды иүсқап,— бәрі де қарбыта асан, өздері қазып шыгарған шөпті борт-борт үзуін. Бұл бір жағы малдың деңсаулығына да, әсіресе күйектеп көшө ғана шыққан аналықтың ішінің, болашақ төлдің ойдағыдай өсуіне де пайдалы. Әттең, колемі аз мына жердің.

— Соңда не, әке қыс бойы осындағы тебіндік табылса отарды дағалаға жаймақсыз ба?— деп сұрады Қазанбай.

— Е, ондай мүмкіндік болса, несі бар шаруага өте тиімді-ақ болар еді. Бірақ дәл мынадай тузыраган қалың қорыс табыла бермейді. Бұл зор болса он-он бес күндік қана. Әне, шебі бар жерді айналған шынырап, түбіттей тутип ештеме қалдырмай теуіп жайылып жатыр.

— Рас-ау, маядан шашқан піскен ірімшіктей көк майсаны аяқтарымен басып, былғап ресуалайтын жаңуарлар мына жердегі шөптің әр талын мұқият ептілікпен жұлады. Мал екеш мал да еңбекпен аршыған ырызының адальдығын білдіріп жатыр,— деді қолындағы күректің сабына сүйеніп, манадан жайылған малдың аузына қарап түрган Сәуле.— Өздері және домбыраның, қобыздың пернесін басқандай қай жерде епік шоп бар соған тап-тап береді,— деді. Келінің мына сезіне Молықбай қатты шүкіршілікпен оның бетіне сүйсіне қарады.

— Рақмет, құлышым! Соны байқаған көзіңнен, зейініңпен айналдым. Тәңір берген зердене қыдыр түнеп, бақ қонысын.

— Эке, келініңізге қатты разы болып кеттіңіз-ау, тіпті бұған дейіп қазақтың аузынан шықпаған сөзді айттыңыз. О заман да бұ заман адам зердесіне «Қыдыр түнеп, бақ қонады» дегенді бірінші рет сіздің аузыңыздан естідім,— деді Қазанбай құле түсін.

— Е, қазақ атамың барлық сезін теткеп, тектеп жүр ме едің! Оның тамаша гой. Бірақ есінде болсын, зердеге қыдыр түнене, бақ қону — тәңірімнің киелі құбылысы. Екеуі де кез келген пінденің мандаійна жазыла бермейді. Мен балама соны тіледім. Қыдыр — көл-көсір несібे беруші, бақ — абырай атақ исесі. Ие тәңрім құдыретті құдай жарылқаймын десе, менің сезім періштенің құлағы-

на шалынса ғажап па? — Ол Қазанбайдың бетіне сұраулы бейнеде айбарлана қарап алды. — Мына далада кімдер ту-маған, німдердің атағы шығын жалпақ дүниеге ұран сал-маған? — Қарт ойын сұраулы сөздермен сабактап кетті. — Адамзат баласын қыл қобызың құдышретіне табысыдырыған Қорқыт баба, соноу Алатау бөктерінен қобызына бұл-бұл дауысын қосқап менің аттасым Молықбай ше, Са-рыарқаны дүр сілкіндіріп асқақ та, есем күй, нақышты әуезге бөлеген Ықылас, мына сенің атаң — есімі үш жұз-дің баласына белгілі — Ерден ше?! Өзің жан-жағыңда қа-расы. Мына ата-баба туған дала мәңгілік өшпес жазу-ға толы ұлы тарих емес пе?! Мен оқымай қалған жан-мын. Сол үшін өмірде кеткен есемді алайын деп сепі оқыттым. Саган Сәулем қосылды.

Екеуің де жоғары білімді, заманыщың сырын біле-тіп, көзі қарақты азаматсың. Жап-жақтарыңа қараңдар-шы. Бәрі мына байтақ даланың бетіне ақ қағаздагыдан жазылып қалған. Оқындар! Жаттандар! Сәулеге қарап:

— Элгі аты не еді, не деуші еді. Ирек-ирек... Ән жа-зуды айтам.

— Нота ма?

— Иә, иә... Сол нота жазылған мына дала бетіне. Бі-рақ оны тек Сәуле гана оқи алады. Ал, Қазанбай саган бәрінен де осы шопан ата жақын шығар — деп қарқыл-даپ көп күлді Молықбай. Соңғы күндері қабағына мұз қатып от басында көп сойлемей, өзімен-өзі болып, мал-дан келісімен бүктісіп жатып атасының қазір шешіліп сөйлегеніце Сәуле қызыға қарады. «Иә, сауат-сыз екен! Қараңғы шалың не деп кетті. Қорқыт ата, Молықбай, Ықылас, Ерден»... Қобыз әулиенің барлық пір-лерінің есімін жатқа соғады. Мына дала бетінде бәрі жазылған оқындар» дейді. Атам сұңғыла кісі екен-ау. Бә-ріп көкіретіне тоқыган құйма құлақ болды гой,— деп түй-ді Сәуле ойын. Өз кеудесінде жаңа бір ыргақ па, әуен бе, бір соны сарын туғандай да боп кетті... Тоқсыра сал-ғап қи мен көмірдің қызызы үй ішіне шілденің ыстығын әкелген. Бәрі айра-жайра. Әсіресе, екі бала тыр жалаңаш шешініп тастап ойынға кіріскең. Манадан қайта-қайта тамағын кеңеп, бірдене айтқысы келген Молықбай қоз-галақташ, Бәдігүлге, одан Қазанбайга, Сәулеге қарады. Аз отырды да:

— Балаларым, мен едәуір жасқа келдім — деп баста-ды. — Бірақ қартайдым, қажыдым демеймін. Мені Сәу-леңкем өзің жасартып жібердің. Өмірімді ұзарттың, отым-ның басына бақыт, береке, ырыс әкелдің. Басқа, басқа,

егер сен болмасаң, сен бастамасаң, си ықыласты болмасаң, мына кемпір-шал осы далада қалып еді — Қарттың дауысы іріп барып, қайта түзелді. Енді міне, ақар-шақар өз алдымызға бір ауыл боп, ел боп отырмыз. Рас, екеуінің мамандығың, біліміңе сай қызмет орның да далада емес. «Соноу жылғы»— деп даусын созып,— құдағиымның өздерінің тойында айтқан сезі әлі де есімде. Дегенмен, тәңір пешенеге не жазса сол болады. Маңдайға жазылғанды көрмей жан иесі етпек емес — Қарт өз көңіліне түйген ойын тамызықтан кетті.

— Балам, Сәулешкем!— деді келініне қарап алып,— Қуні-тұні мал деп бар өмірімді далада откіздім. Ата кәсібі мұра болды. Енді сендерді де, мінекей сол азабы мен рақаты қатар жүретін тіршілікке әкеліппін.

— Ата,— деді Молықбайдың осы жерде аз кідіргенің тосып отырған Сәүле,— ата-анасына қызмет ету балалың адамдық борышы. Біз перзенттік борышымызды отеп жүрміз. Сіздер құдайдан бала тілегенде қызығын көремін деп үміт еткен шыгарсыздар — деді.

— Әрине, әрине!— Қарт басын шұлғи берді. Қозі жасаурап, көңілі босады ма, әйеліне қарагыштап, езуі жиылмай қуле отырып:

— Бағлан! Бағлашқа бері келші — деп ермек іздеген кісідей немересін шақырды. Тыр жалаңаш трусиімен гана жүрген бала ентелей жетті. Баланы бауырның басып емірепе искеген қарт:

— Жарыгым мепің! Бақыттың, ырысым! Өмірім!— деп ағынаң жарылыш кетті.— Сендер болмасаңдар бұл өмір не болар еді. Енді арманым жоқ! РАЗЫМЫН ҚҰДАЙГА!

— Эке — деді Қазанбай — Қайтесіз, олар сіздің басыңызға көк тас қояр дейсіз бе? Өз балаңыздың тілегін тілеңіз! — Молықбай жалт қарады.

— Не дейді-ей мынау?! Мен бұлардан басыма көк тас қой деп тілеп отырмын ба? Маган тас емес керегі. Осылардың ұзақ, бақытты өмірі. Әне, менің өлмей мәңгі жасайтын тіршілігім! Сол керек, сол!— Қазанбай ештеме айта алмай үңсіз қалды.— Әй,— деді қарт.— Сені ғой он бес жыл оқыттым. Бірнеше жыл аудандагы ірі шаруашылықта бас зотекенек болдың. Ел басқардың. Сондағы өмірден алғаның қайсы? Мен тапқан ақшаңды, жиган мал-мұлкінді айттаймын. Ол өзімде бар. Маган керегі, тәңірден сұраганым — мышалар,— деді немересін құшырлана сүйіп.

Қарт сезіне не десін, бәрі де күліп отыр. Қенет Молекең Сәулеге:

— Сәулешке, жарыгым! Бүгін көңілім тасып, жаңымды бір шаттық билеп отыр. Жалғыз үйдің базары отының басында болады. Қорқыт атаң тартқан жарықтық кара қобызың үнін сагындым. Мәлік пен Бейсендер көшкелі тым-тырыс қалдық. Көңіл көтеретін күй тартшы,— деді.

— Мама, «Аққуды» тартшы — деп Бағлан тұрды.

— Расы, бәріміз де сең соққап балықтай бол қалдық. Бір сергітші, атаң да желпінсін — деді Бәдігүл. Қазанбай негіш отырсың дегендей Сәулеге қарады. Сәуле қобызын алыш, нені тартайын дегендей құлақ бұрауын келтірін кідірген.

— Ең алдымен қобыз атасы «Қорқыт күйін» тартшы жарыгым,— деді тағы да қарт. Асқақ қоңыр әуез дүние-ні күнірентің тамылжып, үлкен арнамен тасығап өзен суындағы ағып жөнелді. Сәуленің сым саусақтары діріл қағыш, ботасын іздеген аруанадай боздап, бірде өксік бол түйіле қалыш, қайта байлаудан шешілген ботадай ыңырысып, үй ішіне сыймай шығапдаған жөнелген. Қүй сайдыекті ерітіп, тамылжып төгіле берді. Құлақ тұндырған, жан сагынышы, іңкәр сезім шуағы болып сарнаган әуен қарт қиялын биледі ме, бір сәт маужырап қалғыш кеткен кісідей бол үйшіп қалған. Қүй ышқына келіп, биік сарын такаббар ағысын лықсыта қобыз шанагында саябыр тауып тына қалған. Үй ішінде де тыныштық орнады. Да-мыл тапшай айнала жүгіріп асыр салып ойын қызығына ессіз берілген Бағлан мен Ерлан да көкейін тескен бір тәттілік, жан шыргасы үй төрінде қонақтағандай аң-таң хал кешкен.

— Қайран Абызым-ай! — деп көкірегін өкініш пе, сағыныш па, ерекше құштарлық па, әйтеуір өзіне үлкен ой тастаған сезім билеген қарт тіл қатты.— Бұлай сыр шертпесе, Қорқыт ата аталар ма еді?! Енді сәл жасаураған жанарын басқаларга бұрып.— Бұл жалған дүние кімдерден қалмаган. Өмір шіркіннің қызығына тоймаган сол дана баба да өлімнен қашып, қайда барса да өзіне арнап қазып жатқан қабірдің үстінен шыға берген деген аңыз бар. Ойлап қарасам, тіршіліктің бар қызығы өмірді шын сүоде жатыр екен. Әне, аңыздың бізге қалдырган осиеті — әлгі күй сарыны соны мензейді екен. Сәулешкем, күнім, қосағынмен қоса ағар, бақытты бол! Мына қос шынарыңың қызығын көр! Бір жасап қалдым! Осы өнеріңмен қарғым, ата-баба омір сурген кең байтақ сахараны да дұр сілкінтіп, бағзы заманын тірілтіп, бүгінгі мына қым-қуыт, кей тұстары беймәлім сырға толы уақыттың тынысын кептіп, жаңа лепті екпінді сарып әкелдің. Мен мәңгі жа-

сайтын тың сезім құштым. РАЗЫМЫН. Тек, күніне бір мезгіл мына құт шаңырағымда ғажап өнеріңмен атаңың уақыт тоздырыған жүйкесіне қуат берер әсерлі қүйлеріңді тартып беруді ұмыта көрме! — деді.

— Ата, Қазжан екеуміздің бар асыл мұратымыз сіздерді күте алсақ деген игі тілекте жатыр. Біз сіздер үшін өмір сүреміз. Тіршілік болса, бізге өмір қызығы жетер — деді жүзіне жайдары нұр жинаған Сәуле.

— Рахмет, балам! — деген соз екі қарттың аузынан жарыса шықты.

— Эке — деді әрқашан айттар сөзін сапап айтатын Қазанбай, бір ырғалып қойып:

— Мына келініңіз бен менің ендігі жердегі арманымыз Молықбай өмірден не көріп кетті деген сөзді естімейу. Сіздің есіміңізге лайықты үрпағыңыз боп қалсақ, қане, шіркін — деді.

Соңғы кезде үнемі ой үстінде, қабагы ашылмай, оясына келмей жүретін қарт мына сөзден кейін бе, әлде Сәуле ойнаған қүйлерден соң ба, әйтеуір ақ пейілі ақтарлылып қатты қарқылдан кеп күлді. Кеп күлді.

— Менің де тәңірден тілегім сол ғой, құлыштарым, — болды қарттың ендігі сөзі.

\* \* \*

Бүгіп Молықбай өрістен, өріс болғанда, ауыл сыртындағы тебіндегі малдан кешқұрым үйге қатты ауырып келді. Қеле Бәдігүлге:

— Қалың етіп тәсек сал, — деп отінді. Зордың құшімен шешініп жатқан болды. Қатты демітіш, тыныстауы да ауырлап, баласын шақыртты.

— Шаруаңың беталысы жақсы. Мына алапат қысқа дайындығың да ойдағыдай болды. Қолдан келер жұмыс тәп-тәуір атқарылып жатыр. Шебің үюлі, қораң жөндеулі, отын-суың бар. Тек жанар-жағар майыңғана. — Қарт аз демалыш көзін жұмып жатты да — Сәулешкем озіңе мықты серік, жаны құрақ үшқан, адап жар боп кездесті, — деді сәл ентігіп. — Бар бақыт еңбекте, балам, Адал еңбекте! Адал еңбек қана алмасты алғызады, берместі бергізеді. Несібенде көбейтіп, абырай-атағынды шығарады. Өмірінде адап еңбекке табын! — Маңдайы тершіп, аз тының алды да сөзіп жалғады. — Өкпем қысып, жүргегім көтеріле береді. Едәуір сырқат болатын түрім бар. Жатып қалам-ау, шамасы — өлдім десең айқай жетер жер жоқ. Дәрігер шақырта қояр баяғыдай рация қайда?! Қыстың

түрі мұнау — жол кесілген. Сен балалық та, батырлық та жасама! Бекерге аласұрып жаңыңды қинап, қасірет шекпе. Мұнымен әбден ойланып айтып жатырмын. Бәріне тәуекел. Тас түссе талайыңдан деген бар. Шыда!

Шыдайық — осы сөздерді қарт бірнеше үзіп, шаршап отырып айтты. Ендігі бір жедел орындастын ісің — деп баласына қадап айтқапы — Биыл үшінші жыл — ту қалды құла бие. Соны ертең соғымыңда сой. Оған уш қой үйітіп қос. Соғымы семіз үйдің берекесі отының басында болады. От басы берекелі үйге Қыдыр қопады. Ал, Қыдыр қонған үй — қатарынан озады,— деп қабағын шытып — леген! Леген әкел — деді де аузын басып лоқсып қалды. Бәдігүл зорға үлгерді. Қап-қара құрым ба, қан ба, аузынан түйдек-түйдек құсық төгілді кеп. Едәуірден кейін іші тазарғандай болды ма, бетіне қан жүгіріп басын көтерді. Келесі күні құла биені сойып, одан кейінгі күні үш ту қойды үйітіп, ретіне келтіріп алғашша жапжақсы жатты. Бағлан мен Ерлапын қасынан шығармай әңгіме, ертегі айтып, тіпті бұрын өзінде болмаған сөзуарлық та тапқан.

— Эй — деді Бәдігүлге бұл оның аузынан әйеліне тұңғыш шыққан «Эй» еді.

— Эу! — деген оған:

— Бәдше, құла биенің телшігін асшы бүгін,— деді.

От басы болыш, жаздай жадыраған шаңыракта отырып, сол бір естен кетпес қоңыр кеште сере шыққап құла биенің семіз телшігін жескен. Молықбай қарт та ауырмаган жандай едәуір сергек, көңілді отырды. Сөз арасында «осы қыстан аман шықсақ» дей берген. Кей сәттерде күні кешегі тай құлындаі тебісіп есken қатар құрбылары Бейсен, Мәлік, Әлібекті есіне алып, «Шіркіндер, қаладағы жылы үйлерде булары бүркырап отыр-ау, ә? Қаланың сасық ауасы дәрі болса, рақатын солар-ақ корсін. Боз жусаны жұпар шашқан кең байтағымды қайдан қияйын! Жер қадірін білмеген, жерден таяқ жейді»— дегенді естімеді ме екен солар, мейлі, адасқаның алды жөп болса, бола берсін — деген. Адасқаны кім түстеп, атын атамаған.

Қарт шопан бірақ бұл сырқатынан айыға алмады. Құн санаң жүдеп, жатып алды. Науқасы мендей түскен түрі бар. Құніне бір мезгіл сыртқа шығып, бой жазып, шаруа жағдайын көріп, ақыл кеңес айтудан да қалған. Бірыңғай жатыс. Бұл әл-дәрмені азайып төсек тартқан карттың ауа-райын қайта-қайта сұрап, мазасызданған күндері. Ат құлағы көрінбейтіп жапалақтаған қар толас-

сыз бір тәулік төгіп, арты көз кормеген боранға ұласқан. Жалпақ тізеден келеді дейтін күнсек қарды айнадай жарқыраган мұздың бетіне емін-еркін төгіп алыш, астындағы мұз енді тұз қарга айналады деп отырғанда, ақ бура боран күркіреп кеп берді. Қайда сай сала, өзен, ықтасын, қора, әйтеуір үйіріп әкеп, қар біткенді үйді де салды. Даладағы азынаған жел қыңылаған қашықтай ауыл торыды. Ерінің қас-қабагына қарап, қасынан қалт кетпей отырған Бәдігүлге иек қақты Молықбай. «Таяу отыр» деп, қасынан орын нұсқады. Әйелінің бетіне қарап, көп уақыт тым-тырыс, көз алмай жатты. Айтарыи ойланып жатқан кісі тәрізді. Бір кеездегі аялы қоздің еті қашып ортайып, шегені құлаған құдықтай үцірейіп, жағы суалып, ұрты солып қалыпты. Бәдігүлді үрей торып, журегі суылдан зордын құшімен отыр.

— Таянып отыр,— деді селдіреген кірпігі жиі қағылған науқас бар қайратын бойына жиып, әлсіреген үнмен.— Сенімен елу жыл — аттай жартығасыр өмір сүріпшін. Осы уақыт ішінде жанаңа азар беріп, не қолым, не тілім тимегепіне өзің қуәсің. Сен де мені ренжіткен жан емес едің!— Қарт шаршады ма, танауы қусырылып, демалысы жиілең сұлық қалды. Журегі атша тулаган Бәдігүл зәре құты қашып, қатты қобалжып отыр.

— Не айтайын дедің? Кімнің алдында есеп бергелі жатсың бекерге өзілді-өзің қинаң. Менің де саған әкшепілі күнім болған жоқ. Құдай берген өмірдің аңы-тұщысын бірге көріп келеміз. Енді жалғыз баланың, немерелердің қызығын көрсек — разымыз тәңірге — деген Бәдігүл кемесдендең қасына келген Ерланды алдына алыш иіскеді.

— Лайым тілегің қабыл бөлғай. Бірақ бұлардың қызығын ендігі жерде сен көресің,— деген опың дауысы жасып шықты.

— Таусылмай сойле! Қайдағыны айтып өзінді бекерге қажытна! Кімнің не көрерін бір құдайдан басқа білмейді. Неге жасып жатсың? — деген әйеліне:

— Сені пісіріп алайын деп жатырмын. Сен осы шаңырақтағы алтын діңгек емессің бе? — деді көзінің шарасын кецирек ашып, маңдай терісі сырнайдай қатпарлаңып. — Сен мықты бол! Ендігі жерде сенің төзімің, ұстамдылығың, ақылың ғана шаңырақты шайқалтпайды — деген Молықбай тағы да демалысы жиілең, көзің жұмды.

— Қар тау болып басып қалды — деп екі алақаңын ысқылай кірді үйге Қазанбай. Едәуір тоңған түрі бар. Толтыра салған қидың қызыуымен жалыны бетті шарпыған пешке арқасын сүйеп тұра қалды. Бәдігүл қолын

котерді. Дауыстама дегені, Молықбай көзін ашты. Жанары сөне бастағаңдай, тым отсыз көрінді.

— Сәуле,— деп аз жатты да, қайталап — Сәуле қайда? — деді бойына құшін жишип.

— Далада! Қар күреп жатыр — деді пешке арқасын сүйеп тұрған бойда баласы.

— Шақыр,— деп сыйырлады. Ерінің жағдайын жақсы түсініп отырған Бәдігүл:

— Тез шақырағой, әкең іздең жатырғой,— деді.

Аяғында керзі етік, үстіне күпәйке, басына түбіт шәліні мықташ орап, белін белбеуленіп буынған Сәуле үйге ентіге кірді. Екі беті қып-қызыл бол, маңдайы тершіп, бусаның алғаш. Оны көрген Ерлан қызылдан:

— Мама — деп ұмтыла түсті. Баланы бауырына тарта беріп:

— Мен сүйкіпшін ғой. Даладан, бөраннан келдім. Тоңасың. Әжеңе бар — деп баланы жасқады.

Науқас қолын көтерді. Бәрі енді соған қараған.

— Сәуле-е-ші-ім — деп келінінің атын ежелеп созып айтқан қарт — Нұарығым, күнім менің,— тағы да сәл бөгелді.

Осы кезде есін біліп қалған Бағлан атасына жақын отырған. Оң қолын көтеріп, немересінің маңдайынаң сипап, өзіне қарай икемдей тартты. Бала бетін тосты. Бірақ қанша ұмтылса да Молықбай баласын сүйе алмады. Назарын келініне бұрып.— Ризамын саған. Тәңір жарылқасын! Менің бұл өмірдегі өмірімнің жалғасы сенсің. Ақ батамды бердім. Қосағыңмен қоса ағар. Мыналардың қызығын көр!— деді шаршап-шалдығын, әл-дәрмені азайды ма, көзін жұмды. Бәдігүл қолын көтеріп:

— Аз тынышыды білем. Сендер шаруаларыңа бара беріңдер,— деген. Әке сөзінен жүрөгі шошынған Сәуле солқылдан жылап шықты. Дала әлі үйитқыш тұр.

Бүтін екішіп күн. Мал қорага жол аршып әуре бұлар. Үйитқыш, дөңгелене сокқан ақ боран қар атаулыны ұлан жазықтың ортасында қалған жалғыз ауылға қуыштықкан. Тұрған түйе көріпбейді — дейтін жіліктен арасына жиде мен талдың сидасын қағып, қазықташ тұрғызған күндіз қой тұратын шалы ыңтырма іші аузымұрнынан шығып лық толған, ақ көріш қар. Үй мен қой қораның арасы мұндай боларын кім білген ат шаптырым, әудем жер. Үйден буы бүркырап шыққан Қазанбай ез көзіне өзі сенбей аз тұрды.

— Мына қарың қайтеді-ей,— деп Сәулеге жаутаңдады.

— Ұрыста тұрыс бола ма?— деп Сәуле қайрат бермесе, Қазанбайдың жүргегі дауалайтын емес. Шошаладан күректерді әрен шығарды. Міне, екеуі екі жақташ шиырлапып бекіген қарды кеселеп ойып шалының сыртына шығарып жатыр. Таусылар емес. Сонда да қайрат жиған ерлі-зайыпты жастар бейнет азабына берілмей еңбектеніп кетті. Әлі қой қораның аузын ашуға дейін талай жер...

— Мен аршины мына қалған жерді. Сен шөп сұыр маядан. Ол да сіресіп-ақ қалған шығар.— Мынаны қара, ой, жұнді балағым-ай, қайдан шықтың-ей!— деп Сәуле маяның ығыпап жүгіріп келген Саққұлақты еркелетіп жатыр.— Бәлем, өзінді боран тұншықтырган шығар. Саспа, бұл қардан біз де кек алармыз. Ертең-ақ ебіл-дебіл шығып, ағып та кетеді — деп итімен сөйлесіп, ойында ештеме жоқ Сәуле жұмысына қайта кіріскең.

Қорадан маңыраған қойдың шуылы естілді. Боран әлгіде аршылғап жерді қайта басып жатыр. Қазапбай маядан шөп сұырып арпалысып, құнжыңдап дамыл таппай, қимыл үтінде. Сәуле де тынысмсыз қайратпен қармен алысып-ақ бағуда. Қорадан шыққан ызы-қызы маңыраған дауыс боранның сарынына ұласып дүние азан-қазан дауысқа толған. Сәуле әлі дамыл тапқан жоқ. Бір толассыз күш-қуатпен, тың екіншімен еңбектеніп, алас-құлас ышқынған дауылға қарсы өршелене қимылдан кеткен...

Аз тыныс алған шалына Бәдігүл төне түсіп, он қолын алақапына салып уқалап отыр. Өзі айтқан жарты ғасыр бір ғұмыр кешкен ерінің мойып, жасығанын көргені осы. Жүргегі алабұртып, дүрсілдей соғады. Содан да қатер мен қауіп, қорқыншты ой қамалаған ол «Тәңірім-ау жападап жалғыз үй желдің өтінде, елдің шетінде біз бейбаққа не сүмдүгің бар еді, көрсетер» деп күңіреніп, езіліп отыр. Әл жинады ма, көзін қайта ашты қарт.

— Айтып қояйып, қайғыны көздің жасы жеңбейді, қайрatty ақыл жеңеді. Әлдеқалай боп кетсем — осы жерде ойланғандай кідіріс жасап, әйеліпес тесіле қарады. Манағыдай емес, жанары шоқ болып жанып кеткен.— Қандауырдай қадалған көз Бәдігүлді ішіп-жеп жіберді.— Жалғыз үйді басыца көтеріп, балаларымның жүргегіп жарып алма! Жылаган көз жасынды бала-шаға көрмесін. Жасынан шеркөкірек, жылау-сықтау, у жұтқан қасірет менимен кетсін! Мыналарга — деп немерелеріне иек қағып,— қайғылы қабагынды, мұнды жүзінді көрсетпе!

Егер менің артынан дауыс салып жыласаң, қабірде тыныш жатпаймын. Жыламайсың, ә? Қелістік! Әкел қолыңды — деп соңғы күші ме, Бәдігүлдің қолын құшырлаша қысты. Бұған естірте көлиманы үш қайтара айтып, қол-аяғын созып, сайрап жатқан Молықбай, күлім қағып жатқап қалпында бір рет қана ықылых атып дүниеден отіп кетті. Ештеме болмагандай, ұйықташ жүре берді. Өзі алақаныша салып отырған ерінің қолы мұздап кеткенде ғана бір сұмдықтың болғапын анық сезеген Бәдігүлдің көзінен ыстық жас төгіле берді. Іші алау-жалау от боп қүйіп, жалы жанып жүре берді. Қапелімде не істерін, сиртта шаруа қамымен жүрген баласы мен келініп-не қалай деп, не деп айтарын да білмей есінен адасып қалды.

Бар ерікті көз жасына берді. Үнсіз егілу. Әжесінің солқылдан ағыл-тегіл жылағанына үрке, шошына қаралған Бағлан отырыш-отырып бақырып жіберді. Оған Ерлан қосылды.

Немерелері шу етіп жылағанда барып өзіне-өзі келген кейуана «масқара боп балаларымның жүргегін жарып алармып. Өзі айтып еді-ау! Әулием-ай, осыны білгеп екен-ау»— деп зөре-құты қалмай шошынған бойы үш ұмтылып орнына пзордың қүшімен сүзіле тұрды. Ес-тұс жоқ. Бос сүлде мең-зең.

«Егер жыласаң мен қабірде де тыныш жатпаймын» деген жап-жаңа ғана ерінің айтқан өспеті құлагына қайта шалынды. Екі бала әлі жылап отыр. Үні шықпаса да, көз жасы тыйылар емес. Ағып жатыр. Төбеден төгілген тамшыдай сорғалады кеп. Әлріде ғана сейлеп жатқап, елу жыл бойы құшагы жазылмай, ет-бауыры бірігіп кеткен омірлік сүйген жары, көз алдында, бұған қолын сипатып қойып, ақтық созіп аяқтай алмай, ең болмаса, қош деп айтпастан бұл жалғаннан аттапып кетеді деп бұл үш ұйықтаса ойына алыш па?! «Құдайым-ау, бұл не сұмдығың маған көрсеткен»— деп бүкіл жан дүниесі астанекестен боп шыбыны шырқыраған апа өзін қоярга жер таппай екі буйірін таянып тенселе берді. Мына ұлы дүниеде бұл арқа сүйер, ақыл сұрап тірі жан қалмағандай қара аспал тоңкеріліп кетті. Не істер, қайтіп ес жияды, әлі біліп отырған жоқ. Екі немересі екі жағынан кеп, мұның бауырына тығылып, өксіктерін баса алмай еніреді. Әсіресе Бағлан, әжелеп, мұның көзінен аққап жасты сүртіп, өксіп-өксіп бақырады. Жаутаң-жаутаң атасына қарап алыш, бір орны толмас сұмдықтың болғапын білгендей егіледі кеп. Әженің мүшкіл халінен күдер үзгел

Ерлан мұны тастай беріп атасына үмтыйлды. Еңбектеп жетіп, әлі көзі ашық жатқан атасының бетін жұп-жұмсақ алақапымен аймалац, ақ сақалын сипалап жатыр. Атасың үйықташ жатыр дей ме, әйтеуір сәбилік ынтызар әрекет бар.

Осы сәтте гана Бәдігүл селк етіп, бойын жинап алды. Әлі де барлық денесі сүшп болмаған Молықбайдың қабағын уқалап көзін жапты.

Екі сәбиін екі қолтығына алыш, бауырына басып, дыбысын шығара алмай қыстынып, бүкіл денесі дір-дір қалтырап егіле жылады кеп. Қазір ештемені ойлац, біліп, бажайына барап халден біржола ада болған. Бейуақ шақтың кешкі қаракөлеңкесі де әлі шамы жаңбаған үйдің теріне қимылсыз мешелдей үйіп тұна қалған. Осы кезде:

— Апа, қараңғыда қапсыз ғой — деген жалқы дауыс мұны елең еткізді.

— Қазір,— бұ қөздің аузынан қалай шыққанын да білген жоқ. Ессіз күйде қалды.

— Міне, шам жағайын,— деп сөйлей кірген Сәуле екен. Опдық шамның жарығы үй ішіне бозғылт сәуле шашты. Үйде көлеңке тірілді. Әлі де осы сәтте бұл шаңырақта пе болғаныпан бейхабар Сәуле қазандық пештің отынын дайындал өзінше ас қамыпа кіріскең. Басқадай ойсыз оны Бағлан:

— Атам үйықташ қалды. Оянбайды — деп өксіп жылап кеп Сәуленің мойнына асылды. Атасының бетіндегі ақ шуберекті енді аңғарған Сәуле бір сүмдіктың болғанын анық білді ме, дауысы қатты шығып:

— Не дейді? Неге оянбайды! — деп қатты шошынып баланың бетіне жалт қарап, — Ата, әке! Асқар тауымай! — деп сыңсып кетті. Кешкі дауыстың аңы болатын әдеті емеспе, аузына сөз түспей тінінен тарқатылған ала арқандай бойын жия алмай, қалтырап кеткен.

— Есіл әкем! Ақыл парасатым! Ең болмаса бір аузы сөзінді де айтпай, жалғызыңа қош деместен-ақ кеткенің бе?! Әкешім-ау, қоңыр дауысынды, Қазыкенім, қоңыр қозым деген үшінді ақтық рет естімей де қалдым-ау, — деп зар илеген Қазанбайды Бәдігүл анатың:

— Тоқтаңдар! Сабыр етіндер! Қайғыны көздің жасы жеңбейді. Ұстамды ақыл, қайрат жеңеді. Ендігі жерде арқа сүйерің мына басқа түскен қайғыдан құтқарар ақыл сабырың! Әкелерің, енді бізге жоқ! Қане, балаларым, естерінді жиындар! Белдеріңді бекем буындар! Әкелеріңнің аманаты «Босқа егілмендер! Қыншылыққа қарсы аттан! Ендігі арқа сүйерлерің — ақыл! Қайғының құлы болсаң-

дар көрде тыныш жатпаймын!» деген,— деп салиқалы жеңгө сілтеді.

Қаралы үй тұнеріш түп құшағына енді. Айдаладағы жалғыз үйді тұн-тұнек қақаган аяз, ысқырган жел күзеттіп қалған. Жанды-жансызың екі әлем, керегар екі өмір қайсымыз жеңдер екеміз дегендей тілсіз, үнсіз белдесіп кеткен. Үй іші қазір улап-шулап әл-қуаты таусылып, құр өңсігін жұтыш, ықылық атып отырысын қалған. Бұл үйдегі тірі жаның бәрі есінен адасып есекіреп, «бұ не, өңім бе, тұсім бе!» деп басқа тұскен наубеттің әлі мәніне жетіп болған жоқ. Осы қын қайғы, орны толмас қасірет бол келген қаралы шақта «Осы шаңырақтың шайқалтпас алтын діңгегі сен емес пе ең?! Бәрін саналы ақылға сал! Өлмейтін пенде, орны толмайтын қайғы жоқ. Жалғызыңың немерелерінің бақытын тіле!»— деп көз жұмар сәтіндегі Молықбайдың сөзі құлагына жаңғырыққан Бәдігүл:

— Балаларым — деді дауысын нығарлаپ,— ендігі жерде мына қиян даладағы жалғыз үйдегі қайрат, күш, ақыл да өздерің. Құдай пешенеге не жазды, соны көруге бекініңдер. Белді мықтап буып, әке атына лайық ерлік, намысқа табыныңдар. Елдің шетінде, желдің отінде қалдық. Біздің жылау-сықтауымызды, жалынып-жалбарынуымызды бір тәңірден басқа жер бетінде естір жанашыр жоқ. Өз қоңыңды өзің тырнайтып, азаптың аңы тырнағы уыз тәніце бататын заман туды бастарыңа! Босамаңдар! Басқа тұскен мына тілсіз қасіретке дұлығалы хас батырдай, дүр сілкініп, иә, әруақ деп қасқая тік тұрыңдар!— деді.

Ана дауысы әрі етініш, әрі бүйрек болып естілді. Оны Қазанбай да, Сәуле де жанымен, жүректері қан жылап сезіп, түсінді. «Қайран анашым-ай! Енді қайтсін, бар сенері, биік тауы құлап түсті. Ендігі арқа сүйері — мына біз» деп ойланған Қазанбайдың үстіне осы ой зіл батпен салмақ бол құлады. Құр сүлдері отыр. Ақыл, сана қазір бұдан ат құйрығын кесіп безіп кеткен бе, қол-аяғы ұйып, екі шекесі шатып, құлагы шулап кетті. Сәулеге қарады. Бұгіліп, көз жасын үнсіз төтіп, дәрмені таусылып запыран жұтып отыр.

— Эй, бұ не? Осылай зарлап отыра беремісіңдер?— Аナンың бұл дауысы тым қағарлы шықты.— Тұрыңдар, былай — көзін ашпаған қасқырдың жетім болтірігіңдей қыңсызламай!— Қазанбай орынан сүйретіле тұрды. Жылай-жылай екі көзі қызарған ол қара торы жүзін әжім жеп, бұл күнде кәрілік жеңіп, күн жеген тозған шүберек-

тей үлдіреп құл сұлдері қалған анасына телміре коз тікті.

— Экелерің осылай жата бере ме?— болды аナンың ендігі айтқаны...

Табиғат бір долданса кімге рай берген. Тәңірінің сол күші таңы да үскірік аяз болып, демі бет күйдіріп аты. Кең байтақ дала ақ сауыт киіп, қар жастанып, мұз кұрсанып тұтігіп, темірдей сықырлап кеткен.

— Құдыштің қаһарын-ай, зіл төккө! Мына қыстан әкем жарықтық бекер қауіптенбетен екеп. Қыс сыйдайы тым ауыр дей беруші еді. Жаңбырлы құздің соны осы болды-ау! Ал, Қазкен, «ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген күн туды басқа. Әкеміздің таудай аты бар еді. Құм болып уатылып кетпейік. Пәленше фермердің балашағасы,— деп айтар созінеп денесін түршіккен Сәуле ерінің бетіне түсі суына қарап, қырылып дегізбей енбек етейік! Қане, сілкіп! Ана бүйрығы, әне!— деген. Қазанбай онсыз да өртенип тұр. Сыр білдірген жоқ. Әйеліне «Не деп тұрсың» дегендей отты жанарымен жалт қарап, қорға барып, күрек шот, қайла ма, сүймен бе, қол шанаға артып алды.

Кепелі бері аузынан шыққан жалғыз сөз:

— Кеттік!— деді де ауыл сыртындағы күмбезді көп қорымға қарай басқап жері қарш-қарш сықырлап, жерді ойып жіберердей адымдай басты. Оған Сәуле ерген. Оларға ауылдан аты шулы арабы төбет Саққұлақ қосылды. Бұлар енді байқады. Дала көк темірдей мұздың астында тырс-тырс жарылып қақырап жатыр. Ит тайган көк мұз. Саққұлақ жортып жүгіре түсіп домалап кетті. Қайта атып тұрып, жүпдес құлағып қалқытып, саған пе болған дей ме, айдалага тімтіне қарап төрт тағандап қалған.

Ерлі-зайыптылар әкесі аманат еткен бабасының күмбезді мolasының ішіне толғап көсе қарды тазалап, қабір қазуға кіріскеңіне де жарты күп болды. Жауырның қакшақтай, жасынан спортип айналысып, шынығып өскен Қазанбай қарулы жігіт. Сәуленің алдында сыр бергісі жоқ. Барып салып күш-қайратын жұмсал-ақ жатыр. Жұзжұз елу килограмм салмақты шопақтай көрмейтін қайрат иесі бар күпін жұмсал соққан сүймені, не қайласы қара жерге бармақтай батпай меселі қайтты. Қандай күшпен соқса да қолын қайырып тастайды. Амалы таусылған бұлар лажсыз ауылға қайтты. Құп ысқырып тұр. Аяздың тілі денені қарып барады. Өнжүргасы түскен балаларына Бәдігүл:

— Қазылмаса қайтесіндер. Қабірді қойыңдар. Бір жөні болар. Құдай не жазды соны көреді. Алдымен отаға-

сыны дәреттендіріп, оң жаққа салайық. Сәуле, сен су жылыт! — анатың айтқапы сол сәтінде орындалды.

Әлі де алда талай жұмыс жатты. Айдаладағы жалғыз үйдегі естияр уш жапның көрері, тартар тауқыметі әлі де көп еді. Елу жыл отасқан сүйікті ерін Бәдігүл бар жанын салып, ақ сабынды көшіртіп тұрып, бәкізелен ойындағыдан етіп жуды. Сәуле су жылытса, жалғызы сол жылы суды құмаммен қанжылым күйінде беріп тұрды.

Бұл үй «ескі қордалы» Бәдігүлдің сарабдалдығы арқасында дүниелі атанған, «болып-толған» шалгайдагы шаңырақтардың бірі еді. Молықбай таба білсе, Бәдігүл жия да білген. Сол тірнектеп жиналған аз дүниенің өнімді бір бөлігі беті ақ күмістей жалтыраған сүйекпен өрілген көне қолөнері жасаған үлкен оюлы сандықта жататын. Кілтіп салғанда қоңыраулап ашылатын корікті сандық бүгін ашылды. Екі жігіт зордан көтеретіп салмақты ыдыстан тайы бұзылмаган аппақ қардай кебіндік кездеме шықты.

«Өзінің табан ақы, маңдай тेңі ғой. Бұл үйден бұдан басқа не алыш кетеді — деп көз жасын көл ғып төккен ана — өзі тауып еді. Өзі кисіп — деп, біриеше қабат асыл матамен Молықбайды арулан киіндірді. «Мен қолымнаи келгенін атқардым. Енді не істермін» деген кісішке жаны түйікта тірелген Бәдігүл келіп мен баласына ойланғарады.

Әркімнің маңдайына жазылғаны болады. Құдайдың қара жерінен топырақ бүйірмаса, қар үстіне қоя ала-мыз ба? Әкелерің тоң жібіп, жер босағанша, бізбен мына түпкі болмені қыстап шығады. Тек желдеткішті ашып, салқын ауа келіп тұратында болсын. Жылу баратын мына есікті жабамыз — деді салы суга кеткен қарт ана.

— Апа-ау, намаздамаушы ма еді — деп сөзінің соңын айта алмаған Қазапбай козі боталап кемсендеп кетті.

— Намазды кім шығарады? Кімің бар ондай тәрәтуді билетін бұжерде! — ана дауысы еркінен тыс қатты шықты. Және әкеңнің мәңгі жатар жамбас топырағы өзінің төр үйінде емес шығар — Бәдігүл осы жерде бар еркін жүзін теріс аударып көз жасына берді. Ана тұншыға жылады. Өкпе бауыр, қолқаны жұлған ексік аңы қайғыны, жанды ортеген азанты коздің жасы ғана алыш шығыш жатыр...

Қазанбай ақ қар, көк мұзда, құба жон алыс ел-жүрттан шалгайда қалған мешеу хал-ахуалып енді түсінді. Өзінен өзі босап, төбесінен көзге көрінбейтін зіл басқандай мәңгіріп қалды. Айдалада елсізде, қол аяғы кесілген

тірі мұрде халі қозбермес қара тұман бон қамалады кеп. Койлегінің жаға түймелерін жүре ағытып, қеудесі қысылды ма, атып тысқа шықты. Аузын апса, жан дауысы шығардай қеудесіп бір апат салмақ қысып барады. Көз алдында сұр мұз жастаған, шетсіз-шексіз дала. Кокжиегі бұлдырап тіршілік әлемін терең тұңғиық бол жүтып жатыр. Өлдім десе, қол ұшын берер тірі жан жоқ. Әлгі әлгі ме, өзін бүкіл адамзат қауымынан боліп алып, аждаға апат болып буындырган, қөзге коріпбейтін рақымсыз дүлей құш одашалап тұзақтан алыпты. Қысылғаны сонша жан тері шықты. Жаны шырқырап, қаны тасып, көзі қарауытып кетті. «Сұмдық-ай, қырылып кетпесек нетсін! Арқа сүйер ақылшы әке жоқ енді. Шеше анау... Екі көк жапырақ... Багланым, Ерланым!... Сәулө... Ah! Бір сұрапыл қасырет екі өкпесін сыйғын барады. Мелшиіп, сілейген күйі қаққан қазықтай қатып қалды.

— Қазкен! Не тұрыс бұл?— Сәуле екен. Ұйқыдан шошып оянған жаңадай ессіз жалт қарады.— Қаблан қайсарлық тан енді. Тәуекел түбі жел қайық өтесің де кетесің, уайым түбі тұңғиық батасың да кетесің! Нартәуекел, тарт көшінді!

— Ойлан! Бізді абырой қорғап қалды. Қозғе көрінбейтін ата-ана алдындағы парыз құдыреті қоргады.

— Ей, не сенің айтып тұрган таусылмай кеткен көп қорғаның?— деп жаны күйіп тұрган Қазанбай қабак шытты.

— Э, әлі білмей тұр ма едің! Егер ғой, сенің тілінді алып осы биыл мұнда келмей қалғанда пе болар едік.

Масқара сонда болар еді! Әке... Бүйтіп жатса, шеше жалғыз қалса,— Сәуле ойнын үзіп-үзіп апат деген сол болмас па еді. Бұны, қазіргі жағдайды сұмдық көрме! Бу белінді — деді ол ерінің бойына қайрат пен намыс отын жағып. Жаңа гана жаһаниамга жұтылып бара жатқан ойсоқты Қазанбайды мына сөз тосын құдырет күші бол дүр сілкілен өткендей жанары шоқтана қалды.

Тағдыр, бірақ ел жүрттап оқшау қалған фермер ауылның тұтініп әлі де теріс ықтыра берді. Адасқапды бөрі қамаган қаһарлы күндер алда жатты. Ертеңі не бола-ры беймәлім өмір тығырыққа тіреліп күн артынан күн баяу жылжыды.

Мұз құрсанып, қар жастаған кең байтақ та аппақ бетке біткен мейдей бол жалғыз қыстауға ғана көрінеді. Осыншама алып денелі атыраптың қызықты базарып та-ратқан қатал қыс тісін қайрап күн санап күшпіне еніп та-

жалдай жұтыпты келеді. Әудем жерге аттаң аяқ басу қияметтің қыл көніріпен откендей.

Мал қолға қарап, қорадан шыға алмай қалды.

Мұншама сіңірді созған ұзақ қыс болар ма!

Соноу ала жаз, қоңыр құзде жан алыш, жан беріп жинаған еңселі қос мая қанша мысқалда, уыстап суырып үнемдесе де, етегінен түгесілді. Енді міне, бірнеше жыл ықтасын боп, өзбек үйінің дуалындағы тұтас қабырга тартқан шомға ауыз салғалы да қанша күн. Әбден сірнедей қатыш, біріп бірі жабысқан малдың аяқ асты сідік-шілігіне борсыған сабын — сілім тір тұз сіңіп кепкен сүрдей өзек жалғар мал қорегіне айналған. Бұрынғы қокмайсаның әсиеспін таңдаған жейтін жарықтың қой жашуар қазір аузына іліккенді жалмац, кепезесі кеүіп, жалақтап барады. «Мың күн тоқтықтың бір аштығы бар» деген осы да!

Қазанбай мен Сәуле таң қылаң бере тұрган. Әлі бел жазған жоқ. Ескі күнінің тігісінен соккендей әбден тапталған шомды бірі сүйменинің откір ұшымен, бірі айырлап тараң, азан-қазан шулап араны ашылған отарға талғажау дайындалған...

— Эне, қара! — деп қобалжи дауыстаған Сәулеге:

— Не? — деп шұғыл бұрылды Қазанбай.

— Қасқыр! Бір топ! Шұбырып барады, эне!

— Кетпеген екеп, жауыздар ә?! — деп түңіле сөйлеген ол шошыпа қарады.

— Дүниені басыңа көтерді ұлып тұнде.

Күн сары ала сәүлесін емін-еркін шаша алмай ерінештығып келеді. Батыста ыс басқан туырлықтай тұп әлі сейіле қоймаған. Қап-қара терендік болыш, шөгіп жатыр.

— Түнімен ұлып жүйкені тоздырыш еді — деді тагы Сәуле өзінің шала үйқы екенін аңғартып.

— Мен де көз ілгем жоқ. Қораның сыртынаң кеп, у-шу ұлып жер тырнаң зар қаққан жыртқыштарды қанша атқыладым. Айқайлай-айқайлай дауысым да қарлықты. Біраз үні ошеді де, үйге қарай беттесем-ақ болды, мені аңдып тұрғандай күніреніп қайта келеді. Қап-қара айсыз тунде бәрін көріп тұратын мұндағы сұғанақ сұмдықты кім білген. Иә, соңғы бір рет барын салып ұлып, қораны жаратындағы таяп кеп қалған тұста қос ауызданың қос шуріппесіп қатар басып кеп қалғам. Біреуінің қаңқ еткен дауысы шыққан. Әлгі азап-қазан сап тыйылғап. Ә, бәлем олген-ақ шығарсың деп кеткен едім. Сөйтсем, кетпеген болды ғой — деген ол қора сыртына бет алған. Іле қолып бұлғады.

— Сәуле, мында кел! Мына сұмдықты қара,— дейді

бора-бора шашылған қасқырдың жүнін көрсетіп,— қара тырнағы, тұмсығы гана қалыпты. Міне тажал! «Қасқыр да қас қыммайды жолдасына» деген қайда?! Тұтіп жеп, түгін қалдырыпты. Бірін-бірі жегенді коргенім осы! Өзінен-өзі бүкіл дүниені көзге көрібей қамаған жыртқыштық жайлап бара жатқандай Қазанбай жан-жағына үркे қарады.

— Жыртқыштықта жанашырлық бола ма? Әрі аш болса,— Ол Қазанбайға қадала түсіп аштықта, қомағайлықта рақым, жанашырлық болмаса керек. Әлді әлсізді жеген деген осы. Кор!— деді Сәуле көзінде үрей шошыну бар.

— Ант атқандардың үндері мұндай аңы, зарлы, үрейлі болар ма! Төбе қүйқаны шымырлатып, дүниені қүңірентіп жібереді. Аянып қалған жоқ-ау! Қораның мықтылығымен жан сақтап тұрмыз. Әйтпесе ме?— деді Қазанбай түціліп.

— Тұлкі қасқырдың қасында түк емес екен гой. Шәүшөү үріп, сүйек-саяқ кеміріп кете беретін. Ал, мыналар опырып, талап жеп кетуден басқаны білмейтін дүлейдің өзі екен де!

Өзінен-өзі үрейленген Сәуленің құлағынан қасқырлардың шегіп тартып ұлыған үні кетпей қойды. Қазірде, өсіреле оққа ұшып өлгешіп түтіп жеп, біріпел-бірі қызғанып, өзара арс-арс ұмтылысқан, қуаттысы әлсізін тықсыра қуып, азу тістері сақ-сақ ар-гүр еткен жыртқыштар тобыры коз алдында елестен жаны түршікті. Ауылды айнала зыр қағып жүгіріп, зор дауысымен әупілден, дамыл таппай үретіп саққұлақ есіпеп түсті. «Сұмдық-ай, шыбын жаны шырқырап, ауылым деп, күндіз-түп көз ілмей қорып, осы мал-жанның жалғыз жанашыры бол жүрген байғусты да осы тажалдар жұтты-ау! Ең болмаса бір тал түгін де көрсетпей қақшын жеп кетті. Ол да осал ит емес еді. Оны да алдан, отірік қашып, ауылдан ұзатып алып шығып бас салды-ау, пәлелер! Енді міне, қорғаныши, құзетшісі, айбары жоқ жалғыз үйді айнала қамап, торуылдан жүргені. Масқарағып, қораны тесіп кірсе не болады?

Күні кеше аққу, қазы, үйрекі, көктұтаны, ләйлегі ме, құс атасы өзен-келине сыймай, мыңғырган малы өрісінде ыңғырсып, құлпырыған өңір қазір соңғы демін алып тұншығып бара жатқандай бол кетті оған. Аза бойы тік тұрып өзін аузын тас қып бекіткен темір кеспектің ішінде қалған дәрменсіз жандай сезінді. Өл кенет селк етіп, үрік-кеп еліктеі, басып көтеріп жан-жағына шошына көз жү-

бора-бора шашылған қасқырдың жүніп көрсетіп,— қара тырнағы, тұмсығы ғана қалыпты. Міне тажал! «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген қайда?! Тұтіп жеп, түгін қалдырыпты. Бірін-бірі жегенді көргенім осы! Өзінен-өзі бүкіл дүниені көзге көрінбей қамаған жыртқыштық жайлап бара жатқандай Қазанбай жан-жағына үркे қарады.

— Жыртқыштықта жанашырлық бола ма? Әрі аш болса,— Ол Қазанбайга қадала түсіп аштықта, қомағайлықта рақым, жанашырлық болмаса керек. Әлді әлсізді жеген деген осы. Көр!— деді Сәуле көзінде үрей шошыну бар.

— Айт атқандардың үндері мұндай ашы, зарлы, үрейлі болар ма! Тобе қүйқаны шымырлатып, дүниені құңірентіп жібереді. Аянып қалған жоқ-ау! Қораның мықтылығымен жан сақтап тұрмыз. Әйтпесе ме?— деді Қазанбай түңіліп.

— Тұлкі қасқырдың қасында түк емес екен гой. Шәүшәу үріп, сүйек-саяқ кеміріп кете беретін. Ал, мыналар опырып, талап жеп кетуден басқаны білмейтін дүлейдің өзі екен де!

Озінен-өзі үрэйленген Сәуленің құлағынан қасқырлардың шегін тартып ұлыған үші кетпей қойды. Қазірде, әсіресе оққа ұшын өлгенін тұтіп жеп, бірінен-бірі қызғанып, өзара арс-арс ұмтылысқан, қуаттысы әлсізін тықсыра қуып, азу тістері сақ-сақ ар-тұр еткен жыртқыштар тобыры көз алдында елестеп жапы түршікті. Ауылды айнала зыр қағып жүтіріп, зор дауысымен әүпілден, дамыл таптай үретіп саққұлақ есіне түсті. «Сүмдик-ай, шыбын жаны шырқырап, ауылым деп, құпілді-түні көз ілмей қорып, осы мал-жанның жалғыз жанашыры бол жүрген байғусты да осы тажалдар жұтты-ау! Ең болмаса бір тал түгіп де көрсетпей қақшып жеп кетті. Өл да осал ит емес еді. Оны да алдан, отірік қашып, ауылдан үзатып алып шығып бас салды-ау, пәлелер! Енді міне, қорғанышы, құзетпісі, айбары жоқ жалғыз үйді айнала қамап, торуылдан жүргені. Масқарағып, қораны тесіп кірсе не болады?

Күні кеше аққу, қазы, үйрегі, көктұтаны, ләйлегі ме, құс атасы өзен-коліне сыймай, мыңғырған малы өрісінде ыңғызып, құлпырған оцір қазір соңғы демін алып тұншығып бара жатқандай бол кетті оған. Аза бойы тік тұрып өзін аузын тас қыш бекіткен темір кеспектің ішінде қалған дәрменсіз жандай сезінді. Ол кенет селк етіп, үріккен еліктеій, басып көтеріп жап-жагына шошына көз жу-

гіртті. Көк жиегіне дейін ақ қар, көк мұзға шағылысқан атыраң, тіршілік белгісінен айырлып мелшиіл, құлақ қақпай үнсіз, тілсіз қалған. Барлық денесінен жан кетіп, қаны үйиш, кірпігіне соңғы демі ғана ілінген пәруана жандай хал кешкен жалғыз өз үйінің тұтіні ғана өлеусіреп үшіп жатыр. Қоз алды бұлдыраң, ақ түнжыр, түпсіз мұнар, белгісіз бір шексіздік тұңғының боп кетті. «Неткен үрейлі, жан шошыр корініс еді!»— деді ол қатты күрсініп.

— Сәуле!— Қазанбайдың дауысы қорадан шықты.— Бері кел. Мына тамашаны көр!— Қуанышты үн. Жүгіріп барған әйеліне.— Қане, кіндігін кес! Тұңғыштарың туды. Еңбегің жанды!— деп бәйек болып жатыр. Әденкіде бұл не айтып тұр деп, қаракөлеңке жерде ештеменің байыбына бармаған Сәуле ақ-таң состисып тұрып қалған. Жаңа байқады. Қазанбайдың екі қолында екі қозы,

— Не дейді? Қозының да кіндігін кесетін бе еді— деп сасқалақтаған Сәуле, пышақ әкелейін бе?— деді. Мына сөзге Қазанбай сақылдаш кеп күлді де:

— Қазір, Міне, міне — деген ол қозының аузына үрлеп-үрлеп жіберді. Оның ыстық демін күтіп тұрғандай қозының маңыраған үні қоса шықты. Мекіренген қоңыр саулық төлінің үстіне түсіп өліп барады.

— Аузыпан үрлекені несі-ей! Тұншықтырып өлтіремісі?— деді таң қалып бәйек болған Сәуле.

— Сәл сабыр, шаранага тұншықтырып өліп барады. Тынысын ашайын — деді әлі де қозымен болған Қазанбай.

— Мұның енді айтарты жоқ, нағыз мал маманы екендігінді дәлелдеді. Сендей бес жыл оқысам, нешеме жыл зоотехник болсам, мен де әрине,— деп Сәуле жас қозының денесін шаранадан тазартып, сойленп жүріп, енесінің бауырына салып жатыр.

— Бұл үлкен науқаның алды — беташары. Қоресің бар қызың алда — деді Қазанбай. Сәуле басын изеді, бірақ ол қандай қызың деп тәптіштеп сұраған жоқ...

— Тәңірдің күнде ыскырған боранымен алсынп жүріп, байқамаптыз-ау! Малдың асты есіп, қызы қалыпдаш кетіпті гой,— деді Қазанбай билей алмай бойын еңкейе жазып. Әлгі ойын бекітейіп деді ме, әлде болатын қыншылықты айтқысы келді ме Қазанбай:

— Сыналар шақ, шопанпың жыл бойғы еңбегіпің қортындысы шығар, жиын-терін шағы келді, міне — деді.

— Осы далада жанталастан басқа не бар өзі?— деп тік кетті Сәуле.

— Не бар?— Қазанбай да әйелінің бетіне қатулана

сұстана қарады. Дауысы әнтек шықты.— Ұлы өмір бар мұнда! Тек жүргегіңмен сезіп. Үңілші! Тіршіліктің гүл жарған шағын махаббат дейді деген сен емес не едің?! Сол махаббат бар құшағы ғүлге толған бұл далада! Әне, егіз қозыны бауырына алғып еміренген қоңыр саулық не деп түр. Ол аналық жаны еріп, исініп, бал узыны озегінен жарып беріп түр. Жаны да, жүргегі де езіліп, еміреңнүін қарашы. Сен табиғат сырын тез ұғатын сезімтал жан емессің бе? Тыңдаши, тос, құлағынды кең далага! Тек азап қана мекендерген жоқ шығар. Мұнда ажарлы болашақ ұлы өмір бар. Бақыт қайнары осы далада!— Сәуле қара көзі мөлдіреп үнсіз тыңдал қалған.

— Оның рас. Бейнеті мен рақаты егіз жаратылған өмір далада екеп,— деді соз таластырмай. Эйтсе де...

— Не, әйтсе де — деп айтылмаған сөзді Қазанбай қайта сабақтады.

— Таңың атысы, күннің батысы таусылмайтын бір сарынды құйбец мезі қыш та жібере ме, қайтеді өзі деді Сәуле үніне мұң араластырып.

— Ә, сол ма еді айтпағың! Өмірді бірыңғай сазды әуен құйқылжыған күй деп түсінбесек керек. Қасқырдың жер тырнап сарнап ұлығаны, түлкінің шәү-шәү үргені аққудың сыңғырлаған қоңыраулы үніне ұқсар ма еді?! Ұлы қаспетпен жан еріткен тәттілік, жүректі баураган сезім, өмірде деген шынайы құштарлық қайда? Қайда? Тапшы соны. Іздеші!— Қазанбай тебіреніп кетті. Қозы Нұрпеш — Баян, Едлік — Кебек, Төлеген мен Қызы Жібек туған дала бұл! Сөнің бойындағы осы даладан дарыған киелі, сырлы қасиеттің түп атасы дарқан далада, берекелі топырақта туыш, адамзатқа өнер ұстазы атанған соноу Қорқыт бабадан мұра болып келе жатқанына кім шұбә келтірер. Тыңдаши қазір өз жүргегінді, күй, қуаттың сарын естіледі. Мен соны естіп тұрмың, сенің алас үрган жүргегінен. Ал, сен — деп тоқтады Қазанбай.

— Сөзіңнің бәрі рас. Ол сезімді сөзбен айттып жеткізу де мүмкін емес. Оны тек, сол жан сезімін тыңдай білген ғана түсінеді. Ал, өзің айтты,— Сәуле Қазанбайға үзіле қарап алыш — әлгіде төліне оле түсіп ұмтылған қоңыр саулықтың көзінен не көрдің? Ол тілсіз мақұлық, былайша айтқанда мал гой. Баласы үшін өліп барады емес не? Жануарлық түйсіктің өзі қандай құдырыстепен көрінді, ә? Бір сәт ойша сол көріністі ұлы адамдық парасат биғінен алыш шығып талдаш көрші. Малдың ғана сезімі сол. Ал, оны неге адамдық біліктілікке, кеменгерлікке, өмірдің жаны дейтін ұлы махаббат пен басқаға жанашырлық се-

зіміне телімеске!؟ Қокейімде от боп жанған бір өкініш. Қүйік боп өртеп барады қазір. Уа, біз тіршілік іесіндегі ең абзал, ақылды жаратылған, адамзат есімді құдырет емес не едік. Неге сол мән-мазмұнызды өзгертип бара-мыз? Осы ой жегідей жейді мені.

— Ту-у, мұндаи пәлсағаның керегі не? Орынсыз тү-цилу бар ғой бұл — деді сөзін болғен еріне Сәуле.

— Шындықтың бетіне тік қараудаң қүнекер кездің жасқанбаған жері жоқ. Сенікі сол. Алты ай қыс дейтін апаттың шеңгеліне түскен бір ауылды жан, өлі депесі үйін қыстаған әке. Тағдырына араша, жанашыр, қол ұшын берген кімді көріп тұрсың! Міне, бугінгі күннің сүрец сөққан жан шошырлық сыры! Ең сөңи жануарлық еміренуден мақұрым қалған уақыт тынысы әне! — деді қүйінген ол.— Мен өз санамды қатты-қатты сабаулап бір сілкіп алдым. Оны қалай түсінсең де ерік өзінде. Ал, енді іске кіріс. Баста — деді екі көзі жаудырап бұған қадала қарап қалған Қазанбайға Сәуле:

— Соныңды айтсаңы — деген қалпы жұмысқа құл-шына қимылдады.— Мен ойып тұрайып. Сен текшелеп, қораның оң босағасынша жпнай бер. Келер жылдың отыны ғой бұл деген ол әбден шиырланып піскен қиға күргін кірш-кірш баса берді. Екеуі ақ тер, кок тер боп, тыным алмай барып салды. Аңы, кеңсірік жарған шуаш иісі бүркіраган таптаурын қалың қиды піскен уыздай лыштық кескен Қазанбайды өкшелеп Сәуле де қалысада емес. Құпәйкесінің омырауы сап-сарыала бол кеткен. Тортбұрыштап кесілген кірпіштей жас қиды кескен кескенінше, тесіне басып котеріп әкетіп жатыр. Еңбек қызығы екеуін әбден билеп алған.

Бұл кезде Бәдігүл апа да үйде бос қарап отырмаган. «Басқа түскен баспақшыл» деп байыргы дағдысының төр үйде ақ кебін киіп, жалғаш дүниедегі бар көрер қызығын көріп, тартар азабын тартып, енді мәңгілік үйқыға кеткен ерінің әбден сүйп мұздаган депесін қүнде бір тексеріп қою өнің әдеті. Жүргегі қарс айрыла қан жұтып, запыран төгеді. Неше түрлі үрей қауіш, қорқынып бар. Жансыз дene бұзылып, істепсіне не істейді. Осы сауал өк-песін тескен ана бала-шагасынша көрсетпей көз жасын көл көсір төгеді-ай кеп. Қолышан басқа не келер. Сөйтесе сала, әлде бірі көріп қала ма, көңілдерін қаяу баса ма деп, абыл-құбыл көз жасын құргатып, қарбалас күйге түседі. Бар қайғы-қасиретін басқаға білдірмей, іштей тау-сылған, сырты бүтін, іші тутін жан бұл қазір.

Сонымен де тыпым таптай «осы мен неге босқа қарап

отырамын» — деп Сәуле қаша тыйым салса да бір мезгіл балаларының ас-суып дайындайтыны бар. Бүгін де сойткен.

— Сәулешке (Бұл атасының еркелетіп келініне қойған аты. Шешесін Баглан да солай атайды) Папа, әжем тاماқ дайын дейді — деп шақыра келді. Мұрның шүйіріп екеуіне — Өй, оздерің қи сасып кетіпсіндер — деп жатыр.

— Ә, рақмет, әжеге! — деген Қазанбай күргегін жерге шашысты.

— Әй, не дедің сен? Қи сасып, — оған жауап берген Бағлан жоқ. Тілін шығарып құле жүгіріп үтіге кеткен...

Сәуле де Қазанбай да бұл күндері еңбектің азабына үйреніп, қөндіккен. Алғашқы қездегідей емес, не істеп, не қоятынып алдын-ала побайлан, келісіп алады. Сөйтеді де, қолға алған жұмыстарын өндіріп, орнына келтіре тыпдырып тастайды. Жасынан бұла, не ішейін, не киейін дегенді білмей, енді кеп аяқ астында сыры беймәлім тағдырың таразысына түскен бұлар уш күншен кейін тозаққа да үйренеді деген тіршілікке біржола қондігіп те алды.

Әкеден мұрага қалған мол қараеті бар, бүкіл тіршілік әлемінен оқшаша болішіп қалған шаруашылық қамы екеуін қаша тұралаттым десе де, бұлар дес бермей-ақ келеді. Неше жыл Қыдыр түнеп, қарт Молықбайдың атақдаңын қыр асырган құт қопыстың берекесін қашырып алмаудан басқа екеуінде арман жоқ.

— Ерді памыс, қоянды қамыс өлтіреді — деп қоятыны бар кейде Қазанбайдың Сәуленің шаршаганын байқаса. Жапарышан от ұшқындаі сол сэтте көзінде құлқі ме, әлде ыза ма, уыт қуаты тулаған Сәуле Қазанбайға беріспей:

— Мәреге жеткенде айтылатын созінді бекерге шығындана! Кімнің кім екені серт үстінде көрінеді, — деп күлетіні де бар.

Соңы күндері тозығы жетіп, тобесі тесіліп, асты ойылып кеткен тол үйін жондегендері, міне төгілген тердің бос кетпегенін корсетті. Төл үй іші азап-қазан, маңыраған қозы үні.

— Міне, тыңда! Опера! Даала операсы! — деді қуаныштан масаттанған Қазанбай. Сәуле оның бетінен жайдарылана қарады...

Бүгіп екеуі де күндеғілерінен қоңылді келді үтіге. Осы сәтті сезген Бағлан:

— Қазір тاماқтан соң, — деп мұрның тартып — атам,

атам жатқалы — ар жағындағы қаралы да ауыр сөзді айта алмаған бала жаутаңдап,— Сәулешке сен қобыз тартуды бір жола ұмыттық. Атам жақсы көретіп күйді орында. Әбде-ен, езіліп кеттік — деді.

— Әбден езіліп кеттік?— Сәуле баланың ойда жоқта тауып айтқан сөзін қайталады.

— Иә! Малдың дауысынан басқа, ұлыған қасқырдан басқа,— деп тақ-тақ сөйлемді тагы ол.

— Эй, сен не?— деп өз ойна сүріпгендей Қазанбай балага адырайды.

— Сол! Қобызда ойнасын Сәулешке. Тыңдайық та!— Бала болар емес қайсарланиш.

— Даладағы жұмысты кім істейді?— деген шепшесіне.

— Қунімен тарт дегем жоқ. Бір-ақ күй!— көзі жайнап,— атама тартатын күйінді ғана, бір ойнасаң болды.

— Рас қой Бағландікі. Тәңірдің күркіреген бораны мен төбе құйқаны тескеп ит-құстың ұлығапшиан басқа ала қыстай түк естімдік. Баламның тілегін орындаши. Бұлар не көріп, не естіп оседі енді. Ең болмаса күй тыңдасын — деп Бәдігүл немересін қостады да, әлгі біз оки алмайтын шимайыңды өзің сөйлетші,— деді. Сәуле үйінше ойлы қарады.

Дүние мұлгіп, құлақ құрышын тінтіп, тың сарын, бұрын естілмеген жаңа әуен, жаңа ағыс тапқан. Қылқобыз қоңыр үнін баяу созып, сол қолдың салалы саусақтарына мойнын қасытыш, діріл қағып, биікке лықсып, шашыған саңлақ үнді бірде шалқытып еркіне жіберіп, іле кері қайырып, шанақ алқымына шідерлеп, су төгілмес жорғадай тайпалта жүйткітті кеп. Оң қолдың сым саусақтары майысып еппен аялап шымшып ұстаған ысқы сыздал, соноу терец көмейде маужырап ерке үйқыда жатқан сері тылсым сазды пазбен қыла шақырып кеткен. Енді үй ішіне сыймаған сиқырлы саз жазықтан жазық, бел-белес, адыр, тау, өзен, көл жағалап, сағыммен ойнап, тамылжып қалқыш тұрып алды. Есі-дерті биіктікте, заңғар коктен самғау іздеген ындын бірде үзіле жаздал, қоңыр қаз ба, іле акқу әуеніне түсіп қоңыраудай сиңғырлап, самұрық қапатына қопып шырқап ала жөнеледі. Сай-сүйекті ерітіп, тәттілігі жанды өбектеп, тәнді аялаған сұңғыла әуен-күй мамырдың тамылжыған жұпар ііс шуағы бол, ақ шаңқап жаздың жайлайуша кеп, қай жерге қонсам деп төгіле қалықтаған. Үй іші демде-ріп ішіне тартыш, қыбырсыз тыныш тыңдаш қапты. Жаңарлар Сәулеге қадалған. Қазір табиғат ананың бар мейірім шанағаты, қызу қуаты, шаттық берекесі шуақ

болып төгіліп, кол-косір шетсіз-шексіз рақат әлем бол жайылған. Жаз дидары, әлемдік тылсым шынайы болмыс бітімімен кең құшагын жайып аймалап кеткен. Жаңды еріткен, жүректі әлдилегеп, көкейдегі бар әсемдік сезімді оятқан күй сарыны бұрын-соңды ойды мүнишалық билегенің кім көрген. Маужыраған шуақ жан ыстығып ал-аулатып, өмірге жана бір соны леппен кеп құйылып кеткен. Асқақ әуен сорғалап кеп үзіле берді. Осы сәт:

— Алакай! Рақат! Самал желпігеп дала! Қар кетті! Қар кетті!— деп мана даекі козі жаудырап қалғығандай күйде отырган Бағлан атын тұрып далаға жүгіре жөнелді. Оны майда ұлпа сезім бол аймалаған соны саз алакашына салып аялац, жанын тербел, бал жұтқызып, жас жүрегіне ыстық қуаныш гүл тұнған жазира бол, кең даладан шырып терген түрлі-түсті кобелек бол қалықта пікеткен. Ерік құші осылай ақтарылды кеп. Баланың мына оқыс қымылын бағамдаң ұлғірмеген басқалар да соны әсерден арыла алмаған еді. Бәріп де тәтті қиял бауырына басып, соны түйсік, жаңа корініс, гажайып бейнелі қуат болып тапқандай. Бір сәт іштей үйіп, сол әсерден босана алмай қалысқан.

— Тамаша! Тамаша!— әлі әлгі әсерлі толқудаи арыла алмаған Бағлан дауыстап қайта кірді үйге. Қөзі үлкейіп, түрінде таңданыс бар.— Әп-әдемі, бір құс, папа, сенің тракторыңа қонып алыш, инық-қо-о-оқ! Инық қ-о-о-оқ! деп мойның қылқың-қылқың еткізіп әндептіп отыр. Кейдегі дауысы Сәулешкенің қобызының әлдебір дауысына келеді. Жүрші, көрейікші. Алғанатын жалп-жали қагып тез-тез ұшып, аспандап кеп қайта қонады. Жүрші папа,— Бар тамаша осы жерде дегендей езеуреді тұр өзі. Әлде жаңағы қобыздан шыққан күйді естіді ме екен?— Жүрші, көрші! Не құс өзі?— деп қызының Қазанбайды қолынан еркелей тартты. Сәуле жаңа ғана өзі ойнаған күй сарынынан босай алмай отыр.

— Баршы! Не құс ол? Алты ай қыс бойы мүнда да тірі ел бар деп келген бірінші жан иесі той!— деп Бәдігүл де қозғалды.

Қазанбай мен Бағлан тез оралды.

— Ой, әлгі ала қапат көкек екеп,— деді Қазанбай көңілі толмай.

— Қандай әдемі! Қызың құс,— деп таң қалған Бағлан.— Ұшып кетеді де қайта келеді. Ақ қар, көк мұзда қонар жер таппай папамың тракторына кеп қонады тағы. Өздері екеу. Әлде олар да Сәулешке мен папам сияқты жұмыстарында штат қысқарып қап кеп жүр ме екеп

мұнда?— бала бұған дейіп талай естіген созін ешбір құй-тырқысыз сәбилік түсінікте ақтара салды. Балалы үйдің үрлығы жатпас деген осы да!

— Тек!— Қазанбай ақырып қалды баласына,— ондай сөзді сен қайдан естідің?— деді қабагын түйіп.

— Е, анада өзің айтқансын. Сәулешке де сойдеген.— Бағлан тайынар емес. Ерлі-байлы екеуі біріне-бірі қара-ды. Қып-қызыл бол кеткен Сәуле сөзді басқага бұрып:

— Әлгі қүйдің аты «Ата арманы»— деді мына қолай-сыздықты жасқаурап.— Қелесі қүйдің аты «Жалғыз үй-ді» тындайық — деді де тарта жөнелді.

Шуу дегенин шыңға ышқына шыққап әуенде сорғалата қайта текті. Биіктен құлаған күй екі бүйірін соғып, алқынып, ентігіп кетті. Аласұрып, өзімен-өзі арналысып, теңселе күрсінеді... Айлап-үңгелеп қобыз шанағын қақы-ратып кетердей лықсып, тұншыға уілдейді. Бірде құлди-лап тереңге шым батып, бар тыныс қуаты таусылып, та-лықсып, үні сөніп, тұншығып барып қайта ыңғырсыды.

— Балам, тоқтатыш!— деді Бәдігүл үпі әлсізденіп,— сай сүйегім сырқырап әл-қуатымды езіп кетті мына са-рын. Уайым ба, қасірет пе? Жалғыздық бол қамап алды-ғой!

Ана бетіне құлімсірей қарағап Сәуле қобызын қасы-на қойып жатып:

— Біздің қазіргі өміріміз осы емес пе?— деді.

— Е, балам, омір бірыңғай жаз болса пе болмақ! Тә-щір жылдың торт мезгілін бекер жаратпаған. Ыстығы мен сұығы, рақаты мен бейнеті арқылы ғана өмір қызықты болмақшы,— деді де,— көкек келді деді ме жақа. Далага шығындаршы. Жыл да келген шығар,— деді оршынаң тұ-ра беріп...

Ағыл-тегіл жауғап қара жаңбыр кең байтақтың ақ тоғын сыйырып кетті. Қолға қараған отардың жайылым-та емін-еркін шыққанына да уш күн өткен. Жер аяғы кеңіп, күшің шуағы енді себездеп қара жерді қыздыра бастаған. Қүрек, шотын арқалаған Қазанбай мен Сәуле ауыл сыртындағы көп қорымға қарай беттеп барады...

Сонау кокжиекке дейін кекшіл мұнар переде жайып тастаған. Бу ма, әлде қанша ай бойы ішінен қүйіп, өрт құшқап жер ананың шер-шемені ыстық леп болып енді шығын жатыр ма, ақ тұман буалдыр көлбең қагады. Алыс атырапты тұмшалаң, көзден қалыс сақтаң, құпия сыр бүккен қалпы бар. Тек көк аспан ғана қазір жуылған зер шарадай дымқыл тартып тұр. Сәуле Қазанбайға құ-лімсірей қарап қояды. Ойында айттар сырды бар кісідей

ләззат төге жаутақтайды. Алып далапың әдемі көрінісі, буы бүркыраған кеңістік ойын боліп, назарын сұлулық боп бөгеп, өзімен-өзі іштей бір тылсым тынысына құлақ түргізген. «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да, жылы, тәтті у тарады қаным» деп бүкіл жан дүниесін арбаған олең жолдарын қайталап келеді. Осы сөздерді бар дауысымен бүкіл әлемге жеткізгісі, жария еткісі бар. Тек ол саз, асқақ өр тынысты күй болса деп тілейді.

Тағы міне сезім толқыны самал боп есіп «Өмір осындау ыстық суығың егіз құлдырет не едің?» деп бұған сауал тастайтын тәрізді. «Шіркін, дүние-ай,— деп күрсінді Сәуле,— кейде алыштан ақ армандар боп бұлдырап, кейде қуат дәрменді буган қасірет боп дөңгелепетінің не екен?! Не жұмбабың ол?! Сонда адам өмірі тек арпағыстан тұрады дегенің бе? Әлде адам адамға жұмбак құпиялы әлем бе еді? Иә, сонда, сонда деймін-ау біз қайда, қандай бағыт алып барамыз.

— Сәуле! Не ойлап кеттің? Тағы да біз естімеген күй ме? — деген Қазанбайдың дауысышан өзіне өзі келді.

— Иә, бірақ ол бүгінгі заман ағысы жайлы опера — деді. Екеуі біріне-бірі ойлы жүзбен қарап қалған.

## *Сөнбеген шырақ*

«От басының базары — бала» дейтіп әжем. Сол базар біздің үйде де болатын. Жаңа ғана уілдеп, талпының келе жатқан. Бәріміз оны «Ақтомпақ» дейтінбіз. Ақтомпақ десе Ақтомпақ еді. Ақ қояның ұлшілдек жүнді көжегіндей енді домаланып, жаңа еңбектей бастаған. Дамыл таппай, төрде төсөлгөн алаша үстінде домалап жүретін. Қез келгеніміз бас сап, жерден алтын ташқандай тік көтеріп ап, шөп-шөп сүйіп жататыбыз. Көтеріп алғанда сақ-сақ куліш, еркелей тулас, талпына бұлқынатын. Онысы бұкунде менің көзіме үшарда қапатын сатыр-сұтыр қаққан ақ көптерді елестетеді.

Баланы кім жек көреді. Әсіресе, от басының қайғысы мен қасіреті мол, со бір жылдагы әжемнің бар қызығы да осы бір жапырақ сәби еді.

Сол бала бір күні. ...Еңбектеп жүріп, пештің аузында мұрынан бу атып турған қара құманды тартып құлатып, күйіп қалды.

Үстіндегі тұтас тігілген бүрдемшесін шешкенде, есіл баланың терісі сыптырылып түсті. Әлгіде ғана жел қоныраудай сыйғырлап, томлаңдал жүрген ақ бөбек шыр-пыры шығып, зар илең жатыр. О күнгі үй-ішін айтпа!..

Балапандай сәбидің азапты күндері басталды. Қүнде тұзға салып пісіріп, тырысқан етті май жағып жасаңғыратқан сайын баланың бір жасы — жер жасады. Оның үстіне денесіне тиген шүберектің жабыса қалатының қайтерсіц. Оны күйген денеден ажыратып алу да бір киямет. Дәрігер деген болам ма, о кезде? Ұақыт, қай уақыт!

Терісі сыптырылған қызыл шақа денені көргендеге, аза бойың тік тұрады. Тері еken ғой адам етіп қорғаштаған тұратын. Ал, терісі күйген дене сойылған қояндай болады да қалады екен. Ақтомпақтың шала күйген денесі қолдыраң отауланып кетті. Іші кілкілдеген су. Осының бәрін ауырсынған баланың жағы күні-түні бір тынбайтын болды. Көзі ілігіп ұйықташ кетсе, шар етіп шошып ояпады.

— Бейшара, балам-ай, енді қайтайін. Сен күйгенші, мен неге күймедім. Шыда, күнім, шыда! Басқа түскен тауқымет қой бүл кетер,— деп отырыш, әжем қолына откір қайшыны алаташ.

Бұ қүндері Ақтомпақтың қүйген депесі күнге кепкен сүр еттей қоңыр тартып, кебірсіп қалған.

— Мына су кетпей, мына өлі теріні алмай бұл жазылмайды,— деген әжем құлдіреген теріні қайшымен қызының тастанады. Шықтың суындағы мөп-мөлдір су ақты сонда, баланың депесінен. Сондағы шырылдаған Ақтомпақтың үні, оның әбден қалжырап ықылық атын жатқаны коз алдынан бүгін де кетпейді. Әжем сонда:

— Құдай-ау, титтей сәбиім не жазып еді саған? Қыларыңды маган қылмайсың ба?!— деп ыза буды ма, өзі де солқылдан жылан алды.

Ақтомпақ әжемнің етегінде жатыр. Расын айтсақ, әжемнің қолынан со күндері күні-түні шуберек желпеуіш түсті ме екен. Қашап корсек те баланың үстіне төне туғын жел қатып отыратын. Сонда гана Ақтомпақтың депесінің ашығаны басылып тыптытайтын.

— Істық ішке түспесе игі еді.— Істықтың ішіне қалай түсетіпін мен білем бе. Содан қауіп еткен әжем Ақтомпақты, әйтеуір көзінен бір елі таса еткен емес. Қашап, қай мезгілде дем алатының білмеймін, әжемнің кірпік ілгенін о күндері көрмедік.

Бір күндері Ақтомпақтың денесі қызуларап от боп кетті. От болғанда әжемнің айтуынша өртенин барады.

— Тұқымың көбейгірім-ай, қүйіп кетпесең етті,— деп ол баланы желпілең дамыл көрmedі.

Ал бала болса әлі азайды ма, тынысы тарылып, екі беті қызыарып, омір меп олімнің арасындағы қыл көпірде не әрі, не бері бола алмай, біриеше күн әткеншек теуіпти. Осы күйде Ақтомпақтың халі ауырлай берді. Бұныңыз сәбидің ыңғысығаны сай сүйекті кеміретін. Бұл өзі қабат-қабат қабығына ашы түйген пияздай, запыран заман еді. Сол қысталалаң шақ пен Ақтомпақтың сәби даусы ызылдан құлағымда әлі тұр...

...Күз айы. Даланың сұрқы кетіп, шоп атаулы қуарып жылайтын сияқты еді маган сонда. Рас жылайтын.

Әжем бастаған ауылдың бар әйелі бидай суырып жатқан. Етегі елпі, жері желпі болып, ебіл-себілі шығып еккен аз гана астықты орып жатқан кез. Сарнаган жел өтінде үлкен ағаш күрекпел бидайды суырып тұрған әжем күпәйке-шалбар киген күйінде маган сауыт киген батырдай көрінетін. О жылдары әжем егіс бригадирі болатынды. Даусы қандай! Санқылдан сөйлегендеге әр созін алшы тұрғызып, алдындағы адамды бір нәрсеге жұмсаса, машиналың ұршығында жүргіртуші еді. Сонда менің козі-

ме бір ауылдагы 20—30 әйел әжем атты үлкен бір машина болып елестейтін. Дәл сондай бір қарбалас шақта:

— Сүйінші, сүйінші! Сүй..ін...ші! — деген ашы дауысдалапы елең еткізді.

Бармақтай ғана, 6—7 жастагы бір бала жалғыз аяқ жылан жолмен даусы шырылдаш ұшып келе жатыр. Артында әудем жерде тағы бір адам.

Қапталған астықтың түбінде күнестеп отыргам. Атып тұрдым.

Мұндай сөзді көнітен естімегендіктен бе, сәл абыржыған әжемдер ортке ұмтылғандай енді лап қойды. Мен де зырлап келемін. Қанша дегенмен жалаң аяқ бала емес-иін бе, әш-пуш дегенше әжемдерге жетіп қалдым.

Өкпесін қолына алыш, аршындан жүгірген әжем әйелдерден бұрын жетті де, әлгі адам:

— Дәулетім! Дәу-ле-тім! — деп көкірегіне басып маңдайынан екі бетінен алма кезек сүйді де, құшағын жазбай бірсыныра уақыт үнсіз қатып қалды. Ешкім батылы барыш әжемнің құшағын жазбады. Бәрі де жылаулы. Дәулет атты кісі қос балдаққа салмағын салыш, әжемді құшақташ солқылдаш жылап түр.

Бір ғажабы әжемнің көзіндегі жас кірпіғін шылаш, аясына тұнып қалған. Ояц жердегі түбі көрінген көл си-яқты. Бір сәттен соң ғана көкірегін қарс айыра құшағын жазып:

— Бәйгеден алды келді. Қөптің қарасы көрінді деңдер. Құдай мұныңда да шукір, ун! — деді.

Әлгі баланы қасына шақырып алыш:

— Сүйіншілеген аузыңаш айналайын... Тұқымың жайылсын. Бар көтергеніңше қырманнан ал... Енді сүйіншінді күнде сұра, күнде — деп тоқтады. Шашы ескен қара табан бала мұрының бір тартып қойды. Онысы жарайды дегені болса керек.

Бұл соноу 1943 жылдың күзі, согыс күзі еді. Бұл Жандәулет Қарасуы аталған егістіктең 20—30 үйлі «Бірлік» аулына келген алғашқы қуаныш. Соғыстан қайтқан алғашқы адам. Әжем оны ауылға, онан соң үйге өзі бастап әкелді.

Ол ұзын бойлы, ақ сұр кісі екен. 1943 жылдың бас кеінде ауыр жарапанып, емдеу үйінде бір шама жатышты. Бір аяғы мен өкпесіндегі минапың жарықшағы әлі де алышынбай қалыпты. Құрк-құрк қатты жөтелгенде, түкірігіне кейде қара қошқыл қан еріп шығатын. Ол ер көңілді адам еді. Үнемі ақ жарқын жүретін. Бала болсам да оның қабақ шытқаш сәтін озім көрmedім.

Сол мінезінен болар ауыл адамдары оны құрметтейтін, бір-бір күлшесін пісіріп, бәрі де қопақ ететін.

Әсіресе әжем:

— Төл басы той Дәulet. Дәuletті күтіндер,— дейтін. Онысы мына жаны жаралы адамға әжемнің қамқорлығы болып естілетін-ді.

Сүйтсем Дәulet сопау бір ашарпылық аталған жылы көш жолынан табылған бала екен. Басы таз, үсті-басы алым-жұлым осы балалы әжем жалғыз баласы Қаршыға-га серік болсыншы деп қолына алыш тәрбиелейді. Міне сол Дәulet бұл. Ал, Қаршығаның кім екенін сен білесің. Ол соғыстан қайтпай қалды емес пе?!

Бұл соғыс басталарда жиырмада кеп қалған, жас шыбық Дәulet.

Қайғысы мен қасіреті мол жылдарда Толбасы атапып жетімсіреген, тоған күімдей елдің көңіліндегі өкіліне медеу, жүдеу көңіліне сенім боп корінген де осы Дәulet-тін. Ой, о жылдарды айтпа! Беті аулақ болсын!

Әжемді айтам-ау, әжем алыш жүректі адам еді. Жүрек деген жұдырықтай ет кімде жоқ. Бірақ ол әжемде басқаша болатын. Сол жүрек өзі Толбасы атандырган Дәuletті Қаршығасынан кем көрмей, бүкіл ауыл адамына, оның әлті бір көмекіленіп кеткен тарихына көңіл болдірмей, оз балапаны етіп жібертті.

Дәulet те жігіт-ақ еді. Шіркіппің биязы мінезі, қылғап қара қасы, тап сенің жұқа ерніңдей, қып-қызылы ерні, оң бетіндегі меңі әлі коз алдында. Ажарлы өңі, ақыллы мен ойы оның әжемнеп жаратылғанына адам баласының күмәні бола қояр ма екен. Әттең, сен оны көрмейдің. Әжем сияқты беттеген ісінен қайтпайтыны, со бір істі тындырмай жаны тыныш таппайтыны, сол жұмыстан абырай алудан басқа ойы болмайтындығы айрықша еді рой.

Түнде қойнына жататынын. Сонда оқ тиіп жараланған әлсіз аяты сүп-суық боп тиіп, ол мені ылғи сол жақ қолтығына алыш қысып, құшырлана сүйеттін. Сонда оның аузынан шыққан лептің ыстығын сезінетінмін.

Кейде ол маған әңгіме айтатын. Онысы бірінен-бірі асқан қызық, бірінен-бірі мазмұнды болушы еді.

Әжеме Толбасының ауру жайы мәлім-ау. Ілғи күзеттіл шыгады. Әйтсе де, сол түні таң атқанша әжемнің ерні жыбыр-жыбыр етіп қозғалумен болды. Мен болсам жем іздеген балапандай, онсыз да ыргайдай мойнымды созып, бір керемет болса әжемнен болар дегендей қалқи-

ған құлағымның жарғагын әжем жаққа созам. Мандымды ештеңе естіліп жатқан жоқ.

Ескі сырнайдың қыртысындай терең-терең әжімдер әжемнің бетінде көбейіп кетті. Заманында «ақ келіншек» атанған кісі, ыс жеген самауырындаң қоңыр тартыш, ашпақ жаны жалынға шарпылып отырган сияқты. Алдында қалқып отырган маған батуға айналған күннің көзіндегі қып-қызыл жанарын аудара қарайды.

Бір үйдегі үш жаңа, үш кейінде. Бірі өлім алдында тағдырымен таласқа түссе, бірі арашага барып, Әзірейіл-те қарсы зіл-зала дауасын шашып, «қолыңнан екі келсе бірін аяма, мені аттап көр» десе, үшіншісі — мен. Қай жагымнан жел соғады дегендегі қалт-қалт етіп отырмын.

Дүниe үпсіз, қыбырсыз гана іштен тынып, қазіргі сәттің немен тынарын үздігे күткендегі тамылжи қалыпты. Тіпті со күні жер бетіндегі бар ауыртпалық аспанға котеріліп, біздің үйдің төбесінен енді құларап түсетіндегі сүйегім сықырлаған кетті.

Әжемнің бетін екі тарам жас тіліп отті. Бұл әжемнен бұрын көрмеген мінезім. Денем қалт-құлт етеді. Әжемнің көзіндегі не? Ол жыларап отыр ма? Әжеме таянның келіп қозғалса, оң қолым Дәulet көкемнің алақанында екен. Ол алақанымды саусағының арасынан шығармай аялап жатыр. Қолы бусанып терленті. Енді мен Дәulet көкеме таяндым. Ол бірдене айтқысы келгендей кезерген ернің қозғады. Қозі шоқтай жаңып жатыр.

— Есікті түрші! — деді әжем. Мен атыш тұрып, кигіз үйдің есігіне жармасып жатырмын. Бір заманда ақ киғізбен қапталған, бұл күнде жамау басқан сырмақтай есік менің ырқыма көнер емес. Сонда да нағысқа тырысып, есікті оң босағага қарай сырыш, орнынан аударып жібердім.

Енді байқадым. Байқағаным жоқ, көріп отырмын. Жер беті қып-қызыл масаты жамылып, құлпыра қалыпты. Тып-тыныш. Үп еткен жел, ызың еткен дыбыс жоқ. Бәрі барқыттай даланы көз аясына сыйғызғандай, ындыны таусылып, телміре қалыпты.

— Бұркіт! — деді әжем. Ебелектей үшіп қасына бардым. — Көкемнің қасына таяу отыр...

Кигіз үй терінен, аядай есікten қарап отырмын. Сол сәтте есі-дертімнің жалаңаш санымды шапақтай қолыма түскен шыбықты ат қып мініп, ауылды бір айналыш шығу болғанын кім білді дейсің!

— Бұркіт, қолыңнан тартышы, — деді Дәulet көкем. Көкемнің салалы саусағына жармасып, шірене тартыш

жатырмын. Манағы көкемнің мұздай қолы жып-жылы екеп. Бетіне қан жүгіріпті.

— Эже, ақ әже даалаға қараңызыш! Біздің ту ғой, мына даланың арқасында желбірген! — деп масаттаныш кетті.

Үйт жалының басынан аса жалқындай бол көрінген күн табагы сол сәт бүкіл атырапты қызыл тудай жайнатып салып еді.

— Жаным Дәuletім, сәл сабыр етші,— деп шұғыл қозғалысына бөгет бола берген әжем оның оң иығынан баса берді. Ал, көкем болса әжемнің осы ойын сезгендей жымыш күлін:

— Мына көрініске тұшынған жанда не арман бар! Осы нұр үшін ғана, мына қыи-қызыл нұр үшін ғана өмір сұру керек қой. Мынау біздің ту ғой, әже-ау!

Әжем онысына басын изеп, мархабаттаныш қалды ма, мені пұскап:

— Мына Бүркітің ғой күнпің самаласын сыйлаған бізге. Қорсін, рахаттансын, бір жасап қалсын деген шығар,— деп озі аштырған есіктің ар жағындағы алтын күннің сәулесін кең дүниеге мен шашқандай сойледі сөнда...

Төлбасы тез айықты. Аяғының ауруы «жарықшақ» дей ме денесіне жабысқан шоғірдей темірдің сынығына байланысы екен. Құн бұлттанса болды, денем сырқырап, сүйегім қақсан барады деп жатып та қалады.

...Егінді орын алып енді қызылдан та бітуге таянғанбыз. Колхоздың мемлекетке, о кездегіше айтқанда «Отан қорғау қорына» беретін астығы бар. 15—20 пар өгіз, соншалық қана доңгелегі зар қақсан арба болатын.

Сонау Жандәulet қара суынан Қайыңды станциясына дейін 25 километр жер. Құздің лайсаң шағында «Отан қорғау қорына» берілетін астықты жеткізіп көр!

Құн кеше балағына дейін қанға малынған от кепті жан Төлбасы енді басқаша бір қырып таптықтандай. Алдында адымдаш барады. Қолтығын қажағап қос балдақ әдейі ғана оның адымын кеңіту үшін жасалған сияқты. Тіпті мына митың-митың басып, бақайы сырт-сырт еткен өгіздерді келеке еткендей «ық-ық» деп анда-санда бір ба-сып, қатар келе жатыр.

Төңірек сұп-сұр. Шөп атаулы елбек қағып, ызындаиды. Біздің қоңілсіз сыйқымызды көңіліне түйіп алғысы келгендей күз құні демін ішіне тарта қалғап. Осынау қоңілсіз дүниеден жалыққан мен алысқа қараймын. Да-ла. Қәдімгі өзім туған дала. Тым жатырқап, жақ жүні

өсken, сақал-мұрты алусыз ақшулан шалдай үрпетурпе, сұрықсыз.

Дала торіне одан әрі қарай беру мені де жегідей жең барады. Қөзім бұлдыраң, тұпсіз бір тереңдік жұтып, сұңгатіп кетеді. «Сол! Сол!» деген Төлбасының қаһарлы қоңыр даусы осы бір сәтте тұнғибықтан жарық бір дүниеге алыш шығады.

— Ә-, сол! Тарт жануар! Тарт! Ертең-ақ, иә, ертең-ақ. елеңге отығасыңдар. Сендерді ме, мына сендерді колхозға трактор алыш тұрып, бет-бетімен емес, әрине, тобыңмен кок шалғын Сектастың бауырына айдаш салармын-ау!— Қекемнің сөзіне түсіне ме, болмаса оның қаһарлы үнінен жасқана ма, өгіздер де біразга дейін екпіндей басады. Ондай сәттерде Төлбасы қоңылденіп кете ме, әлде төңірек-тегі алаңсыз үнсіздікті бұзайын дей ме, әндептің жіберетін. Үні түгі түскен кілемдей күзгі даланы бір сілкіндіретін.

Кара торғайлар сонда Төлбасының әнін тыңдаш отырган сияқтанатын-ды маған. Ақиқаты солай да. Болмаса қанаты талыш отырган жоқ. Зымғап ұшып, бет алған жылы жағына бір-ақ тартар еді гой. Аяқтарын еріне басқан өгіздер енді басады-ау, басады-ау дегенде ғана пыр етіп тобымен бірақ кетерілетін олар.

Сол ән ұзақ жол атапған Қайындыға жеткенше бір тынбай айтыла беретін, айтыла беретін...

Ауа сол күні үздіксіз бірнеше сагат жауған жауып-нан сыз тартып, аспанды түнерген бұлт басып тұрган. Сатыр-күтір, ғасыр жасаған ағашты сындыргандай ойнаған жай оғы аспанды айқыш-үйқыш сызып-сызып өтті. Балқыған қызыл сымдай от қамшы тәбемде ысылдаш өткенде бұға түсем. Аза бойым тік тұрып, денем түршігіп кетеді.

Ал, ай үлкен жез ілегендей бол қана, жер бетінен қол созым көтеріліп, жіпсіз ілініп қалғандай сепкіл бетін әлемге көрсетіп байырқалай тұратын. Аспаниң бір ойдым жері деп-донгелек шоқтай бол күйіп бара жатқандай көрінеді сонда маған. Ала қапат бұлт астына қарай жүгіре жөнелген жез табақ жұқалаң қар басқап мұз бетінде сырғанап бара жатқандай көрінетін.

«Ойпыр-ай, мына Дәулет те, иә, Төлбасының жаны сірі шығар, жаралы жанын қолды-аяққа ойнатып, бір ауылдың ауыртпалығын бір өзі мойнымен көтереді, ә?»— деген, әлі де айқын суретке енбеген үзік-үзік ойлар мені алға жетелей беретін, жетелей беретін.

— Бұркіт! Әу, Бұркіт!— деген Төлбасы даусы бір тар-

туға келмей ишे козінеп үзілген жіптей ойымды қырап жіберді.

— Тұс, қарағым, бері кел! Бері,— дегеніне келсем, бір арбаның артқы дөңгелегі шабагынаң қасап қалышты. Топшысы қылған құстай жүкті арба бір жағына қисашып тұр. Қаздаң-қаздаң басып, олай бір, бұлай бір жап ұшыра жүгірген кокем сынған дөңгелектің алдына келіп, жалания отыра, дөңгелекті тағы бір мұқият қарап шықты.

Мұрнымен ізылданап «шаруаң біткен екен» дегендей балдағымен тық-тық ұрып ойланып қалды. Қекемнің де кейде нобайы ғана қалып, ұзыннан-ұзақ жол үстінде тұрған керуен дала төріпен орын алған ескі мазардай өлестейді. «Енді не істер екеміз?»,— деп ойлаймын. Бірақ өзімнің табар ақыл, берер кеңесім жоқ. Қоңырайған даланы көзіммен сүзіп белгісіз ойда отырмын. Қекем:

— Бұркіт, сенің аяғың сауғой. Осы жерден екі-үш шақырым жерде «Жазы қалған» сайы бар. Соның бергі түсінінде ескі көң бар. Сол көнде жуандығы өзінің білеңгіндегі қысқа-қысқа сом темір жатушы еді. Сынған арбадан қалған кегейді де көзім шалып еді. Қотергеніңше соның бірнешеуін әкел. Мына қалған шабақтарға сүйеуші қылып бірдеңе етіп Қайындыға жетейік,— деді.

Тұн қара қойдың терісіндегі түк көрінбейді. «Ерді намыс, қоянды қамыс олтіреді» дегендей әдепкіде мұздай тисе, енді су сіңген мақтадай былқылдан кетті. Шамасы табапым қызыса керек. Құлагымды туре жап-жагыма елеңдей қараң, оқпемді қолыма алып ұшып келем. Қарсы алдынан ызындағы соққан желден құлагым шулап кетті.

Біраз жүрдім-ау деп бұрылып артыма бір қарағанымда қарауытқан арба керуені лезде-ақ көрінбей кетті.

Зымыстан үңгірдегі уілдеген кең дала ұртын толтыра көрігін басып ысқыра жонеледі. Кокем айтқан ескі қыстауга жете алар емеспін.

Әйтеуір, екі көзімді тарс жұмып, алғашқы алған бағытын осы-ау деп жүгіріп келем. Тас қараңғыда неге сүрінгенімді қайдам, омақаса құладым. Домалап түсіп, тұрасалып қайта жүгірдім.

Қарауытқан қалың тобылғыны айшалып өте бергенімде, жалғыз жапалақ қанатын сабалап ұша жонелген. Ода жетіскең жоқ шыгар, ал мен расымды айтайын, біреу жағынан шарт-шұрт періп жібергендей, көзімнің оты жарқ ете қалды. Қатты шошысам керек, даусым шықпай қырқылданап, буынып қалғанымды сездім.

Қыстауга да келіп қалған сияқтымын. Алдында қарауытын орқы-шорқы бұзылған ескі көң жатыр. Тышқан

аңдыған мысықтай демімді ішіме жұтып, сәл тыныстап тың тыңдаң қалдым. Ойымда ескі конде «жып, пері шайтан» болады дейтін құбыжық түсінік бар.

О, сүмдүк! Ескі қыстау қозгалатын тәрізді!... Қол орақтай іілген бірденцелер ербендейді. «Ойбай, шайтаның мүйізі болады деуші еді. Мынау шайтан...» деп ойлауга ғана шамам келді де, бақырдым кеп.

Слдыр-кулдір еткен дыбысмен қоса:

— Эй, бұ қайсың, Бұркітпісің?— деген көкемнің даусы естілді.

Сойтсем шығыр айдауга жеккен пар тайлақтай айнала желіп, жаңа ғана өзім кеткен өгіз арбага қайтып кеппін.

Екі бетім дұылдан кетті. Сонда ыза болғаным ба, әлде қорланғаным ба, оқіріп жылап жібердім. Орнынан атып тұрып мана кокем сілтеген ескі көңің орнына қарай жап ұшыра жүгіре жөнелдім. Бетімді ыстық жас жуын келеді...

От табына сарғая бастаған шүберектей боп, шығыс жақтан таң белгі бергенде, уш кегей, екі жұмыр темірді алып оралдым. «Енді бұны қалай құрсаулайды?» Бар ойым сол.

— Бұркіт!

Мен кокеме жалт қарадым. Ол бар лажы таусылған адамдай жаралы аяғын созып жіберіп үнсіз отыр екен.

Бозара бастаған ала кеуім, сызды таң салқыны ескен далада оның жүзі айқындала бастаған. Маңдайнан сорғалаган тер бетінде кілкіді.

— Масқара болмасақ петті, бала!

— Мыналарды — деп мен ескі кегейлерді алдына қарай ысырдым,— орнына салайық та коке!

— Оны салу екеуміздің қолымыздан келер ме екен?...

— Қеке торықпаңыз,— деймін.

— О, жаңым, менің! Ал, ендеше, кел!— деген Төлбасы балдағына мініп, доңгелектің алдына келді.

— Ал, мен шамам келгенше арбаны көтерем. Сен сол кезде мына мұрыпдықтың астына, осы темірді тік тіреп қойып қал. Сәті түсіп, жерден доңгелек екі елі көтерілсе, жаман болмас еді.

— А-а-ха-ап!— деп, жалғыз сау аяғына бар салмақты сала жүкті арбаның қорабын оң ишігіна ала берді. Қеідір-бұдыр дала жолында шегесі сөгілген қорап, «маган неге тиесің» дегендей баж-баж етті.

Бірақ Төлбасы арбаны темір қазықтың бойы сияқты биіктікке көтере алмады. Ол өз-өзінен булығып, тапауы

сөл делие қалды. Содан кейін қолтығындағы балдақты бар салмағын салып, су сінді даланың шеміршек төсіне сіңіре бастады. Құмға қақкан қазықтай балдақ едәуір жерге кіріп, оң иық белагаш түсын іліге:

— Э...— ә-ж-же! нап!— дегендег арба дөңгелегі орнынан көтеріле берді. Үстінен салмақ түскен балдақ та жерде еніп бара жатты. Бәрі көз ашқанпа:

— Болды, коке!— деп қолымдағы темірді мұрындықтың астына қойып та қалдым.

Иығын босатқан Толбасы бірақ, жартылай жерге енген балдағына сүйенген күйі киген тымақты қарақшыдай сілейіп қатып қалды. Ол көп уақыт үнсіз, тіл бермеді.

— Коке, коке!— деп еңкейін алдына келсем, мұрнынан қан ағып тұр екен.

Қан әлі ағып тұр. Қоюланып, мұрын айналасына ұйый бастаған қан енді тыылар десек, қайта бір қалыпты, бауанданда-санда бір тамып, ага береді.

— Қой бала, қансырап қалмай тұрып, мына дөңгелекті тез лаждал, Қайыңдыға жетейік!— деген ол қалтасындағы орамалын жыртып, танауын тығындаш алды да, іске кіріспін кетті. «Бітуге таяумын» деп зар қаққан күпшекке ілдебайлас ескі кегейді үйлестіріп, дөңгелек шабагының бетінен темірді қарсы таңып, әйтеуір, алғашқы нобайна келтірген болды...

...Жүріп келеміз, бірақ қыбырымында онім жоқ. Әлгі дөңгелектің шануын әлсін-әлі қайта пиратып таңып көп қиналдық.

Толбасы балдағы ық-ық деп қыырлық тас жолдың қанталында келе жатыр. Екі көзім сонда. Маган анда-санда:

— Бүркіт, ұрып қой, алдыңғы қарасанды, кешігіп қалдық!— дейді танауы қып-қызыл бол.

Шидей қолымды котеріп ұғран болам, оным арқа жүпі түсіп, тулагы сірі болып қалған мына жануарларға еш өтпейді. Сып еткен сым қамшыға шаңырақтай мүйізін бір шайқап қапа қояды.

Біз со күні Қайыңдыдан әдеттегіден кеш қайттық. Әбден қалжыраган өгіздерді отықтырып, өзіміз де дем алған болдық.

Төлбасының мұрнының қаны зорға тылды. Өзі аққұба кісі жуған шүберектей бозарды да қалды. Өзі алдыңғы арбаның үстінде жатыр.

Ауа ашық. Төбеде теңгедей бұлт жоқ. Қарасан келгір сиыр деген малда тойым бар ма! Опсыз да қаусан тұрған

арбаны қиқаңдатып, жолдан шыға береді. Сым таяғымды ысқыртын, үргылап, жолга салам. Бірінен соң бірі шығады. Не керек. Қайыңдыдан шыққалы жұғіре-жұғіре өкшем ойылып қалды. Іза боп отыра қалып жылаш та алам. Онымды өгіздер не қылсыни. Қайта жұғірем. Бетімен жайыла жонелген өгіздерді жолға қайта салам. Жұқсіз жүргендегі бұлардың әдеті бұл.

Төлбасыда әлі үп жоқ. Жолда өмірі сергек жүретін сузуар кісі тілі байланғандай. Бар тілегім, әйтеуір, енді мұрны қанамаса екен.

Мана станция басындағылардың «Жұлыныша зақым келмесе иғі еді. Соңша жұғі бар арбаны көтерем деп зорланғапы песі екеп бейбақтың» — деген сөздері әлі құлагымда. Төлбасы үндемеген сайын ішіне қан ұйып жатпасса не қылсын деген қауіп мені мазалан келеді. Ойткені «мұндай мерт болған кісі жұлдыз шыға жан береді» деген керауызды біреудің сөзі де құлагымның түбінен сыңырлап қояды. Әйтеуір, не керек, Төлбасыны ойлап кетсем, шаршагымды ұмытып, құстай ұшам.

Ауылдың қарасы да көрінді. Алаша ма, ескі түндік, туырлық па қолға түскен лыпамен ұлкен қоңыр тобедей бол жабылған астың. Ол соңғы кезде жиілеп жауып тұрған жаңбырдан қызыл бидайды сақтау үшін жасалған әрекет. Көріп келем, қырман басы абыр-сабыр.

Төлбасы әлі қыбырсыз жатыр. Оның қүштегі қырман басына таянғанда саңлақтанып естілетін зор даусы, шырқалатып әні естілмейді.

Бұз кезде күнде қырман басынан бидайдың төпанын жеп дәндеген өгіздер де сілекейлеріп шұбыртып, буындарып сыйырлатыш қатты жүріп кеткен.

Мен жұғіріп Төлбасы жатқан арбага келдім. Қоқем сұлық. Жұқса еріндері дір-дір етіп, апада түнде ауырғанындағы көздері қанталаш жатыр. Бірақ мұрны қанаманты. Арбаның қорабына асылып, үркे қараган маган, козаң төңкере қатты жетелді. Басын әрең көтеріп, оң иығынан асыра қақырынып еді, менің алақапыма толардай қара қошқыл қан аралас қақырық түсті. Қоқемді аяп кеттім. Басын сүйемелдеп, мойнышан құшақтан көтеріп едім, депеме тиген жері сұп-сұық екен.

— Қоқе, тағы да ауырып қалдыңыз-ау, ә? — дегеніме:

— Ештеңе етпейді. Ана соғыстағыларды айтсайшы, тізеден қан кешіп, ажалмен алсылып жатқап, — деп деміргіп тағы да жетеліп қысылып қалды.— Онаң да Отан алдындағы борышымызды мұлтіксіз орындағанымызды айт. Менің сырқатым белгілі сырқат қой,— деп құлғеп болды.

Бірақ, бетінде күлкі нышаны сезілмеді. «Ойпрай, осындаі да болат жапды адам болады екен-ау. Аяқ анау»— деп ұлгермей-ақ қырманға да келдік.

Әжем бастаган бірнеше әйел үрейлене бізге қарсы жүрді. Топшысы сынғаш қырандай кокем оң қолымен жер тірең, арбашың қорабына иығын беріп отыр.

— Не болды, Дәulet, жай ма?— деген әжеме ол зорланса да күле қарады. Солдагы Дәulet көкемнің көзін көрсөң!

Кокем жапы қашша қипалса да, ыңқ деп сыртқа үн шығармай, жапына батқан зақымды бойыпа біткен жігер қуатына жепдіріп келгеші қазір анықталды.

Сопы байқады ма, әжем бастаган әлгі бір топ әйел үрнеп-түрпесі шығын, күл аударған тауықтай бола қалған. Бәріпің оңінде «Не болды? Не болды?» деген сауал бар. Тіс жарыш жария етпегенмен әлдебір сүмдышты сезе қалғандай.

Төлбасы арбадап озі түсे алмады.

...Толбасы коп ауырды. Ол атқарған ауыртпалық енді әжем екеуміздің еншімізге тиғен.

Кохоз орталығынан мұғалім келіп бір күні әжеме:

— Оқу жылы басталды. Оқу жасындағы балаларды жинаш жүрміп, Бүркітті алыш кетемін — деп еді әжем:

— Қарагым-ай, Бүркітті оқытпайын деп отырмын ба, мына қу соғыс қой. Осыдан басқа осы бригетте ерек бар ма? Осылы серік етіп аз ғана астықты тасып жатқанымызды өзің көріп отырсың. (Мұғалім бір аяғы кем, өзі құныс кісі болатын). Өзің де бір-екі күн осында болыш, мына қалған арпа-сарпаны тасыссаң қайтеді деп отырмын,— деген.

Өзінің жарымжанаңдығына қаты қорланды-ау, шамасы, мұғалім бүршіпқыдан да қатты шогіп, бүктетіліп кетті. Маңдайынап тері бүркырап, «менің түрімді коріп отырысыз той, менің қипап қайтесіз» дегенді ауызша айта алмай.

— Иә, әж-же, соғыс қой, болмаса сіз Бүркітті де, басқаны да...— деп үйдел шығын кетті.

Толбасының ауруы күп сапап ұлгая берді. Оның әлі ақаулы аяғы қара сашына қарай ісіп, көгеріп талаурап кетті. Таю жерде о кезде дәрігердің де болмайтып уақыты. Енді не істей керек? Әжемнің тапқан ақылы — Қаяныңдыға апарып одап әрі Мыс қаласына жеткізу.

— Әже,— деді бір күні інірде Дәulet көкем,— бұл маған аяқ болыш жарытпас. Соғыс даласында қалмай елге жеткешіне өзі разы шығар. Бұған енді жан бітетін түрі

жоқ, соңдықтан мұны кестіріп тастауым керек. Тізеден жогары ақсақ ісік, ірің жирап, қара етті шіріте бастаған сияқты. Госпитальде дәрігер айтқап еді, «бұл түбі бір оқыс болса, аяқ болуы екіталай»,— деп. Өзімнің де әл-қуатым азая бастады.

Қашпа қатты ауырса да, ыңқылдаپ дыбыс шығармайтын Төлбасы соңғы күндері түн баласына сарнап шығатын болды.

Бұз кезде жерге ақша қар түсіп шана жүретін болған. Әжем қатты үнледі. Астық бригадасы атанған біздің ауылға өзір әскерден қайтқан адам жоқ. Басқа ауыл-аймақтың о жер, бұз жерінен «пәлееше, түгешше кепті. Жарасы оптай екен, мұндай екен» деген сез естіліп жатады. Бірақ, біздің ауылга...

Онсыз да бір ауылдың қайғысын өзі кетеріп жүрген әжем Дәулет көкеме:— Жарайды, ертең, ертемен жүріп кетейік — деді де:

— Бүркіт, қасқа оғіздің жеке мойынтурығын дайында,— деп бұйырды маған. Әжем созі екі болып көрді ме екен. Жоқ.

Әжем үш күн жүріп оралды. Жол азабы ма, не Дәүлетке жаңы еріп тұратындығы ма, болмаса ұлғайғандығы ма осы жолы бір түрлі мұқаш келді. Сонда да хабары оте жақсы. Қөп ұзамай соғыс та бітетін шығар.

Содан бірнеше күн бойы үнсіз жүрді. Бригаданың жұмысын күні-түні дамылсыз атқарып, ауыл әйелдерін өз төңірегінен шығармай, егін даласып бір сәт кетпейтін болды.

— Бітік астық тамырын бүгін егеміз,— деп бастайтын ол әр күнгі жұмысты.

3—4 қана скрепер бар. Сопы оғізге тіркеп алыш, қар астындағы егіс даласын ерсілі-қарсылы осып өтеді де, әжемдер биік-биік ақ қала согады. Менің жұмысым осы кезде өгіздерді оттатып, келесі қар тоқтатылатын аланда болу. Оны әжем күні бұрын белгілеп қояды.

Әжем шаршамайтын қажырлы кісі еді. Бұл күнде сәл еңкіп тарта бастаған денесі еменнің иіріндей болыш, қолынан күрегі түспейтін. Біраз денесі қызып алғанда, шолақ күпәйкесін лақтырып тастап, үнемі үстінен түспейтін белі қималы камзолымен жұмысқа жүлқина кірісін кететін.

Ұйқысын қандырып, от басы шаруасын бір жайлы етіп шыққан адамның жұмысы өнгіш болса керек. Егінжай әйтеуір биік-биік, ерсілі-қарсылы ақ жал болыш қалатын. Бірде серіктеріне әжем:

— Осыны да жұмыс деп ойлайсыңдар. Ертүрманың алға жылқы да ауылдан шыға беріп, аунап жатқанын талай көрдіңдер. Ол сонда қажыған денесінің құрыс-тырысын жазып жатады. Ал, сендердің шаршагандарың бір қалғығаннан қалмайды емес пе! Ей, балаларым, бәріңіңде де күйеулерің армияда, не деп еді, ә? «Сіздер соғыс армиясы емес, еңбек армиясызыздар. Соғыста жеңу үшін сіздердің мұндагы еңбектегі жеңістеріңіз керек. Міне сол жеңісті Ақ әже бастаған «Бірлік» колхозы егіншілері де дұрыс үйімдастырып отырысыздар» — демеп пе еді райкомының секретары. Сондагы ту, әне! — деп әже иегін ауыл жаққа созды.

Ту да, колхоздың астық қоймасы төбесінде шалқыған қып-қызыл оттай бол көлбектеп тұрган-ды.

\* \* \*

Ауылга да келіп қалдық. Эжем деміп ішіне қатты тартып:

— Соғыстан бұрынғы дәуірден де қызық қүндер келеді. Оның қызығын мына сендер көресіңдер. Бәрі жеңіске байлланысты. Тез жеңіске жетейік. Ол үшін шаршамаңдар! — деп тоқтатты сөзді. Әркім өз үйіне бетtedі.

Бұл қүншің әбден ұзаған кезі. Мезгіл марттың аяқ шеші. Қардың да оңтүстікten соққан желге депесі босап, былқылдай бастаған шағы. Жол түсіп кетеді-ау дейтін кез. Мен қүндері әдетімше коктем егісіне жұмсалатын бір топ оғізді ауыл сыртынан «Кокмая» аталған сабанға айдан салып келе жатқанмын. Өтіздер болса түгі түсіп, бірін-бірі шаңырақташ мүйіздерімен сарт-сүрт қағып сузіп қала берді. Құздегі мезі қалыштары жоқ. Қазіргі кезде әрқайсысы кішігірім төбедей болып домаланып алған.

Оның ар жағынада егіске жегелетін ат бар. Оларды колхоз орталығынан қыс ішінде айдан кеп тастаған. Аттар еншісіне бір мая тиген. Менің міндетім — осы екі туликті қүніне бірнеше рет қарау, үйелеп қала ма байқау.

Енді байқадым. Қайыңды жақтан ұбақ-шұбақ бір топ келе жатыр. Ол кезде бар адамның екі көзі төрт бол, жолға сағына қарайтыны кімге де болса аяп емес пе! Сондагы күтетіні әскерге кеткендер гой. Мен де Қаршыға (жан көкем) келіп қалар-ау деп сол жолға сарғая қарайтынмын.

Мына топты көргенде, жүрегім дұрс-дұрс, анадағы Дәулет көкемнің жүрегіндей тулап, аузызма тығылды.

Жұғіріп келе салып, өзіміздің үйдің кінкене соқыр әйнегін үршіп тұрмын.

— Эже, сүйінші! Қайыңды жақтан адамдар келе жатыр. Қекемдер болар. Жұрегім ойнақтап кетті,— деймін.

— Аузыңа май, айналайыным-ай,— деген әжем үні тарғылданып естілді.

Үздік-создық, ұбақ-шұбақ қозгалған жолаушылар жүрісі өнбей келеді. Түйеге шана жеккен. Біздің ауылдың бар адамы құн салып қарағалы қашан. Бәрі үй-үйдің алдында тұр. Жұздерінде қуаныш күткен үміт оты жанады. Өзім болсам со сәтте қекемнен (Қаршығадан) басқаны күткем жоқ. Бар арманым — сол әкемді көру.

Оның әжем айтқан ірі денесі, жас кезіндегі құлын төүіп, маңдайыпа түскен тыртығы, қабагын түйгенде ұшатын қырандай көзіне от ойпап, қалың қасының дір-дір құмылдаш тұратыны қозіме елестеп тұрды. Мен қекемді мың адамың, тіпті мың емес, миллион адамның ішінен танимын. Өйткені, оның жақаты белгілері жүргегімнің түкпірінде жазулы тұр.

Менің байлаудағы аңсыраған тазыңдай шыдамым тозды. Әлгі жолаушылар егістікке кіре бере мен де қарсы жүгірдім. Жұрегімді қолыма алыш «қекелеп» келемін. Өмірде тілегенім бұдан кейіп қабыл болмаса да осы сәт қекемді (әкемді дейінші) көруге деген құштар тілегім қабыл болса екеп деп келем.

Мен есімді білгелі, өмір есігін ашқалы сонда тұңғыш рет қамығып жыладым. Бетімді ыстық жасым от бол тіліп өткендей сезіне жыладым. Өйткені, мен оны қатты сағындым. Оны құшақтап, ыстық бауырына кіріп, «мен сенің балаңымын, мен сенің Бүркітіңмін» деп бар даусыммен айтқым келді. Сүйтіп мен жетім атанған соғыстың үш жылып санамнан ошірім келді. Әкемді коргім келді. Жетім атанғым келмеді... Бірақ... олай болды ма, олай болмады.

Мен осылай жылап жолаушыларға да жеткем. Ақ тұмсық түйеге жеккен шанаға осындаі үмітпен келгенмін. Аласұрған қоңілім қекемді шанадан тінте іздең еді...

— Бүркіт, Бүркіт!— деген үн келді құлағыма. Мен есі-түсім қалмай, кіреукеlep жасы мөлдірекен көзімді жұмған күйі оның құшағына қоміле құладым. Оның ыстық демі екі бетім мен маңдайымды жылытып бара жатты. Мен бетімді бетіне басып, кішкене құшағыма қысын өкіре жыладым.

Мен дүниеде өзім үшін бұдан артық ыстық құшақ, бұ-

дан артық тәтті ләззатты кормеген едім. Сопдықтан болар жүйе-жүйем босап, ағыл-тегіл көз жасым шықты.

— О, жасаған бергепің шүкір, Төлбасым ғой, Төлбасым!— деген әжемшің мейірбан үні одап мені беліп әкетті.

Жалғыз аяғымен балдаққа сүйеніп жер басқан Дәүлет кокемді енді білдім. Туған әкем болмаса да, туған ағам ғой. Әжем оның мандайынан шон еткізіп сүйді де, «ұл» деп кокірегіп қарс айырды.

Төлбасы бұрынғыдан ақшыл тартып көрінді. Қөзіңің аласы үлкейіп, едәуір жүдеп, қатты ысылынты. Ол басқа жаққа қарамады. Екі көзі менде. Әжемнің сұрақтарына маған қарап жауап беріп отыр.

— Күнім-ау, аяғың қайда? Не болғансың?

— Ақ әже, аяқ соз бол па, басты тілеңіз, басты. Бұркітімді айтыңыз,— деп оның қолымен менің бұйра шашымды кезек тарағ, бауырыша тартып отырганыш сезем.

Әжем со күні Толбасымен бірге келген бір тоң адамды үйге озі бастап кірді. Торде жатқан құрақ корпешенің орнынан бір желиш, құт қонағым келді «жайлы жат» дегендей орнына қайта тастанды.

Басында тұлкі тымагы, қолында сырты үйеңкімен тысталған шашақты домбырасы бар кісі жарғақ тонының өңірін айқара ашып барып, шалқая отырды. Қырма сақал, мұрты жұтаган малдың аузынан қалған шон тубіртегіндей қара қоңыр озді кісі оның оқ жағынан орын алды.

Екеуінен кейіп балдагы озінеп бұрын сөйлеген Дәүлет кокем ошарыла қатарласып үйдің торіпен орып алды.

Жирипдеу сақал-мұртты алғашқы кісі ауыл адамдарымен жылды амандасты. Әсіресе, әжеммен шүйіркелесіп, бұрыннан таныс, сырлас кісішеле сөйлесіп отырды.

— Ақ маралдай керілген ақ келіншек ең. Бұ пе, арқана түскен бірер жылдың салмагына майысқапың ба?

— Рас айтасың, Сары қайпым. Таупық жеген бас өз құлагына шуылдайды. Сен ол әңгімені қой да, ана домбыранды ал қолыца. Даусынды естнік.

— Ән де, өлең де табылар. Әдей келдім өзіңе. Сағындым жеңеше жөне райком да...

Үй іші бір мезгіл үнсіз қалды. Әркім өз сағынғанымен кездескен шыгар. Ал, мен болсам сол сэтте өлең мен ән күттім.

Тыныштықты масаты түсті кісі бұзды. Ол қасындағы түқыл сақалға қарап:

— Әперші, ана домбырапы,— деді. Домбыра қолына тиген ол құлақ бұрауын келтіріп алды да:

— Ал, Ақ жеңеше, қоңылдерің ессін! Балаларың аман келсін. Сол тойды мен бастайын! — деді де шырқап кетті.

Аласа шым үйдің төбесін жарып көтерілген күшті дауыс биіктеп алыш, енді ауанымен төмен құлай берді де, самға жүйріктей ағытыла жөнелді. Будақ-будақ шаң тогін жонелген домбыра сазы да түйдегімен шықты.

Ең алдымен осы аз ғана ауылға жер-көктегі бар бақытты тілең, үйіп таstadtы ол. Сөз топанын ағытып, ақ көбік шашқан тау өзеніндегі ауылды дүрілдетіп мәз қып жіберді. Бұл ауыл түгіл, бар аймаққа, жер бетіне көзге көріпбейтіп шаттық атты дүниe дур сілкініп, ұйқысынан оянып келгендей көрінді.

Ақын екі көзі танадай жайнап, әлі төгіп отыр. Сөз дегенеп ол үшін ағып жатқан мөлдір бұлақ па ойланып жатқан ол жоқ. Ауызын ашқан сайын, кең тынысты үні қандай бапты бәсіре тапса, сөз де құйындай ұйытқыш кеп жатыр. Безектеген домбыра үні де сонау қылтага дейін ақырап барады да, таңдайын тақ-тақ қағып тамсана береді зор екпінді дауысқа.

Осындай тұстарда ақынға күш беріп, қошемет тұтқан:

- Бәрекелді!
- Көңілінді құдай котерсін!
- Шырқа, шырқа,— деген әспеттеме үндер де естіледі.

Бұл күнгі ойнын-сауық түпнің бір шама мезгіліне дейін созылды. Ешкім ақынның өлецін тоқтатпады. Ақын да шаршадым демеді. Қайта ол әп салған сайын қайратана беретіп кісі болып шықты.

Шағын үйге сығыласа отырған ауыл әйелдері бір жасап қалды. Беттері гүл-гүл жайнап, бейбіт күннің бақытты жаңдарындай көрінді.

Ақын біраз дем алайын дегендеген домбырасын іргеге сүйеген. Үй ішінде енді майдан өмірі, біздің әскердің тегеуірінді шабуылы сөз болып отырган-ды. Ақын өлеңге қандай суырып салма болса, қара сөзге де дес бермейтін жүйріктің өзі екен.

— Ақ келіншек,— деп алды да,— тағдыр қолына тұсамыс берсөң, шідер салады, алышқан айды алады. Өмірдің ұлы есімі — ерлік. Оны біздің заман дәлелдеді. Бақыт құс емес — еңбек, адамдағы ақыл мен күш екемін көзben көріп отырмыз. Кеше райкомда сен туралы сөз болды. Аудандық комитет сені аудан еңбекшілеріне үлгі-өпеге тұтып, мына қызын шақта еткен еңбегің туралы хат жазды. Жасының шау тартқанына қарамай сүм жауды жеңуге ат салысқаныңды мақтап етті. Халқыңа қадір

қасиетің жетіп жатыр. Сол құрмет тұтқап ел атынап сәлем беріп, көңілінді көтеріп қайтуға мына бізді арнайы жіберді. Дәүлетіңді бірге ала келіп, қуантуды да ұсынған аудандық партия комитеті.

— Рақмет ақынам саган да! Мені, менің мына отырғап қара көз қаргаларымды елеғендеріңе немен жауап беремін. Білмей отырмын.

Әжем өңірішпен жыртылған қамзолының қалтасынан кішкене түйіншекті қолына алды. Қайыстай шуда жіппен қайта-қайта шандып, шиелеп тастаган әлгі түйіншектің жібін сары мойнақ пышақпен бырт-бырт қызып, арасынан бармақтай етіп бүктелген қағазды шығарды.

— Ақын сары, сен хат білесің гой. Мынаны оқы! Мен оны оқып әбден жаттап болдым. Ішімнен от кеміріп, сыртынан құмдай есілмейін. Оқы! Даусыңды шығарып оқы! Ер — есімі — ел есімі. Елі де разы болсын.

Екі бүйіріне кезек қараган ақын аңырып қалды. Қасышағы серіктегі әсіресе, Дәүлет көкем қозғалақтап кетті. Жалғыз аяғын бір олай, бір былай қозғап, тұрып кеткісі келген адамдай ұмтыла түсіп отыр.

— Иә, Ақкеліншек, нар едің. Аңы деме! Таттың, шыда! — деп ақын басын иді. Не айтыш отыр, не тұспал, оны мен со сэтте білдім бе! Апақ-жапақ жұрт ажарын аңдып отырмын.

— Ей, ақын Сары, сені мен жайдың оғындарай жарқетер от тілді, орақ ауызды, адамның көңіліндегісін көзінен білер сұңғыла көруші едім. Тәйт! Есіл тілді қор қылған солтік! Қүи соңіп, ай құласа да аңыны аңы, тәттіні тәтті де! Қайран менің қарашығым, Қаршығам! — деп лап етіп жапған оттай қатты шыңғыра дауыстап жіберді де, қайта төз сөне қалды.

Үй іші дуылдан жүре берді. У-шу жылау. Ah ұрған қаралы дауыс. Құләй өз бетін өзі тырнағымен алып тастады.

Сөйтсем со күні мен көкемнің орнына қатқан жалғыз түйме, жанды көк тас боппын. Енді оның аты мен арқылы аталағын бопты.

Көкем.. Иә, көкем жоқ, әкем енді мені көрмейтін бопты. Ал, мен де енді оны тоспайтын боппын.

— Ей, жаман сары (әжем ақын сөзін жаманға ауыстыруды) елмесе әкең қайды, бабаң қайды! Көтер басынды! Әнен Қаршыға — Бүркітім бар! О, песі-ей, өгіле бергені. Тәйт, бөрінің баласындаш шулаган өңшең жасық! Догар бажылды! Бала менікі, жыласам мен жылайши. Бірақ, жыламаймын. Ол елі ушін өлді.

— Ақ келіншек, ірі екенсің, ірі,— деп ақын таңданып отыр.

— Күләй, былай кел. Маган таян!— деп әжем келінің қарсы алдына отыргызы да:

— Ақын, батаңды бер, Күләй, қолынды жай! Егізімнің сыңары еді. Аға олсе, іші мұра, Дәuletке қостым Күләйімді.

Ақын шоқ басқандай.

— Не? Не дейді?— деп кілт тоқтады.

— Солай! Болды! Мен қолымдағы тұлімнің бәрін қыркүйекке ұрғыза бермеймін. Жауқазан жастың обалы қайда!— әжем маңағыдан да қайраттанып, беліп бекем буышты.— Тағдыр мазагына көперім жоқ!

Осы бір қатал дәстүрге қарсы келер күш қайда! Күләй мен Дәulet қосылды...

...Көктем де келген. Егіс дайындығына кіріскелі де біршама күн болған-ды.

Соқалардың тісі молтақталып, тозып қалған. Жерге салсаң, әсіресе тың жыртқанда жерді арамдайды. Бауырдай етіп тіліп терең айдалмаган жердің шебі етінмен бірге қайта өседі.

Ендеше егістік жерді таза, әрі терең жырту үшін соқаны откірлеу керек. Ондай ұста елде жоқ. Әжем бір күні:

— Ей, Төлбасы,— деді,— әрі бұйыра, әрі бір жалынышты үнмен,— азамат емессің бе? Ал қолыңа балғаны. Тес бар, көрік бар, от бар. Бүркіт екеуің соқага тіс соқ. Ұста жоқ деп осы ел егінін екпей ме, тұр былай, әрі — деді де шығып кетті.

Мен Дәuletке қараймын. Ол маган қарайды. Қөп толғапыстан кейін:

— Кеттік,— деді Дәulet қолтығына балдағын қысып.

Бидай сарайдың бір басында кішкене болме бос тұратын. Бұрыннан талай көзім түсіп жүретін сарайда жатқан қара көрік, кеспелтек ағашқа бекітілген темір төс, салмағы жарты пүттүң балға сол бөлмеге енді.

О кезде көмір деген де қыны. Әйтеуір, әжем о деп, бұдеп жүріп бір жарты тоңна көмірді Қайыңды да алдыраған-ды.

Сол күні күшті жел соғып тұрган. Ысқырган жел үдең соқты да жаңбыр төгіп берді. Әш-пушке келтірмей-ақ сай-сала егіл-тегілі шығып көк жойқып су жүгіре жонелді. Манағана сенгірлеміп жатқан ақ таулар жер бетінен көшіп, кең дала үрпе-түрпе болыш, сілкініп шыға келді.

Балдаққа үйренген Дәulet аяғып әр жерден бір ба-

сып ыққа қарай зытып барады. Мен соңынан жүгіріп келем. Ол кезде ағаш әсіресе берене деген табылмайды. Экеле қоятын жер де жоқ. Жалғыз бұрау болса да жиғыштап үстайтын кез.

Ендігі қызындық менің үстама ағаш аяқ соғу керек. Болмаса балдаққа сүйеніп кісі темір сога ала ма? Сарайдың тобесінде жатқан жалғыз берене болатын. Озі жуан, өзі ұзып. Міне, сол берепеден бір кесіп алыш, анау шолақ аяқтың астына жалғауыш етпекшіміз. Дәulet жерде, мен төбедемін. Мықшыңда олай-бұлай аупатқаным борене көне қоймады.

— Эй, бір басын байлан магап берші,— деді ызаланған Дәulet. Арқапның ұшын қолына бергенім сол еді, жалғыз аяқпен шіреп тарта жонелгені. Борене толқыш Дәuletке (Толбасыға) қарай құлай берді.

Ол қазданда қашып құтыла алмады. Борене оң иықтан сога құлады. Төлбасы да ұшып түсті.

Борененің бір метрдей жуан басын кесіп алыш, жартысынап көбіп жерге көміш тастадық. Бұл — Дәuletтің аяғының жалғасы. Қызыған темірді согарда кем аяқты соған жілігімен басып, екінші аяғымен тәцеледі. Болмаса темірді балдақпен тұрып соғу мүмкіп емес қой.

Қара көріктің ұртын толтырып, жел қауып үнілегені қашан. Қемір шогы қып-қызыл боп, қылшаның басындағы піскен жемістей біріне-бірі ұйыса қалады. Ұлкен қысқашпен Төлбасы әлгі қызыл шоққа буйірін төсеп жатқан темірді алыш, төске салып, шақ-шұқ сокқанда, жұлдыздай шашыраган ұшқындар шошаланың ішін алыш кеттін.

Соны қызықтай ма, көкем әлгі темірді наңша илейді. Үсті-үстіне төпелеп, кіжіне согады. Мұндай сәттерде оның ыс басқан майдайынан күйеге оранғап тер моншагы до-малап түспіп жатады. Оны сүртетіп де уақыты жоқ.

\* \* \*

Жарқырап жаз шыққан. Ондай қатал қыстан соң, жер апаның жасауып жайып тастайтын әдеті гой.

Бұл өзі біздің әскердің жауды өкшелеп қуып бара жатқан кезі.

Қау шабуга дайындық басталған соң, Дәulet көкем көкшолақ атты ерттетіп, жер көруге шықты. Артына мени міңгестіріп алды. Ауыл сыртындағы тарғыл тасты төбешіктен асып тұсуіміз-ақ мұң екен дала жайиап шыға келді. Балдағын маган үстатель қойғап көкем көкишолақ-

тың ит бүлкегімен келе жатыр. Мұндай жүрісі қатты болар ма. Торт аяғымен келі түйген жаңуар екен. Шек-қарынымды араластырды-ау әбден. Соңда да екі жамбасыма кезек отырып, сыр бермей келем. Қекем болса мені ұмытқан. Мұрнымен бір ұзақ әнді бастап, қыза-қыза айқайга басты.

Қекпеңбек шүйгін өскен сай-саладағы жібек желге толқыған шалғын көк іірім судай үйіріле коз тартады.

Атқұлақ па, соқыр ма, жалбыз ба, қылша ма, ит мұрын ба, ең әрісі тобылғы мен қарағанға дейін айдарын желге өргізіпті.

Қокшолак кенет тоқтай қалды. Қекем де аттан домалап түсіп, балдағына асылып, ілгері кетіп барады. Мен соңынан еріп келем.

Найзадай боп аспанға қарап, текше тартқан жалғыз тас діңгек. Түбіне келіп тұрмыз. Ұшар басына қарасаң бас киімің түседі. Тебесіне ұя салған ба, қос қыран қек аспанда айналыш жүр. Қекем сол қырандарға тесіле қарап қапты. Қырандар құлапташ суда жүзген адамдай алыш қапататрын сермен, аспан теңізін тілгілеп, ойқастай қалықтайды. Манадан үнсіз қекем:

— Бала, анау ұшып жүргепдер ақ иық дала бүркітері. Әжемнің айтуышта бұлар жеті атасынан бері осы жерді мекен еткен. Жылына бір балапан өсіретін алыш ақынштар,— деді.

Қекем үстіндегі солдат күртесін шешіп тастанды. Бірінші рет оның денесіне көзім түсті. Қақпақтай жауырыны, оң жақ иықтың үсті бұж-бұж, қектемдегі мал шарлаған тақырдың бетіндегі екен. Мына иықпен жарты пүт балғаны көтеріп, ұсталық еткешіне қайран қалдым. Бар еті күйіп, бырысып қалған.

Қекем енді кішкене бала тәрізді Секіастың түбіндегі көк шалғынға жата қап аунамасы бар емес пе! Домалап барады. Бір аяғы шолтаң-шолтаң етеді. Аяғының кемдігін таза ұмытқан. Сол домалаган күйі сұлу қыздың көзіндегі молдіреген Талдыбұлақтың тұнығына барып, күмп бермесі бар емес пе!

— Ай, хай-хай,— деп бұлақ көзіп кірспектей қымтаган құрақтан ұстап шойнаңдай шығып келеді. Жүгіріп келген маған аппақ тістерін көрсете:

— Туган жердің топырағында күш, суында қуат бар — деді.

Енді ғана аяғының кемдігін есіне алғандай қабагы қатып:

— Бұркітім-ай, менің әлгі ағаш аяғымды өкелпі,— дег төмен қарады.

Сол күні көкем маган қырқаны армансыз аралатты... Таяу құндері шабылатын жерді көріп, әлі піспеген ба-лауса көк мәйектің бітік осіп келе жатқанына ол қандай қуанды десеңізші.

Көкем қызық еді. Тіпті жерге біткен шөпке де бүкіл жан-тәпімен елбіреп тұратын. «Бұл жапырақсыз ағаш пен тақырдан сүмпайы жоқ. Екеуі де тұлдырысыз, көрік-сіздік бейнесі!»— деді сопда.

Іле масаттанып:

— Ал, қарашы мына туган жерге, айналып кетпейсің бе? Бір уыс топырагы болсаң, арманым бар ма мұның! Көк ірім ну басып тұрган жоқ па, қай жеріне барсаң да! Эй, бір уыс топырақтан мың тамыр бой алады.

...Бізді ауыл адамдары қуанышпен қарсы алды. Тіпті бір жері ауырып қалар, жарым жап адам гой демеді, өйел біткен көкемді көкшолақтаң тымақтай жұлды.

— Сүйінші, сүйінші бер!

— Балалы болдың!— десе көкеме, енді бірі:

— Эй Бұркіт, сен де әкел сүйіциңді, бауырлы болдың!— деп уда-шу.

Ал, Төлбасы болса қарқ-қарқ күлін:

— Жарайды, алыңдар, алыңдар,— деп жатыр. Бере қоятын ештемесі жоқ сияқты.

Ал, әжем тіпті көңілді көрінді. Үй іші көңірсіп, қазан көтеріліп жатыр.

Міне, сен солай туғансың, Назым. Сен туган күні ән салмаған адам қалмады.

Көп кешікпей Дәулет көкем қатты ауырып қалды. Екі танауы құсырылып, сагат откен сайын тынысы тарыла берді. Үйдің ауасы жетпей, үйдің көлеңкесіне жатты. Денесі от боп, күйе берді.

Әжемде дегбір қалмады. Өң-тұс жоқ. Бір ауылдың аузындағы сөз: «Не болар екен». Уайым тау болып үйілді. Әр түрлі ем қонбады. Науқас күшейе берді. Ақыры тәтелеп келген ажал қоя ма, күн батып бара жатқан шақта көкем:

— Эже, хош бол... М-е-и-пің титтейім,— деп бір ғана көзін кең ашып, сұп-сұр бол жүре берді...

Жылап-сықтаған ауыл азан-қазан болды да қалды. Күні кеше бүкіл қырқаны асқаң сазды әніне болеген, Секітас жайлы хикая шерткен, туган жеріне үкілі ботадай аунағаш көкем өзі тілеген бір уыс топырақ, бір төмпешік болды да қалды.

Жаным, Назым, барлық бастаң кешкенді, коргенді айтып шығу мүмкін емес. Әрине, бәрі көз алдында сайрап тұр. Қайсы бірін жаза берейін. Менің бар айтпағымның өзі көкем мен әжем. Менің жүргіме орнаган құлпы тас, қос махаббат қой олар. Иә, олар туралы әңгіме таусылмақ емес. Тау өзеніндегі күркіреп тасып жатпаса да, олар Секітас түбіндегі Қасқабулақ қой.

Сен соғыс жылы тудың.

— О, тұқымын, жайылғыр, Күләй! Сендей күнімізде сүйегімізге дейін ніп, баламыздың кекірігін аздырып қоюшы ек. Не сүмдүк бұл, бір жапырақ баланы жарытпау,— деп әжем ренжитін. Әйтеуір, сен оқыс күйіктен соң жүқалаң ауырғыш болып остиң.

Әжем «ит тиіпті балаға»— деп сені ылғи қызыл иттің қанымен емдейтін. Сонда сен көгілдір тартып, көзің шүңгірейіп жататынсың. Сол ит бірде саған бұрынғыдан да қатты тиді. Тіпті, ауылда ит дейтін ит те жоқ. Бары жалғыз қызыл қаншық. Оның қаны тагы саған ем. Және адамға ит тиеді деғепенді кім білген!...

Дәрігер деген о кезде ауданда бір-екі ғана адам десетін. Ал, олар мұндай шалғайды ауыл түгілі, аудан орталығындағы ауру-сырқаудың өзіне де жәрдем беріп үлгермейді екен.

Әлті әжем айтқан ауру осы жолы саған тіпті қатты тиіпті, сен бояу жеп оған шуберектей көгеріп, кірпігің ғана қимылдан жаттың. Сондағы әжемді көрсөң. Екі көзден бүршақ-бүршақ жас ағып отырды. Сені құпдақтап қолына алған. Құп зауал шаққа айналып, үй ішін қарандылық түмшалап келе жатты. Әжемпің әжім жеген сутсіз желіндегі бұғагы бұлқілден, бір кез жан дауысы шыға:

— Эй, ажал! Қара бет, тарт қолынды, таянба!— деп жынданған кісідегі құндақтағы сені оңды-солды теңсеп, шайқап-шайқап жіберді.

Әжем жарықтың зауал шақтағы қаһарлы үні дем берді ме, әйтеуір, осы кезде сенің шар еткен дауысың қарашағы түнекте жарқ еткен жалғыз шырагданпай бол еді.

— Иә, балам, бар екенсің-ау! Енді тілегім жоқ. Жоқ!— сені бауырына қысқап әжем:— Жаның қалды. Тұқымың жайылғыр, тұқымың жайылады — деп, солқылдан жылағаны әлі есімде.

Сол күнин кейін әжем сұлқ түсе берді. Басқаша сөзді де қойды. Қөпті жұмысқа бастаң барғаны болмаса, ананы ойт, мынаны бүйт дегеннің бәріп догарды. Үйге келсе,

сепі қойнына алыш, шала мас<sup>к</sup> кісідей үйықтай беретін болды.

Сонымеп не керек, бар тілегі саған ауған әжем бір күні өртөңгісін үйқыдан оянбай қалды. Ол мәңгі үйықтапты. Қояның көжегіндей аппақ бол қойнында сен үйықташ жатырысы.

Әжемді де жерледік. Колхоздың басшылары мен ауданнан келген сыңар аяқ уәкілдің қатысуымен (опы арналы райком жіберіпті) ақ жауып, арулап қойдық.

Ертеңіп жазы ағашып сұрып алдым. Сыртының қабығы алышып тілім-тілім бол жарылған ағаш екен. Оны үштан жатқан мен бар ма, келе әжем мен Дәulet көкем екеуінің тұсынан сайғақ етіп қақтым.

Жер қашша тастақ, қатты болса да, қақсал ағаш жерге сізіп барады. Оялыш жерге барды-ау деп қағуды тоқтаттым...

Иә, содан бері отыз жылдан астам уақыт өтіпті. Бұл өмірге не айтартың бар. Өркен жаяр шағы туса, ешкімнен комек сұрамайды екен. Баяғы әжемнің басына қағылған шиыр-шиыр, безіне дейіп жарылған жазы ағашынан бір түп жиде өсіп шығыпты. Әсіресе жазда кок байрақтай көріпіп тұрады.

Айтпақшы, Назым, хаттың басындағы Ақтомпақты сен білмейсің гой. Ол кім? Ойланбай-ақ қой. Ол — сен, Назым, озіңсің...

## *Базекеңнің әңгімесі*

— Ойбай, банды! Банды шығыпты! «Октябрь» колхозын түгін қоймай шауып, талап кетіпти,— деген сұық хабар бұқіл ауданды дұр сілкінні. Ол кезде мен Алғабас ауылдық көдесінің хатшысы едім. Мына сұық хабар онсыз да жүйкесі жұқарып отырган елдің ішін тартқызыды.

— Базарбек, сен оң-солыңды таныған, көкіретің дө, козің де ашық, қазіргі саналы азаматтың бірісің. Бәріміз тонталып, онсыз да есі кетіп, етегін жия алмай отырган елдің бүгінгі жағдайын қызықтағандай болмайық. Сеп езің гана барып кел! Бұл не сүмдыш хабар?— деп «Алғабас» колхозының бастығы Әбдірахман Жәрімбетов сөзін үзген. Ол басын салбыратып, дел-сал бойын жия алмай, езіліш көп отырды. Қараптан-қараң мойнына су кетіп, ұнжыргасы түскен ауыл ағасының бейнесі көз алдыннан қазір де кетпейді. Бетін қайтармай, Октябрь ауылындағы сүмдышты білуге аттанып кеткем. Жалғызбын.

Әлі сағым үшпеган, даланы көктемнің бу мұнары басқан шақ еді. Ұлан-байтақ атырап құсы кеткен көлдей. Бір кездегі сыңсып жататын үйір-үйір жылқы, топ-топ ірі қара, қора-қора қой, келе-келе түйені жер жұтқандай. Осыдан бірер жыл бұрын Қарсақбайдың тар табанды темір жолында алғаш еңбек жолын бастап, өндіріс орнының қат-қабат тарс-гұрс оміріне құлағым да, бойым да үйренгенмен, қу медиенде жападан-жалғыз қалғандай елегізіп келем. Өзімді сілкілеп, жан-жағыма, көкжиекке тігіле көз жүгірtem. Шіркін-ау, құсы қиқулап, айдынын толтырып, толқыны бұлқ-бұлқ ойлаپ жататын колдер тым-тырыс. Бұлдырап ағатын бұлақ та тартылып қалған.

Мамыр айының қарсаңы болса да, бұл шақта көк ерісі кілемдей түріле қалатын байтағым, жабағы жүні түспеген котерем сияқты, откен жылғы аңызақ жеген қалпы құп-құ! Құн козі жасаурап, ақшелденіп, жанарын аша алмай, тұманданып көрінеді. Астындағы жал сұығана бар, міністен ерқашты қаракер бестінің құлақ түбі терлеп, қамши салғызып келеді. Елегізіп, құлазыған мені елең еткізген алғашқы тіршілік иесі жалғыз тазқара. Байтақ атырантың жалғыз билеушісіндегі боп, қасына әй дайтін жер келгенімше қыбыр етпей, түржыңдап, барын салып бірденені тұртінектеп шоқып отыр. Алдағысын қимады ма, қанатын зордың күшімен жазып ұша алмай, қопаңдай жорғалап, таяқ тастам ұзап барып, мойнын қылқың-қылқың созып, телмендең жалт-жалт қараң отыр-

ды. Оның қимай, зордың күшімен қозғалған орынша келдім. Омыртқа сүйегі үзіліп болмаған, жіліктері сіңіріне ілігіп, қақ сүйегі қалған олімтік екен. Атынан тұсіп, қаракердің шылбырынан ұстап, оттатып тұрмын. Тазқараның екі көзі менде. Неге кетпейсің дей ме, топшысын қомдаш, қапатып созып қояды. «Бұл неге жалғыз жүр екен, әлде мен сияқты жолаушы ма?»— деп жүріп кеттім. Ұзай беріп артыма қарасам, әлгі байғұс олімтікке қонып, құнжыңдан жатыр. «Әйтеір, бір кездегі тірі малдың сүйегі деп, жабысып жатыр-ау? Әлгі мен көрген... Опда өзегіне пәр болатында ештеме жоқ еді гой». Да-ланың сұрқы да олімтіктің сүйегіндегі корінін кетті. Ал өзімше, өзім.. жападан-жалғыз, әлі таусылып ұшуға дәрменсіз құс тәрізденіп те кеткендеймін...

Байтақ даланың төріне жайғасқан Октябрь колхозы да көрінген. Бәрі үйқыда жатқандай, бір ошаң еткен тірі жан әлі көзіме шалыңғап жоқ. Айнала адыр-тобелер құлагы қалқынып, ештемесі естімейтіп, кәрілік әл-қуатын алған можы қарттар тәрізді ошарылып-ошарылып мұлгіп жатыр. Сонадайdan алдыңнан бар айбарымен арсыладап үре шығып, шаужайлап жүргізбейтіп иттер қайда? Дүние құлаққа ұрган тападай. Қыбыр еткен жан жоқ. Ішім алай-түлей. Ойда жоқ үрей буа жопелгепі. Әрқайсысы уш-төрт үйлі ауылға кеп атынан түсе алмай баяғы әдетші:

«Кім бар-ау! Сөйлес!» деп дауыстадым. Тырс еткен дыбыс болсайшы. Әлде менің дауысымды естімей жатыр ма деп тағы үшімді котере айқайладым. Онынан еш пәтиже шықпайды. Келесі ауыл да осы. Бәрі бір жаққа босып кеткен бе?! Не болып қалды. Әбдірахманға не көрдім дейміп. Мұның әлгі дүниені дүр сілкінтекел бандысы қайда? Тағы елеңден, әлде менің сыртынан баспалап бір жерде қарап аңдып тұр ма? Мұмкін өзімді жазым етер, не атымды тартып алыш деймін. Бірақ бұл ойдан тез арылдым. Өлі тіршілікке бойым үйрепді ме, нартәуекел, алыса кетсем бір кісілік күшім бар. Неден қорқып тұрмын, деп өзімді өзім қайрап, есіргі ашық тұрган шеткі үйдің алдына келіп аттан тұстім. Дәліздің есіргі жабусыз қалыпты. Арғы есік те сәл ашық тұр. «Кім бар-ау!», үн жоқ. Шүйкесі тозған қысқа санты кетпен босағада жатыр екен, қолыма ала ілгері жылжыдым. Абайлап басып, ақырын қимылдан түпкі кең бөлмеге де кірдім. Едөуір жүрексінген түрім бар. Төрде кебеже, сандық па, көрпе-төсек пе, қордаланып бірдеңелер қарауытты. Назарымды құрулы шымылдық бөлді. Шымылдық ыс басқан соң ба

көзіме сарғыш көрінді. Бергі шетінен сәл төрге қарай тұрғыле түсіп, ашық қалыпты. Үй ішіне бозғылт сәуле тұнған. Аза бойым тік тұрды. Селк етіп бойымды қалай жинағанымды білмеймін. Сонда да тұрған жерімнен қозғала алмай қалдым. О, тәңірім, тірі пеңдеге о сүмдікты, сол көргенімді қайта көру жазбасын! Басында сәүкеле, құлағында алтын сырғасы төтілген қызы ба, келіншек пе, барын күйін малынған қүйі шымылдықтан шығуға үмтыха түсіп қырынан құлапты. Сол қолының саусақтарындағы бетіне гаунар жапқан алтын сақина жалт-жұлт жанаарды жағып жатыр. Енді сездім, тынысымды қышқылтым күйген сірненің бе, бір жат ііс буып барады. Сонда барып ақыл-санам орына келгендей, не көріп тұрғанымды пайымдадым. Үйден атып шықтым. Атыма мінгенімді білем. Бұқіл жан-тәнім от болып өртеніп, іші-бауырымды қасірет жайлап, жанымды қоярға жер таптай қиналдым кеп.

\* \* \*

Жаңа ғана көргенім көз алдынан кетпей, сапамды жайлап алды. Ұмыттайыншы деп құдайдың кең жаратқан атырабына көзімді барынша ашын қарасам да сол сүмдік қарашибігімнан өшетін емес. Қайдан ғана ақым бардай үціле қалыш едім. Еті аға бастаған бет сүйегі шошайып, көзі үңіреп, маңдай терісі ыдырап, мұрны аудына қарай жиырыла жабысып, жақ еті жидій, еріндері ашылып, күрек тістері ақсишіп көрінеді. Өлі депені біріннің көрүім. Және мұндай арса-арса болып, ағып пістеніп жатқан, жұтатын тажалдай аузын ашып қалған өлікті көріпін бе?

Ауылдық кеңес төрағасы Байегіз, бастауыш партия үясінің хатшысы Қапар, Әбдірахман мені тағатсыздана тосып түр екен. Ауыл сыртында, едәуір жерде, алдынан шығып қарсы алды. Ауыл адамдары үрпісіңе қапты.

— Не бошты?— деді Байегіз сезді бірінші бастап.

— Банды шыққаны рас па екен?— деді менің Байегізге жауабымды күтпестен қосарланған Қапар.

— Елдің жағдайы қалай екен? Тез оралдың гой — деп Әбдірахман сөзге араласты.

— Сұрамаңдар, құрысың!— дедім, көргенімді көз алдыма қайта келтіріп. Расымды айтсам, ана қасіретті бұларға тентіштеп баяндаш беру зауқым жоқ-ты. Жүргім лоблып, көз алдым бір түрлі қарауытып кеткендей күй кешіп, жүдеп қалдым.

— Сұрамағаны несі?— деді шыдамы үзілгеп Байегіз.

— Не көрдің озі, айтсаңшы,— деп Қапар дігерлеп барады.

— Ең болмаса бірер кесе ыстық шай ішіп, өзіме өзім келейінші,— дедім әлі де денемді басқан зілзаладан айыға алмаған меп.

— Өзінің түсі қашып тұр ғой,— деген Әбдірахман бұрыла беріп.— Солдаттар ғой мынау. Бәрі мылтықты ғой озі,— деп қасындағыларды елең еткізді. Мен де солай көз тіктім. Ауыл сыртындағы тастақ төбенің үстінен ауылға қарай он қаралы қару асынған аттылар сүйт құлап келеді екен. Лезде келіп қалды.

— Ассалаумагалейкум!— деп ірі сүйектілеу келген қара торы кісі ат үстінен сәлем бере тусуге ыңғайланған берді.

— Ұағалайкүмәссолам!— деп Әбдірахман басқалардан бұрын қозғалып о кісіпің шылбырынан ұстап, кішілік ілтиштеп көрсете қарсы алды. Бұрыннан таныс адамдар болып шықты. Жылы амандастып, шұрқыраса сойлесіп, ата дәстүрі бойынша қазақи аман-саулық сұрасып кеткен. Мылтық асынған түсі суық топ әлі ат үстінен қыбыр еткен жоқ.

— Жол болсын, Батеке,— деді Әбдірахман.

— Әлей болсын. Октябрьдегі бандыға бет алыш,— деп сәл қабагып шытты. Байегіз де, Қапар мен Әбдірахман да енді маған бұрылды. Тап бір сол Октябрьдегі бандының бастығы мен сияқты, бәрінің қопарыла қараганына әлгі келген кісі де көціл аударып, назарын тікті. Үлкен көзді, байсалды кісі маған ызғарлы көрінді. Бейтаныс адамға мен де қарап қалдым.

— Базарбек, бұл Батырбек Дәуітбаев деген ағаң. Ауданнан келе жатыр ғой, көріп тұрсың. Беталыс бағдарын өзі қысқа түйген жоқ па, сен көрген-білгенінді кеңсеге жүріп айт,— деп, сөзге Байегіз араласты. Батырбек байыпты қалпын бұзбай:

— Е, бұжігіт барып келіп пе еді? Дұрыс болды ғой жағдайды білдіргендерің,— деп құрақ ұшып, жылы тіл қатты. Кеңсеге кірген соң Батырбек:

— Біз аудандық ГПУ-дің арнайы шүғыл тапсырмасымен келдік. Мәселе Октябрь колхозынан шыққан бандыны тез жою. Ұақыт ете тығыз. Бірақ қанша шүғыл деп дегбірді алғанмен, істің байыбы не дейді? Соны анықтау керек. Ол өзі негылған банды? Қайдан келіпті? Қанша кісі? Қару-жарагы не?— деп, уй ішіндегі төртеуміздің бетімізге сұраулы көз тікті. Әбдірахман маған қарады.

Мен:

- Октябрьде банды түгілі, тірі пенде жоқ,— дедім.
- Не дейді мышай?— Батырбектің қою қасының арасы түйіле қалды.
- Базарбектің сөзінің жаны бар,— деп қостады мені Қапар тез қозғалақтап. Бәрі мені ортага ала жөпелді.
- Не көрдің өзі?
- Алдымен соны айтши.
- Кіммен тілдестің?
- Қай ауылда болдың?— Сұрақ жауып кетті.

Мен көрген-білгенімді қысқа түйдім. Тірі жанды көрғенім — жалғыз Тазқара. Оның озі де аштықтан қанаты қайрылып, ұша алар емес — дегенімде, Байегіз Батырбекке қабағын шытына отырыш:

— Банды қайдан келеді мүнда! Бәрі мына соры қайнагап даладағы оз жүртүң, бәрін танисың, білесің. Көр, бар!— деді.

— Иә, Байекең тап басып отыр. Аспаннаң түсетін жау жоқ,— деп қостады Әбдірахман. Қапар үнсіз басын изеп қостады. Менің көргеңімді үлкен зейіммен, демін ішіне тартып отырып күйзеле тыңдады Батырбек:

— Сен «Октябрь» колхозын түгел аралагап жоқсың, әрине. Барғаның бергі шеттегі қыстак болды. Ол... ол, иә,— деп бір кісінің атын атап (есімі менің жадымда қалмапты),— өткен күзде бір ауқатты кісінің қызын жалғыз баласына әнеріп еді-ау. Е, е,— деп көзіп жұмып, басын шайқап көп отырды да:

— Базарбек, сен өзіміздің Байекенің баласы екенсің (Байекесі — әкем Байбол), сөзіңе сендім. Тұқымында жалған айтып, азды көптрітпіп, көпті шектіртпіп сөйлеу жоқ еді. Сөз жобаң, көргеніңді түйіндеуің мына «Алғабас» колхозы басшыларының ойымен тогызып тұр, меніңше,— деп тағы Әбдірахманға, Байегізге кезек-кезек сауалды пішін таstadtы.

— Бұқіл елді дүрліктірген пәле, меніңше, астық қоймасына байланысты шыққан сияқты,— деп Байегіз тағы бір түспал таstadtы. Бізге жеткеп хабар солай дейді.

— Қисыны бар,— деп Қапар да, Әбдірахман да қостай кетті. Бұл айтып отыргандары менің естімеген жәйтім.

— Астық қоймаңыз не?— дедім мен тағатсызданып. Ешкім жауап қатпады.

— Қой, жігіттер, біз уақыт ұттырмайың! Бекерге оиызы да берекесі кеткен елге мылтығымызды шоптайтып, жау жоқта аттандаپ, қыр корсеткендей болмайың,— деп Батырбек Дәүітбаев орпынаң тұрды.

Қара жаңбыр төгіп кетті. Аспанды түмшалаган бұлт тесілер емес. Қоюлана түсетін тәрізді. Сарыарқапың жүдеу даласын әбден жуып алайып дегендей, селдеткен иөсердегі жер езіліп, атымыз сабырлап келеді. Алғабас ауылынан аттанғалы бір адам жақ ашқаш жоқ. Әркім өзімен озі, сүйт жүріп кеткенде екі-үш сағатта жетіп баратын Айыртау, Шұбарқол маған қазір алты айшылық жолдай көрініп келеді. Даала телегей теңіз су. Үсті-басымыз малмандаі. Дәтке қуат әйтеуір, сабаудай бес атты, бес кісі біріне-бірі қара. Батырбек сәл қалыңқырап атынан түсіп, дәрет ұсатып, артымыздан желе жортып, атын сабырластып жетіп:

— Бәрің де білесің, осы колхозда басқарма Жалмаганбет Мұқанов емес пе?

— Иә,— десті басқалар.

— Ол өзі сүйегі адал, жүргегі кең, ақжарқын жігіт еді той,— деп басқалардың пікірін білгісі келді ме, сөзін әрі созбай, тоқтап қалды.

— Дұрыс айтасыз, Батеке!— деді атына қамшы ұрыңқырап қатарласа берген Байегіз,— ол қараша кісі емес. Біреудің баласы жыласа, қосыла жылайтын жүргегі нәзік азамат. Өзіңіз жақсы білесіз, сүйегі осы Алғабастағы Ақбас, Суықbastы мекендереген қоқан Қоғабай туқымы. Ал осы туқым задынан мал бағып, шаруа күткен, кісінің ала жібін аттап басқаға зәбір беруді білмейтін момындығымен Сарыарқаға белгілі,— деді біраз мәліметтеп.

— Осы колхоз ұйымдастыра әлгі қрәйден келген дудар бас, былғары тон киген екіл қояр да қоймай осында жіберген жоқ па?

Оның үніпде наразылық та, өкпенің де белгісі бар еді.

— Ол Жалмаганбеттің қайдан біледі екен?

— Райком таңсырып жіберіпті, атын атап.

— Мәселе онда емес,— деп сөзге Әбдірахман араласты. Қай кезде де бізді құртатын іштей жегідей жеп жататын рушылдық деген құрт бар емес пе, сол құрттың кесірі,— Батырбек Әбдірахманға, «сен не айтып келесін» деген кісіше, ала көзімен бұрыла қарады. Оған Әбдірахман мән бермей, ойын жалғады.— Міне, біз арғын елішің жеріне ендік. Баратын Октябрь, ауылы да ұзақ емес. Осы қалқаман руы мекендереген Айыртау, Шұбарқол, Жақсықөң, Жаманқоң семіз малдың тәстігіндегі болып, найман жеріне сұғынып кіріп жатыр емес пе? Құдай беріп, осы тайпа қалқаман жері аудан шекарасы белгіленгенде біздің жақ-

қа тиесілі болып қалды да, өрікті-өріксіз «Октябрь» колхозы болыш үйымдасты. Жаңа колхоз құрылымының басшысын да аудандагы докейлер оз жерімізден қоямыз, олай болмаса, тұбі бір қысын тауыш, усызымыздап шығып кетеді деп шешеді. Осындай себеппен қаша ат-тонын алыш қашса да, азды-көпті сауаты бар Мұқапов осында келіп қалған.

— Бұл арасын мени білмеуші едім. Мұның аты — қиянат. «У ішсең — руыцмен» дейтін аталар сөзін де ұмытқап-ау! Енді не болды,— деген Батырбектің дауысы репнішті естіледі.

— Не десең де болары болған нәрсе, бір аумалы-төкпелі қолдан тоқпақ түспейтін уақытқа кез болдық па деймін?— деп Байегіз уайым айтып та тастанды.

— Айтылды-болды! Барлық нұсқау алысталп, астападан келеді, орындаушы — сен! Қарғыс та сенің мойныңда, жаманың та сенде. Басқаның қолымен кісі өлтіру деген осы. Егер жогарыдағының айтқапын екі етсең, өзің олесің. Ал оз жаныңың тәттілігін...— Батырбек шешіле сойлеш, тоқ етері осы дегендей, бәрімізге түңілген түрде түнжырады.— Жігіттер, бұл бір отшелі дәуір болса, ештеме етпес, жас осер, жарлы байыр. Қыл арқап да, ширапта берсең, қашшага шыдайды, морт үзіле ме деп қорқам. Бірақ оны Мәскеу тыпты еткізе ме! Мәселе сонда!

— Октябрьдегі баша-санда дегеніміз дәл осы айтқаныңызды дәлелдемей ме?— деп қалған Әбдірахман, ыстық үрттагандай, тіліп тістен, үндемей қалды.

— Ендігі жерде,— жап-жағындағы бізге сырпай да, сақтана да көзін тіккен Батырбек — мұндай сөзді де байқап сойлерміз. Ауыздан артық шыққан сөздің де озіңде оқ бол тимесіне кім кепіл,— деді.

— Ойбай-ау, зиянкес, іріткі салушы деп, козбе-көз мойныңа қыларқап тастай салмай ма кез келген аудан-шан өкілсізмак,— деді күйін-піскен Қапар.

— Э, солай шыгар!— деді Батырбек «Октябрь» колхозына келе бергенде.

— Эй, қайдам, Батекеңнің «жас осер, жарлы байыр» дегеніне өсіп-онетін мал, жан түкімбы қалса гой,— деген үдай аңы сөздің аузымнаң қалай шыққанын өзім де білмеймін. Әбдірахман иығын қозғап,— тсс!— деді. Батырбек ренжіп қалар деген сыңайда. Айтартымды айтсам да, өзім де қысылып қалдым.

Көктемнің төлемінде, уыз сүті агатын шағында қошшіп, арқа-жарқа болатын ел биыл үзай алматы. Қол созым жерде не бәрі бес-алты үй ғана еңсе көтеріп тігіл-

ген. Осының алдындағы күйі өзім көрген құлаққа ұрған танаңдай тыныштық мұлғіп тағы қарсы алды. Ауыл өртасындағы акбоз үйдің тұсына кеп түстік. Бастаушымыз Батырбек. Үйге сәлем беріп, дауысын шығара кірді. Кірерін кірсе де, төрге оза алмай, тұсалып, кідіре тоқтады. Төр алдында бір-екі адам қимылданап, қозгалыстаған болды. Бірақ тұрып орып берер, сойлесе алар түрі жоқ олардың. Бар болғапы: аузын ашты, алақапын жайды. Әбден әлсіреген, кеуделерінде құр жапы бар.

— Ойпыр-ай, Байеке,— деп айтар созі аузына түспегендей Батырбек сасқалақтап,— мышау, мына... тірі аруақ Әжмұқан гой. Әжмұқан!— деді Байегіздің жүдеп-ашық-кан жандарды тапымай тұрғапын сезіп.

— Ал жігіттер, неге тұрсындар? Кім бар екен бұл ауылда қыбырлаған? Біліндер! Дереу Жалмағанбетті таңыдар!

Іле Жалмағанбет те жеткен, орта бойлы, шымыр денелі, қарасүр кісі екеп. Аңқылдан сойлейтін, аузын ашса көмейі корінетіп, құлық-сұмдығы жоқ қарапайым қыр қазагы екенін бірден танытты. Менеп басқаны жақсы танитындығы алғашқы сөзінеп-ақ байқалды. Шаш қойғап, қалаша киінген мені көп оқілдің бірі деді ме, бетіме көбірек қарап, тайпаңдан іркіле берді.

— Жалмағанбет!— Батырбек пеп Әбдірахманның дауысы жарыса шықты.

— Қысылма, ештемені жасырма. Бұ жерде саған дүшіп, бәле жапсыратып ешкім жоқ. Мениң бар мақсатым — Октябрь ауылындағы жағдайды көзben кору, анық-қапығына жету,— деді Батырбек.

— Мына жігітке қарай берме, ол бөтенің емес,— деп маган күлімсіреді.— Айтпақшы, банды деген не? Ол қайдаш шықты?

Жалмағанбеттің қарасүр оңі алпақ болып оқып кетті.

— Негылған банды!— деді біреу санына біз тығып алғандай шошына.— Бұл елде болғап жайды аралап өз көздеріңізбен кормесеңіздер, ештеңе айта алмаймын.

Ешкімнің бетіне тіктеп қарай алмай құм беттепін, салы суға кеткен күйі есікке беттеді. Есіктен шыға бере козін қайта-қайта сұрткіштеп, арқасын берген ол:

— Жігіттер,— деді дауысы дірілдеп,— Сіздер құлақ-пен естіген дүмпумен келсеңіздер, меп көзben көрген кияметпен күніне мың өліп, мың тірілген жанмын. Отқа қызғаннан қүйгеннің азабы көп болса керек.

Ешкім тіс жармады. Бәрі унсіз. Үй-үйге кіріп журміз. Азғантай ауылда аяғышан тік тұрар пепде табыл-

сайшы. Есімдері жадыма қалмапты. Сызды, күні кеше толассыз жауған жауыннан кейін тезегіне дейін су болып жанбай бықсыған киіз үй іші де алай-тұлей көк туғын. Бір-екі бала жабагы көрпе жамылып, борбайлары шидей-шидей инеліктей болыш итініп, от маңында отыр. Екі иығы түсіп, денесінен басы ұлken ер мен беті кілкілдеп іскең әйел екеуі екі жақтан отты қағыстырын, тықсырып жағуға әркеттеніп-ақ жатыр. Бір жанып, бір сонген отта береке жоқ.

— Әй, бір қайпады ғой,— дейді біз кіре бергенде үні үзіле сөйлеген үй иесі.

— Ой-бай-ай, ең болмаса ысысынышы,— дейді әйел. Сау етіп, көктең түскендей кіріп келген бізден шошынгандай, үй иесі тұра беріп, жалы етіп құлады. Неге ойтті? Екі козі қазанда. Қызғана ма?

— Міне,— деді,— бүгіп тұра бір ай болады. Осы ауылқына қайнатып ішіп жатыр.

Жалмаганбеттің өңі құп-құ.

— Әйтеуір, өлмеске, дәтке қуат дегені шығар.

— Қына?

— Иә, қына!

— Қедімгі тасқа шығатын?

— Қына тасқа бітпей, қайда бітуші еді,— деді әлі де зілді дауыспен басқарма төрағасы.

— Түү, сен де,— деп түүліе жауаптасқан Батырбек.— Қынадан корек алады дегенге...

— Жұтқан жұтамайды деген бар. Әйтеуір, далбаса ғой.— Қазандағы ысып тұрган ақжылтым сұйықты ұрттап көріп.— Дәм жоқ, тату жоқ, шықыр-шықыр тас қой мынау,— деді.

— Е, тастан тас шығады да!

— Бұл Айыртау,— деді ашына сөйлеген Жалмаганбет.— Жақсықөң, Жаманқөң, Шұбаркөлдегі жүртты көрейік, жүріңіздер...

Қайда барсақ та ісіп-кеуіп отырған, әлі таусылған, жілік майы үзілген, қыбыр етіп қозгалуға шамасы жоқ ел. Талай үй, ауыл босып кеткен. Қайда кетті, ешкім білмейді. Өліп жатқан, истеніп кеткендер қаншама! Таудай-таудай жігіттер бармақтай болып шөгіп, жүре алмай, ошарылып қалған. Бүгін бе, ертең бе өледі-ау дегендер қаншама! Әбден аштық жеңген ел сөйлеуден де қалған. Өзегі ортengен, козі қарауытқан адамның санасында та-мақтан өзге ештеңе болмайтынын сонда көрдім. Қып-қызыл бетінің қаны тамып, екі езуінен күлкісі төгіліп, козі қарақаттай жанып, көргениң жүрегіне шоқ болып түс-

тін арулар көсеудей қатып, аузын ашып телмендегенде, жанын күйеді екен.

— Мынау жұрт айта беретін Шұбаркө! Мыңғыран малы өріске сыймай, көктем мен күзде қоңырқазы мен үйрегі қаңқылдаپ, шалқып жататын көк теңіз. Қане, қаралыздарша!

Мұқановтың үні аңы шықты:

— Апат келді. Жай апат емес, осы елді, бүкіл атырауптағы үшқан құс, жүгіргеп аң, бар-бар тірлікті түқым-түқиянымен құртатып сүмдүк келді.

Бәріміз де жап-жагымызга қараіммыз. Расында, не сүмдүк? Құдай аларында сақалдың бір тал қылымен бұйндырып өлтіреді деген рас екен!

— Күні кеше десем, тым жақын, осыдан екі-үш-ақ жыл бұрын осы жерге сыймай, шалқып отыратын ел қайдада?

Жалмаганбеттің көзі қапталап кетіпті. Сүліктей бол қатқан жүдеу өңі өрт бол күйін тұрған сыңайлыш. Сөйлемен сайын дауысы аңы шығып барады:

— Міне, енді сығарға бит, үрерге ит табылар ма? Байтақ даланың зорманы, суыры, қасқыры, қарсағы қайда? Жер бетінегі береке қайда? Кім талап кетті опы? Апат! Бірақ ол қолдан жасалғап апат!

— Жалмаганбет, зарлай берме! Не бар, не жогын көріп тұрмыз. Мына қырылған ел ушін кім жауап береді!? Өлгені — олді, қалғаның кім тірі сақтайды? — Батырбектің дауысы қатқыл шықты. Ол опың бетіне жалт қарады. Бедірейіп, тілі байланғап жандай, козін алмастан қатып қалды.

— Сен жауап бересің,— деді біраз үнсіздіктен кейін.

— Ертең бе, бүгін бе, мен де өлем! Бүгін, міне, коріп тұрсың мепің басымдағы қасіретті.

— Сен, егер сен сияқты өз халқына жапы ашымайтындар болмаса, бәлки, бұл пәубет болмас та еді. Бірің Ұлытау, бірің Алматыда жатып алып, ысқырығың жер жарды. Міне, соның алапаты бұл.

Ол қорбаң-қорбаң атынан түсे салып, ескірген пешпептің ішінен тігілген қалтаны бырт-бырт сөгіп, әмиянын суырды. Сырты мыж-мыж, көп ұсталып тозығы жеткен былғары әмияның ішкі қатпарынап төрт бүктеліп, оның сыртынан газет қылышына оралған қағазды алып:

— Базарбек, сен де жас азаматың. Көп сөйлемесең де, жүргегіде бәріп тоқисың, халқың үшін жаның қаш жылайтындығың көрінеді. Мына қағазды бар дауысыңмен бәрімізге, аспанда құдай да естісін, жемлен жер құлағы-

на жетсін, оқып жібер. Сенен басқаның қолына бұ қағазды ұстаптаймын. Ойткені онда менің мына өлгөні еліп, олменеген күші бары босып, қалғаны ертең бе, бүгін бе өлеміз деп отырган қалқаман елінің үкімі жазылған,— қолы дір-дір етіп, алақандай қағазды қолыма ұстатты да,— мына Гнеу-дің адамы, бұл қағаз қолына түссе, менімен сейлеспейді,— деді. Енді бәрі маган қарады.

*Октябрь колхозының басқарма төрағасы Ж. Мұқанов-қа. Өте қупия Аудандық партия комитеті Сізге айрықша жауапкершілік жүктей отырып, төтенше нұсқау жолдайды. Голощекин жолдастың тікелей тапсырмасы бойынша мына төмендегігে қарап, ескертеміз.*

Бірінші, бай-кулактардың зиянкестігіне жол бермеңіз. Бірде-бір бас малы өліп, не шығын шықпасын. Басқаша айтқанда, жұмсауға ұлықсат жоқ. Қысқасы, адам елсе де, өзіне қатер төнсе де, қогамдық мал, астық (тұқымдық) сақталсын. Бұл айттығанның орындалысы туралы тікелей Голощекиннің алдында өзің есеп бересің.

*Аудандық партия комитетінің хатшысы.*

«Оқып болдың ба?» дегендегі бәрі маган қарады. Жалмаганбет, мен осы қағазды өзіне бермей қояды деген кісінше, қолын созып, тез ала берді де:

— Ал сойлес! Құдышреттеп не кемі бар мына хаттың! Бәрі күні бұрын шешіліп қойған. Мен Голощекин жолдастың алдында есеп берем! Ха-ха-ха!— Есіпен айрылған кісідей қарқылдан кеп күлді. Мал өлмесін! Қандай ессіздік! Осы хатты жазып отырган райком, қоқаңадаған Гнеу-дің басында ми, ес бар дегенге кім сенеді?

— Тілінді тарта сойле! Тым үзап барасың. Мұқанов!— деп қабагын түкситті Батырбек.

— Тілді қара жер тартпаса, мен тартпаймын! Жүр менің үйіме. Осы елді ііріп алақанында, ысқырып қотаңында ұстап отыр деген басқарма төрағасының бала-шагасы не күйде?— Ол шаққылдан, бар дауысын көтеріп, ашына сөйледі.

— Барайықши осынықіне,— деді көптен жақ ашпай, қаралы жапдай түнеріп тұрған Байегіз.

— Расында, колхоз басқармасының отбасын да коре-йік. Мұмкін,— деп Әбдірахман күмілжіді. Үнсіз қалған «Алғабас» колхозының жәшейке хатшысы Қапар ғана. Не болса да сыры ішінде, томен қарап, анда-санда мүйіз шақшасын сұрырып, астыңғы ерініне қоңыр насыбайды бір ытқытып қойып, шырт түкіреді де тұрады.

Ауыл сыртында, әй дейтіп жерде үстіне тері-терсектен жабу жапқан қоңыр ала сиыр арқандаулы жайылыш

тұр. Басқарма төрагасының үйі де жұпның екен... Үйге кіре бере дауыстады:

— Төрге бірдеңе тәсе, кісілер келе жатыр!

Тер алдында ескі текемет, оның үстінде жылқы терісі. Иргесіне ши тұтқан, үй іші сызды салқын. Бауырына уш-төрт жастағы баласын алыш, иштына шапан жа-мылған әйел басын зордан көтерді. Қөзінің алдында ісік бар.

— Құдай-ау, бір Жалмагашбеттен басқа тірі адамдарды да көретін күн болады екен ғой,— деп, үйге кіре-рін кірсе де, әлі состиши турегеп тұрган біздерді жалт қаратып, есіктен жас шамасы елулерге келіш қалған әйел мойның соза кіре берді. Үстіндегі киімі соңғы бірер айда жуу, сілку көрмеген. Эр жерінен сөгіліп, жыртылып, жұлым-жұлымы шыға бастапты. Терісі сүйегіне жабысып қалған.— Өкіметсіндер ме? Кімсіздер?— деп өзөурей сөйлейді. Ентігіп, демін зордың күшімен алғанда, өкпесі сырсыр етеді.— Қырындар, қырылдық! Ел қайда? Ел?! Мал қайда? Мал?! Ажалды кім айдан келді мұнда! Сендер! Мына сендер!

— Не деп тұрсыз? Бұлардың қолында не бар! Қүшің таусылады, әлің құрпды, бар, жат!— деген Жалмагашбетке:

— Ақтық демім алдында айтып кетейін. Өлем қазір! Қолдан олім ектіндер! Эне, эне,— деп әйел шапырашта-ныш, кірпігіп зорға қагып,— ауылдың бар итін шулатып белсенді, мылтық асынған уәкіл, былғары тондылар ша-уыш келеді. Қеп қалды. Қеп қалды. Тығыл, тығыл!— деп өзі бұғынып жатыр.

— Келін, келін,— деді сыйырлан,— ойбай, бір ауыз таңдайына тартыш отырган жалғыз сиырды да қуып ке-тер. Тұр, тұр. Мүйізінен ұстап тұрайық.

Әйел шынымен сылқ етін құлаш түсті. Елгезек Әбді-рахман шыдай алмады ма, әйелдің басын көтерді. Бірақ ол жансыз еді...

— Міне, олін бара жатып та кешегі азабын көз алды-на елестетіп кетті,— деді жан тері ағыл-тегіл төгілген Жалмагашбет.— Мен бұл кісінің олімін сендердің алдары-ца әдей дайындал койғам жоқ. Демі біткен жері осы да!— Қереге басында қыстырулы тұрган ескі шапанды әйелдің бетіне жапты. Тұнеріп кетті. Манағы Мұқанов емес, түрі қазаның түп күйесіндей.

— Мениң алты қабат мұз жауған, бір метрден артық қар түскен, бүкіл әлемнен ажал аралы болып боліп қалған Сарыарқаның осы жонында үйымдағасқан колхоздың

бір қора қойын қыстап алыш шығам деп қолымнан бір күн күрек түскен жоқ. Жілігім үзілер шақта көріп тұрған күніме, міне, өздерің күр болындар. Эне, жұдырықтай балам мен әйелімнің түрі анау! Жалғыз сиырдың сүтін шалапташ, өзек жалғаш осы күнге жеттік. Бір ауыл сол шалаппен шала-жансар жанын сақташ, өлмей қалды.

— Шапқан аттың дыбысы естілді! Кеп қалды! — деп бала құшақташ жатқан әйел орнынан үшшіш тұрып, құлап түсті. Тұс корді ме екен байғұс.

— Ештеме жоқ! Жат тыныш! — деді әйеліне зекіген Жалмағанбет.

— Міне, боранның өзінен ысқырығы жаман деген осы. Әбден зәрезап болыш, кешегі құғын-сүргін ауыл-ауылдың арасындағы алашапқын, «Асыра сілтеу болмасын, ашатүақ қалмасын» деген сұрапылдың адамның миына шөдеге болыш қадалған түрі. Байтақ даланың еркіндігін жанына серік, өміріне көрік етіп, емін-еркін бұла өскен адамды ойламаған қыспақа салғанда шыққан нәтінже! Мен аштықтан ғана емес, бұл қандай өмір, бұндай күйге қалай тап болдым, себебі не бұл азаптың, не бейіл, нендей күнәм үшін осы сорға кез болдым деп шерменде хал үстінде жынданып олгендердің талайын көмдім. Не күшім бар мениң ол сүмдүкқа қарсы тұrap?

— Жетті! — деді байсалды қалпын бұзбай Батырбек, — түсінікті.

Әлгіден де оци өзгеріп, түсі сұыған басқарма төрағасы:

— Банды қайдан шықты! Қазір де бар ол. Банды кім өзі? Ол ашынған, қаны қарайған, дүниедегінің бәрінен түцілген жанкешті адам! Қәдімгі өзіміз сияқты, мына мен, сен...

— Қазбалай берме! Тоқ етеріне көш, — деді шыдамы таусылған Батырбек.

— Неге қарабаламаймын! Бандыны қолдан жасаған, — дей бергенде тағы да:

— Мұқанов, есің дұрыс па осы сенің, — деп ақырын жіберді Дәүітбаев.

— Есімнің дұрыс-бұрысын өзім де білмеймін. Мен қазір шерменде пандемін. Өкінішім — қолда бар астықты, малды түп-түгел ашыққандарға таратып беріп, оларды неге өлімнен алыш қалмадым?! Ел олгенше, халық қырылғанша, мен жанымды неге піда етпедім! Менен сорлы ессіз қорқақ, надан жоқ! — Ол өз маңдайын өзі ұрып, күніреніп кетті.

— Енді бәрі бос өкініш! Қайран елім-ай, обалыца қалдым-ая! Құрмалдығың болғанымда адамдық мәңгі өмір

сүретін едім. Әй, ойласам, бандыны өзіміз қолдан жасаппаз. Оның әкесі — райком, шешесі Гепеу, атасы — Голощекин!

— Тоқтат сөзді! Оттама! Елді басқара алмаган өзіңнен кормей, не тантып тұрсың!

Батырбек әлгіден де қатты ақырып жіберді.

— Тоқтамаймын! Енді айтып өлем! «Өз бетін аяманған кісі бетін шиедей қылады» дегенді естіген шыгарсың, Батеке!

Шүйіліп, соңғы күшін бойына жиғандай, бір адым таянын тұрды.

— Әлі біреуі де тізе бүккеп жоқ. Қакқан қазықтай қақылып қалған. Банды емес олар! Банды жоқ. Өліп бара жатқан мал да соңғы рет тұяғып серпеді.

Жалмаганбеттің тынысы тарылып кеткендей, шекесін шеңгеліне толтыра ұстай сілейіп, күреңітіп тұрып қалды. Сейтсем, оқига былай өрбігеп екен. «Октябрь», «Алғабас» колхоздары үйымдастырылған жерде мал шаруашылығын диқаншылықпен байланыстыру жоспарлапады. Сол ниетпен колхозға тұқымдық астық қоры келтіріледі. Күздің қар аралас қара жаңбыры кезінде абыл-құбыл шымнан қабырғасы өрілген ескі үйді қойма етіп, тұқым астығын сонда құяды.

Арнайы қоймашы, күзетші тағайындалады. Жаз бойы айнала шапқылаған өкімет адамы, өкілі, басқасы бар байлардан тартып алғынан мың-мың қой-жылқыны сол кездегі республика астанасы Ақмешітке айдайды. Бай құрыған соң құрық орташага, одан кейін кедейдің бірлік жарымына түседі. Оны да алудың жолы — колхозға үйымдастыру болады. Қалған-құтқан жекеменшік малдың бәріп колхозға ерікті-еріксіз жинап алады. Бірлік жарым қалған қара-құрасын жұрт сойып, қысқа талғажау етеді. Ол қашанға жетсін. Базар шыға қоятып қаласы жоқ елдің басына аштық нәубеті ерікіз осылай келеді. Оның үстіне соңғы ғасырда болмаған қатты қыс жүтті да ала келмей ме?! Колхоздың үш-торт жұз жылқысы ығып, хабар-ошарсыз ол кетеді. Колдағы қойды басқарма тәрагасы өзі бас болып көзден таса қылмайды. Әбден ашыққан ел ақпаниң көз көрмес ақ боранын жамылын кеп астық сарайын талаң алады. Міне, аудан, облысқа дүниені дүрліктіріп жеткен банда тарихы.

Манадан өз көзімен көрген қиямет күндерін есіне қайта түсіріп тұрғандай Жалмаганбет:

— Банда деген сүмдышты білгілерің келсе, айтайын. Сонау Голошекин, мына өздерің бастаған үкімет оны қол-

дан жасадыңдар. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Енді мені сусыз жерде қуырыш, сулы жерде асып жейтін қандай құдышет болса, келе берсін, дайынмын,— деп ентіге тоқтады. Біреуі тіс жарып тіл қатпай, мөлиіп-мөлиіп тұрып қалды. Бір кезде Әбдірахман:

— Бұ не тұрыс, қозгалайық. Болар ойран болыш, өтіп кетті. Енді пе істеу керек, қалғанымыз да қырыла бере-міз бе! Тіріге тіршілік қамы керек,— деп ойлы сөз тас-тады.

— Жо-жо-жоқ!— деді Мұқанов тагы кекештене бәрі-мізді ішіп-жеп.— Әлі көріп болған жоқсыңдар! Иә, адам-мын дейтіп саналы пенде көзben көріп, күә болмаған мас-қара жатыр мына қырдың астында! Соған жүріңдер! Одан әрі тагы,— деген ол маңдайынан бұршақтай тогілген қа-ра тері шығып, ілгері қозгалды.

— Жақа,— деді Байегіз,— шыбының шырқырап, жа-ның қүйзелгенин білдік бәріміз де. Біздің қолда не бар, болғанды, өткенді қалпына келтірер, қатені түзете қояр не құдірет бар? Бізді қинай бергенде, не өнеді? Батыр-бек те мұнда Генеудің адамы болып келіп тұрган жоқ. Осы жердің, құдай киелі жаратқан, қазақ деген халықтың қысылғанда тәуеулі етіп бетуә табатын Ұлытауында туып, кіндік қапы тамған төл баласы болған соң, өз кө-зімен көріп, қайғыға ортақтасуға келді. Үкімет орнына айттар, баиндар, түсіндер,— деп басу айтқан болды.

— Эй, Байекем-ай, үш күннен кейін тозақда да үйре-неді деген рас екеніне мына мен тірі қуәмін. Өмір оқініш-тен тұратынына, әттеген-айдан жаралғанына тағы ке-пілдік етемін. Осы сұмдық, бәлки, болмас та, болса да дәл осындаі бір тайпа елді отанымен жалмап кетпес те еді. Аспанин түсті ме, жерден шықты ма, қаңтардың ала-қүйін ақ бораны туласа соғып тұрган күп еді ол. Қасын-да екі атқосшысы бар, үстінде ат сауырын жапқан дәу-тон, астында ауыздығын қарш-қарш шайнаған боз тар-лан ат, Генеудің бастығы сап-сары ала боп жетіп келді. Өзі де түйедей ірі, көзінен көкпенбек жалын тулаған сұс-ты, алпамсадай неме екен. Жанымды қоймай, тік қойып, «колхоздың бар малын көзімің қарашығындаі сақтай-мын. Бір мал өлсе, қоса өлемін. Ит-құс, басқа көлденең шығынға берсем, не жаза болса, басыммен көтеруге да-йынмын» дегізіп қолхат алып кетнеді ме? Эй, әттеген-ай,— деп астындағы жұні іріп, қыршаңды жүйкелеткен атын бауырга тартып-тартып жіберіп жөнеле берген оны жәшайке хатшысы Қапар:

— Жақа, Жақа!— деп артына қаратты. Бірақ Жалма-

тапбет бүлкектеп желе жөнелген бойы ілгері озған бетінен қайтпады. Бәріміә соның соңынан шұбыра жортыны келеміз. Бір аласалау төбеден асып түсіп, қалың тобылғы, қараған үйіса ескен терең сай табанға келіп, Мұқанов атының басын тартты. Ер адамның ағыл-тегіл егіле жылағанын бірінші көрдім. Көз жастың да козі ашылған бұлақтай ақтарылар сәті бола ма, әйтеуір, оның бетін жуған ыстық жасы төгіле берді. Бәріміз үнсіз, тіліміз байланған. Қемсеңдеген ол:

— Қоріндер! Міне, күні кешегі бірге жүріп, тай-құлындау тебіскең, шұрқырасын табысып, шүйіркелесіп тіл қатысқан бауырларың жатыр. Бірақ олар олі, тілсіз. Бәрі де аштан елді. Қансыз қырғын деген осы! Өліп бара жатқанда, жүрек үзіліп, көзі қарауытып бара жатқанда адам не істемесін. Астық сарайды талаған бандаларың бұл жатқандар! Бірлі-жарым тірі қалғанын айдаң кетсеңдер де еріктерің!— деген ол көзі қып-қызыл бол.— Әне, не кебіні, не қабірі жоқ! Eh-eh! Е-е,— деді сыңсып,— осылардың ең болмаса жүзін жасыруға да күшқуат таппаган, қайран елім!

Ол атынан құлап түсті. Айнала иіс, қаңсыған, борсығап, сасыған, тыныс буып, жүректі айнитқан алапат.

— Кетейік,— деді біреу шыдамы таусылын.

— Жоқ—жо,— деп дауысын созды Мұқанов,— мыналардың жүзін жасыру керек. Ендігі міндет — індет таратпау. Халықтың қалғанын қырмая!

Манадан үн-түнсіз тұрған Батырбек:

— Жігіттер, Жалмағанбет дүрыс айтады. Қане, түсіндер аттарынан,— деп бұйырды.

Сол күн ымырт жабыла басқарма төрағасының үйіне жетіп, киімшең құлай-құлай кеттік. Келесі күні әңгіме қайта қызды. Тағы да сөзді Мұқанов бастады:

— Бәріміз қатар естік, осы топырақта тудық, еліміз де, жеріміз де осы. Бір атадан, қазақ есімді бабадан тарап, бір анадан өрбідік. Содан да сендерден жасырарым жоқ. Ертеңім ушін қиналып қорықпаймын. Тәуекел! Не болса да қондім. Әйтеуір, шындық сырына жетсем болды. Бұл не? Менің осы сауал жанымды жегідей жейді. Бірақ жауап, сан толғанып күні-түні ойлансам да өзімді тыныштар уәж таппаган соң, бұ қалай деп, өрем жетпеген сол сауалды бәріңде қоямын.

— Осы нәубетті не үшін жасады? Кім жасап отыр?— Аз үнсіздік жайлады. Біріне-бірі қарап отыр.

— Кім әдейі жасады дейсің. Құланның қасуына мылтықтың басуы тура келгендей, колхоз құрылышына қыс-

тың қаттылығы кез болды той,— деді мәселең икүйкерткісі келіп Әбдірахман.

— Және қысқа дайындық болмады. Шабылған шоң, қора-қопсы, жайылымы, үйірі басқа әр жерден жиылған көп мал тұратын дайып қыстауы жоқ,— деп қостады Байегіз.

— Онда биыл асықпай-ақ, келесі жылды колхозга үйімдасса да болатып еді-ау,— деп қалды әрқашан аузын бағып, асықпай ойланып сейлейтіп Қапар.

— Әй, қайдам, осының арғы тегінде масқара, біз түсіне бермейтін зымияп ой жатқапдай көрінеді маган,— деді Жалмаганбет.

— Не ой ол сепіңше?— деп Батырбек бар зейінін қоя бұрылды.

— Ол ма, ол асыра сілтеу болмасын, аша түяқ қалмасын деген айқай ұранда жатыр. Осы не сөз?— Біз де ентелей елеңдесе қалғанбыз.

— Жарайды,— деді сөз бастаган Мұқанов,— асыра сілтеу болмасыны, бекерге даурығын, кедейге теңдік ти-ді екен деп, барды жогалтып, жоқтың тамырын қазып кетпейік дегені шығар. Демек, ақылмен іс қылайық. Шаш ал десе, бас алмандар деп ескерткепі болар. Ал «аша түяқ қалмасынға» жол болсын.— Бәрімізге осы мен дұрыс айтып тұрмын ба, тусінесіндер ме деген сыңайда қарап алады.— Бар пәле осы аттандаған ұраннан шықты емес не? Нең қалды бүгін? Асыра сілтемеген, қаусатпаган, түп-тамырын қопармаган, қырып-жоймаган нең бар?!

— Ойпырмай, Жалмаганбет, сен сұңғыла бәле ме едің. Бәрін жүргегіннің басына тоқи беріпсің-ау. Әбден түнілген, қоңілі қалған адамның сөзі той мышашын,— деп сөзуарлау Байегіз қопаңдап кетті орынан.

— Саспа, байғыз да бекер шақырмайды демей ме халық. Басыңа түссе, жаның қан жыласа, көзің өлімнен басқаны көрмесе, барада жер, басар тауың азаң, қайғы-қасіретке бөгіп жатса, сеп шырылдамай, сен ойланбай, толғанбай күн кеше алармысың?! Өмір-өлім белдескен нарасат майданында жүрсөң!— деп үлкен көзін кеңірек ашып, маңдай терісі қырыс-қырыс бол, ашына тағы көз тікті.

— Сүмдүк болды той, әйтеуір,— деп Әбдірахман күрсінді.

— Мейілдерің, не десендер, о деңдер. Мына Батекеңмен қандастығымды айтпаймын. Генеуде туыс-туған, ба-ла-шага, халық болмаса керек. Зор болса, айдал кетер,

сottар. Мен өзімді өлгендерден жүрегі талып, өзегі үзілгендерден артық санаамаймын.

— Өй, сен өзі,— деп Батырбек шоқ басқандай жалт бұрылып,— тіл тигізе бастадың-ау маған да. Мен қайбір жетісіп түр деп едің,— деп санаасында аяугершілік пе, жазықсыз коз жұмғандарға жапашырылық па, нәубет сүмдіғына қайыса қалған сезім бар екенін байқатып қалды.

— Маған да керегі сол! Сол! Қор, ақыл, парасат, иман таразысы олшенсін. Өзің безбенші болшы,— деп Жалмаганбет серпіліп, еңсе котерді.

— Несін айта береміз! Бұл таусылмайтын қасірет, өшпейтін өкініш, орны толмайтын қаза гой,— деп «Алғабас» колхозының жәшпейке хатшысы тагы да әдетінше екіуш сезін санаап таstadtы.

— Уай, бауырлар, осы нәубет сонау алыстағы ысқырығы жер жарған ұлықтардың зымиян ұзақ жоспарымен келгендей корінеді.

— Иә?..

— О қалай?

— Елді қыру жоспары да бола ма екен?

— Егер сондай алыста жатқан, түптің түбінде көзденген бір мақсат болмаса, дәл осы сияқты қыргын да, асыра сілтеу де, баланы әкеге, ішіні ағара, қызды шешеге карсы қоятын саясаттың етек алуды мүмкін бе? Не құпиясы бар: әліпті таяқ деп білмейтін, ана қырдан аспаған саутасыз кедейді белсенді етіп атқа мінгізді. Елдің ақылы, есі бар басшысына дуре салдырды, жер аудартты. Қараңғы елді мақтайды-мақтайды қырық пышақ етті. Өтірік пе?!

Жалмаганбет сойлеген сайын шешен, ойлы бол бара жатты. Әр сезі ойландырып таstadtы. Жауап іздеуге мәжбүр етеді. Ондайда бәріміз де мойнымызға су кеткендей үнсіз қalamыз.

— Сонда, сізше, осы нәубет, ел басына түскен киыншылық қолдан қасақана жасалған бола ма?— дедім осыған дейін тек тыңдаушы бол келген мен де.

— Эрине!— Мұқановтың дауысы шашқ етіп қатты шықты. Ойланбады.

— Бекер шығар,— деді Батырбек.

— Қателеспе,— деді Байегіз.

— Ойланатын пікір екен,— деп шырт түкірді Әбдірахман.

— Апырай, э,— деп Қапар оның бетіне жаутаң қақты.

— Енді тыңдаңдаршы. Ақыры айтарымды айттым. Біржола сарқылып, ішімдегі шерімді құдай жаратқан Са-

рыарқамның жазығында, бәріңінде көз алдарында бір ақтарып тегейін.

— Жақа,— деді атына мініп, тебіне қозгалған Батырбек,— сіз шерменде жанның гана сөзін айтып тұрған жоқсыз. Ойлы жанның көкейтесті шікірін де суыртпақ-тап кеттіңіз, соны қазбалай беріп қайтесіз. Жетер енді,— деді.

— Жетпейді, Батеке, әлі қанама толған жаным жай табар емес. Тыңдасын жігіттер. Бәрібір Гепеу мені тірі қоймайды. Бір қора жылқы құрыды. Өлген қойы, талауга түсken тұқым астығы тағы бар. Ендеше, өзімді жеп жатқап тажал құртын айтуым керек.

— Айтсын. Не тұр мұның сөзінде.

— Коніл кірі айтса кетеді.

— Сөз құған бәлелеге жолығады,— деп Батырбек тағы бір қауіштің төбесін қылқитты.

— Мейлі, айтып өлгөнге, ертең келетін сұмдықты түстеп бергенге дарға асылған пенде өзі де арманда кеттім демейді. Мен көндім.

Мұқанов кәдімгі шешінген судан тайынбастың кейіпіне енгел. Бір сәт қанын ішіне тартып қап-қара totықкан жузі қылаңытыш, іле көз жұмарда жарық дүниені қимай беті құлімсіреген жантәсілім алдындағы кісі тәрізді жылы шырай тапты.

— Ең бірінші ішімді тартатын күнәмді айтсам, малды тартып алды емес пе?

— Алды,— деді Әбдірахман.

— Сол мал қайда?

— Айдал кетті гой...

— Қайда айдал кетті? Кімге айдал кетті? Неге айдал кетті? Осы елден біреудің алашағы бар ма еді?— Жалмағанбет шаптығып барады.

— Қызылордаға айдал барып, мыңғыртып үкіметке өткізгені ақиқат,— деді Байегіз басы-қасында болғандай.

— Әп-бәрекелді! Осы шындық қой, әйтеуір,— деп тағы қоптатып алғысы келді ме, Жақаң кідіре қалды.

— Бұ сөзде жалған жоқ,— деп қостады Әбдірахман.

— Дұрыс, жалғаны жоқ екен. Енді ойлас көріңдерші бүкіл өмір бойы тек малымен гана күн көрген, кең байтақ даласында емін-еркін жатқап елдің бар тіршілік тамыры үзілсе, оның тағдыры не боларына кім көз жіберді? Ешкім де. Және менің пайымда, әдейі қасақана халықты қыру үшін есеппен жасалған сұмдық бұл. Әйтпесе, қазақтың бар малын сыйырып алып, өлмесең, өрем қап дес мес еді. Бұл — бір.

— Соңда бұл алдын ала есеппен жасалған қырғын ба?

— Ойбай-ау, енді қалай ойлан ең! Малдан өзге тіршілік көзі жоқ қазақ күн көріспен айрылған соң өлмегендеге қайтеді. Басқа кесіп, күнкөріс көзін көрсетіші. Екінші сұмдық: не өңінде, не түсінде көріп білмеген, үш ұйықтаса ойнида жоқ серіктік, колхоз дегенде жатыр. Байды байша, орташаны орташа деп мал, мұлқін тәркілеп алыш, бар салмақты тас маңдай кедейдің өзіне салған жоқ па? Сейтті де, сорлының жалғызын жинап ортаға салды. Бір ауызben ас ішіп, көп қолымен жұмыс істейсің деді. Соның нәтижесі, таусылmas тауқымет — қазір ел тартқан қасірет.— Жалмағанбет дәріс берген ұстаздай сайрап кетті. Қөкейін жарып, жанын қүйдірген нәубет оны бұлбұлдай сайратып жіберді. Айтқап уәждері орнықты әрі дәлелді. Мойын бұргызатын емес.

— Мен көрмеген сұмдық қалды ма?— Дауысы удай ащи шықты.— Адамның жан дауысың естігенің өз алдына. Ал есігінді, қотаныңды күзеткен иттің дауысы қүйқа тамырыңа дейін шымырлатып, сай-сүйегінді сырқыратып жібереді екен. Қурап, ассыз қалған итаяғын кеміріп, тұмсығын көкке сауып ұлығаш аш иттің үні дүниені азанқазан еткенде жаныңды қояр жер табу қынын. Соны көрдім, естідім, өксідім. Шыр-пыры шығып таңдайы тақылдап наң сұраган ессіз сәби, енкейген, әлі кеткен қарт, үйелегендей жілігі үзіліп, тұра алмай, шөғіп қалған нар жігіттер, құлтілден ісіп, қара көзінен оты өшкен арулар кетті өмірден.

Осы сұмдықты кім жасады? Кім? Қайсысың жауап бересің? Бұл құдайдың құдыреті емес, жер бетінде ізгілікке қарсы бітіспес күреске ібліс қимылмен аттанған жауыздық. Надандық қара жамылған. Топас қатығездік.

— Ту-у, Жалмағанбет-ай, миды қайшатып жібердің-ау! Дүниеден безіп, өмірден түңілдіріп баrasың. Сәл сабақа түс. «Орнында бар оңалады» деген ата нақылы ше?— деп Батырбек қиналасын білдірді. Оның қарасүр өні неше құбылды осы сәт.

— Эй, Батеке, айтар тоқ етер ойымды сарқайын. Жеріме жетейін. Экесі өлгеннің де естіртеді деген дуалы ауыз қазақ. Менің журегімнің басындағы жалғыз қортының Голощекин бастаған, аргы жағындағы мықтыны біле бермейтін ұлықтардың түпкі мақсаты — қазақты жер бетінен жойып жіберу. Ол үшін осы «аша түяқ қалмасын» деген үранды «асыра сілтеу болмасын» деген сөзben көлгірсітті.

— Тек, тым қатты кеттің,— деді Әбдірахман.  
— Басқа айттар қарсы дәлелің бар ма, Әбеке,— деп қалды Байегіз.

— Апырай, ә,— дей берді Батырбек.

— Тоқ етері, сонау Шыңғысхан жорығына, қалмақтар шабуылына не бір тарихи қызын-қыстау қысталалаңдарда батырлық, ерлік, жаугерлігі, бірлік-тұтастығы арқылы бой бермей, жиырмасыншы ғасырдың есігін айқара ашқан қазақты тек аштықпен қырып құрту жоспары бұл. Менің қорытындым осы!

Әлі көп мәселеде өз пікірім қалыптаспаған маған мына сөз бұлтсыз аспанда жай ойнағаннан кем түскен жоқ. Батырбек не айттар екен? Қасындағы көк мылтық солдаттарын қайтарып, өзі одаша бекерге келген жоқ қой. Әдейі барлау жасап, жансыз жүріспен жүр емес не деген ой бүйірімді түрткілейді. Ол жұмған аузын ашпады. Былай шыға Байегіз ғана құлагыма сыйырлад:

— Базарбек, келепегің бар жігітсің. Ел қасіреті, оның гағдыры жайлы талай сөз айттылды. Есіңе сақта. Мың естігеннен бір корген артық,— деді қабағын шытынып.

«Октябрь аулынан шыққан біздердің басымыз қосылмай, іріп келеміз. Әркім өзімен озі болып кеткен. Ақбас, Суықбас бұлақтары көрінген кезде алдымызда оқ ғойы кетіп бара жатқан Батырбек атынан тұсті. Шылбырып шешіп алыш, атын шідерлеп отқа жіберді. Басқашар да келіп, одан көргеніп істеді. Батырбек үстіндегі гүйе жүнінен тоқылған боз шекпенін астына төсеп қисайды да, көзін жұмды. Бәріміз соның аузын бағыш, үн қатпаймыз. Үкімет адамы, жауапты қызмет иесі және ол қызмет істейтіп мекемесінің аты да қиядан шаңқылдаған қыранды да дур сілкінтелді. Ол аз жантайып жатты да:

— Жігіттер,— деді тынысы тарылып.— Өлген өлдіғой. Жалмағанбет тірімізді де өлтіріп жіберді. Құр кеудеде шыбынам бар демесем, өз басым тәркі дүние боп, қолыма ақ таяқ алыш, ел кезіп кетудің аз-ақ алдындағын. Не қалды, біз ішпеген у қалды ма?— Көзіне жас үйірліп, қабағы қатып, мұз түске енді.— Сорлы ма едік, ес-сіз бе едік! Осылай азыш-тозып, көмусіз, кебінсіз әр бұтаның түбінде сүйегің қала берсе, құрып бітшегендеге, не боласың?! Мұнша қор боп туармыз ба?! Ата-баба аруағын қор етерміз бе?! Айт! Айт! деп айқайлағанға далақтап шауын, тұқым-тұқиянымызды өзіміз құртуға аттанған бейбак елім-ай!

Сай сүйегім сырқырап кетті. Аяп кеттім оны. Дәрменсіздік жеңғен, қолынан ештеңе келмейтін, күнірен-

ген ел серкесінің түрі мынау болғанда, басқамыз не оца-  
мыз,— деген әзәзіл ой қөкірегімді шаршып отті.

— Қаша қайғы жұтып, қасірет шеккеммен, қолымызы-  
дан не келеді? Қайтеміз енді,— деді Байегіз жыларман  
куй кешіп.

— Ендігі мақсат — тірімізді сақтайық,— деді Әбдірах-  
ман.

— Эйтеуір, бұл екінші «Ақтабан шұбырынды, алқа-  
кел сұлама» болды. Қай жерде де оліп жатқан қазақ, бо-  
сып кеткен қазақ. Содан да, Мұқановтың ойында кейбір  
шындық жатқан сияқтанады маган. Басқа кәсібі жоқ ел-  
ді тығырықда тығып ажал оқпанына қамау өдейі жа-  
салған тәрізденіп кетеді.— Осы сөзді айтарып айтса да,  
Қапар да біреуден сескенгендей, едәуір қуыстанып отыр-  
ды.

— Иә,— деді Батырбек.— Бәрі түсінкті.— Басқалар  
ләм демеді. Журіп кеткеміз.

— Мен «Алғабасқа» соқпаймын. Төтелей ауданға тар-  
там,— деді тағы біраз кідрістеген Дәүітбаев.— Естеріңде  
болсын, үлкен тергеу болады. Бар мәселе банды төңіре-  
гінде. Арты сот қой. Эйтеуір, бірінді-бірің ұстап беріп  
жүрмендер. Мен сендермен сырласқам жоқ. Бұғынгі күн-  
нің сұранылы жайлыш ештеме айтқам жоқ.

Ол желе жортып қыр асып кетті.

Маусым айының орта шені. Дүрсілдетіп шауып кел-  
ген атты үйдің тұсына келе беріп:

— Базарбек! Базарбек!— деп ат үстінен айқай сал-  
ды. Жүгіре шықтым. Құн көтеріліп қалыпты. Аспанда  
қойдың тұтас жабағысында жаңбақ-жаңбақ бұлт кө-  
шип барады. Жаз болса да, ауда салқын сыз бар. Төсек-  
тен жаңа тұрган денеме сұық жел тікендей қадалды.

— Ой, сен керіліп, созылыш,— деген ол.— Тез! Сот  
келді. Сот шақырады,— деп дегбірді ала жөнелді.

— Келсе, қайтем! Келе берсін, кете берсін,— дедім  
қытығын.

— Өй, есің дұрыс па? Сот деп тұрмын ғой саған,—  
деп қаймықтыра сөйлеген ол өзінің қобалжып тұрганын  
да аңғартты.

— Е, сот адам жей ме екен?— дедім шақырушуның  
шамына тигім келіп. Расында, сот деген атының өзі кім-  
ді болса да үркітетін айбаты барын өзім де сеze қалғам.

Октябрь ауылы сыртына оңаша тігілген киіз үйдің тө-

ріне үстінен қызыл шүберек жапқан жозы қойылыпты. Үш орындық. Ортага сот өзі отырды. Қорасап дақты, көк көзді, орта бойлы сары кісі шақшиш, қалышылдаң тұр. Ернің жыбыр еткізіп амандақсаны болмаса, қабагын ашқан жоқ. Зәрін шашып отыр. Соттың түсінен сескене мө әлде қаһарынан қорқа ма, жұртта үрей қалмаған. Сот мәжілісін үлкен айбат шеге тұрып ашты. Ең алдымен қойма меңгерушісі Әшірбековты шақырды. Алғашқы сауалын дауыстаң:

— Айыпкер Әшірбеков, не үшін айыпты екенінді мойындаисың ба?

— Енді, көке-ау, өзің,— деп дір-дір қаққан оның сөзін бөлін:

— Саған негылған көке! Бұл сот! Қеңес соты. Қызыл отау соты!— деп кесіп тастады.— Сауалға нақты, дәл қысқа жауап бер. Айыбыңды мойындаисың ба?

— Қайтем енді?— Қөзі атыздай боп жапақтады.

— Айыбыңды мойындаисың ба деп тұрмыш мен саған.

— Зорлықпен басып-жапшып, күшпен тартып, таларап...

— Әшірбеков, қылымсыңды мойындаисың ба?

— Мен қылымыс жасағам жоқ,— деді анау кепет шоқ басқандай баж ете қалыш.

— Қылымыс жасамасаң, түқымдық астық қайда кетті?

— Ойбай-ау, бір дәнін де жегем жоқ. Аштар бір түнде қол-аяғымды байлаң тастап, қойманың есігін бұзып, таларап кетті.

— Сен қоймашы емессің бе?

— Қоймашымын.

— Құзетшің бар ма?

— Бартын.

— Ол қайда?

— Ол қойманың алдында жататын. Оны да байлаң тастады.

— Мылтықтарың бар ма еді?

— Бартын.

— Неге атпадындар?

— Аттық.

— Кімді аттыңдар, үріні ма, даланы ма?

— Әрине, адамды қалай атасың? Бәрі туыс,— деген ол кемсендеп. Қөке-ау, өзіңде дө алыс емес қой олар,— дей беріп еді.

— Тоқтат ондай сөзді. Нақты сұрақда жауап бер,— деп алдындағы қоңырауды қағып-қағып жіберді.

— Өзің сұрайсың жанды қоймай, жауап берсем, ашу-

лаиасың,— деді Әшірбеков әлі еш нәрсенің байыбына бармаған қалпы.

— Бір тұқымның ендігі бас көтерері өзің. Сенен бас-қа жанашиыр кіміміз бар?— деп қалды тағы.

— Әшірбеков, қылмыстыға сот болыса алмайды. Астық қайда, соны айт!

— Астықты ашыққандар талаң алды.

— Сен қоймашы емессің бе?

— Иә?

— Астықты үрлаттың емес пе?

— Құштеп тартып әкетсе не істеймін?

— Жетті. Қарулы қүзетшің бар, өзің бар, онан да қолдан таратып бердік туысымызға демейсің бе?

— Өліп бара жатқаш олар кімнен қаймықсып. Құш қолданып, басып алыш кетті ғой.

— Өсылай де.

— Иә.

Көкше Жәутіковтің түсі кіретін емес. Әлі орындыққа бөксе басқап жоқ. Қылмыскерлерді, қойманы талағандарды біріпен соң бірін шақырып, тергеуден өткізіп жатыр. Орта бойлы, үсті-басты алым-жұлым, қолдан илеген тері шалбар киген жалпақ бет, мұрнының ортасы басың-қы кісі жауапқа:

— Ассалаумагалайкум, бауырым, өзің болмасаң,— деп аяғын сұлтып баса, жантандай сөйлеп келді.

— Қыскарт сөзді!— деп айқай салды Көкше.— Бұл сот! Негілған бауыр саған. Сотта бауыр жоқ! «Ассалаумагалайкум!» Мешітке келіп пе едің? Не сәлем бұл?— деп тыйыш тастады. Анау алақ-жұлақ оның бетіне, «расы ма, отірігі ме осының» дегендей, жаутаңдал қарай берді.

— Сөйле, қанша астық үрладың?

— Ұрлагам жоқ, өліп бара жатқан соң қойманың есігін бұзып...

— Қанша адам қатыстындар?

— Он адам!

— Аттарын ата.

— Ол шұбырта жөнелді.

— Қанша астық алдындар?

— Бір ауыл, әр үйге уш пүтттан тиді.

— Қоймашымен күні бұрын келісіп істелді ме, бұл қылмыс?

— Атама! Әшірбектің баласынан ондай аяугершілік шығады деме! Болмаған соң байлап тастап, тартып алдық.

— Сонымен?

— Сонымен сол бір тұқымның баласынан, озің сыртта жүрсің, көбі аштан қырылып кетті. Үш-төрт үйде тортбес жап сол астықтың арқасында тірі қалдық.

Көкше көзі тұздай болып, Мұқаш екеумізге кезек-кезек қарал:

— Уай, сенің есің дұрыс па? Мен сенің туысың емесін. Сотпын. Ал сот қылмыскерді аямайды,— деді.

— Эй,— деді анау қып-қызыл боп бетіне қаны ойнап,— сен не, мені рас танымай тұрсың ба? Сен Жәутік көкемнің баласы Көкше емессің бе? Болары болды, еліп бара жатқан соң солай істедік. Немене, әзірейіл бөп қадала бересің. Сот болсаң қайтейін, сол туысынан бесін деген закүнінді көрсетші маган,— деп тік салды. Көкше қалышылдан кетті.

— Отыр!

Айыпкер жалп етіп жерге отыра кетті.

— Шақыр Мұқановты,— деп бүйірды. Жұлмағанбет кірді.

— Бері таян!— деп Жәутіков оны столының алдына жақындаатты. Ол да аяғын зордың күшімен басып, сottың бетіне қас қақпай қарап келе берген.

— Мұқанов,— деді алдында жатқан «қылмысты» істі ақтарың жатып,— не үшін сottы болып тұрғаныңды білемісің?

— Білем.

— Қылмысыңды мойындаисың ба?

— Мен қылмыс жасағам жоқ.

Көкше біреу біз сұғып алғандай жалт қарады да, зәрін төгіп:

— Айыпкер Мұқапов, колхоз құрылышына сен келтірген зиянды кәпітәліс те, боржай да жасаған емес. Әміркән бастаған ентербенттер де мұншалық ойсыратқан сұмдық жасай алмаған. Ал сен?— деп адырайды.

— Менің қылмысым қайсы сенишे?

— Сенсіреме. Бұл сот! Қеңес заңын іске асыратын ең соңғы нүктө! Сыпайы сөйле. Тарт тілінді,— деп жекіп алды.— Колхоздың астығын астыртын келісім жасап, сыйбайластарыңда таратып бердің. Ол тұқымдық астық болатын. Отірік пе? Рас! Міне, содан биыл «Октябрь» колхозы егін екпей қалды. Бұл колхоздың құлату, елді екінші аштыққа ұшыратып, қолдан қыру деген сез. Қысқа дайындықсыз келіп, колхозға дайындауда қасақана етекбастылық жасап, орталықтың бар жылқысының жұтқа ұшырап, қырылуына қастандықпеп жол бердің. Халық арасында үйымдағасқан шаруашылықтың беделін түсіріп,aby-

ройын кетірдің. Қазіргі елді кеңестендіру ісіне біле тұрақтары әрекеттер жасап, шаруашылықты ақсаттың. Не айтасың бұган?

— Мұның бәрі жала! Мен өзімді қылмыстымын демеймін.

— Дәлел?

— Ақыра бермеңіз маған,— деді наразылық білдірген Мұқанов...— біріппіден, колхоз ақ қар, көк мұз түскен желтоқсаның ортасында үйымдастырылды. Ауданнан шыққан өкіл, жергілікті белсенді, колхоз болса, ұжмаң орнайды деп, «Октябрь» колхозын құрды. Қедейлердің қолындағы тоқты-торым, тайынша-тана, жалғыз қылқұйрығын еріксіз ортаға салғызды. Сол мал үшін кім шөп дайындалған еді? Қыста шепсіз майдың өлөтінін, жұттайтынын кім есепке алды? Өкімет оны білмеді ме? Білді. Бірақ соны не болса, о болсын деп әдейі істеді. Қырылып кетуге негіз қалады.

— Байқап сөйле!— деп қалды сот. Оны Жалмағанбет тыңдаған жоқ.

— Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарындар деп бытырап әр жерде отырған бейбақтарды еріксіз айдаң келіп, бағы заманда салынған шым үйлерге екі-үштен біріктіріп қыстатты. Не баар базары, не жақын жерде жерде өндіріс, қаласы жоқ аш-жалаңаш ел аштыққа ұшырады. Ақыры қырылды. Ашыққандардың аузына кім су тамызды? Өлмесең, өрем қап демеді ме, мұндағы үкімет... Гепеу бір жағынан. Аш адам өзі өліп бара жатып кімді аяйды?— деп кідірді.

— Нақты жауапқа көш. Баяндама керек емес.

— Мен жауап беріп тұрмын.

— Сөз емес, қылмысынды мойында.

— Мен ешқандай қылмыс жасағаным жоқ. Ал әділ болсаңыз, қылмыс жасағандарды даладан іздеменіз, ауданнан, одан әрі ұлықтар отырған жерден іздесіз,— деді.

— Мұқанов, сен өзі төске шауып барасың гой. Аятынды тарта сөйле!

— Мен айтып болдым,— деді отыратындағы сыңай таңытып.

— Астықты, тұқымдық астықты әдейі таратып беріп, бандылар тартып әкетті, қоймашыны, күзетшін байлаң тастады деп, бұлталақ жауаппен құтыла алмайсың. Өнан да шындығынды айтсаң, айыбың женілдейді. Қешірім береңіз. Қане, сөйле!— деп қайда тікшиді.

— Азамат сот, мен бұл сіз айтқан жаладан аулақпын.

— Был көктем егін салынбай қалды емес пе?

— Тұқым болмаса, тас егеміз бе?

— Міне, өзің айттың шындықты. Сол тұқымдық астықты елге үрлатқан, айламен құртқап басқарма төрағасы сен емес пе?

— Егер мен біледі, өзі солай істеңдер деп айтып еді десе, мына тірі отырган, сол астықты ішін-жеген өз туыстарың жауап үстінде отыр. Айтсын,— деді ашынған Жалмағанбет.

— Мұқанов, мен туысымға емес, қылмыскерге сот құрып отырмын. Ойланып сойле,— деді ызығарып қайта төккен сот.

— Мойында қылмысыңды!

— «Қылмыс, қылмыс» деп айқайлай бермеңіз. Қылмысты көрмей тұрсыз ба? Қараңыз, күні кеше ата-баба есken атырапқа. Жылан жалагандай бүтін. Менің қылмысым ауыл-ауылымен аштан қырылып, қаны қеүіп өлген ел алдында ештемемен ақталмайды. Ол — қазіргі өкінішім, жүргегімнің басына шемен болып қатқан шер!— Жәүтіковтың бетіне болмашы жылы шырай жүгірді. Ықылас қоя тыңдады.— Құпі-тұпі жанымды жеген қасіретім де сол, неге гана аштан еліп бара жатқап бақытсыз халыққа, дарға асылып кетсем де, қолда бар малды таратып беріп, тірі сақтап қалмадым? Әттегене, жалған-ай!— Жалмағанбет сылқ етіп отыра кетті. Маңдайынан бөртіп тер шықты.

— Тұр! Бұл қылмысы бардың еркелейтін жері емес!— Мұқанов қозғала қоймады.— Қылмыскер Мұқанов!— деген екінші дауыстан кейіп көтерілді орнына.— Сейле!

— Сейлеп болдым! Мен ашынған, ашықсан халықтың бар қасіретін, оны тудырган себепті, өзімнің еш пәрсеге кінәлі еместігімді айттым. Міне, ақ түтек боранда, кек мұзда малын сақтаймып деп, қолымшап күрек түспей, алақаным мүйіз болып кетті.— Ол түйенің табанындей беріш мүйіз бол кеткен алақанын жазды.— Анық әділ сот болсаңыз, қараңыз, осы тұрган менің күйім қандай?— Қаркенедей бол күйіп, әбден жүдеген Мұқанов расында қалт-құлт етіп зорға тұр еді.

— Мұқанов,— деп жылы шыраймен қараван Мұқаш,— сіз жауабыңызға қайта-қайта кінәлі емеспін деп айтып тұрсыз. Құлтектемей, ашып айтыңыз, елге келген нәубетке айышты басқа біреу бар ма?— Жалмағанбет шоқ басқандай:

— Ойбай-ау, бұл қасіретке басты жауапкерді осында неше рет айттым. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деп кім үрандаса, сол айышты. Сол қылмысты!

Басқа жақтан кінә іздеудің орны жоқ,— деді қалтырап.  
— Пан Па! Кемеңгер Мұқанов қалай-қалай сілтейді,  
ей! Енді бар айыпты кеңес үкіметіне аударып тастап,  
сытылып кетпек, ə?! Ол болмайды, болдырмаймын!— деп  
қадала түсті Қөкше.

— Бұл қияннаттың әкесі бар.— деп қалды Жалмаган-  
бет тағы бойына қуат жиши.

— Ол қайда? Қорсетші,— деп түре тиді Жәутіков.

— Оны айтайып. Жаманқонде осыдан аттай бір-бір  
жарым жыл бұрын қазы-қарта, жал-жаяны жей алмай  
кеңіргегі азып отырган екі ағайынды кісінің осы қыстың  
аяқ кезінде аштан бұралып, өлейіп деп жатқап итке та-  
лас үстінде жап тапсырғанына күә болдым. Сонда өлген  
азаматтың жүзін жасыру орынпа, әлгі итті сүйреп ала-  
қашып бара жатқан басқа өлер халдеңі адамды көргенде,  
бұл өмір тамұққа айналған шығар деген ойға келгем.  
Сондай күйге кім келтірсе, қияннаттың әкесі сол!

Бұдан кейіп алдында том-том іс қағаздарын қолы дір-  
дір етіп қанаасына сыймай тез жинаған сот:

— Сот үкім шығаруға кетті!— деп хабарлады.

...Табигатында кесіп алса қап шықпайтын қатты жа-  
ратылған адамдар болады дейді. Бәлкі, рас та болар. Қек-  
ше де сондай жүргегінде жылуы, басқаға рақымы жоқ,  
оте қатал жаратылған, жогарыдан не бүйірылса, соны  
екі етпей артығымен орындағыны «ләббәй, тақсырдың»  
өзі еді. Озі шикіл кісі бар қанын қыздырып алды ма,  
қып-қызыл бол беті талаурап, ерінің көгеріп, алдындағы  
қағазға төнө түсіп, едөүір жазып таставды. Бір кезде:

— Қойманың менгерушісі, күзетші, астықты талаң  
алғандардың жазасы айқын. Эрқайсысыша бес жыл! Ал  
Мұқановқа қанша береміз?— деді көзі шоқ бол жанып.

— Мұқановқа?— Мұқаш шошына сұраулы қарады.  
«Не айтып отырысіз, деніңіз сау ма» деген түр жүзінде.

— Иә?— деді сот.— Не, оған да бес жыл демексің бе?

— Қойыңыз,— дедім мен шыдай алмай.

— Не қоятыны бар. Оған ең азы он жыл берем!— деді сот, енді ашық кетіп.

— Оныңыз болмайды. Қылмысы жоқ адамды сотта  
деген закүн жоқ!— деп Мұқаш көріне кетті.

— Мұныңыз корер көзге, естір құлаққа масқара,—  
дедім мен.

— Неге? Ой, өздерің заңпап бейхабар ма едіндер?—  
деп тулаған Қөкше.— Мұқановты қалай да соттауымыз  
керек. Оның жазасы он жыл!

— Қателесесіз! Бір дән шайнап жұтпаса, бір тоқты

жемесе, қоғам малын, басқарма торагасымын демей, қолынан айыр, күргөн тастамай, күпді күнгө, түнді түнгө үрып, өзі бағып, аман сақтап қалса да жазықты ма?! Жоқ, ондай үкімге біз қол қоймаймыз,— деді аныңған Мұқаш. Мен де оны қоштан:

— Бүкіл елте келген сұрапыл сүмдіктың басты айынкөрін ол айтты, сіз де, біз де естідік. Әділдік алдында қарабет болуды тәцірім бізге жазбасын. Сабаңыза туғінде,— дедім.

— Эй, ең болмаса, алты жыл!

— Жоқ, бір күпдік те жаза берілмейді,— дедік біз.

— Ойпырмай, масқара болатын болды-ау. Ұят басатын болдым-ау,— деп қиналды.

— Неге масқара боласыз, кімнен ұят болады?— деп екеуміз бірден дүрсө бас салдық. Орнына тұрып теңсептіліп, ерслі-қарсылы жүрген сот ағасы:

— Аудандагы басшылар қатты тапсырып еді. Гепеуді, райкомды білесіндер ме? Мұқапов осы жолы отыру керек.

Енді қайттім,— деп қатты қүйзелді.

— Жазықсыз адамды жазалап үкіметке жагынбай-ақ қойыңыз. Әркімнің коз жасы бар, обалы бар. Егер сот заңмен емес, нұсқаумен, айтумен жұмыс істесе, бұл өмір не болады,— деген екеумізге қарап тұрып-тұрып:

— Ең болмаса, үш ай шартты жаза берейін,— деді. Үкім шықты. Жәутіков оқыш берді. Сотталғандарды айдан, оңашалай берген. Бір кезде манағы жалпақ бет, аятын сылтып басатын кісі:

— Көке, рахмет, мен енді кете берейін, ә,— деп қалғаны.

— Ой, сен қалып қойып па едің! Қой! Қой! Болмайды! Эй, айдаушы, кос мынаны да,— деді де, әлтінің бетіне қарап:

— Сағап да бес жыл! Бар ілес аналарға,— дегені. Жұрт ан-таң. «Күштінің арты диірмен тартады» дегенге сонда көзім бір жетті.

\* \* \*

— Жалған дүние!— деп шешілді Базекең.— Енді не дейін! Ақ пен қараның шекарасы ашылмаған бір дәуір ел басына көз көрмес дауыл, тас боратып оте шығынты. Сонда басына соққы тимеген пеңде қалды ма екен. Онда да пекен-саяқ шығар. Иә, мен ол кезде Алматыда Совет құрылышы институтының жапындағы уш жылдық жұ-

мысшы факультетінде оқитынмын. Қасымда немере туысым Төлеген Шораұлы бар. Қоң жылдар партия, кеңес қызметінде болған ұлытаулық Сабыржан Досановтың әкесі ол. Бұл 1937 жылдың желтоқсаны. Әлгі факультеттің екінші курсын бітіргелі жүрген кезіміз, өлкелік комсомол комитетінің хатшысы шұғыл шақырады деген соң келдім. Әдемі жүзді, мәдениетті қазақ қызы жылы шыраймен қабылдаған, сипайы тіл қатып отырды да:

— Ауылда ағаң барма? — деп сұрады.

— Бар.

— Ол не қызметте еді?

— Бұрын партия, кеңес қызметінде болған, соңғы кезде Ұлытау ауданындағы «Айыртау» колхозында басқарма төрағасы болыш жүр.

— Фамилиясы кім ағаңың? — деді.

— Лекеров. Аты Қожахмет. Әкеміз Байбол, бірақ ол үлкен атамыздың атында, — дедім. Аз үнсіздіктен кейін ол:

— Комвузде оқитын Еңсебай Қалдыбаев, Бәйтен Игібаев дегендерді білесің бе? — деді.

— Білем, ағайын-туыс боламыз.

— Сол туыстарың сенің үстіңнен шағым жазыпты. «Ағасы — халық жауы. Бұл оқып жүр және комсомолға мүше», — депті. Бұғап не айтасың?

— Апырай, ә? Мен не деймін? Ағамның таяуда қамалғаны рас. Бірақ киісін білмеймін, — дедім.

— Ендеше, институт партия комитетінің хатшысы Ақбаевқа бар. Со кісі бәрін өзі айтады. Дайындала бер, неғізі сени оқудан да, комсомолдан да шығарады. Оп-онды жігіт едің. Ендігі тағдырыңа көмек ете алмаспаз, — деді.

Мына сөзді естігенде, екі иығымды шауыш тастагандай, әл-дәрменім таусылып, салым құрып, сыртқа зорға шықтым. Партия хатшысы дайын отыр екен. Қешкі жиналышқа шақырды. «Өлкелік комсомол комитеті хатшысының айтқаны айтқан. Болатын іске болаттай бол. Ренжіме. Тәуекел ет. Тағдырыңа басыңа салғанын көресің. шырагым», — деді ол мұсіркеп. Сөйтіп, сол күннің кешінде оқудан да, комсомолдан да аласталдым. Бар арман-мұратым желге үшты. Жер бетінде жалғыз қаңғырып қалған ессіз жаның қүйін кештім. Елге қайтайын десем, қаражатым тағы жоқ. Үстімдегі ескі шинелімді сатайын десем, ешкім алмайды. Тығырыққа тығылдым. «Өлдім» деген жан дауысымды естір құлақ қайда? Бір жанаңыр азаматтың ақылымен үкімет басшысы Елтай Ерназаровтың қабылдауына ілектім-ау бір күні. Қалбалактаған кісі

екен. Жағдайымды сұрады. Еліме жету үшін өтірік айттым. Оқудан, комсомолдан шыққапымды, оның себебін жасырдым. «Ауылдағы қарт әке-шешем шақырып жатыр. Күнкөріс қындаған кетіпти. Соларды асырау үшін елге қайтайын десем, жол қаражатым болмай, сізге келдім»,— деп жалған айтуға тұра келді. Сөз айтпады, қомекшісін шақырып алды да, жол шығынын есептетіп, қолыма билет алыш бергізді. Рахметімді айтып кете бардым. Қе-зімнің жасып мөлт-мөлт төгіп, Алматымен қинала қоштастым. Бұкіл өмірім таусылғандай, жан-жүйкемді бір белгісіз қасірет билеп алды. Жүнжіш, ұнжыргам түсіп кетті. Еңемді қашпа көтерейін десем де, зілді боп басқан шетсіз-шексіз ой қамалайды да тұрады. Бері өз туысымнан, жақыныман, бауырымнан шықты. Пәле боп, тамырымнан кемірген құрт боп жабысты, не істермін?

Базарбек сол нәубет қазір басында тұрған кісіше қүйзеле қарады бізге. Баласы да, мен де үнсізбіз. «Октябрь» колхозындағы трагедия анау, өз басынан өткені мынау. Қенет қарт қайта сөйлем кетті:

— Құдай мен мұсылмандықты енді бүгінде қайта тауып жатырмыз. «Дін — апиын. Адам санасын улайтын ізгілік жауы»,— деп аттандаған үкімет адамы иман, парасат, әділет, ізгілік, инабаттылық деген үкимды тұп-тамырымен қорапып, мансұқ еті. Мұсылмандық жойылды. Сөйтіп, ол бұкіл елді құдайсыздар дейтін үйім жайлап жатқан күндер еді.— Басын балаша қайта-қайта шайқады,— мүмкін естіген де шығарсың, білетін де боларсың. «Халық жауы» деген сұмдықтың құрығына азаматы түспей кеткен бұкіл қазақ жерінде бір ғана ел бар.— Мен оның бетіне зейін қоя қарадым.— Ол мына сенің ауылың,— дегені.— Еліңден бірде-бір адам үсталмады. «Халық жауы» шықпады. Демек, бұкіл Қеңес Одағы дейтін империяда орт ортасында аман қалған жалғыз тұп көдедей қазіргі «Сарысуға», КПСС ХХIII съезі атындағы, «Жетікоңыр» совхоздары орналасқан сол кездегі № 2 ауылға сұрапыл дауыл соқпай өтті. Оның сырын бергі күндерде әкем Байбол жыр қып айттып еді. Ол былай болыпты,— деп түбірі қалған азу тістей қына басқан тасқа отырған қарт қоңілдене сөзін жалғады.— Сүлеймен молла деген кісі өтіпті. Білесің бе?

— Е, білмей, әкемнің інісі емес пе?— деймін.

— Өй, өзің текті ауылдың азаматы екенсің ғой,— деп күліп алды.— Сенің елің ежелден имандылықта үйіған, құдайдан қорықкан, ораза, намазы үзілмеген тақуалығымен де бұл өңірге әйгілі гой. Бәлки, содан болар. Қімнің

ақылы, кіммен кеңесті, ел басына тоғіп келе жатқан зұлматты алдын ала кім айтты? Әлде өздерінің сөуегейлігі ме, оны білмеймін. Бірақ үлкен пәтуага келіп, құран үстап, наң жесіп аптасқан ел азаматтарының бірауыздылығы сақтаган елінді. Бізде ол болмады. Бізде он қозіміз сол көзімізді шұқып ағызып жатты. Әжем жарықтық көлимага тілін келтіріп, сол молла Сүлейменшің аруағына дұға оқып отырганына талай күә болдым. Сұрапыл, әкеден бала безгеи қара құндер басталып жатқанда Сүлеймен молла бастаган, ішінде Қараның Бақтыбайы, Мыңқайдың Сақтаганы, Ақпапбайдың Мұқапы, Қожырбайдың Илиясы, Ержігіттің Дәулеткелдісі, Жақыптың Сұтбайы, Мақыштың Ишаны, Қаражігіттің Мұқашы бар, жақсылар Баршанаң шагылына шығып мәслихат құрыпты. Заман жайын сөз етіп, «үриағым құрымасын, елдігім тозбасын, мұсылмандық азбасын, бірлік, туысқандық мәңгілік болсын. Бірде-бір адам бірінің сыртынан өсек-аяң айтып, үкіметке шагымданбасын. Азгана елдегі бас котерер көзі ашық осы отырган азаматтар бірауыз болайық. Мұпымыз өкіметке қарсылық емес, елдік, болашақ үрпақ үшіп жапашырылғы болсын! Кімде-кім басқаға бұған дейін құлақ естіп көрмеген сүмдүк сөз — «Халық жауы» деген қарғыс сөзben жала жауып, кіпә тағатын болса, құдай қарғасып, лагнет оғы тисін!» — деп аптасқан екен. Міне, содан да сіздің елден бір адам нәубет қармағына ілікпеді. Дінаман қалды. Құдайдың рақымы түсті ме, ант құдіреті, ізгі адал ниет пе, алдында гана «алпыс қарындаш» аталашп, бірі-біріне атар оғы болмай отырган ел тыптыныш ымыраға келіпті. Құдай, құран, наң құдіреті ант болышп, елдің елдігін, халықтың бірлігін сақтаап қалыпты. Әне, имандылық, ізгілік деген күш! Ал бізде.— Базекең орынап тұрыш, алай-түлей күй кешкен қалышп жасырғысы келді ме, қорым тасты аралап, едәуір ұзап барыш түрді. Жаратылысында зор тұлғалы кісі Айыртау бігінде асқақтап кеткендей көрінді. Тас мусіндей қозгалмай едәуір тұрды.

«Апрай, ә? Мынасы бір жақалық екен. Біздің елден, расында, біреу «Халық жауы» болышты, «Пәленине ұсталыпты» дегенді естіген емес едім. Ат төбеліндей Ұлытау, Қарсақбай, Шет, Ақадыр, Жақаарқа, әрісі Қарағаңды, берісі мына Жезқазғаннан тобымен ұсталышп, айдашып, сүйегі Сібердің орманында, Тайгада, мұз мұхитының жагасында қалғандар, із-түзсіз жоғалышп кеткендер қашшама!

— Мен саған Айыртаудағы аэродромды көрсетейін деп келгем,— деп сөйлей келді ол.

— Осы не жұмбагың? Құдайдың мына тау-тасында, адырлы тобесінде пепің аэроромы. Мұнда вертолет болмаса, басқаның табаны тиетін орын жоқ қой,— дедім мен шыдамсызданып.

— Пәлі! Бұл қүнде бәрімізге мәлім болғап ақиқатты ол кезде кім білді.

Мемлекеттік, Сталиндік құпия емес пе ол?! Қазір ойласам, «Октябрь» колхозы басқармасының төрағасы Мұқанов ете ақылды, ойшыл адам екен. Сол бір «банды шықты» деп елді дүрліктірғен, халық басына тұсқен әұлмат зілзаланы, келгей аштық апатын егжей-тегжейлі талдан: «Түпкі мақсаты олардың мына байтақ даланы босату, халықты таза жер бетінең жою»,— деп зар илеп еді. Мына желге құлақ түрші. Аштан қырылған халықтың жылаган дауысы естіледі. Қоз жасы кол болып төгілген елдің сүйегі кез келген сайда жатыр. Соңда қырылған кім? Қазақ! Оның сезіне, Мұқановты айтам, біз мән бердік пе? Мән бергенде, қолдан келер не бар еді? Сөйтсек, оның соңында елдің ақылы, сапасы — басшы, білімді естілерін жоқ ету зұлымдық жоспары тағы тұрыпты. Әнене, «Халық жауы» деген індет сол үшін ойдан жасалған қастандық, масқара нәубет! Менің туған ағам Қожахметті «Жапонның шпионысың», Қазақстанды Ресейден боліп, Жапонға қосу үшін астыртын тіл байластың. Сол үшін Жапоннан самолетпен шулемет алдырып, Айыртау басына түсірдің»,— деп айыптады. Мен езім опымен бірге туғандығым үшін көп жыл құғын көрдім. Қиянаттың құрбаны болдым. Таң атып, күн батпайтын заман менің басыма орнады. Қарсақбайға келуін келсем де, жердің үстіне зорға сыйын жүрдім. Мал дағындау мекемесіне есеп қызметіне орналастым. Ағам абақтыда. Жолығуга қашпа әрекет етsem де, жолым болмады. Досым Әуезхан Беков деген жігіт сол кезде паспорт столының бастығы еді. Соған көп жалындым. Ағама жолықтыруды өтіндім. Ол:

— Қолдан келмейтін іс,— деді.— Сенің елге келгеніңді мемлекеттік саяси басқарма біліп отыр. Соңында үш аңдуши жүр. Егер аман болғың келсе, ешкімнің үйіне барма, көшпеде әлдеқалай бір жерде бейсеубет біреумен сойлесспе. Туысың той, жатқап үйің Қалмапбай Өтеновтың үйі, сол үйден басқа жаққа аяқ баспа, қыдырма. Менің жанашыр достығым осы,— деп ақылын айтты.

Сол күннен бастап менің жүру-тұруым озгерді. Әуезханның айтқаны мымынды жайлап алғаны соңдай, «Кеңес еліндегі әрбір адамның аяқ басқанына дейін Ежов көріп

тұрады. Одан таса көлеңке де жоқ» дегені әбден менден алды. Енді қызмет орныма көшемес емес, Қарсақбайдың сыртындағы адырларды тасалап бір жолмен барып, бір жолмен, тірі жаның көзіне түспей, қайтып жүретін болдым. Бұдан откен қорлық болар ма?! Гасырлар бойы атабабаң өсіп-онген ана тоғырағында емін-еркін, ерікті адам сияқты алпаң басып жүре алмаган пендеде не хұқ бар? Сол кездегі заман осындау суық, ызгарлы, тажал бейпелі еді.

Көпті көрген көнекөз қарт осы сөздерді айтқанда сай-сүйегі сырқырап, оты бетін шарпығандай бір қызырып, бір сұрланып, неше құбылды. Жапы от кешіп, шыбыны шырқырап, сонау откен сүмдің сұрапыл құндерді көзіне елестетіп, тамұққа түскендей болған оның сөзіп бөлу мүмкін емес еді. Естіген біздің де жанымыз түршігіп, бір кезде тозақ оты жанған әжімді далага үңіле қарап отырымыз. Не деуге болар?

— Осы Айыртау басына Жапонның самолетін қондырып, пулемет алған, Қазақстанды Жапонга сатқалы жатқан жеріпен «қолға түскең», «Халық жауы» атапып, кор болған Қожахметті — жалғыз бауырымды жүргегім езіліп сағынам. Откенім есіме түседі. Сол құндерді әлі ұмытқам жоқ. 1938 жылдың қазанында моншага алып келді. Әбден жүдеп, азып-тозған бір топ бақытсыз, еріксіз жан. Ағам мениң көрді, мен оны бірден, қанша жүдесе де, талай жерден ташыдым.

Тілдесуге жол жоқ.

Көз алдында бауырың қан жылап күйіп барады. Ал сен, мына сен, қол үшын беріп, арашаға түсे алмайсың. Бұдан откен тасбауыр, қатыгездікті адам баласы көрді ме екен?! Егіле бересің, сен де өртеңе бересің. Тағдыр сенің басыңа тек қор болуды, зығырданың қайнап кіжініп, тілінді тістеп өтуді жазған сияқты. Сен тағы, аямасқа біржола бекіген, жыртқыш мақұлықтың қамауына түскең бейбақыт сорлы жансың! Әлемде сенен қор, сенең мүсәппір жоқ! Бауырың езіліп, жүргегің тілім-тілімі шығып қансырап, өзінді-өзің жеген шерменде күй есінді шығарып, ақылынды адастырар тығырыққа қамайды екен. Құдайым-ау, бұл не қорлық? «Халық жауы» деген не? Жауап табу, өзінді естен тандырган қияннаттан қармапын шығар жол табу мүмкін емес. Төңірегің тас қоршаша. Алды-артың ГПУ.

Базарбек ақсақал жүдеп, меселі қайтып, көзінің оты сөнердей боп, басын көтерді. ЖанараФ жасып, қас-қабағы қатып қапты.

— Мопшадан көк мылтықты айдауыл алыш шықты. Алды-артына қарата ма, қасқыр қамағап қойдай тыңсыра жөнелген. Сонынан ере түсіп, қарал келем... Өзегім 'күйіп жүре берді. Бұлар да адамның баласы, жаны бар, обал болмасын, қиянат көрмесін дейтін, араша түсер тірі пеңде табу қайда? Құрдымға батып бара жаттым. Қарманар, сүйенер, қол ұшын берер кім бар!

Адам шіркіннің жаны неткең нәзік еді. Сана деген сүзгіден өткен түйсік мені де қинаң жүре берген. Дүниес қапас, қара түнек болыш, әлемді көз көрінбес қара бұлт басып, түнеріп алған. Сәл қыбыр етіп қозгалсам, «ә, тірі қалып па едің, онда көрейін сен!» деп, рақымсыз біреу ұмтылып келе жатқандай, бұғып отырмын. Қазір телегей-теңіз қасірет пен өлшеусіз төгілген у дариясына айналған байтақ даланың атырабында қиямет қылышылығын басынан кепшіп, жаны да, тәні де езілген дәрменсіз жаның өксігі естіледі маған. Құлағым шулап, әлем ың-жың айқайға толып бара жатқандай озімпен өзім селк еттім.

— Ой, сен! — деп ол менің оқыс қимылымға жалт қарады. — Қорқаң па едің! Естігеніце жаның мүиша түршікті. Сол зұлматты көзбел көріл, таңдайы тақылдан: «Нан! Нан! Апа, наң берші, өліп барам!» — деп ықылыш атқан аш баланың, тілі күрмеліп, ісіп-кеуіп, шөгіп, көз жұмған иелер нардай жандардың соңғы демін тыңдаған, ақылесі бар саналыңды темір торлы абақтыға түшшіктырып, үпін өшірген дәуірді бастан кешкен мына біздің үрнаң неткең алыш, неткең қайратты, неткең жаны сірі, тозімді еді! — деді қаттырақ бір күрсінген Базарбек қария менің иығымпан қағып...

## Ашылмаған сыр

Адамды озін қоршаған табиғи және әлеуметтік ортадагы әрбір құбылыстың сырғын білуге құшатрлық билеуі ежелден келе жатқан заңдылық. Осы сапарында кездесетін қылыштың тар жол, тайгақ кешу, нелер қиыннылық қатерге де қарамаса керек. Соган орай жұмбақ сырға таң болуы да хақ. Бірін шешсе, екішісі түйіншектелін жатса, не істемек? Сойтіп, оның алдында мың түрлі саудал тұрады. Мен де сондай жұмыс басты пенделердің бірімін...

Егер өзім жайлы айтсам, талай жыл еңбек еткен жерімдегі бір тайпа ел: «Е, өзіміздің қария той», — дейтініне көзім жетеді. Ол, шындаған келгендегі, мешің адаптациялық құрмет. Бірақ оны әрқылы түсіпетін, өзінше тыңдан соқпақ ашып жататындар да болмай ма? Қазіргі сөз еткелі отырганым да сондай бір жэйт. Өзіме гана қашық, басқаға беймәлім сыр.

Кейде көз алдында болып жатқап кейбір мәсселелерге қатысты нақты пікірмді, пышақпен кескендей, бетің бар, жүзің бар деп айта алмай қипалатын кезім де болады. Ойлан отырсам, шындықты бетке айта алмаудаң асқан сорлылық жоқ, екен. Бұкіл тылсымың даму жолы мен сырғын мәңгерген бүтінгі адам неткеп қызың құбылыс еді дейсің сондай ой үстінде отырып.

— О, гажап өмір, деймін. Сенің қыыр-шиыр кейбір сырьыңа қоңыл аудармастан 70 жыл тіршілік етіппін. Шіркін-ай, сопоу бір шактарда сенің жұмбақ құпияңа қарасмыны. Енді бүтін сен магап бірде ұланғайыр шаттық, бірде оқіпін дариясы болып, шалқарыңа көз жетпей жатырысың. Мені қинайтын да өзіміне беймәлім сыр. «Неге олай? Біздің заман адамына лайық әрекет пе осы?» — деген сауал көрі жүргімін ишедей қадалады.

Иә, мен кешегі жауапты қызметкер, бір дүйім елге белгілі азаматтың бірімін. Сондықтан да мен еткен өмір мектебі, тәрбие, татылым, бәрі-бәрі қазір жан-жагымнан апталап, «кәне, осыған не дейсіз?» — деп тұргандай.

Құрметті қауым, мешің ашық айтқалы отырган сырьынан шошып, менен безіне көрме, қазіргі ақ басымды иіп, сенеп тілерім де сол. Әділ торешім де өзің бол. Менің түсінбекеп жұмбағым болса, шешімін де өзің айт.

Ағымпап жарылсам, мен бір дәшіпен қырманы тасығап, әлемге аты шыққап елдің ұлымын. Бұкіл олке, жерінің үсті мен асты дарқап байлық, адамы бауырмал ел-

дің азаматы атапудан асқап бақыт жоқ. Сол туган еліме, қажет етсе, шыбын жапымды пида етуге дайынын. Не пайда, өмір бойы күлкі тұған қара көзімін қазір жас мөлдірейді. Бірақ жылай алмаймын. Ер адамның, егде адамның жылағаны да сорлылық. Сондықтан бөгде ой жүргегіме оралғанмен, тек ішімпен егілеміп. Дәрменсіздіктен шерменде күй кешемін. Опымды, қадірменді қауым, өзің кепір. Қазір менің жүргегімде еркімді әбден билеген, озіңде айтпасқа болмайтын сыр жатыр. Мен ар алдында жауапты адаммын. Сондықтан сөздің тоқ етеріне көшейін.

Өз кіндігімнен жалғыз ғана оркен өсті. Рас, мені адамның бәрі сыйлайды, бәрі құрмет тұтады. Алдымды кесіп откен бір өрескел жанды көрген емеспін. Опың аты — құрмет, ел салты, заман дәстүрі. Бірақ, қайтейіп, еду жыл қарқарадай қадірлі қызметте болған менің ішімді жегідей жеген қасиретімді кім біледі? Әрине, білмейді. Білмесінші, өзімнен өзім тыныш-ақ, басқаны қипамай-ақ қояйын десем де, әлгі айтқан ар-ождан құдыреті еріксіз сойлетіп отыр. Нар тәуекел! Өз халқымша пемді жасырамыш?! Бәлки, біреулер гибрат алар, біреулер өзінің осыпдай оғаш әрекетінен өзінен-өзі үялар, тыйылар...

Жаңа айттым. Жалғыз қызың осірдім. Адамга көрік біткеп соң, коз қызығатын сұлу көрік бітсіп дегенді түсінбейуші едім. Енді білдім. Жалғыз қызымы гауһардай көрікті. Ақылсыз да емес. Сүлұлығы талайдың таңдайын қаңтыған жап. Бірақ, пеге екеніп қайдам, дүние десе, жапы жапыш, біржола оліп-тіріледі. Егер бір алтын сақыпа үшін не қылмысқа баруга да дайын десем, мені неткен қара жүрек әке деме, құрметті оқушым. Өз балама озім таң қалып, «мұндай да адам болады екен-ау» деп, қабыргамның согілетінші ол қайдан білсін.

Алдан — күйеу баламыз, бет-жүзі бәдепді келген, жүріс-тұрысы сыпайы, сөзге олақ, быдықтау жігіт. Шіркіпшің, әу деп аузын ашқаннан бастап, өзім әлі бір сөзін анық түсініп көрген пенде емеспін. Ал біздің Балжан болса, оның ернінің қыбыр еткеніп көшеге бадырайтын жазған ұраңдай оқып, түсіле қояды. «Шіркіп-ау,— деп ойлаймын ішімпен, кейде,— осы жазған үй қай тілде сойлейді». Оным да қате екен. Бүгін сол жалғыз қызымының үйі, қояр да қоймай, қопаққа шақырганы. Шау тартқап кісінің зауқы бола бере ме? Сонда да болса, реңжіп қала ма деп, лажсыз келгеміп. Әсіреле бәйбітеменің болмаганы, «барайықшы, барайықшы» деп. Баламың үйінде өзім біткен табиги мінезіммен жайбарақат отыргам. Қабыр-

тамен тұтасқаң есіктері мен сұырмасының тұтқасына дейін жалт-жүлт еткен шетелдік ою-өрнекті гарнитура, түрлі-түсті телевизор, төбеден төгіліп, мені көрдіңдер ме дегендей, жарқырай жайшаган қымбат бағалы люстра, қабырға мен едең кілем, кіре берісте «Москва» тоқазыт-қышы, шаңсорғының, не керек, бәрі өз сәнімен көрік беріп, үйдің тынысының кеңітіп жіберген. Шыныда да қоңыржай ауалы бөлмеде аңқыған жұпар піс, қолдан жасалған жаиннат дейтіндей тамаша рахат бар. Осылай жан-жагына қарап отырған мені асүй жақтан сойлей шыққан Балжанның сөзі селт еткізді.

— Сіздер түк түсінбейсіздер, елу жыл еңбек етіп, ел атасы атасын, болып-толғандарының қайда? Ең арғысы, похорондарыңа жұмысайтын көк тыныдарының да жоқ, түк жоқ, түк! Бос өмір кешкенсіздер!

Бұл бірінші рет жалғыз қызынан естіген сөзім еді. Не жауап айтартымды білмей, сасқанынан бәйбішемнің бетіне қараптын. Ол ерип бір сылп еткізді де, қызына түсін сұбытып:

— Адамдық! — деді.

— Адамдық ақша бола ма? Алтын бола ма? Мынадай жиһаз бола ма? — деп торт бөлмесі дүниеге сірепскең өз үйін алшаң басып аралай жөнелді де, — бери жүріңдер, — деді бүйыра сейлеп. Шешесі де, мен де орпымыздан тұра алмай қалыпты. Деміне қазан қайпаң, аузымен жай ойнатқан қызы қойын ба, шешесін қолтығынаң көтеріп, зорлан тұрғызып әкетті. Біраздан кейін олар қасыма қайта оралды.

Қызым да, күйеу балам да мәз. Бақытты, күліп отыр. Келекесі — кассасында ақшасы, үйінде дүние-мулкі жоқ әке-шешесі. Орпымшан қалай тұрганымды білмейміп. Эйеліме «кеттік» детен дауысым қатты шығып кеткені есімдеге. Басым айналып, көзім қарауытып, үй іші қара көлеңке тартып бара жатты. Осы кезде алдымды ораган қызым:

— Напка, папашка, сөл кідіріңіз, ашуыңызды қызыз. Сіздерге марапаттанып жатқапым гой. Менің кімім бар өздеріңізден ботен? Өз балаңыздың бақытты өміріне қуансын дегенімді де түсінбедіңіз бе? — деп құшақтаң бетімнен сүйіп жатыр.— Сіздің туған күніңізге мына бір сыйлығым бар еді. Өз қолыммен тағайып, алдымен дастархап басына жүріңдерші,— деп жалынып тұрып алды. Бала десе жаны жібектей есіліп тұратын ана деген құдыретке не айтарсың! Қызын қимады да, елу екі жыл

бірге өмір кешікен жолдастым қонақ болмеге қайта ертіп әкелді.

Бетіпе ақ жібек жабылған дастархан. Қоңыздар қызыметте пелер биік мәртебелі жауапты зиялышармен дәмдес болып, сый-құрмет көре жүріп, мұндай мол дастарханда болмаганымды мойындағымын. Шет жер жемісі, сұзы тәтті тагамы, ішкіліктің әр атасы, ең қымбат дәмтүз. Ійдис-аяқтың өзі де өзгеше, кіл алтын жалатқан шыны аяқ, хрусталь рюмка, алтын қасық, шанышқы, әйттеуір, дастархан үсті қоздің жауын жеп, жайнап кетті.

Балжан қолыма алтып сағат тағып, шып балалық сезіммен сүйіп, туған құніммен, ақшулап өң берген жетнісіммен құттықтады. Қүйеу балам бас иіп, тағым етті. Мен сонда, басқага белгісіз, қимас асыл қазыналы ақ ордам шайқалып, ортасына түскендей, ішім алай-түлей күй кепитім. Әрине, өз балама мына молшылықты қимағандықтан емес, мәселе тіпті басқада еді. Тынысым тарылып, бейберекет хал біржола баурап, қаным тасып, басыма шапты.

— Ой, өздерің миллионер емессіңдер ме? Үйлеріңдегі мынау байлық, едендеріңде дейін кілем, мышаларың да тым қымбат сыйлық..., — дей беріп едім.

— Әке! — Қүйеу балам аузынан тұңғыш аптық естігеп жалғыз ауыз сөзім. Ар жағын быдықтап, аузын жыбырлатып кетті. Оның не айтып жатқанын бір құдай түсінбесе, менің сапама ештеңе дарыган жоқ. Одан соң қызым:

— Өмір сүре білу керек,— деді дауысын созыңқырап, менің әлгі сөзіме жауап қайтарып.

— Қалай?

— Не қалайы бар? Қәдімгідей, байығандар қалай баийды, соларша! Өзіңіз жақсы білесіз, мен жұмыс істемеймін. Қүйеу балаңыздың айлық жалакысы 150 сом. Сонда осы үйдегі барды ақшага шагатын болсаңыз, әлденеше ондаған мың сомның дүниесі жатыр. Ал кассада,— ол сәл бөгеліп,— кеше ғана алған «Газ-24» «Волгасын» біле-сіз.— Әлгі әлгі ме, жаным ортенип кетті...

— Алатын еңбек ақыларың анандай, ал дүние-мұліктерің,— айтуға сөз ташпай тосылғандай, бір сөттен соң,— өздерің үры емессіңдер ме?— деп орнымнан жылан шақ-қандай атып тұрдым. Естігеним:

— Жоқ! Бір емес, екі емес, неге олай дей бересіз? Біз ешкімнің қалтасына түспейміз. Біздің қалтамызға ақша деген өзі келіп, жылш-жылш кіріп жатады. Ол үшін ептилік, жүрек, жүрек керек, әке! Далада жатқап дүние жоқ,

вернее, қолда мүмкіндік тұрғанда... — деген күйеу бала сөзін жұбайы қайталарап айтып түсіндірді.

— Ө, сорлы, балаларым,— дедім де, есікке жете бере әлгіде өздері сыйлаған алтын сағатты шешіп, күйеу қолына ұстартым. Не айтарын білмеген ол аң-таң бетіме қарап қала берді.— Еңбексіз табылған дүниеде рахат болмайды. Мұндай әдетім жоқ еді,— дедім басқа сөз аузыма түспей. Әлгі сағаттың қолыма тиген жері білегімді өртеп бара жатқандай, денем түршігін келеді. Аяңдай басып, көшеде ауаныммен келемін. Екі қолым артымда.

— Немене, белің күлдіреуштей бола қалғаның,— деді қолтығынан ұстаган жұбайым,— үят емес пе, соңшама не болып қалды. Қозіңнің жалғыз қараышыры Балжанды, күйеу балаңды сорлы дегенде не табасың? Балалардың көңілі қалады демейтінің-ай, осы сенің. Не бол баراسың өзің? Қияли емессің бе, әлде аурусың ба?

Мына сөз шымбайыма қатты батты. Бетіме бар зәрімді шаша қарадым. Өмірі дәл мынаңдай түрімді көрмеген, қабақ шытыспаган жұбайым жеку көрген жетім баладай кірпігін жыптылықтап қарап қалышты.

— Не дейіп саған, білмей тұрсаң, түсінбей тұрсаң — сөз жоқ, бәрін сезесің, басыңдан кештің, осынша өмір сүрдік, біреуден кем, біреуден артық тіршілік еттік. Басқаны айтпағанда, екеуімізге белгісіз не бар, айтшы? Сен неге сондай болмадың, мен неге сойтпедім, ә? Жалтыхызды осылай тәрбиелен не едік? Жо-о-жоқ! Мемлекеттікі түгілі, кісінің ала жібін аттағаным жоқ. Арым таза, таза,— деп айқайласп жіберішпін.

— Т-с-с! Ұят-ты. Көшеде мұншама айқайлағаны несі? Сабыр, сабыр сақта,— деген әйеліме:

— Жапым-ау, бір кереует, аз ғана төсек-орын, телевизор, жалғыз кілем, киер киімнен басқа нец бар жиған? Рас, пәлен мың кітабың бар дерсің? Әрине, жинаған кітабыма мақтанам.

Одан әрі жұбайым сөзді созған жоқ. Қытығыма тие бермейін деген шыгар.

\* \* \*

— Отан үшін жан пида. Алға-а!— Көз алдымға бұкіл атырап атойласп, жауға қарсы лаң қойып, тұра үмтүлды. Қолымда пистолет, өзім бастап келемін. Жаңбырдай жауған оқ, тобеден төгілген мина мен бомба...

Көзімді әлсіреген адамдай зорға аштым. Ұлы Отан соғысында қаза болған жерлестерімізге деген тасқа ойны

жазған жазуды оқып, бүкіл жүйкем босап кетті. Қала ортасындағы әлгі ескерткіштен ұзап шыққан соң әйеліме:

— Мен ештеме түсінбейтін адам болғапым ба? Ойлашы, әлгі балалардың өмірі не өмір? Ей, өмірлік серігімсің, жалғыз жарығымың аласысың. Айтшы, түсіндірші, сондай байлықты олар қайдан алды? Ешбір еңбексіз, толтаксыз, аспаннан төгілетін не деген дүние ол?

— Қойшы енді. Өздері біледі де.— Сөйткеніше болғап жоқ, мойылдай қара «Волга» алдымызға кесе-көлденең тұра қалғаны. Әлгі үйінің есігін тарс жауып, дәм-тұзына қарамай, тастап шыққан өзімнің балаларым екен. Қүйеу балада ун жоқ. Әлі де сөйлем жүрген Балжан:

— Папка, мамка, бұл не, бұл? Әдайі оңаша бір отырайық, папам дем алсын деп дайындаған дәм-тұзымды рәссаулап. Қане, машинаға отырыңдар,— бұйыра әрі еркелей сөйледі.

— Жоқ, балам, қипама, жаяуым жақсы, ауаныммен жетейін үйіме, мына машинаңдан маган Әзірейіл қарап тұрғандай, бүкіл жан-тәнім шошып тұр,— дедім.

— Жұрттаң үйт қой, қараңызы, бәрі бізге қарап барады. Ренжісіп тұр деп есектер. Отырыңызы енді.

— Қараса, қарасын, соның бәрі маган алтын бастарын ііп, сәлем беріп бара жатыр. Бара беріңдер.

— Папа, үйімдегі асымды ішкізбей, сізді жаяу жіберіп, тірі болмай-ақ қояйын.— Қызымың дауысы қобалжыш шықты.

— Әкесі-ау,— деді байыргы жібек дауысымен жұбайым,— жалғызың гой, жалының тұрғанда, не жаның қалды енді! Отыршы машинасына. Жылатпаши қарагымды,— деп қолтығыма жармасты. Қолын қағып жіберейін деш оқталсам да, оны қимадым.

— Машинаңа отырайың, бірақ үйіце бармаймын, әурелеме,— дедім созімді шегелеп... Қызыым машинадағы алдыңғы орында Алданмен қатар өтір. Сыртынан қарата Алдан ағаштың жапырағыша мойнын созған мүйізсіз лақ-текедей екен. Оның қасында Балжан иықты да сұңғақ. Біздің үйге қарай бұрыла бере машинасын қатты-қатты бепілдетіп, көшені басына көтергені.

— Ей, денің дүрыс па! Бұл көшеде кіл еңбек арда-герлері тұрады. Және орынсыз сигнал беру непің салқыны, дарақы емессің бе өзің? Сенен өзге осында машина мінбеген бе?— Қүйеу балаға зекіріп таstadtым. Қызымда ун жоқ.

Үйде отырмыз. Дүние жиһазы жұпның ғапа екі бөлме. Тысы тоза бастаған диванда бәйбішем екеуміз, орын-

дықта олар. Тілсіз қалған бізге жалтақ-жалтақ қарап, сарылып отырып-отырып, екеуі кеткелі орнынан тұрды.

— Отырыңдар,— дедім. Балжан үстіндегі қымбат базалы аң терісінен тігілген тонын шешіп, ілді де, қайта отырды. Неде болса, ойымдағыны айттың қалғым келді. Егер айтпасам, ішімдегін сөзбен шығармасам, жүрегім жарылып кетердей алғындым.

— Қос жүлдзыым!— екеуі бірдең жалт қарады.— Мүмкін ең соңғы бір тілегім болар, сырларыңды жасырмасаңдар, тек шындықты айтсаңдар ғана, болмаса,— дей бергенімде:

— Сізден жасыратын неміз бар, папка, айта беріңіз,— деді Балжан сенімді үнмен. Алданың басы да қалтақ-қалтақ изеліп, елбек қақты.

— Айтсан, мыша Алданың еңбек ақысы айна 150 сом екен. Соңда мұншама байлық қайдан келді сендерге? Мениң бар білмегім осы. Соңғы өтінішім, бар тілегім — ешбір боямасыз шындықты айтыңдар. Мениң балаларым мынадай екен деп, ешкімнен сүйінші ұрап, даурыға қоймасын,— дедім. Екеуі біріне-бірі қарап, тұнжырап қалды. Үйдің ішін қорғасындағы ауыр үнсіздік жайлап алды.

— Соның керегі не саған? Осы күнің жастар озі біледі де, кімнің қорасына түсті дейсің. Құдайдың берген несібесі емес пе терін жүргендери. Не болса, соны сөз етіп миын аштып, өзінді де қипап,— деп жұбайым тағы сөзге араласты.

— Саған келген сөз жоқ. Адам шындықтан туған, ададлдықтың құлы. Маңдай терімен табылған теңгеде теніздей береке бар. Соны біле ме осылар!— Бәйбішемнің бетіне айбарлана қарадым.

— Осы мінезің-ай, сутпен келген сүйекпен кетеді екен де. Әйелім қатты ухілен, терең дем алды, қабыргасы қайысып отыр. Қызы бен күйеу баламда өлі үн жоқ. Әркім өз ойымен іштей арпалысып кеткен. Үн шықса, жан қоса шығатындаі. Мениң тілегімнің балаларыма тым ауыр тигенін сезіп отырмын. Сөзді неден бастайды, пе деп ақталады? «Арымыз таза, адап еңбек, табан ақы, маңдай терімен жиналған дүние» дер ме екен? Әлде «әке-шешеден кім жақын, бұлардан сыр жасырып не оцамыз» дей ме деп толғанамын. Біресе «осы өлмелі шалға сыр ашып неміз бар, ақымақ адам кедей болады дегенді өзі де білтін шығар. Дүние-мұлік, асыл тас, ақша көп болса, ол — өзіміздің ақылымыздың жемісі. Асарын асап, жасарын жасаған, енді бұл өмірдің қызығына тояттап болып, келешегін қабірден күткеп адам не демейді. Айттып-ай-

тып, өзінен-өзі сарқылып қояды да. Қапша айқаласаң да тауды шайқалта алмайсың, әке» деп отырган сыңай бар олардың дидарында.

— Мен тыңда отырмын,— дедім шыдамым таусылып. Менің тыныштың бұзған мына сөзімнен кейін тағы да екеуі біріне-бірі жаутаң-жаутаң қарады. Алдан екі иышын кезек қозғап, Балжанға басын изеді. Бар болғаны сол, қызым:

— Папа, қандауыр тигеи жерден қан шығады емес не? Неге қадала бердіңіз. Мамам бәрін айтты ғой. Ақылды едіңіз, мүниша не болған сізге,— көзінде кек пе, ыза ма, от үшқындаш кетті. Үнінде қайсарлық бар. Кішірейгісі келіп отырган жоқ. Менімен тіктесіп, беттесетін сыңай байқатты.— «Дүнием жогалды, сіздің балаларыңыз мынадай қиянат жасады» деп сізге біреу келді ме өзі,— деді. Шыдамым морт сынды. Одан әрі оның сөзін тыңдауга мұршам да жоқ еді.

— Үйдеп ешкім келген жоқ маган. Құғыншысы жоқ, тегіп дүние болмайтын білем. Ең алдымен, адамда ар деген бар, ұят деген бар. Әлемнің жалғыз шырағы жарық күн алдында осы бүгін мен не істедім». Адамдыңқа лайық іс атқардым ба? Халыққа тиісті қызметімді тиімді етедім бе деген сауал тұру керек. Сондай адамды санағы адам дейді. Ол өседі, кемелденеді. Өз замандасына сыйлы болады. Оны, екінші сөзбен, адамгершілігі мол азamat дейді. Сендер де,— дей берген менің созімді бөліп:

— Сонда бізде адамгершілік жоқ дегіңіз келе ме?— деді қызым.— Қателесесіз. Талай тарихи кітапты оқып, не ұлағатты әңгіме, ақыз-ертеғіні тыңдай жүре, кедейдің адамгершілігі мол болды дегенді естігеним жоқ. Қолында ештеңесі жоқ адамда қандай санағылық болатын еді? Адамның аты молшылықпен, байлықпен шығады. Қолыңда бардың досы да көп, қамқоршысы да көп,— деп қызым орнынан ырғала қозғалды. Мына сөзге Алдан жының-жының құліп, қыбы қанын қалды. Онысын бірден Балжанға сездіріп, сүқ саусағы мен ортан қолын қысып, бас бармағымен жып-жып сипап, ын қақты. Онысына түсіне қалған Балжан әлгіден де биіктең:

— Қөрсетіңізші періштеңізді маган! Алдына мына қолыммен санаң,— деп о да үш сауғағын ақша санағандай жытылдатып,— бес-алты мыңды тастай салайын, құнғе алақанын жайған гүлдей майысып, мешің алдыма құрдай жоргаламай, не істер екен!— Әлті әлгі ме, мына сөзден соң миым отқа түскен тұз сияқты атылып кеткендей болды:

— Не деп отырсың, бетпақ! — Бұл қызыма тұңғыш тілім тиоғ еді. Жұрттың бәрі арын ақшага сатады деймісің. Олай болмайды, болмақ емес! — Жұбайым:

— Жарқыным, айқайламай, өз жаңынды озің қина май сойлемеші. Қан қысымыңды көтеріп аласың. Мейлі, бұл болмаса, күл болсын, не көрсе, өздері көрер. Осылардың бақытына да, азабына да ортақ болмайықшы. Қойшы, жаным, қойшы, — деп тоқтау айтып, санымды қаттықатты шымшиглады.

— Міне, ақымақтың созі. Әке-шеше — әділет асқар биігі емес пе. Менің міндетім — бұларға адалдық үйрету, адамдыққа тәрбиелеу. Мені тыңдамаса, бұлар басқаны қайтеді? Олай болса, ат құйрығын біржола кестім. Бүғіннен бастап балам бар, қызым бар демеймін. Жоқ! — деп туýіліп қалдым.

— Папка, артық кетпециз, халық бәрібір бізді сіздің балаңыз дейді. Бізді үры-қары дегіңіз келетін сыңай таңытасыз. Ол райдан тез қайтыңыз. Ол болмайды. Бізді сыйламайтың, қадірлемейтін осы қалада кім бар? Сізден басқа бізді кім қарғап отыр? Ондай тірі пенде жоқ, — қызымның бір сөзі бір сөзінен асып барады.

— Халыққа өзім айтамын. Бәріне жария етем, бездім деймін сепдерден.

— Фу, фу, әбден қартайған екенсіз. Сізді кім тыңдайды өзі? Кімге керексіз қазір? — Жалғыз қыздың мына сөзі шымбайыма батқаны сондай, тілім күрмеліп, сөйлей алмай қалдым. Тұшыққан адамдай біраздан соң:

— Не дейді мынау! Не дейді? — Әйеліме жүлкұна қарадым.

— Естін дегенің осы еді жалғызынан. Естідің. Қойшының енді, қой деген соң:

— Қоймаймын! Қоймаймын!

— Енді жалғыз қызынды, күйеу балаңды масқаралап, атағынды шығар.

— Маған бұлардай арамзадан... — сөзімді боліп кетті.

— Не дейсіз, әке? — деп Алдан орнынан атып тұрды.

— Сейдеймін.

— А... ар-рамза! Мына-мына б-бібіз?

— Иә, — ол басын шайқады. Содан соң өз төсін тұртіп, бас бармағын котерді. Онысы бізден жақсы адам жоқ дегені?

— Папка, данышпан деңіз бізді. Мыңпан тұллар, жүзден жүйрік шығады дегенді естіген шығарсыз, — бұл Балжаның сөзі.

Ойым әлем-жәлем. Салғыласып ештеңе ұта алмасыма

көзім әбден жетті. Отыз жыл заң қызметінде болып, санаулы өмір кешкенде дәл өз қызыымдай бозер адамды көрмеген екем. Бұған кім кінелі? Қай жерде қателестім? Коңілім босап, осы сәт буыным сәл діріл қақты. Бірақ бір төтен ой жүргегімді қайта биледі:

— Сені өз өмірімен қатарына өнеге болсын, желкілдеген жас шөптең келер буының ұстазы болсын, ұстаздан артық кім бар деп, университет бітірттім. Қалтаңда қараяғайдай диплом, жогары білімді адамсың. Он бес жыл оқыдың, сондагы жеткен мәрең осы ма?

— Жай сез. Сол дипломның керегі жоқ екен. Босқа уақыт өткізіппін. Бастауыш кластың білімі бар мына Алданға кімдер бас имейді. Тек ақшаш, байлығың болсын, бәрі сонда.— Мына сөзден кейін қуатым азайш, жүйкеlep, шаршап қалдым. Не деуге болады? Адам баласы мұншама тез онғақ болушы ма еді? Көз алдыма осы Балжаның алғаш қаз басқан күнінен есейген шағына дейін елестеп, марғау қүйде үнсіз отырмын. Аққудың көгілдіріндегі першіте сәбиім мойныма асылып, жаңымды ерітіп жіберген. Жан жүйем егіліп, әкелік махаббат болып төгілген. Қоктемгі ғұлді даладан ескен қоңыр жемлен келген жұпар иісіндей сәбіймің бүркыраған иісі көкірегімді жарып барады. Неткен тәтті едің, сәби, сен! Жерден тік көтеріп, қүнге қарай секіртіп, күмістей тогілген құлқісін тыңдаш мәзбін. Бақыт құшсаң-ау, құлныым, деймін ішімнен. Қімнің баласы өзіне сүйкімсіз көрінген. Жасында да, қазір де сондай балам қарсы алдында менімен жауымдай арпағысып отыр. Мойылдай қара көзі, ұзын кірпікті, қиғаш қасты, тек қызы балаға ғана бітетін жұпжұқа ерінді, оймақ ауыз, ақ маралдай дөңгелек жұз, маңдайымда біткен жалғыз айым мени күнім! Енді байқадым, қызыым малынып отыр. Эр саусагында үстін күмбездеп, гаунардан көз салған алтын сақина. Қарсы алдында — керкем өнердің биік шыңы деп танылған Леонардо да Винчиңдің Джокондасы, оның қасында — құшақ маңдағын алақанымен жауып, бет сүйегі шошайған қысқа иегінен жұдырықтайды жұтқыншагы озған Алдан. Алдан да алтын тістерін жарқыратып қойып отыр. Бірі көзді арабаса, екіншісі борығып, шіріген саңырауқұлақ тәрізденеді. Өз қызымнан озім алтынмен алталып, күміспеп қапталған адамды көргендей болдым. Асыл тас та адам коркіне көрік қосады екен-ау деп ойладым. Екі құлатында ай суретті алтын сырға, бұлбұлдың төсіндей керіліп, енді ғана білінген ақ бұғаққа жарасқан, мойның орай салған, ман майда еріген алтыннан шытырышқтаган зерлі баулы са-

рат. Аузында да осындай жарқыраған тіс. «Перштем, сен не болып кеттің?» Қазір өз қызымының мына коркіне теңеу таптай, тамсанып қалған мен: «Шіркін-ай, осындай перизатымды мынау шіріген саңырауқұлақ қалай қолына түсірді, ә? Мұның себебі неде екен?» деген таты бір ой басыма сап ете қалғашы. Содан ба:

— Балжан, сен алтын табытты адам жайлыш естідің бе? — дегенмін.

— Қайдагы? — Ол аң-таң.

— Ана жылы қазақ археологтары Алматы қаласынан 36 километр Есік қорғанында жасалған қазбадан табылатын ше?

— Иә, оны не үшін сұрадыңыз?

— Оны ма, оны сен біле ме екен, білсе... , — деп әдей күмілжідім.

— Білем, білем, оқығам.

— Білсең де, оқысаң да ештеме қорытпапсың.

Сөз қайта тұтапып бара жаты.

— Не істеуім керек еді? — Кекете қарады. Үніңде әлденендей ыза бар.

— Қанша алтынға оранғанмен, адам мәңгі өмір сұрмайді. Онымен халықтың есінде қалмайды. Халық, есіпде еңбек, ерлік еңбек, батырлық қана өмір сүреді. Оны түсінуің керек. Ол үшін еңбексіз табылған дүниеге коміліп, қолыңды жылы суға малып бос отырмай, адал еңбек ет, сөйтіп тапқан табысыңа не алыш, не кисең де жарасады, халыққа үнайды. Ерте дүние данышпаны Аристотель айтқандай: «Қоғамнан тыс тұрған адам — не құдай, не айуан», сен мұның екеуі де емессің.

— Тағы да бастадыңыз ба?

— Енді не деуім керек еді? Арамтамақ бола бер дейін бе? Әлде алтын табытты адамның сүйегінің үгітіліп, уақыт табына шыдамағанын тарих жасыра алмағанын да айтпайын ба? Ол кім еді? Сондай асылға оранса да, оның аты-жөні кімге белгілі қазір? Айтшы, білсең, ешкімге де! Ал күні кешегі қан майданда мына сендейлердің бақытты өмірлерін үшін, Отан үшін жанын пида еткен ұландар есімін қай дәуір, қай тарих ұмытар екен?!

— Сізben тіл табысу мүмкін емес. Әркімнің өз дәуірі бар, оз өмірі бар. Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Оны қалай сұру әркімнің өз еркі. Алик, тұр! — деді есікті қатты жауып, шығып кетті.

Әйелім маған бірдене деуге бата алмай, үнілеп қасымда отыр. Әлгі әлгі ме, мынадан кейін жегідей жеген ой шыңырауға батырып әкетті. Өкшелеп құган тазыдаң

қашқан тұлжідей бір ойды бір ой қуады. Тоганаң жоқ, тоқтау жоқ.

Сөйтіп отырып, Алданмен қосылып, осы күнгі салт бойынша есік ашқан Балжанның енесімен ере келген аш-аң жүзді әксүр әйелдің сөзі есіме түскені. Бір оңашада сол созуар әйел:

— Балаң бір айтып суреттеуге тіл жетпейтін перизат екен. Дәм-тұз ба, Алданға душар болышты, әйтеуір, бақыты ашылсын.

Мына сөзге елең ете қалған мен:

— Неге олай дедіңіз, құдағи?— деп қалдым. Бетіме қарап, қой көзін құлімдеп отырды да:

— «Ұяда не көрсө, ұшқанда соны іледі» деген пақыл бар. Түбінде түсінерсіз, құда. Рас құдағының аққоғіл кісі. Кемерінен шыққап үш ұлының орташысы — сіздің күйеу балаңыз. Бұл сырды сіздің зиялы адамдығының, адалдығының айтқызын отыр. Біз үлкен базарлы қаланың адамымыз. Қалада әркім әртүрлі күн кешеді. Біреуді біреу біле бере ме? Соның бірі құдағының — таңың атысы, күниң батысы жалаң аяғына кебісін іліп, тырптыр базардың шаңын қағып, саудагерлікпен өмірі өтіп келе жатқан, көздің сұғын жалаған адам. Онымен шыр біткен емес. Осында сізге деген қашпа құрмет, сый-сияп болса, туған-туыс, ағайындікі.— Сәл кідірген әйел ойлы түрде:

— Ол Алданың да осылай өсірді. Алты-жеті жасарында-ақ қолына таңтертең бір тенге үстатель: «Базарга бар, тамағынды тауып же, бірақ кешке бір тенгемді әкеліп бер» дегенін мына құлақпен талай естіген едім. Сол же-рін айтам да, құда, есінде болсын.

Сол ақсүр әйел қазір де көз алдында құлімдеп, ағынан жарылған күйі сойлен отыр. Неткен сұңғыла адам еди!

— Сіздің арқаңыз ба, бұл жерде Алдан абыройлы кісі болышты. Өзімізде бір-екі ай темірге шавишип ет пісіріп сататын жерде істеп, сыйыса алмай, жұмыстан шығып қалыш, осылай кетіп еді,— деген дауысы қазір де құлагыма жаңғырыға естіледі.

— Құдағи, мына сөзіңіз сүмдүк екен. Айтпаңызы... бір сом беріп,— деп өзімнен өзім сөйлен кеткенімді жүбайымың:

— Сеп, байғұс, ақылыңан адасарсың, не деп отырысың, тағы құдағының не?— деген дауысынан селк ете қалғаным. Расында да, мұным ұяттау болды. Сасқанымнан, есік ашуга келгендегі ақсүр құдағидың сөзі есіме түсіп,

болған жайды әйеліме айтпасыма лажым қалмады. Бар зейінімен тыңдаған ол:

— Қайтесің, енді мандайга салғаны сол болса, бекерге қинала бермеші,— деп, әдетінше күрсіп отырды да, сойлем кетті. Бір нөрсеге ренжігепде қыр мұрының усті сәл тершітін әдеп болатын. Қара көзің төңкере қарап, қасын кере салмақты үнмен:

— Сен білмеуші ме едің, күйеу балаң қазір заманың құлшелі баласы емес пе? Болмаса, алып бара жатқан білім жоғы белгілі. Біздің қалаға келген соң бір жыл сыра сатушы, екі жыл ет дүкенінде ет шабатын қасап, одап кейін бір-екі жыл әлгі дүкендерге автомобильмен ет таситын экспедитор болды. Міне, соңғы алты-жеті жыл ет комбинатында сойыс малын қабылдаушы. Тозақ-қа салатын қүнелі адамдай. Алдынан қүніне әлденеше мындаған мал сыратор майданынаң өткендегі шұбырын отіп, пышаққа түсіп жатады екен. Иә, иә,— әйелім дауысын созып,— енді әлдекалай кез келген күннің ішінде сол балаңың үйіне бара қалсанғ, үйің алды «Волга», төрінеи коретінің осы қаладағы қасқа мен жайсан. Ағыл-тегіл ішкілік, қазы-қарта, жал-жая. Жемісі толы берекелі дастархан...

Сол кезде корсөң оларды, қуанар ма едің, құлдер ме едің? Сенің білмейтінің толып жатыр. Басқаны айтпағанда, өткен жылы ағасы мен інісіне күйеу балаң «Люкс» жигитулиң әперді. Жай емес, туысқапыма сыйлығым деп берді.

— Туыстарының өз ақшалары болар.

— Ондай қаржы оларға қайдан келсін. Шисттей бала-шағалы, бірі қойманың күзетпісі, бірі теміржолда жұмыскер, мал жоқтың қасы ғой.

Мына әңгімеден соң мен өзімді басқа дүниеде отырғандай сезіндім. Ойланған адамның қоңліне әр нәрсе оралғыш емес пе? Жаңағы туысына екі «Жигули» әперді деген сөзден-ақ ішімді қайта тарттыйм. Бәсе, тегіп айтылмаган екен-ау деймін өзіме-өзім. «Бұрынғының шалдары,— деп бастап еді ол маган өз ойын айтуды,— белдеуінен бір атты босатпапты. Ол кезде мұндай транспорттың жоқ кезі болғасын да шыгар. Дегенмен, өте дұрыс қой, қартайған адам үзаққа жаяу-жалпы жүре бере ала ма. Қазіргі заман қарттарының белдеудегі ендігі атты жеңіл машина. Сіздің де жасыңыз жетпісті алқымдады,— дейді Алик.— Бір көлікке аяқ артатын кезінің болды ғой. Бұл Балжаниң маган жеткізген сөзі».

— Ондай автомашина сатын алатын қаржым жоқ, шы-

рагым, және қайда барып жатырмын? Қала ішінде автобус та жеткілікті.

М-м-м. Сонда маған ол жап-жақсы емеурін таптықан екен-ау. Міне, көз алдымға Балжаным қайта келді. Мың түрлі жан баураған сурет болып оралды. Бірде сәби иісі кокіргімді жарып, гүл шоғындай құлпырыса, бірде алтайды қырдың қызыл түлкісіндей сылаңдайды. Аққудай үні сыңғырлап, қарақат козі молт-молт етіп, нұр төгіп, бақытты құн кешеді. Бақыт атты айданда бейқам қалқып жүзіп бара жатады.

Осы сурет ілеңде көз алдымнан ғайыш болды. Адамның өз сезіміне өзі өртепгені шеткен қасірет еді. О, тоба, көз алдымға тағы да аққудың көгілдірі мен алақанат тауықтың этеші қатар тұра қалды. Біріне-бірі керегар екі сурет. Маған түсінкісіз, жұмбақ екі көрініс. «Тұлқіні өлтіретін түгі, атанды мертіктіретіп жүгі,— деп ойладым сонда.— Яныр-ау, осындай өзімшіл жаңдарды кім есірді екен? Қай мінезімнен таптым? Қалай қателестім? Жалтыз қызды осылай тәрбиеледім бе? Халық алдында не бетімді айтамын? Қүші өртең-ақ мен де жауап бермеймін бе ар алдында!».

Мені жегідей жеген қасірет осы. Сұрағыма қызыым да, күйеу балам да жауап берген жоқ әлі. Мұның жауабын өзің айт, жұртшылық, өзің шеш жұмбақ сырды, кәрі жүректі өзің тыншыт! Маған ұрпақтың азбағаны қымбат екепін де пайымдарың. Өзімшілдік кімді орға жықпас.

Қауіп мол. Қатты теперінке шыдамайтын жастау баланы қатыстырмайды дегенді естіген біздер иғымызды қомдағ қоқырайып ересек көрінуге тырысып-ақ жүрміз. Қалайды сол ойынды үйрену — ендігі бір арманымыз болған.

Ауа-райы да сол күні пейілденіп, шуақтана қалғап. Кең дала көгілжім тартып, кок шапанын желбекей жамыла қапты. Ауылдан ұзап қырат бауырын өрлең, тоғызысы керегедей кокпек, изен, темір тікен, ошаган, торғай қанат жусапы ерек тузыраган шатқалға бастап келген ол:

— Бұл оте қыны ойын. Мұны ерекше тозімділер ғана менгереді. Мұны менгергендер — деп бәрімізді лапылдаган жанарымен тінте қарап алды да:— арыстандай айбатты, аюдай қайратты да болады. Қынышылығына төзе алмайтындар қазірдең, ойынға қатыспай-ақ кете берсіп — деді. Контең ақсан, қашап болады деп жүрген тажап ойынға қатыспай қалу қайсымызға болса да намыс, оліммен тең еді.

— Не қынышылыққа да шыдаймыз,— деген ересек баланың созіне бәріміз қосылдық, оның артында не барын білілпіз бе?

— Шыдаймыз!

— Эйда, бастаңыз!

— Арыстандай батыр, аюдай құшті боламыз,— деп шу ете түстік. Ол рас айтып түр ма дегендей, бәрімізге жеке-жеке қадала қарап:

— Ендеше, мен бүгіннен бастап сендерге кемәндірмін. Сендер солдатсындар. Ал, кемәндір — барлық солдаттың бастығы. Кемәндірдің ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс. Былайша айтқанда, әрбір солдат мына сендер. Мен ол десем өлесіндер, тіріл десем тірлесіндер! Мениң бұйрығыма бағынбау деген болмайды. Түсінікті ме?— дауысы шаңқ-шаңқ.

— Түсінікті!— деген дауыс шатқалға жақырыға шықты. Ол бір түрлі сұсты кейінке түсіп, сурланып қабағын түйіп алды да:

— Онда бәріңе алдын ала ескертемін. Қімде-кім мениң әмірімді екі етсе, қатаң жазаға тартам. Бұл ойында жаттығу, үйрену, шынығу кезеңі деген болады,— деп едәуір қаһарлы үнмен түсінік берді.

— Ең бірінші, бүгіннен бастап солдатын, кемәндірдің бұйрығын мұлтіксіз орындауға аңт етемін дегендерін, қане оң жағыма, қатарға тұрындар!— деп бұйырды. Ол қолын көтерген жаққа дүркірек ұмтылдық. Мұ не, урік-

кен қойдай! Тәртіппен, отставить!— Оның аңы дауысы үрейлі шықты.— Бойларыңмен тұр!— Ерікті өз қолына алған кәмәндір тасқабактай қағып, ілеңде сапты түзетіп шықты.— Алға — деді өзі бастап соңынан ертін. Бір! Екі! Үш! деп аяғын дік-дік басып адымдаған ерсілі қарсылы маңғаздана жүріп алды. Қорсеткендегісі.

— Қең адым!— деп берімізді алшаң-алшаң жүргізіп, жүгіртіп ақ тер, көк терімізді шығарды. Өзі шаршауды билетін емес, не ентікпейді, не терлемейді. Шойнаңдаған аяғын әр жерден бір басады, жүгірсе жүйрік-ақ. Алғашқы күннен бастап берімізді аш шенгеліне сыйғызыды. Тының еткізегер емес.

— Сендер енді өскерсіңдер!— деді дауысын нығарлаап. Әскерде темір тәртіп болады. Егер солдат Өстанды изменить етсе, құпияны жауға айтыш қойса, жауға берілсе, ешбір тереңесіз табанда атылады.

— Атылады?— деді бір бала зәресі ұшып қорыққаны сонаша.

— Атылады!— көзі ұясынан шыққан кәмәндір қатарға ежіреп таяна түсті. Қолы оң жамбасына ұмтылып барады. Оң жамбасына бұлтитып бірдеңе байлаап алышты. Содан ба, зәре құтымыз қалмады.— Е, атылмай, атылады. Атамы! Измен-ни-ик! Отанын сатқан!— Тап алдарында қылмыскер түрғандай көзі қанталаң шыға келді. Балалар жым-жырт. Қыбыр етуге дәрмені қалмағандай сілейіп қалған. Ызың еткен шыбының дауысы естілетіпдей бір сәт откенде: «Раз-ойде-есс!»— деп бар дауысымен айқай салды. «Ұһ» деп демін бір-ақ алған балалар тым-тырақай тарап кеткені сол, «Стан-о-овиись од-по шеренга! деген барқыраған аңы үн қайта шықты. Балалар аң-таң,— «Өңшең мигұла! Қатарға тұрындар!— деп қаһарланған оның түрі өзгеріп кетіпти.— Тез! Тез! Басындар аяқтарыңды!— Әр сөзі шегедей қадалады. Тарыдай шашып жіберіп қайта жипайды. Аузында да, аяқ-қолында да бір тыным жоқ. Бәрі қарбалас, үздіксіз қимыл.

Аз күнде біздер оның аңса алақанында, жұмыса жұдырығында болдық. Колхоздың жұмысы да өніп кетті. Шагын әскери болімшесі сияқты балаларды қандай жұмысқа, қайда жұмсасау да оның өз қолында.

Бір күні есқі шинелінің белін қынай буган кәмәндір оң жамбасынан тастамайтын сыртында шикі көп ақ қайыс қабы бар «бестелетін» ұстап шірепе түсіп, қатарда түрған бізге:

— Ри-ви-н-яи-исс! — деп дауысын соза бүйирды да — бәріміз қас қақпай қалдық.

— Біз бұғай дейін әскери ойының бас буынын меңгердік. Ендігі бір өнер — плэстон. Содан соң — Әтәку! — деді қатқыл үймен.

— Алақай, әтеку — деп айқайлап жіберді аңқаулау осы Әбу көптен күткен «Әтәкуді» естігенде шын қуанышын жасыра алмай.

— Мал-ша-ат! — Жұғіріп келді ол Әбүді тұтіп тастайтында бол. Сейті де — Шәк перот — деп айқай салды. Түкке түсінбеген Әбу мелшип тұр.— Алға! Бас аяғыңды! — Сүметіліп ілгері шыққан Әбүге — Жұғір! — деп бұйырыды. Ол ұша жөнелді. Жұз метрдей ұзай бергенде — Нәзат! — деп ақырды. Қемәндірдің «нәзатын» түсінбеген ол қайта қоймады. «Круго-ом!» Онысына да бұрылмаған оны озі қапатып қаққап ақсақ тауықтай зырлай қуып жетіп, кері жүгіртті. Осы коріністі уш рет қайталатып, әбден айызы қапғандай болыш,— Бар, орныңа! — деп әмір етті.

Оз ағам күп сайып өзгеріп бара жатқан тәрізденеді маган. Жүйесі ширатылған, қалш-қалш бір қатқыл мінез. Кісі бетіне қараап құлмейді-ау, құлмейді. Күн санап суып бара жатқан бір жан.

Бүгін міне, жаңа жаттығу — плэстонды бастады. Әдеттегідей өзі бастап, жыландаидай жылжып, жер бауырлаап, жермен жексеп болыш етпептеп кете барды. Қәдіпкі шағыл құмда бауырымен құмға батып кететін кесіртке сияқты бұта-бұтанаң арасына сінді де кетті.

— Қордіндер ме?

— Қордік.

— Қане, менше жылжыңдар,— бәріміз жерге жабысып жатырымыз. Иекті көтерме! Басты төмен түсір! Төмен! Төмен! Әбу! — жан дауысы шыға айқай салды. Плэстон деген осы! Бұны жыланбауыр жылжу — деп түсінік берді де, өй әрқайсымызды салды-ау кеп, көк тікен, көкпек оскен тастаққа. Қемәндірдің «плэстоны» сілені қатырды. Өзі шаршамайды. Біздің біреуіміз басымызды көтеріп қалсақ болды «көпбакты» деп арыстандай ақырып, ауыл сыртындағы әжетқанага қамап тастайды.

Қаша намыстанса да балалар шыдайды. Әлгі «Солдат аятын» қабылдаған біздер бет қарауга бата алмаймыз. Бар ойымыз — ойының ең қызығы Әтәкуді бір көру. Бар керемет тек соңдаған сияқты.

— Перот, плэстон!.. Ол кезде қайбір киім бар. Жермен-жексен боп, қарныңмен жылжып, бұттағы дамбал,

үстегі көйлек жыртылып, бүкіл депеге тікен кіріп, тізе мен шынтақ жара бол, айғыз-айғызымыз шықты. Әйтеуір өзі риза. Біз болсаң, ысқа түскен шыбықтай мың бұра-лып біттік.

— Жарайсыңдар! Міне, нағыз салдат болдыңдар! Бар қызық ертең — деп таратқан. Қоңіл өрекпіп, ертеңді асты-га күтіп біз мәзбіз.

Дәл сол күні кешқұрым құдай айдаш кәмәндір ага біздің үйге келе қалса бола ма?! Шешем «қайнам-ау, бұл не, көріпбей кеттің гой. Жеңешеңдің сақтағанын жемеуші ме едің. Атам сыйбасы оз алдына» деп еді, «қол тиіп жүр ме? Жұмыс бастан асып жатыр» деп мардым-сыды. Сондагы ең мықты жұмысы — қасқа өгізбен тырма сүйреу. Оны шешем де жақсы біледі. Содан да: «Жұмысъың жұмыс шығар, бәріпен де ауылдагы балаларды зорықтырдың гой. Үстерінде бүтін лыша қалмады. Бәрі пәра-пәра» демесі бар ма: Менің зәрем қалмай сасып отырмын. «Сен айтқызың отырысъың-ау» дегендей маган тұксие бір қарап алды да:

— Малшать! — деді тісін ақсита көрсетіп. Шешем шошын кетті ме, «котек» деп атып тұрды: «Біле білсеңдер мен ержүрек батырлар өсіріп жатырмын. «Пәра-пәра!» Кийім түглі терісі жыртылысын. Сүйегі қалса болды! Анау соғыста сүйегі күл бол кеткендерді көрсөң, әбден шыныққандардың өлмегеніп білсөң, ә? Айтпас едің бұл созді! Шорт! Ноқай! — Ашулы ол орнынан атып тұрды. Қолы «бестелетіне» жармасын, шешемді атып тастайтындағы түсі көкталақтанып кетті. Қорыққаным сонша:

— Жолдас кәмәндір, — деп басқа созге тілім келмей құшақтай жығылдым.

— Іс-с-тәт! — Опыш жан дауысы тіпті зілді естілді. Атып тұрдым. Шешеме тенсініп қарап қапты. «Софыста болсаң, мұндай соз айтпас едің. Непі түсінесің! Отқа салса жанбайтын, суга салса батпайтын, қылыши кеспейтін, әк теспейтін болат жандар осіру оқай болып па?! Неграмотный!»

— Е, қайнам-ау, немепеңе маган қадала қалдың? — деді бетіне күлкі ойнатып, ақылды қалышын бұзбай, есесін көрмес ұстамдылықпен шешем. — Батыр болсаң, ана жылы қалыңға қашқан қояндай бұқпақтап... Бетім-ау, батыр батыр дегенге есаландаңып барасың гой, тегі — деді.

— Білген екенсің! Біледі екенсің. Соны да бетіме сатық қып. Тфу-у — деді де, жалт бұрылып шығып кетті.

Анам аузын ашқан бойы оның соңынан аңырып қа-

рап ернін бір сымп еткізді де «Осыған таяибашы, түрі жаман екен өзінің. Есі дұрыс емес шығар. Соғыста қан көрген адам гой, қаны бұзылған»— деді жайымен. Аңтаңмын. Шешем не дейді, «ана жылы қалыңға қашқан қояндай... бұқпақтап»— дегені санампан өшпей қойды. «Бұқпақтаганы» несі деймін. Табиғатында өзін жария ұстайтын ол бұл сырын да кейін өзі ашты.

Кезекті жаттығу кезі болатын. Осы Әбу кешігіп келді. Әрдайым маралпattap мені де, мұны да «Полктың кішкепе батырлары» дейтін. Сонысына бақты ма, құдай пейіліп түзеп, оны жазаламады. Бір аларып қарады да қойды. Полк дегені не екенін біліп жатқан біз жоқ. Әйттеуір дәсердей бол күние қалатынбыз. Әдеттегідей ол алға шығып ағып қыза сойлем кеудесін керіп «Бұқіл келешек мына Әбу, Ермектердікі. Осылар ертең дүниені аузына қарататын түкті жүректі батырлар болады»— деді. Бізге сонда козінің қырымен қызғана қараған басқалар «мына екеуі дүниені аузына қаратқанда»... деп кекеткендей де корінген. Әруақтанып сойлем тұрған ол, кенет менің бетімे рақым сәулесін төге күлімден, түңғыш қабагын жазып жайдарылана:

— Естідің, ә? Естіді-ің!— Сәл түсі құбылып барып,— әр дәуірдің өз сыры бар, тарихы бар, қалдыrap ізі бар — деді қобалжып, дауысы дірілдеп шықты. Мен әскерден қаштым.— Бәріміз аузымыз ашылып, одаи көз алмай қаппаз. Өзіміз басын күн сәулесі шалған заңғар таудай көретін кәмәндіріміз көз алдымызда пүштай бол шегіп барада жатты. «Қашқып!»— Қаштым!— Оның дауысы анық естілді.— Бірақ,— деді ол үніпе айбар түйіп,— жаудан қорқып қашқам жоқ! Шыбын жанымды басқадаи артық санағам жоқ! Ол кунде сапамда бір ғана арман болды. Ол — туған, кіндік қаным тамған жерінді жылы жаққа қайтатын құстай бір айналып отіп, бар дауысыммен «Қош бол туған тошырақ!» деу еді. Сол үшін келгем. Сол үшін!— дауысы сапына біреу біз тығып алғандай ышқына аңы шықты.— Мүмкін аласапырап уақыттың рақымсыз, шаш ал десе, бас алған әмірі шығар. Не дерсің, кейін өзіме өзім келгенде білгенім әскерге әй жоқ, шәй жоқ алыпты да кетіпті. Бәрі түстегі тәрізді. Оу, ең болмаса туған жеріцмен қош айтысың, құшагы қыз-қыз қайнаган құрбыщмен шөп-шөп сүйісіш,— ол осы тұста аузының дәмін алғандай тамсанып, жұтынып қойды,— көрінің батасын алыш, мына дарқан өнірді көз алдыңа мәңгі өшпестей келтіруге де мұрсаат берменті. Сол үшін езілген ет

жүрек сананы сағымдай, сапырып, ақылды ойрат-асыр еткен...

Ол едәуір уақыт тілін тістеп тұрды да:

— Сендердегі жүрек әлі менің бармагымдай-ақ. Өниң мына менің қос жұдырығымдай болып, толып, шынығып, жетіліп, мына байтақ даласын, тұған даласын көкірейіне сыйғызар күні алда! Мен сендердің үлкен ұлы махабbat ұясы болар жүректерінді шыңдалап, батырлық дәріс беріп жүргенімді біліңдер! Ал, сол кездегі, әлті соғысқа, қырғынға кірер қарсаңдағы мені жегідей жеген ойды білсеңдер бәрін кешер едіңдер. Ей, бейбіт күнде де, адам о дүниеге аттанар шағында елімен, тұған жерімен бақұлдашып кетпей ме?!— деді басын қайта-қайта шайқаған ол.

— Әрине! Әрине, сөйтеді — деді өзін-өзі қостап.— Ал мен оққа ұшсам, Еуропаның белгісіз бір жерінде бір уыс-сүйек бол қалам. Өз жерімпен бір уыс топырақ та бұйырмайды. Ең болмаса, топырағың торқа болсын дейтін сөзді де естімеймін. Әрине, сендер мені түсінбейсіңдер. Ешкім түсінбейді. Мен сол «қош бол тұған жер!»— деп соңғы үнімді шығару ұшін елте жасырын келдім. Соны ес-сіздер мың сақта жүгіртті. Дегепмен қырық жыл қырғын болса да ажалды өлеңді екен. Мен өлмедім.

Сөйтіп менің кәмәндірім соғыстан қашып келіп, тұған жерімен «қоптасып» жүрген кезінде ұсталып қамалады. Кәдіпкі шикі кесектен қабырғасы қалқайған аудандағы түрме. Әскери трибуналдан тергеуші тоса ма, әлда басқадай бір құйтырқысы бар ма, әйтеуір батырың түрменің сызды еденінде тыр-тыр қасынып көбірек жатып қалышты.

Тар қапаста жалғыз жатқаның азабын кім көрген.— Жаны күйген ол қалайда осы тасқамаудан шығудың айласын ойластырады. Қалай тапқан десеңізші оны сонда! Сол кездің тіршілік тәсілі де қызық. Бүгілгідей сақырлап қайнаған суы тұрба қуалап әр үйдің торіне шілде ыстығын тасыған заман ба ол, тіпті түрмесі де тұтіні будақтарған пеш арқылы жылынады екен. Мұның бағына сол күні түрме пешіне от жағылмай қалмай ма. Басқа шығар жол жоқ, нартәуекелге бел буган ол пештің от жағатын аузына мысықша кіріп, ішкі жашпаларын бұзып, жогары өрмелеп, сыртқа бір-ақ атын шықпай ма?! Түн жамыныш, қара күйеге малыныш шыққан оны күзет те байқамай қалыпты. Зытады келіп. Бет ауған жаққа емес, майдан қайдасың деп, көрінген жүк поездың тамбурына жармасыш, Мәскеу асып, одан әрі, не керек асу-асу бел асып жетеді-ау аңсаған майданына да!

— Ей, өлім, мен сенен қорқып қашқам жоқ! Енді қолыңынан екі келсе бірін аяма! — деп соғысыңа қойып та кеттім. Расымда айтайын біз не көрмедік, өліп те көрдік. Міне тірі де тұрмыз. Соңдағы түрмеден қашқанды, пеш ішінен жұтқан ыс, күйенің кокіректі жарған удай азы иісі кекіргенде, осы күші де ауыздан бұрқырап шыгады. Бірақ ол туған жер отынының күлі емес пе? Ендеше, ол туған перзенті үшін дәру, зиянсыз болса керек. Оны мениң жашым балдай сезінген, балдай сезіне береді — деді сөзін түсініксіздеу аяқта. Біз оның бетіне жаутаң-жаутаң қараймыз. Пәлен деп тіл қату қайдада!

Анамның «соғысқа кеткенше қой аузынан шоп алмайтын момыш-ақ жігіт еді. Бір ауыл «жарықтық ұлы атамнаш қалған үлкен шаңырақтағы шырақшы еді» деп, бетіне келіп, қабагын шыттырғап емес. Әлі де сол. Сен де сыйла. Әруақты сыйла. Қарсы келме. Ол киелі жан! — дегені жадымда. Опсыз да ауыл баласы одан ығыш жүреміз. Ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс. Өйткепі қемәндір. Оның дауысына селк етіп қарадым. Бәрімізді дүр сілкіншті.

— Міне, қара тұман түсіп келеді. Дұшпанды қапы қалдыратын шабуыл да осындай шақта басталады. Плэст-о-он! етпетімізден түсіріп, озі де төсімен қара жерді үйкелеп, алға түсіп, жауырыны бұлкілдеп кетіп барады. Оң қолында «бестелетін» алыпты. Артына бұрылыш қарап еді, екі козі шоқ. Будай бұрқырағап тұман қоюланып жер бетін тұмшалап алды. Қатарымда құнжыңдан тұмсығымен жер сүзіп жылжыған Әбуді де көре алмай қалдым. Жан алып, жан беріп алға ұмтылып келеміз. Ожаң етіп бас көтеру жоқ. «Дұшпан көріп қояды. Не қылт еткен басынды «сыпайшырдың оғы жұлыш кетеді. Өлім оқшаңтайында. Біреуің түшкіріш, не жөтеліп қойсан, ол жауға берген белгі, әдейі жасалған қастандық. Сақ болындар! Бұйрықты өзім берем. Әт-ә-к-уу! дегенде бәрің көтеріліп, мениң соғымшап еріп, лап қоясындар» — деп әлгіде гана әбден тақақтаған. — «Бұл — шабуыл. Жауды есін жиғизбай өз ұсында жоқ ету. Ол өмір мен өлім айқасы» — деген оның үні құлақта жаңырынады. Әсіресе, «Әтәку» дегені бізге тың күш бергені соңша, еліріп шыға келдік. Арманымыз — Әтәку.

Құдайдың шілдесінде басында бұлт тұнеп, тұман түстенетін Тұлпарушқап тұнеріп, тірі жанды жұтып жіберетін тұңғыңық бол қарауытып кеткен. Өз басым дәл қазір қайдада беттеп қайдада жан алып, жан беріп бара жатқанымнан бейхабармын. Әйтеуір, алға, алға ұмтылып келем.

Өлтіріл кәмәндірдің бүйрығы екі болмау керек. Бүйрық өрындалмады — арты жаза! Отанды изменить еткені үшіп атылу! Жүрек лүп-лүп соғады. Бойда белгіссіз бір қо-балжұ бар. Соңда да «Мұның дүшпаны қайда?» дегеп саяул тіміскілейді кеп. Эйтсе де «Әтәку» дегепде лап қояныңдар дегені әруақтандырганы сошила, қазір неден болса да тайынар ойымыз жоқ алдымыз — Тұлпарұшқан.

Кәдіпкі үлкендер ауыздарынан сұзы құрып әңгімелейтін, биігінен аңыз өрбіген заңғар, жарты шың. Жарты деуімде де себеп бар. Тәңірдің алып болат семсері шетіншегіне күн көзі жетпейтін Сарыарқа аталған ұланасыр атыраңтың осы тұсын биігінен тік шауып молынан кесіп түсіріпті. Төбесінинен қараганда бас айналатын құлама жар, ойы тақтайдай жазық, көк жиегіне тұтасқан барқыт дала. Соноу ықылым заманда Нұқ пайғамбардың кемесін қарыққа батыратын топан сұзы тасып откен жерде, соның сарқытында қазірде күркүрі жер жарған өзен бұрқ-сарқ ағын жатыр. Балығы тайдай тулаң, ақ көбігі құлым жа-лындай жар жагасына құлтеленген өзен сұзы түп-тұнық мөлдіреп жылжиды. Атын неге Өмір-өзен атады екен. Расында да, бір тынбай ағын жатқаны мәңгі өмір сияқты емес пе деп те ойлаймын. Халық тапқыр-ау, шіркін атын җалай доп басып тауып қойған! Тұлпарұшқан шығар құн-нің шапағына шомылса, түнде ай ақ түнжыр сөүлесін тегіп, мәңгілік ғашығында телміре қарайтын әлемпің асыл тас қамалы төрізді. Оның ойы да, арқасы да ырыс, түнған байлық, мыңғырган мал, шәүіт-шәүіт ақ. Осы киелі далада туынты атамыз Барлыбай батыр. Мына кәмәндір сол шаңырақтың бүгінгі тұтін иесі. Аңызды тыңда-цызышы. Жоңғар қалмақтарының қалың қолын айқаста түре қуган Барлыбай ата дәл осы биіктен Аққапат тұл-парымен ұшып кетпей мә?! Тұяғы жердің тасынаң емес, тіпті топырағына от өретін тұлпар аяғы жерге тимей осыноу биіктен самған сорғалап келе жатқанын біліп, арқырап құлдір-құлдір кісінен те жіберіпті. Қапелімде не болып қалғанын пайымдамай, көк сүңгісін ауада ескіле-теп батыр «Жау қашты! Жау қашты!» деп ұран тастапты. Соңда қас қагым сөт пе, әлде одан көп пе, тұлпардың алдыңғы аяғы өмір-өзеннің арғы жар қабағына ілігіп, бекесі суда қалады. Жандармен батыр атып түсіп, жан-уардың қолдауынан сүйей берсе, керегедей ақ қауырсын жазылып, қолына тиеді. Ол тұлпардың қанаты екен. Элтідей ме батыр да, тұлпар да жер бетінен көтеріліп кеттіпті. Сарыарқада тұқым шашқан жезқанат тұлпарлар сол Аққапаттан тараган дейді аңыз. Ал батырлық онегені

Барлыбайдан өрбітеді. Бәлки, содан болар Арқадағы сол биікті халық бүгінге дейін Тұлпарұшқан атапты. Дәл қазір бәріміздің сол биіктен үшар басына қарай еңкілден келе жатқанымыз кәміл. Үнемі жер бауырлаған соң ба, бой-бой тер өнебойды жуып кетті. Осы сөт:

— Алға-а! Әт-ә-ку — деген дауыс қара тұманды қақырата жарып дәл құлағымның түбінен естілді. Қемәндірдің «бестелеті» таңқ-таңқ атылды. Іле апыр-топыр қарбалас жүгірген аяқ дыбысы шыққан. Алға ұмтылып кеткенбіз. Құлағыма «Әт-ә-ку» деген жалқы дауыс созыла қайта жетті. Ауада қалқыш, жез қоңыраудай күнгір-күнгір соғылып түрғап тәрізді. Қолымыздары жасанды автоматымызды кезеңіп, сакпанның тасындағы зымырап кеткенбіз. Табан астында ауага жұтылып кеттім. Қарманып та үлгермедім. Қек аспан опырылып, әлем шыр айналып, табаным жерден көтеріліп, тиянақ тұғырдан сөгіліп жүре берді. Қекзенгірден соргалап құйылып келем бе, әлде ауада қалқып қалдым ба, санам сараптан үлгергенше, ақкан жұлдыздай көз алдым, жарқ ете қалған. Шымбатырғап түпсіздіктен қайраңға шыққан балықтай аузымды ашип үлгермедім, мұн-мұздай су «әп — бәрекелді» — деген құшағына алыш, әй-шәй жок ағыза жонелді...

Ауылдың бар естияр адамы қемәндірді ортаға алышты. Түрлери қату. Тек қемәндір ештеме болмагандай аңтаң, бейғам түр.

- Біржола қырып тастанып дегенің бе?
- Бұдан откен ессіздік болмас!
- Апыр-ай, құдайдың құдыреті соққан, секіртіп, ала алмай жүрген кегің бар ма?
- Масқара-ай, бір ауылдың өрімдей үрпағып бір күнде опат етейіп дегенің-ау!
- Өй, өзіңнің есің дұрыс па?!
- Тентек қой, тентек ақылсыз! — біреуден біреу озып оны сөгіп кеткен. Соғы сөз жанына батты ма, көзі шоктаныш, түсін сұтыш алды. Оң қолы қалт-қалт көтеріліп:
- Тоқтатыңдар, ессіздікті! — дауысы зорайып естілді. Бұ не? Ненің үрейі? Кім өлді? Алдымен өлгенді көрсет маған! Қөп біріне-бірі қараш тына қалды. Біреу:
- Әй, өлмегендे,— дей беріп еді әдетінше оның алдында жүгіре басып барды да, саусағын тұмсығына брезен:
- Мың жасаған езден бір жасаған ерлік артық! Түсіпемің оны сен?! Анау тас қамал, мылқау жартас неге Тұлпарұшқан аталған? Неге оны қасиетеп, тәуеп етеді

мына ессіз ел? Өмір — шабуыл! Өмір — аққан өзен! Тіршілік шабуылдан кете береді, өзен өмір ага береді. Ал, ерлік халықтың арқа сүйер мақтанар тірегі болып қала береді.

— Ойпыр-ай, сонда мына сұмдығың жүргімізді жара жаздады. Бірі болмаса бірі майып болса, қайтесің.— Ол енді басқапың созіп тыңдаудан қалған сияқты. Тұтігіп қарайып алған.

— Батыр ата, Аққанат Тұлпар ұшан анау шың киелі, әруақты халықтың даңқты, ту тіккен биігі! Балаң ата ізімен, ата ұлгісімен ерлікке баулынса, тортқұл дүниеге аты шығатын қайсар жүректі болып шындалса, ұлтың мәңгі жасамайды деп кім айтады. Алаш атың әлемге кіммен шығады? Күні кеше айдай әлемді батырлығымен таңдандырыған Нұркен Әбдіров ерлігі Барлыбай атамның тобесіне қарасақ басыңдан тақияң түсетін соноу құзардан сорғалап қанат қаққан тас жүректілігінен туған! Соның ат үстіндегі түкті жүрек батырлығына лайық кекте самғап, самолет боп, дүшпаш тобырына жай оғы боп тогіліп, жасын боп құйылғаны десем ше? Әне, дарыған батырлық!— Ол арқасы бар жаңдай қозып, жан-жагына отты көзін жалт-жалт тігіп, түкті қасын жиі-жиі түксите тігіп, аласұра жүріп кетті де:

— Келешек ездікте емес, ерлікте!— Аяғын нақ-шың басып суга сұңғігеп үйректей боп жаутаң қаққан бізге сүйк қабағын жазбаган бойы:

— Ұстан-нов-ись!— деп бар үнімен айқай салды. Әбден қазықша қағыш үйретін тастаған біздер оның қолының астына қаздышип-қаздышип тұра-тұра қалдық.— Іс-мер-но-о!!!

— Міне, біреуінің бір жері майып болып па?! Жұртты тінте қарады. Жоқ! Қас батырлардай қасқайыш тұрған ержүрек, болашақтың Барлыбай, Нұркендері, міне! Қөптің еркесі, таудың қыраны бұлар!— деп бір сәт сабасына түсіп, өзіне-өзі келді ме,— Ойландар, мен бұларды ездікке емес, ерлікке баулыдым. Түсініцдерші, Отанды, елді кім қорғайды? Қәшілестер тыныш жата ма? Қемненезм озі орнай ма,— деп сөзін жалғай берді.

— Жоқ! Бәрі күреспен келеді. Қүрес — даңқ! Әр ұланды жақсылыққа баулы, бақытың тасады! Сол ушін де маған Отан, ел, келешек қемненозм қымбат!— Ол Тұлпар-ұшқанның ұшар биігіне, өзі бәрімізді «Әтәкуге» бастап, лап сорғалай құлағап шыңдан көз алмай қалыпты. Бір

адам тіс жарып, ун қатпады. Айтары жоқ па, әлде мына кісінің сұзы басты ма, әйтеуір үн-түнсіз тарасып кеткен сонда.

\* \* \*

— Қандай жүрек жүтқан кісі, ә? Мына құздап Әтәкүге басып жүрген? Тасқа соғылып біреу-міреу жазым болады демегені-ау, ә?— Әбдің тілі шықты.

— Бір беттесе, қайтпайтының білмеуші ме едің — деймін ойымды бөлгөнін жақтыртпай.

— Е, көрдік қой, жарықтықтың талай құқайын,— дег шалажапсар ойын сабақтады.

— Несін айтайын деп едің?— деп, расымды айтсам, өкпелей қарадым Әбуге.

— Әй, Ермек,— деді аспай-саспай дауысын созып Әбу.— Колхозды қояйын, өзің осы совхозға директор болған он жылдың ішіндегі қиқарлығын ғана есіңе алышы.

— Мен өз басым Әтекеңнің бұра тартқан ештемесін көрмедім,— дедім. Әбу тутырып, тілі күрмелген кісідей қабағын жиі-жиі қайып:

— Сіз де айтасыз-ау!— деді, үнінде қабаржу бар.— «Сарыбуын», «Өкпе», «Айналма»— деген дәғноз мал есірген қазакта жоқ. Оны мына Әбу сияқты өзі окпе, өзі айналма, өзі сарыбуындар ойдан шытарған деп, бір ауданды шулатқанын қайтесіз?— деді. Түңліп айтты.

Қазір ақ сүт сағымға жұтылып, бұлың-бұлың көзді арбақ, аппақ шалқары кекжиекке толқын атқан «Әтәкү жайлауы» Тұлпарұшқаның биігінен елес бол қана көрінеді. Кейін ол кісі отыратын жайлауды да жұрт осылай атап кеткен. Ойыма омың тұрган асықтай бол елестеген Әтекеңнің төрт қанат қоңыр үйі шалғыны жапырылмаған жаңа қоңысқа қонғанына да бір-ақ апта откен. Бәрі кешегідей өңім.

— Ермекжан, әкең мейірбан кісі еді. Жаны үзіліп тұратып басқага. Қайтесің, Ұлы Отан соғысы жанын алды. Сүйегі қайда қалды, кім білген. Әтеб не білдік, откен өмір ғой,— деген ол көзін кекжиекке қадап, аяғын тез-тез басты. Қараймын. Жалаңақ. Атын да орелеш, отарының қапталына жайылымға бос жіберіпті. Қалың қой желге қарай өрекпи қаптап барады.

— Оу, аға, мына жалаңағыныз не?— дедім таңданып.

— Менің табанымды тозады деп келемісің. Бассын ата-баба, күні кеше арманда шер кекірек бол өткен бауырлар откен ізді! Мына жерді мұрага қалдырған солар.

Біз бейбақта не қалды. Біз кімбіз. Әшейіп тірі пенде, малбағар, орысша айтсам, робот емесіл бе?— деді қатты күрсініп.

— Мына байтақ далада кім жүрмеді, кім өмір сурмелді? Барлыбай аталар шалқын өткен жоқ па? Мынауызыз әшпейін жанды қинау той, бекерге түцілменең — дедім «малбағар», «робот» дегеніне елең ете қалсам да дін аша алмай.

— Ермекжан, «жаны адап, тәні нәк пенде екі дүниеде қор болмайды» дейді халық. Шындық бар шығар,— деді сәл ойланып.— Сенің сондағы «Әтәку» есіңде ме? Мениң сондағы көп салдатымның бірі сен өзің емес пе едің? Эй, есаланғ болғаным ба, әлде, сонын дұрыс па еді. Мейлі «Балаларымызды қатерге ұрындырыңың» деп бір ауыл ортага алған күннің ертеңіне осы қойдың соңына түскем. Ақ таяқ содан, міне,— қырық жылдағ асты оң қолымнан түскен жоқ. Алғаным алты жұз бас. Осы күнге дейін есептен отырсам, бір қойдан қырық екі қой осіріп, пәленбай жұз тона жүн берішін. Кімге? Сондағы көрген рақат, ұшпағым қайсы? Қөншарқа аяғынан әлі түспей келеді.— Ол басын салбыратып жермен сойлескендей аяңдап келеді, отар ұзап барады. Оны ұмытқан сияқты.

Кенет басын жерден жұлып алыш, «жүргегімді паршалаған күнде мені мың әлтіріп, мың тірлітетін шындықты, тіпті сүмдікты саған ашып айтпасам, әрақтан қарғыс алармын» деген кездегі оның көзі сол «әтәкуге» басқан күндегідей шок басып жана қалыпты. Анау Тұлпаршықанның жақпaryна, Қараңғірге барып кордің бе?— Мен басымды шайқадым.— Бара көрме жаным, жүргегің жарылады. Жыртқыштықты, қанды қолдың ізін көрмей-ақ қой сеп!— Ол көктікенді кормей ме, әлде ыза буып келе ме, жалаңағымен қарш-қарш басып келеді. Аузы сезден тоқтар емес.

— Мына жайлайға бір заманда туған елдің мыңғырыш мал есірген ұлы қонысы деп келіп ем. Бекер келіппін. Мың тогыз жұз отыз екінің, екінші «Ақтабан шұбырындының» ізі қазірде жосылып жатыр мұнда. Өшер емес. Жаным түрлігеді. Жаны-ым! Ұстамалы ауруы бардай шошып, түн ұйқым төрт белінсе, күндіз көз алдында адам, «Нан». Нан!» деп аштан олген адам мұлде соңынан бір қалмайды. Өлімен бірге жүріп коріппең? Тебе құйқам шымырлап қоя берді — ойда да, қырда да сүйек! Адамның сүйегі! Ақсөңке! Ашық жер бетінде жатыр,— оның жан дауысы шекемді зырқ еткізді.— Ал анау қараңғір — қара мола! Ашық кор — қабір! Інкібідінің адам атқан

жері. «Халық жауы» деген сүмдүкты естіп не едің? Елдің атақты талай марқасқаларының майдайын оқ тескен қаралы үңгір ол. Баршы, сонда атылған оқтың жезін, оқ тескен бас сүйекті санаң тауыса алмайсың! Осы масқараның себебін кім түсіндіреді, қазір?— Ол оқты көзін қанжардай қадап аз тұрды да, сенің мал лоқтырың, әлгі үн демесінді айтам,— (онысы Әбу) Рахмет Әтеке, мен қызмет еткен он жылда Сізден не бәрі жиырма бас қана қой өз ажалынаң өліпті — деп арқамнан қақты. Онысына өдәуір марқайыш қалдым. Әттең, не керек, мал емес қазақтың, иә қазақ деген ұлттың мына өзі туған даласында апитан, зорлықтан, қияннан қырылғанын ол қайдап білсін. Бірақ, сол — деген қарт — өй, отарым ұзап кетіпті рой. Мен кеттім. Басқасын тағы бір келгенінде жырлармын — деген де таяғымен жарыса жөнелген. Арада бірер ай өтті ме, өтпеді ме, көп ұлының ең кішісі, қазіргі шопан Исламбекі далақташ шауып келді.

— Экем қатты жығылды. Сізге тез жетсін деді,— деп кемесең қақданы. Күн Әтәку жайлалаудың қан қызыл шапағын төгіп, сөніп барады. Асығыс жеттім. Шалқасынан жатқан Әтекең мені көріп, бетін бері бұрыш аунац түсті. Әл қуаты азайыш қалғандай. Басын қайта-қайта изеп, кірпігін қаға береді. Сейлекісі келе ме, ерні жыбырлайды, үні шықпайды. Аузына құлағымды тостым. Әлсіз дауысы еміс-еміс.

— Не бітіріп кеттім өмірден?— Сұраулы жанары іркілген жас. Басын изеді. Тағы еңкейдім.— Сенің әкең де, мен де, бас-қа-лар да бекерге азапты гүмі-ы-р...— Осы санаң айтқан сөзден соң одан да әлсіреп, біраз жатып, кірпігі әзер қимылдаш — ендігі уміт өз... өз-де-р-р-и-ң!— дегені оның соңғы сөзі болды. Ауыл молдасы ақпен бетін жапты. Үй-іші шулап қоя берген...

Содан бері он жыл өтіпті. Осы мезгілде, Әтекең қайтқан күні Тұлпарұшқаннаның басына бір шығатын әдетім. Әне, мыпа биік басынаң сол аяулы ағаның — Әтекеңнің қоңыр үні сағымға көтеріліп мен мұндалады. Оны Әбу де аңғарды ма:

— Апыр-ай, сонда өзі кемәндір болатын ойыннан кейіп осы кісіні ел оп-оңай Әтәку атандырып жібергеніне таңмып. Онысы орыстың «Атака» деген сөзі екенін жүрт қайдан білсін. Расында шын есімі кім еді, ұмытын та барамыз. Әйттеір Барлыбай ұлы болып жазылатын,— деді Әбу Әтекеңнің шып атын есіне түсіре алмай.

— Аты табылар.— Әбу жалт қарады. Есіл ер, дүни-

деп отерінде, әттең, өкішін арқалап кетті. Шемен шер, құса кетті жүргегінде,— дедім сондағы ага сөзі көкірекімді қарс айырган мен.

— Армансыз кісі бола ма — деген Әбүдің сөзі күйдіріп жіберді тағы.

— Құса дегенді, дүниеден көз жұмардағы өксікті туғыншын де сана керек шығар.

— Оу, Ереке, озіңнен өзгені ессіз көрме. Сол қиқар шал жайсаң өмірден күліп отпеді деп бүтінгі үрпақ қайтыра қоймас,— оның үні зілді шықты.

— Тыңда! Бұл — оның демі бітер алындағы, ең соңғы ақтық сөзі. Бүкіл тіршілігіне жасаған қортындысы шығар. Оны кім білген! Әлі құлағымда «Ермекжан, әкең Отан соғысы дейтін қырғында оққа үшты. Моласы қайда? Не үшін, кім үшін жан берді? Сүйегі қайда қалды? Кімді қоргады? Осы мына мен жетпіс бес жыл жер басып, не үшін өмір сүрдім. Зая кеткен өмір емес не? Аштан, қияннантан, бос дурмекте өлгендер үні құлағымнан күні-түні пеге кетпейді? Ей, бауырым, менің сүйегімді осы көп сауал, соноу зарлы үн қабірде де жегідей жейді...» Ол осылай деп жатып үзіліп еді.— Әбу осы не айтып тұр дегендей, бетіме қайта-қайта қарарап, жұтына берді. Бірдеңе дегісі келсе де, аузынан соз шықпай тұр. Әлден уақытта:

— Мына биіктен «Әтәку» деп атылған сол емес пе еді. Ал, олерінде... онысы — деп бетіме таңдана қарады.

— Бүтінгі тіршілікке, тозаңдай тозған өмірге налығапы — деймін. Не дермін басқа.

Төрткүл әлемді алақапыма қондырган биік басынан көк жиегіне телміре қараймын. Сағымы тасып, ақ шаңыт бол мұхиттай тұлаган кең байтақ алласапыран. Тау-тау толқын көзді бұлдыратып жіберді. Шетсіз, шексіз әлем бұлың-бұлың өзімен өзі болып кеткен. Тек төменде Өмір-өзен ғана бір ырғақпен бау агады. Тоқтайтып да, ағыны басылатын да емес. Жаратылысында елгезек, ақ көніл, наңғыш, аңқау жаны да, тәні де пәк Әтәку ага мына сайдын даласына атойып салып ұрандаш шыға алмайды қазір. Иә, сонда басын тұман басқан шың басынан арыстандай атылса, өзі жанындаі көрген тіршілік шыңынан мәңгігіе біржола үшіп, терещ түңғирыққа шым батып көтіпти.

Иә, қайран ага, өмір құзарыпда мәңгі қалу ешбір пінденің пешенесіне жазылмағаны кәміл. Тек кешкен ғұмырына өкінішпен, құса жүрекпен оту адам үшін мәң-

гілік азап екені де ақиқат. Бақұл болыңыз аға, сіздер кешкен өмір...

Қекірегімді ашы бірдеце қайта ашытып, бүкіл қан тамырым, тәніме тараган белгісі бір күш денемді қалтыратып бара жатты. Бұ не? Санамда найзағай ойнай ма? Соноу ұзақта жez қоңыраудай «Әт-ә-к-ү-ү!» деген дауыс дала желіне қосылып ызың қағады.

## Қайран шеше

Шілденің шықылдаған ыстығында салқын үйге кен жақаға саялағап Зылиқаның құлагы шулап қоя берді. Жай шуыл емес, дүңгірлетіп алыш барады. Айнықатесі жоқ ұрандаған қалың қолдың дауысы. Ілеңде азанқазан боп кетті. Өз құлагын озі шұқып, аяқ асты әуреге түскені. Неліктен екені белгісіз, бойы тітіреп, қандала талағандай бүкіл денесі дуылдаш, қаралтан қарап әнтертәптері шықты. Сейткенше болмай, есік айқара ашылып:

— Әже! Әже... Ә! — деген бір топ дауысқа «Сүйінші! Сүйіншілекен!» үн қосылып, жарқ-жүрк ойнағап наизағайдай мұның тұн-түнек басқап әлемін тіллілеп отті. Бұдан кейін буын-буынның әлі кетіп, жүргеті аузына тығылды. Орнынан ентөлей ұмтылып тұрмақ боп алқынғалы қаша, бір тіктеле алмай-ақ қойды. Әл-дәрмені таусылып, құаты бойынан ада болты. Аяқ асты тілі күрмелді ме, үші шықпай, онсыз да терезесі тұмшаланған қаралолецке бөлмеде үйелекен жаңдай аласүрді. Әжелеп шулаған дауыс үйді басына көтеріп, сүйіншілекен бір топ бала оны қолтықтаң тұрғызды. Сондағана:

— Тәңірім-ау, — әрең үн қатқан ол, — ақсарыбас құдайы! Ауыздарыңа май! — деп тіл қатты. Өзінше құбірлеп, дұға оқыған кәрі балалардың бетіне шошынған бейнеде бағжия көз тікті. Бір сәт есінен адасқан жаңдай, кіршігіп қақпаған күйі, еріндегі діріл қағып, үнсіз қалды.

— Әже! — деді аптыққан Шырақжан, — Телеграмма... Міне, Мәскеуден келді.

«Бәрі ойдағыдай болды. Ертең ұшамыз, тосып алышдар», — депті деп, тілдей қағазды ашаның дір-дір еткен қолына ұстартты.

— Мәскеуден... Дәуіт, — деп екі сөзді санап зорға айтқан Зылиқа:

— Жаңым-ау, не дейсің? Шын сүйінші ме? — деп шалқалап, жүргегі аузына тығылып, басы қанкобелек айналған ол құлай берді. Дәл осы кездे өкпесін қолына алыш Капуста мен қалбалашқап Мұсабек те жеткеп еді. Зылиқаның ыңғайсыз жатысына екеуі де шошына қалды. Анталағап балалар да аң-таң. Бұл тыныштықты бүзған тек Шырақжан ғана:

— Ата, әжем көкемдердің хабарын естіп, қуаныштан, — деп мән-жайды қыска түсіндірді. Осы сөз тығының бұзып атылған ақ қайнардай балаларды ду еткізді де,

бәрі шулап сүйіншілеп кетті. Жаңа кірген шал-кемпірді ортага алып жатыр.

— Алыңдар сүйіншілерінді, жаным да сендердікі. Бәрі солардың жолына құрбан! — деген Мұсабек қарттың көзінен жасы сорғалады. Капуста атанған қарт ана Зыли-қаның бетіне су бұрқіп:

— Қуанышың құтты болсын! Бәрі қайырымен деген осы! Сабыр ет. Қуанған да, қорықсан да бір,— деп өзі ебіл-дебілі шығып жылап жур. Ол өзі әлі сүйіншіпін мәнін толық бағамдал миленған да жоқ. Қекірегінде «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген ұғым ғана. Зылиқа көзін ашты. Ұзын кірпіктері көтерілгенде қара көзінен нұр ойнап қоя берген. Жаны жаңа жай тапқан тәрізді.

— Үң! — деп аудыр дем алыш, жан-жағына жадырай аз қарап, — Телігірамды тағы бір оқыши, Шырақжан, — деп тіл қатты.

«Бәрі күткендей тамаша болды. Ертең ұшамыз, тосыңдар. Дәуіт, Сән».

— Қерік жазылып па? — болды келесі анықтағаны.

— Тамаша болды денті, телеграмманы Мәскеудің өзінен беріпти.

— Рас па? Құлым жазылып па? — Зылиқа аптығып кетті.

— Жазылышты.

— Жазылышты, әже, маган сенбейсіз бе? — деген Шырақжаның үні әлгіден де нығыз, сенімді шықты.

— Мәскеу, Дәуіт... атынан айналдым. Жаным құрбаның болсын. Мына жаны құргыр шырқырап шығып кетпей, кәрі кеудемде неге ғана тұр екен? Мынадай қуаныш үстінде өліп кеткен анада не арман бар! — деп көзін кедірек ашқан Зылиқа жұмбақ сырдың шешуін іздегендей төңірегіне тінте қарады. Жаны шарқ ұрыш, дегбірі қашқан.

— Иә, Зылиқа, ақ түйелің қарны жарылды. Өшкенің қайта жанып, бақыт құсың торіңе кеп қонды, — деп қуанышы қойнына сыймай, бұған дейін өзінде болмаған мейірбандық көрсетіп, қурақ үшқан Капустага:

— Зәуре, бір менің басыма қонған бақытты ғана көрме, көбіне жығыл. Осы қазір мен барлық адамның басына дарыған ізгілікті көрдім. Бұған дейін ештеменің парқына бармаптыз. Бақыт деген адам екен. Адам — ізгілік атты қасиет екен. Қуи нұрынан жараган сарқылмас күш те сонда. Соны қасиеттейік, — деп бойына бұған дейін белгісіз тың қуат дарығандай салиқалы ой түйіп тоқтап еді. Оның мына тұспал, жұмбақтау сезіне ешиім жауап

қатпады. Аз кідірген ол төңірегіне тағы қоз жүгіртті. Қо-зінде нұр тұнып, жылдар бойы қасірет тілімдеген әжім толы беліне қан жүгірді.

Дәл қазір бүкіл өмір бойы аңсаған арман-мұратына жеткен жандай жайнап салды. Аналап, жаны қалмай, асты-үстіне түсіп, тумаса да туғандай, ағынан жарылып тұратын Дәуітін көріп отыр. Қекшіл көзі көгілдір аспан-дай мөлдіреп, бұған ол құле қарарап қапты. Сол көздің тереңінде ыстық сүйіспешілік, адамға, досқа деген ізгілік тұныты. «Апа!» Дауысы да Қоріктің үніпдей жып-жылы. Төсіне бас қойып, еркелей құлаш: «Көп жылғы қайтыңыз ақыры шаттыққа ұласты. Бағанды қуаныш болсын. Құттықтаймын»,— деп күледі бұған. Ал Сәніпің көрінісі мұлдем басқаша, ерекше болек! Жаңа гана қауызынан жарылған гүлдей жайнап кетіпті.

«Апа, қараңызы, тілек қабыл болған шаттық үстінде Қоріктің, ерікке қоймай, өзі көріп, өзі жүріп, Мәскеудегі дүние-жиһазына көзі тоймас айтулы орталық магазиннен маған таңдаш әперген койледі міне! Қандай әдемі десеңші»,— деп балаша еркелейді кеп. Ана жүрегі осының бәрін ойша көріп, көңілмен тошылаш, қиялына қондырып, іші-бауыры, елжіреп, озіп қоярға жер таппай, сол балаларын көргенше асықты.

— Әлгі сәмәлеті қашан келеді!— деп тағы бір анықтап алды.

— Ертеңгі сағат таңғы алты.

— Иә, сәт!— деп орныпшың тұрғал ана,— Бұ не аңтарылыс! Тойға дайындалайық. Бұдан аярым жоқ. Ал балалар, сендерге сүйінші берем,— деп үлкен көк әбдірениң аузындағы құлыпты, жөнпелдемеде кілтін таппай, бір-ақ тартыш жұлдыз алды.

— Рас па менің төрімде аңсаған думаным — тойым болатыны? Қорігім!— Аナンың тіліне «Дәуітім» деген қоса оралды.— Бір бүтінің екі жартысында тел қозыларымай,— деп тоқырады ол. Ана қуанышында шек жоқ. Қектемде томырылып сең буыш, арқырап таси жөнелген өзендей ол өз аринасына сыймай бара жатты. «Өткен күнде белгі жоқ дейді! Неге болмасын! Мен осы жиырма жыл ішінде қашша күп, қашша тұн қайғы уын жұттым. Әйтейір, тәңірім ықыласын аударды ма, әлде маған белгісіз басқа бір күш пе, осы бір азamat...— Аナンың көз алдында қашанда дидарында күлкі ойнаган Давид тағы да келе қалды. «Апа-ау, досқа досшаш қарау — біздің адамдық борышымыз. Өз балаңыз Қорік пен менің, мен тәрізді еңбектес азamatтардың жаны бір. Мақсаты бір адамда муд-

де бірлігі деген болады», — деп күле сөйлейді бұған. — Баяғы бір тәтті лебізді сол күйі қашанда қайталай жүреді. Құлағы үйренсін, қазақтың кәрі кемпірі түсіне берсін дей ме екен? Әлде бүгінгі жастардың бойында маган түсініксіз, мен білмейтін басқаша сыр бар ма? Сондай бірдене бар-ау, бар, — деп күбірледі ол. — Иә, айтпақшы, анада Мұсабек құда:

— Зылиқа, ертеде Қыдыр деген болады екен. Оның құс екенін, адам екенін тап басып ешкім айта алмайды. Әйтеуір, ол қонғап, не назары түскен пенде әлемдегі асқан бай, бақытты болған. Бірақ сол бақыт пен байлықты таратушы Қыдырды көрген пенде тағы жоқ. Аңыз аңыз күйінде қалыпты. Ал мен сол Қыдырды сенің үйіңнен күнде көрем, — деген. Зылиқа, «осы не айтып отыр» деп, сонда Мұсабектің бетіне таңдана қараган. «Есі дұрыс па өзіңнің. Қыдыр үйіме күнде келсе, мен осындай болар ма едім». Құдагиының мына құдікті қарасына, мұның неге мегзегеніне түсінбей отырғанын пайымдаған қарт:

— Ол Қыдыр — Дәуіт, — деп кесіп айтқан.

— Дәуіт? Қыдыр?

— Иә, — көрінің дауысы нық естілді. — Осы жігіттің бойындағы адамгершілік, басқаға деген ілтишаты сенің Қыдырың, — деді төпдіріп.

— Сіз оның біздікіне жиі келіп, Қөріктің құлазыған қоңілін көтерген достық қарым-қатынасын айтасыз гой, — деп ойланған Зылиқа, — заманы гой. Онысын өздері достық деп түсіндіреді, — деген жайбарақат.

— Сол достықты көккоз жігіт Қыдыр бөп жасап жүрсе ше? — Шал бір нәрсеге ақықат көзі жеткен кісішө кәміл сеніммен сөйлеген.

— Ілайым солай болғай, — деді де, ішінен: «Тәңірім ау, көз жасымды көрдің бе? Әлде...». Өзінше мінажат етіп кетіп еді. Мұсабек сөзіп одан әрі жалғады. Әңгімені әріден бастады:

— Кешегі ұлы қырғында бір жарым жыл соғыста болғанымда бір мұсылман баласына кезікsemші. Әйтеуір, иісі қазақ кездессе, бүкіл елмен, жермен жолыгардай көрнем...

Кейін, онда да, қара нардай алыш денелі Иванның айтуынан түсінгенім: біздің болім жаудың бүйірін опырып, ішіне еніп кетіпти. Екі қанаты қуатты жау бізді қоршауға алады. Сол арпалыста менің аяғыма оқ тиіп, жылжи алмай қалдым. «Әй, өлген жерім осы шығар» деп қансырап жаттым. Жан-жағым тарс-тұрс атыс. Қемәндірдің қысқа әмірі құлағымның түбінен естілді. «Орманға шегі-

жівдер!» «Ә, Мұсабек,— дедім,— ел-жүртүңца дүғай сәлемінді жолдаш, имапынды айта бар. Сенде шегінетін аяқ жоқ!». Өмірден біржола үміт үзген осы қысылтаяң сэтте біреудің тегеуірінді қолы ишкима тиді. Иван!

— Кел, Мұса!— Лақтай көтеріп, арқасына салып алды. Бір қолында сүйрекен қол шулеметі. Жалғыз өркеш бура нардай бұлкілден келеді. Тобемізден, аяқ астыныңда о жер, бұз жерде ыскырган оқ. Жаудан едеуір үзаң кетсек керек,— қарт қабағын шытып аз отырды.— Сол түн қандай ұзақ еді. Таң атпай қойды. Аяқ қара саннан асып күп болып ісіп, дене от болып қызды. Ешбір лаж жоқ. Шыдайсың! Соғыстың аты соғыс емес пе, шабуыл келесі күні қайта басталды. Иван мені бір шұңқыраға жатқызып кеткен. Қозғалар дәрмен жоқ. Шыбын жаңым шырқырап жатырмын. Расымды айтсам, сол жерде өліп кеткім келді. Бірақ оз еркімен кеудеден шығатын жаңды кім көрген. Адам шіркін ит жаңды гой. Бірде көз алдым мұнартып, дүние бұлдырап кетті. Өзімнің не жерде, не жекте екенінді білмеймін. От бол өртеніп, қүйіп барам.

— Мұса! Мұса... а-а-а!— деген дауыс еміс-еміс сана ма жеткендей болады. Шыңырауга құлап барам. Қолымнан Иван мықтап үстапты. Өзіне қарай бар пәрменімен тартады кеп. Мен болсам, әл-дәрменім біткен. Жан дауысым шығып: «Өлдім-ау»,— деп айқай салдым.

— Қорықпа! Өлмейсің!— деген Иванның дауысы саңқ етіп естілді. Бәрін кейін білдім. Ол мені, әлсіреп, қансысырап, сандырақтаған мені, үш күн, үш түн арқалап жүріп, жаумен қиян-кескі айқаста қоршаудан алыш шығыпты. Ол сондай ер, ақжарқын жан еді,— деп Зылиқаға қараган қарт,— ол да осы Дәуіт сияқты ақсары, кеккөз, таза адам еді. Ақсары болды дегенине, бұл халықтың жаңы да, қаны да тазара береді дейді екен бұрынғы атала-рымыз. Сол рас болды. Кейде ойлап отырсам, біздің көп өміріміз, мейлі бүгінгі, мейлі ықылым тарихтагы, осы халықпен тағдырлас екен. Соның бәрінде ...иә, тіпті, Қөрікжанның жарқ етіп ашылған көзін айтшы. Бәрі... осы мәміндең, сондай,— деп ол сақалын салалап отырып қалды. Зылиқа осы әңгімені ішінен тағы қайталады. Іле өз басынан откен күндері тізіліп өте берді...

Айнадай жалтыраган көшени қанталдай өскен екпе ағаш биіктеп, жапырагы қалындаш толыса басатиты. Аспан шайдай ашық. Күн көзі шоқтана түсken. Әлем та-

мылжып тұр. Қорік бүгін заводқа күндеғідең әлдеқайда ерте келді. Қошеге шығатын қыздар тәрізді қабыргадағы айнаға қарады. Екі бетіне қан жүгіріп, көмірдей қара көзі от шашып, бойып көңілділік биледі. Аса шат еді. Өзінен өзі алабұртып тұр. Әлгіде үйде отыра алмады. Міне, басқалардан бұрын кеп, смена басталғанша елегізіп тұрганы мынау. Елгезектік-ай, адам бойындағы төбесін күн шалған ақ шағылсың-ау, шіркін! Ерен қасиетсің! Жапы алақанында тұратып адамды жұрт неге осылай атады екен? Талайдың мерейін үстем еткен осы от мінезден оның жегендер де бар шығар. Бақыт ташқап, абырай тапқандар қашама!

Бірақ жұмыр басты пендені кейде тағдыр билейді дейтіндер де бар. Сонда тағдыр деген ырыс па? Сор ма?

Екі шелекті баулығына дейіп меймілдете қыпқыл сұйығына толтырып алып жүгіре жопелген Қорік оқ тиген бұлдырықтай топ етіп құлады. Қас пеп көздің арасында денесі қалай лапылдан жана жөнелгенін ол аңғара да алмай қалды. Қеуде тұсы, алқымы лаулап барады. Тәні отқа түскен шыбықтай ду-ду. Тынысы тарылыш, тұнпышып, әп сәтте бар дәрмені бір уыс болды да, белгісіз күш қаңбақтай домалатып әкетті. Ессіз, өзін-өзі жұла берді. Бір қарағанда жүгіріп бара жатқанып, аунап жатқанып бірден аңғару мүмкін емес еді. Құдды оқ тиген борідей дал-дұлы шықты. «Ah» деп бір рет тұншыққан жан дауысы аш өзегін жарып шыққаны болмаса, жанталас үстінде арпалысып кеткен. «Бәле жоқ деме — борік астында, борі жоқ деме — жар астында» деген осы. Ойда жоқта рақымсыз тағдыр жап-жас жігітті осылай тымақтай жұлып, бір-ақ соқты. Бір сменадагылар оре ұмтылысып кеп, қатерге тап болған жастың үстіндегі от-қыпқылға малшыған киімін дар-дар жыртып үлгерген. Оның лезде қып-қызыл бола қалған бет терісі, шып-шып шыққан қан ба... долырып ісінген қолынан өзге денесін ешкім көре алмады. Қездейсоқ қатердің жалындай жасқа өз дегенін істегенін әрітестері кейін, иә... кейін білді.

Сол қасиет хабары жеткен қаралы бейуақ кеште Қөріктің үйінен зарлы екі дауыс жарыса шықты. Бірі — апанаң, жүрегіне дейіп орт шалған туган абаның, Зылиқапың шерлі үні де, екіншісі — Алышсоқтың жарықшақ созылмалы дауысы болатын. Екеуі де естігениң сайдың сырқыратып жіберді. «Қор болған, қыршыптын қылған, бар қызытын көре алмай, шерменде болған күнім-ай!» — деп зарлаап, запыран жұтқан ана үніпде тасты ерітер екінші талайдың көзінен қат-қат ыстық жас ұшыр-

са, үйдің оқ босағасына етпетінен жатып алыш, тұмсытып көкке көсіп соза ұлыған Алыпсоқтың үші де ацы еді. Соңғы екі күн бойы құйған асқа да қарамай, ит зар теккен.

— Иесінің қайғысына ортақтасқаны-ау! — дегендерге:

— Осы ит кешелі бері осыпдай сұрапыл қүйге түсті. Талай мәрте жекіп қуыш, үй маңайыпан ұзатып салса да, бір тыйылмай-ақ қойды,— деді көрші отырган Мұсабек.

— Гажап!

— Не гажабы бар. Құниң җауатынын құмырсқа да біледі,— деді біреуі. Қөптің өзіне багышталғап сөзіне түсінгендей сабалақ құйрығымен жер сабалан, «эттеген-ай, эттеген-ай!» дегендей, үйді айнала ұли жопелген. Бұл жаш ауыртқап қасіретке егілмеген, оқінішіне ортақтаспаған адам да аз еді...

Зылиқа бұл қүндерде алпыстан асқан, қарттықтың дәмін еміп-еркіп татқап жаста. Асарымды асадым, жасарымды жасадым деп тұғырдан тайған кәрілікке бел берген кісі де емес. Ерінен жас қалған ол өмірдің нелер абыттығысын татса да, екі ұлының арқасында, мойымай келөжатқап-ды. Соңғы кезде: «Барагым үйлі-баранды, өз қолы өз аузына жеткен азамат. Мына елгезегімді үясина қондырып, қызығын көрсем-ау»,— деп армандайтын. «Екі баламды оқытсам»,— деп, қалың туыс-туғанының ортасынан жырыла кошіп, қалаға қоныс тепкен. Ауылдың аты — ауыл гой. Біреудің біреу қадір-қасиетін біле береме? Қала жарықтықтың көшесі де онеге. «Барагым мен Қорігім тірі болса, ертең-ақ жетіп кетер»,— деп, ағайын туыстың отті-кетті ақыл кеңесіне құлақ аспай, қоныс аударған. Оның да ацы себебі бар-тын. Адамның бері бірдей обал-сауапты біле берсе, өмірде біреуге біреудің өкпеназы, наразылығы болмас та еді. «Баса білгенге жер — мамық, жүре білгенге жер — жазық» деп бекер айтылмаса керек,— деп ойға шоматын Зылиқа оңаша қалғанда. Шіркін-ай, қамшының сабындағы өмірді өз ретімен өткізгендеге қашпа хикмет сыр жатынты. Бірақ оны басына түспей кез келген біле береме!?! Өмірді таусылмас шалқардария, өзін мәңгі қалқытын қайық коретін пеңделер аз ба, тәйірі. Ері Әли аузын ашса көмейі көрінеді дейтін жайдалры жан еді. Екеуі ойда жоқта танысып қосылды. Қөрші колхоздың жігіті.

Ұлы Октябрь мейрамы. Жұрт мәре-сәре. Бүгінгідей ол кезде машина қайдада. Танауына сым өткізген қоңыр қасқа

егізді еңкелектетіп, қыз-келіншектер тұрған түсқа келе бере:

— Зылиқа, бері мойныңды бұрыши,— демесі бар емес пе? Ат жоқ, жөп жоқ, тиіссін кеп. Қыздың бетінен оты ашықты.

— Е, жөнінді тап! Есің дұрыс па? Өгіз мінген Әлиге одаша жіберер қызымыз жоқ,— деп жеңгелері арашага желгеп.

— Дәмесі зор,— дегенде:

— Ертең атқа міліп келсем ше?

— Мынаңың ақыл-есі орнында емес-әй...

— Дұрыс болмаса, осылай жүрем бе?

— Жүргенің мышau болса... хе-хе-хе...

— Мәселе атта емес, баста! Атты бас табады,— деп шекесін сұқ саусағымен пүқып,— мынада, мынада,— деген әзілдеп. Зылиқага Әли сонда сол соңғы сезімен-ақ қатты ұшап қалып еді. «Расында, бақыт басқа қопбай ма»,— деп ойлаған қыз.

Әлидің сол күнин кейіп қыз ауылына баруы жиілей берген еді. Ақыры күздің бір ақшагырмақ күпі қыстак басына құрбыларымен шішеп тасып жүрген Зылиқапы колхоз басқармасының қаракерімен алған қашқан. Оу, дүниe-ай, десеңші! Сондагы құйқылжыған көңіл, алыш ұшқан қиял, қолды-аяққа тұргызбай, махабbat айдынына сұңгітіп кеп жіберген еді-ау! Колға түспес зымыран қүндер... Әттең, не керек, сүйіп қосылған Әли кеп өмір сұрмеді. Артына екі тұяқ — Барак пен Корікті қалдырып, дүниеден акқап жұлдыздай жарқ етіп ете шықты. Өмірдегі бар тауқымет мұны кейінде тосынты. Қос бұрымы тірсегіп жапқан, бидай өнді ажарының сырь кетсе де, әлі сынып кетіп үлгермеген Зылиқага ағайын-туған арасынан коз жүгіртушілер аз болмады. Әсіреле Мұқат бригадир. Ауыл белсендісі, Әлидің ет жақын, немере туысы, әрі құрдасы. Әйелі тумай жүрген, сыйбай-салтаң жігіт. Бәрі сол күпі, Әлидің жылы берілген күпі, ауыл ақсақалдарының алдында болды. Манадан қыбыжықтан бірдеце айтуға бата алмай отырған қарттарға Мұқат:

— Мен заңды әменгерміп. Өлгениң соңынан олу жоқ. Бауырымның екі тұяғын озім тәрбиелеймін,— деп ашық сезге кетті:

— Аталы сез!

— Жөп!

— Аға өлсе, іні мұра деген бар. Сенен жақыны жоқ. Әлидің,— деп, күні-бұрын пішін-шешіп қойғандай, бір ауылдың үлкендері оның сезіне келіскең емеуріп таныт-

қан. Бәрі бұғап, өзің не айтасың дегендей, жаудырай коз тікті. Құн қақты жүзі жаңған Зылиқа:

— Жоқ! — деді ашыныш, — о, несі, түге, бас жоқ, коз жоқ. Мен байсырадым дегем жоқ ешикімге! Әлидің тосеғін басқаға бастыра алмаймын! — ...Зылиқа, шырагым, олғен тіріліп келмейді. Құдай солай бүйірса, пендешің қолынан не келмек? Әли тірі отырса, мұндай сөзді аузына кім алар еді! — деп майдалаган ақсақалды қартқа көзінің жасын тегіп:

— Бұл айтқаныңыз құдайдың бүйірги емес. Қалған өмірімде арымды таза сақтауга ант еткем. Әурелемеңіздер! — деп орынан тұрған. Осы әңгімеден соң Зылиқа құрт озгерді. Бұрынғы салдыраган ашық мінезінен із қалмады. Өз белін өзі бекем буды. «Қайда болса да, екі қолға бір жұмыс. Денім сай, айдың күні аманында маесқара боларым жоқ. Екі қарғама не бетімді айтам? Естепін біліп қалды. Екі қанатым, екі бәйтерегім тұрғанда, мені қандай құдышет қармақтайды», — деп, әлдеқалай абысын-ажын ойын-шыпды өзіл-оспақпен ескі жараның аузын тырнаса, бет бақтырмайтын. Сәл одаша қалса, ой қамайды. Жұдырықтай басы шарадай болады. Қызыл көрген сиырдай көзің сүзеген Мұқат терезесін талаі қағып, есігін тепкіледі. Оған айттар жауабы — «аулақ жүр». Қатарымен бірде сиыр сауыш, бірде шөп шауыш, қора жөндесін, колхозды ауылдың таусылмайтын көп науқанында күн кешіп жүре берген. Қекей түкпіріпде «әй, қалала барсам» деген ой жылт етіп мазалап қояды. Онысы да Мұқаттың козінен кетуге тапқан лажы сияқты. Ондайда, артынша-ақ, озінің ерінің балалық, жастық шағы еткен, козіпің қос қараашығындаи бөбектері өмірге келген ауылын қимай, жүргегі езіліп, елжіреп сала береді. Козіне сонда дәйімі басын күн шалыш мұнартыш тұратын Үшсандуғаш биігі «мені де қызын кетпексің бе» деп тұрғандай көрінуші еді. Сонда іші-бауыры жып-жылы бол, бүкіл тал бойы босап қоя беретін.

— Әне, әне, қарашы! Үшсандуғаш ошақтың үш тағанындаи боп... дүниенің, жалпақ әлемнің кокпеңбек айнасы кек аспапды көтеріп тұр, — деп кәдімгі аңғал мінезімен ағынан жарыла, сол биікке таңдана қарайтын Әлиниң бет-бейнесі оралатын көз алдына. Бүкіл ынты-шынты бар жаңымен құлаш, Үшсандуғашты құшагына алардай бол, көзі мөлдірекен ол көп уақыт қыбырызың қалушы еді.

— Байқайсың ба, — дер еді аз үнісіздікten кейіп, — осынау байтақ өңірге ападай нәр беріп, ақ төсін сәбидей былдыр-былдыр сойлетіп, көусар ағызыш, рақатқа бөлеген

шүлен мінезді. Шүлен тарату деген не? Ол — өгейлікті білмеу деген сөз.— Эли ондайда кірпігін қақпай, қасын сәл керіп, мұныма не дейсің дегендей, қадала қаран қалушы еді. Іле: «Ә, ә, білмейсің? Білмейсің. Тұған жер мырзалығы деп те айтады оны. Тіршілікке қошемет дейді оны. Тұнгі аспандығы шұбалған құс жолында жердің қан тамыры бұлқілдеп соғып, оның биғінде үнін мың құбылтын үш сандуғаш сайрап тұр. Үш сандуғаш туралы жырды естіп пе ең?— Зылиқа оған басын шайқайтын.— Естімесең... Халық айтқап, бабам, әкем айтқан, Үшсандуғаш дастанын естісең, тұла бойың ізгілік, жүргегін махаббатқа толады,— түсінбей әлде сенбей тұр ма дегендей, жалма жаң,— рас, рас айтам. Ол — мәңгі өмір туралы жыр. Жыр болғанда қандай! Құндіз көкейінде гүл боп ессе, түнде түсінде кіреді. Бұлбұл сайраган жер... айлы аспан, меруерттей жалтылдаған жұлдыздар...— Эли ұзақ ойға шоматын. Оның мөлдірекен жанарының сонда ерекше сағымдай құбылған сөүле тұнып тұратын. Сол піскен жұзімдай сурет Зылиқапың көз алдынан қалай ғана ошер! «Ту, жалған дүние-ай, десеңші!»— бәрі-бәрін көз алдына елестетіп, өзі де жадырап қалар еді.

Кепет ішін жайлаган сағыныш Эли бейнесіне араласып, аяқасты астан-кестені шығатыны бар. «Қараң қалғыр келмеске кеткен»,— деп өзінен басқаға түсініксіз, жаңа ғана қимай, көз алдынан өткізген көріністен ат тонын ала қашып, салы суға кететін. Шеше дауысының оқыс шыққанын аңдып тұрғандай, қасына кең, иығына асыла қалатын Корікті жаңа көргендей, екі бетінен құшырлана сүйер еді. Жуылған қарақаттай отты козінө таяп, жанар шағылыштырып, тесіле қарайтын сонда. «Әкесінен аумаған көзіңпен айналым. Экенпің көзі... Әкенпің»,— дер еді ішінен мың тәуба көлтіріп.

— Корікжан, сен аумаған Элісің, әкеңе тартқаның, десе мархабаттаныш, мақтанған баласы:

— Папам мендей емес, деу,— докей деп ұртын толтырып,— папам ба, папам алыстағы Үшсандуғаштай... о... у-у! Аспанға жететіп бнік,— дейтін.

— Оны айтпаймын. Папаңа сениң түрің, көзің тартқап, әсіреле мұниң қап-қара бота көзің,— деп енді баурына басатын. Апасының ып-ыстық лебі бетіне тиғен Корік:

— Мен бе, меп папамның а-а-ақ! дегенде аузынан түскем. Өзім де, көзім де сосын папама тартқам. Мен папам баласымын. Папамдай үлк-е-ен болам!— деп сөйлей жонелетін. Өзін осындағы бір ыстық, бір сұық тіршілікке

төліп, матап дүние салған еріне бауыры суып, бар сенері — екі ұлын асқар тауындаі көріп, үміт кокжиегіне зор сенімімен қараған бейкүпә ананың ойда жоқта аспаны күтір-күтір қақ айрылды.

— Ей, сайқал, шұнақ қар, елден қалмаған! Өле қал! Өле қалғыр,— нелер ауыр былапты сөзбен үйіне тепсіне кірген Зұмырат.— Шашыңды бір талдаш жұллайын! Сен кімді басынасың, ә?! Ұл тапқаның ма? Сүттей үйиң отырған шаңырағымды шайқап,— деп, әй жоқ, шай жоқ, қаннен қаперсіз отырған мұның шашынаң ала тусты. Ерте жұмысқа кетіп, енді ғана кеп, бір шәугім ыстық шайды қолына ала бергені сол еді, шаң-шұң астан-кестеңін шығарды. Әдепкіде ештеменің пайымына бармаған Зылиқа басына пәледей жабысып, бұрымдарын білегіне орап, жұла жөнелген абысынып итеріп тастамақ болды.

— Аулақ әрі,— деп онынаң көтеріле берген. Бірақ жанды жерден мықтап ұстап, тістей жабысқан Зұмырат тапжылтпай, шалқалата тұқыртып, құлатып бара жатты. Долылық па әлде арсыз ашудан ба, қарасүр оң күлдей қуарған ол мына түріндегі біржола өлтіріп жіберу ниетін байқатқан. Бар салмақ күшімен сол беті қатты пұқып, тізерлеп-тізерлеп жіберді. Бейғам, аңқау отырған Зылиқа ең болмаса қатты үн шығара да алмай, кеудесі қысылып, бір сэтте талықсып кетті. Енді ешбір қарсылықсыз қалған оған: «Сенің құрт кірген жерінді!»,— деп, аузыға алыш болмас былапты, орекел, ұят сөзбен тілдеп, көйлегі мен іш киімін дар-дар жыртып, сүмдық жат әрекетке бет алған ессіз әйелдің үстіне мектептен оралған Қөрік кіріп келді. Өмірі ойында болмаған, көрмеген, тірі пендеден күтпеген мына масқара жүгепсіздік баланы қалт тоқтатты. Алғашқы бетте не болғанына түсіне алмай, дағдарға қалды. Анасы шалқалай құлаған. Көйлегі жыртылып, жоғары түріліпти. Үстіне төніп, денесі қалип-қалш Зұмырат түр. Қәдімгі күнде өзін аймалап жүретін жақын туысының әйелі. Иә, сол. Мұның шешесінің үстіне алbastырай мініп алған. «Ойпыр-ой, апам қатты ауырып қалды ма?»— деп бүкіл денесі шошына мұздап кеткен Қөріктің тілі күрмеліп, аузын аша алмады. Қатты қорыққан оның әдеуірден соң ғана «Апа-а-а!» деген аңы дауысы барқырап шықты.

— Бұл саған аз! Аз-ғы-ын! Сенен туған бала не оцуши еді. Қөргені сен — тілінің қалған уын төккен Зұмырат Қөріктің көзінше ойына алған сүмдығына бара алмай, шаңылдаған бойы шыға жөнелді. Түкке түсінбеген Қөрік аң-таң қала берді.

Зылиқа үшін бұл естен кетпес масқара оқиға болды. Осыдаи кейін-ақ, туган ауылы біртүрлі жат, салқын көріне бастады. «Шіркін, өмір-ай,— дейтін одаша қалғанда,— бар қызығың қөзді ашып жұмғашпа ғана ма еді. Элі тірі болса, мұншама қорлық көрер ме едім!»

Солқылдан жылап, іштей буына өксіп, егіліп, көз жасын тогіп-төгіп алатын. Сонда аз да болса ішкүса қасіретінен бір жеңіліп қалғандай көріпуші еді. Артынша: «Мейлі, аузына ие бола алмаған, обал-сауапты білмейтін, адамгершілігі жок, түйсікіз жансымақтардың піп-пішінебасымды қор ете бе? Қос құлыншағым аман болса, ертең-ақ торт жағым құбыла боп кетерміп»,— деп белін тасбуып, бекіпіп алатын. Эйтсе де, Зұмырат тынышмады. Бір кездегі тату-тәттілікten оның сапасында із қалмаган. Мұны көрсе болды, аузына ақ ит кіріп, көк ит шығады. Ақыл-парасаттан безген ұстамсыз жан ұят-аятты қойды. Мұның арына, жанына тиетін аңы сөздерді көп көзіншешақ қардай боратуды әдетке айналдырыды.

— Зұмырат-ау, саған не болған? Шығарда жан басқа құрбы, бауыр, туыс едік. Қойсаңызышы,— деп талай жылы шырай танытып, мән-жайды түсіндірген болған.

— Білем сенің кокейінді. Өйтіп жәдігейленбей-ақ қой! Мени есектің миын жеді деп пе едің! Эрі жүр, сүр жылан! Мен саған шақтырмаймыш,— деп ат-тонын ала қашатын. Эйтеуір, бұл дегенде талағы тарс айрылған, өзінен-өзі тұтандын жап.

Бірде колхоз кеңсесіне жиналысқа келген. Зұмырат тағы көптің ішінен сұзырыла шығып, ұтттан безгендігі сонша:

— Эй, салдақы, қашапты ши жамыла бересің. Мына көпте сенің сұрынды білмейтіні жоқ. Шүйкедей қыз келін болды деп, шимаңдай ел жиналмаупы ма еді! Оның қасында сен ана-сапаң шыққан белтілі қатын емессің бе? Мұқат пен екеуіңің пекендей қығалы жипалды мына халық. Меп күәлікке келдім,— деп айқай салмасы бар ма! Зылиқа, қара жердің жарығы болса, кіріп кетердей қысылды. Ұтттан безген жанға не айтарып білмей, естімегенсітеп. Онысын мұны мойындағы, жүрт алдында жер болғанға есептеген Зұмырат бар дауысымен:

— Тас құлақ, қар, Зылиқа сұлу, саған айтыш тұрмын,— деп тепсініп, тап-тап берген. Аймандай елдің алдында мұны ашық масқарага шақырған түрі бұл. Жүртты ішке кіруге шақырып жүрген Мұқатты көрсетіп,— Эне, шықты нақ сүйерің. Шегірткенің айғырында ыскырып, құшақтай ал. Жабыс! Жата қал! Эй, азынаған

сәүрік,— деп Мұқатты өзіне жалт қаратып,— қасиетті тұган жердің киелі тоғырағын арам баспай, адам болсаң, азамат болсаң, бұта түбін кірлемей, ана елден қалмағаныңды ал! Қи жүрт алдында некеңді! Ал! Корсіп менің көр болғыр көзім,— деп бар дауысымен шаптығын берсіп. Дәл мынандай ұятташ безгенді кім көрген. Тағы да анадағыдай жұлысқалы бұған тұра жүгіріп еді, коп жіберсін бе? Мұқат жалт қараң:

— Не? Не деп тұрсың? Адамдықтан, ардан безген надан! Тоқтат сөзді жаңыңың барында! Қын қандай пәк болса, ол да, мен де сондай,— деп қатты ашулы үн қатып, қас-қабагы дірілдеп, ішке кіріп ұлгерген. Талай ерін жымырылып, талай бет шымшылды. Жазықсыз жанды арасынан та, қаралап та бір ауыз сөз айтылмады. «Өсек — өрт, қиянат соғ — дерт» демеуші ме еді. «Жазықсыз жаңға арашашиның болмағаны ма?»— деп күйінген Зылиқа су төгілген ыстық қоздай бор-бор күнірәнді. Амалы қайсы?... Ашу-ызадан өртене жаздады. Не пайда, тіс жара алмады. Жанаңыр жақынның дегендеге де жақ ашпады. Өзімен-өзі боп, іштей жана берді. Ақыры әбден күйінген ол «Өз елім — өлең тосегім» деген тұган ауылынан бір түнде көшті де кетті. Қайда барады, не істейді,— бір пендемен ақылдаспады, өзі гана шешті. Сондағы келген жері, мәндай тірегені осы қала. Құт мекен болды. Қоң кешікпей шағындау мекемеге үй сыйырушы боп жұмысқа орналасты. Жылжып жадырагап жыл, күліп шуакты күндер отіп жатты.

Тілегіне жетті. Балалары да азамат болды. Барағы үйленді. Оның екі «қүшіті» бар. Ойлан отырса, талай өмір артта қанты. Ал Қорік...

\* \* \*

Баласының ауыр халі... Зылиқаның тұл мүшесі, қара бақайына дейін шымырлады, жүргегі қатты шашыш кетті. Сонау жылғы Зұмыраттың буындырыш, артынша көп алдында тілдеп, арына жазықсыз күйе жағатын ауыр күндердегі қара бұлт қайта торлапты мұны. Соры ашылмаған бейбақыт жан екен! Өз-өзінен қара терге малиныңды. «Егер дәрігердің айтуында болса, не болғаны...» Осы ой басына келсе, жүргегі сұылдаш қоя береді. Сырттан үн естілгендей болды. Елеңдегі қалды. Алыпсоқ екен. Ұлыш жатыр. Үні қандай жат еді. Мұң, зар! Баяу бастап, ышқына созып, ішін тартып, өкси басылады. Басылмайды ау, тоқтай алмай, созылмалы уілге басады.

Денесі зілдей боп, Зылиқа тысқа шықты. Қозін әлі аш-шаган осы күшікті Қоріктің бауырына басып келгені есіне түсті. «Апа, мен тамаша арлан әкелдім. Есіктің алдына байлан қоям. Осы үйдің бір тілеуқоры болады. Мен жұмыста, сізге — серік, қасыңыздагы күзет осы. Өзі қасыңыр алады. Сенбейсіз той, әлі көресіс,— деп жас күшіктің мойны терісіп шымшып ұстап, уш бұрап, — қараңызышы, жүйрік құмайдың терісіндегі кең. Қанша жұғірсе де денесі барлығып ісінбейтін, болдырмайтын мол тыныстың белгісі ол»,— деп күшіктің түбі жуан тоқал құйрығынан жоғары кетерді. Зылиқа: «Ой, обал!»— деп қалған. Қорік болса: «Қөрген шығарсыз. Қыңызламайды, тіпті. Қүшті, жүйрік болатын текті иттің белгісі осында болады дейді үлкендер»,— деп, күшігіне разы болғаны сонша, сәбидей өбектеп, бауырына басқап. Баласының мына мінезіне қызықса да:

— Қаладагы үйге иттің керегі не? Қорага тұрган қо-йың жоқ. Несіне мақтайдың мұны,— деген Зылиқа.

— Апа-ау, мұндай текті ит қалага да керек. Менің бастығым Давидтің тайыншадай овчаркасы өзімен бірге тұрады.— деп ит жөнінде әңгімелей бастаған ұлына:

— Жарайды, керек етсең, қайтеміз енді, мейлі,— дейсалған.

— Аты Алыпсоқ. Бұл ма, бұл әүпілдегендегі үнінен үй қозғалатын болады. Өзінің жүні қандай тығыз. Қырық градус аязда тоңда ұйықтайдың көкжалдың өзі.

Көзіл ашып, бауырын котермеген күшікке сопша жылған баласына құлген Зылиқа: Қойшы енді, қасқыр алатындағы мұныңды мақтай бердің, балалығың қалмайды ау, сені де біреу соқталдай азамат, үй иесі жігіт дейді ау, ә!— деп құлған. Ішінен: «Тфә... тфә... тәуба, көзімнің қарасы. аумаган әкесі боп келеді. Баласының бой бітім, жүріс-тұрысы, мінезінің Әлиге үқсайтынына қуана қараған.

— Қайдагыны қайдап тауып әкелдің,— деп баласып әлі де сейлете түскен анаға Қорік:

— Үшсандуғаштағы есқі қыстаудан.— Зылиқа көзін алмай қараган. Үшсандуғаш десе, оның бүкіл жастық, базарлы шағы есіне оралады. Әлиі, қимас қундері боп басталып, одан кейінгі басына түскен ауыр қүндер көлбектейді.

— Оган қайдан барып жүрсің?— Ішінен «жарықтық, ата-бабаның мәңгігে қалдыған мұрасы, киелі тонырақ, Үшсандуғаш, сені көрмегелі де едәүір жыл боп қалды-ау! Өтіп бара жатқан қүндер-ай!»— деп тебіренген шешесіне:

— Ўш күн колхозга көмекке бардық емес пе, баяғы ауыл емес, озгеріп кеткен. «Бірлік» қолхозын қазір қала дерсіз. Заңғар. Ішіне кірсөніз, адаммен бірге сейлеген Мәдениет сарайы, мектебі, мәрмәрден өргендей аппақ-аппақ көшпелі үйлері... Енді, айтшаңыз, қазір колхоз совхозға айналышты. Сол совхоздың шобін тасуға, сонда... Таудың бауырындағы ескі қыстауда үлкен сарыала ит күшікеп қанты. Бір гана күшігі бар екен. Ол — осы. Бірнеше уақыт аңдып, епесі тамақ аулаш кеткенде қағып алдып кеттім,— деді. Коңілі әлденеге алаңдаған Зылиқа:

— Маңайында ел жоқ па екен,— деп сұраган. Тұыстуғандарынан әлде біреуді кездестірмеді ме екен деген оймен.

— Мұқат шалды көрдім. Аппақ қудай, белі күлдіре-үштей бол еңкейіп кетіпти. Мені таныған жоқ. Мен оны,— деп Корік әлі қүшікпен әуре бол тұр.

— Ауылы жақын болса, бұл соның көкқасқаларының тұқымы болар.—«Соның» деп тұр. Атын атауға — баяғы қалған көңіл шыққан жаңмен бірдей. Және осы кезде Зұмырат бейнесі көз алдына келе қалды. Құлағында оның баж-бұж айқайы... Алыстан ыржалактан: «Құрдас-ау, менің не жазығым бар»,— дей ме Мұқат? Өзі сақардан шыққан сүйектей бол әбден қартайшты. Бойы дір еткен Зылиқа шошынған денесін жиши ала қойды. Құшікке қайта назары түсіп: «Кокқасқаның тұқымы... Иә, олар қасқырдың сырттанымен жалғыз айқаса береді деу-ші еді-ау»,— деп ойлады.

Сол күшік мынау: есік пен төрдей. Ұрт еті салбырап, азу тісі қасынп, ескелец жүнді, жолбарыс түсті ірінің өзі болыпты қазір. Әлгі сарынын бір қайталап, үйдің сыртын оралып кеп, үйшігінің алдына керіскедей бол етпетінен жатыр. Қөзін бір ашып, бір жұмады. Қып-қызыл шоқ. «Сұбыхан алла, қайтеді, ей, мынау!»

Зылиқаның зәресі ұшып, төбе қүйқасы шымырлады. Алыпсоқтың көзінен екі түйір тас моншақ үзіліп түсті. Жас. Андыздаған кірпік — сүзгіден шыққан моп-мөлдір. «Бұл не сүмдық? Тәңірім-ау, енді менің босағама біткен итті де жылатқаның ба? Қөрер қызығым, өппес жарығым бар деп аласұрған үмітім не бол барады? Неткен жағымсыз ырым еді мынасы»,— деп қаққан қазықтай, қол аяғынан жан кетіп, сілейіп тұрып қалды.

Алыпсоқ етпетінен түскен күйі қимылсыз. Екі көзі қан толғандай. От шашқан өткір жанар сексеуілдің шошындағы алаулаш кетеді. Ұшқын шашып, онсыз да күйік жайлаган ананың жүргегіне қайдағы жоқ сүмдық шақы-

рады. Мұндай да болушы ма еді? Тілсіз мақұлық та қасірет сезіп, қайғы жұта ма? Тәңірім-ау, мұндаиды менен басқа көрген, білгеп пеңдең бар ма еді? Зылиқаның Алыпсоқтың ырым көрсеткен мына қылышынаң денесі түршікті. Итті ұрып-согып үй маңайынан аулак қуып тастауға батылы жетпеді. Бұкіл рухы, жапы шошыды, қатты қорықты. Опын үйшігіне боксесін қойып, жайласып отырды. Ит қүйрығын бұлғаңдатып, қыңыларап, арқа жұнғіт күдіреттін еркеледі. Жүндес бауырын омыртқасына жапсырып, қылдай иіліп, тұмсығын жерге төседі. Бірі — тілді, санаалы, бірі — тілсіз мақұлық дағарадай үй алдында, «не білесің, не күтіп тұр» дегендей, жаутаң-жаутаң сұлық қалды.

Айналасы көк шарбақпен қоршалған үйдің ауласына тойға келгендей жеңіл машинадар бірінен соң бірі шұбыра кірді. Қөршілер де асығыс жүгіріп, қарбалас жиналып қалған. Машинамен келгендердің көбі бейтаныс әйелдер, жігіттер. Бәрінің ажары сынық, бірдеңеден шошынгандай, сәл болса да қымылдарында бөтен іркіліс бар. Қатты дауыстап сойлемей, көп қымылдарын ыттіммен, тұспалмен анғартатын тәрізді.

Ең алдыңғы оқ жылапдай сумандап келген ақсүр машинадан кейінгі құм түсті «Волгадан» аяғын еппен басып, өзін қолтықтаған жігіттің ыңғайына икемделе берген Қөрікті анық аңгарғап Зылиқа лап етіп, «Күнім-ау» деп бір гана оқшау үп көтерді, пышақ кескендей кілт тоқтап, баласын қокірегіне басты. Үпсіз егіліп, бұкіл деңесі қалтырап, қара қазанда шымырлап қайнаған судай күй кешті. Сыртынан қара костюмің бір жеңін киіп, желбекей иығына ілген Қөріктің екі көзі, қолдары, моянын бұғанага дейіп ақ дәкемен мұқият тақылған. Екі қолы, әсіресе оң қолы шынтағына дейін әбден қураган қақ сүйектей боп шалынады. Қөрікті ана құшағынан сүйемелдей босатып:

— Сәл сабыр етіңіз, Зылиқа апа, үйге кірсіп. Қапе, өзіңіз бастаңыз,— деген ашаң, қасағай бойлы, көккөз жігіттің таза қазақ тілінде сойлегеніне таңдаған ауыл үй кіслері «мынау кім болды екен» дегенше, Қөріктің аяғына оралған Алыпсоқтың қыңылаған үні шықты. Ит қазір өз құйрығымен ойнаган мысықшаша майысын, аса сақ, жұмсақ қымылмен оның иығына асыла берді. Ә дегендеге:

— Мынау қайтеді, ей,— деп тіксіпе қалғап көпке:

— Тименіздерні. Алыпсоғым-ай, Алыпсоқ!— деген

Көрік ілгери беттеген бойы тежеліп, кідіре берді. Алдыңғы екі аяғын, бір жерін ауыртып алармын дегендей, Қоріктің депесіне дарытпай, артқы екі аяғына тік тұра қалыпты. Арсалақташ, ырыс-ырыс. Жұп-жуан жүндес мойнын олай бір, былай бір қозғап, қыңсылынан ырсылы басым, рояльдін тілін басқандай аянынты үн шыгарды. Енді иесін жанталаса иіскелеп, қыңсылаш барып, арс-арс үріп жіберді. «Ештеме етпейді, тұбі қайыр!» дегені тәрізді. Иттің мына қылышына таң-тамаша қалғандарды елең еткізіп:

— Алыпсоғым-ай, есің бар екен. Ит болсаң да мепің қасіретімді білгейің-ау. Тілеуқорым екенсің! Енді бар, кете ғой,— деді.

Тіл алғыш баладай үйшігіне беттеген итті Давид мінезі адамнан зият екен-ау деп ойлады.

Науқасты өзінің оңаша бөлмесіне кіргізіп, орынын жайлаган достары қамқорлығын да жасап келіпті. Радиоқабылдағыш, телевизор, домбыра, баян да осы бөлмегде. Қөрік жұмсақ диванда қырынан, бетін копке беріп жатыр. Иегіңің астынан кеңірдегіне томен ысырыла түскен дәкедеи босаған дene жаңбақ-жаңбақ терісі тулеп көрінеді. Желімі кепкен қызыл қағаз тәрізді.

— Зылиқа апа,— деді Давид басқалар естігін дегендей дауысын сәл көтеріп,— жасы келген кісі көп нәрсені не байқамай, не есіне сақтай алмай қалады. Қорігіңіз емханаға түскелі, әсіресе өзіңіз күнді күн, түнді түн демей, жиі қатынап жүрген кезіңізде сізді көп жолықтырдым. Балаңыздың хал-жайын білуге сөз жәрдемім, тіл көмегім болған шыгар. Сол Давид есімді балаңызбын. Қоріктің бригадирімін,— деп таныстырыды өзін.

— Рахмет, көп жаса! Бала-шағаңның иігілігін көр, қарагым. Туған баламдай көріп кетіп ем. Сол балам екенинді жазбай танығам,— деген Зылиқа.— Қорігімнің жанапыры-ау, басқа достары, бәріңнен білмегім: не болды, өздерің айтыңдаршы? Мынау қыршыпым,— деп, дауысы едеуір қобалжып шықты.

— Мұныңыз енді, апа, сізге жараспайды. Ұнап тұрған жоқ,— деп бәйек болып, басу айта әрі ана коцілін көтеруге тырысқан Давид,— алып анадан туады демей мөдана халқымыз. Сол қадірлі анасыз. Сіз бүйткенде, біз не боламыз? Балаңызды жасытпаңыз. Фылымның жетілген заманында,— деп сәл кідіріп, нақты сұраудан жалта-

рып.— тәйірі, о не етуші еді? Құші өртөң-ақ, түк болмағандай, бәрі орына келеді,— деді.

— Лайым айтқапың келсін,— кемсендеп барып ба-сылған Зылиқа,— бұл өзі әкесі мінезді еді. Басына бат-пан салмақ түссе де үгіліп, қайыспау тән мінез еді бұған. Сол қасиетті сақтаса, кірі кеткен жібектей өртөң-ақ көңілі де, өзі де жарқырап шыға келетініне сепем,— деді.

— Сене беріңіз, дәл солай болады,— деді шу ете қал-ған көп.

— Айтқандарың келсін, қарақтарым.

— Оу, Зылиқа, өртке түсіп, балаң аман келіп отыр,— деді, «аман» деген сөзді көтере айтып Мұсабек қария.

— Иә, десеңізіп, барымтага аттанып соққыга жығыл-ған жоқ. Несіне соз етеді, ей. Еңбек, адал қызмет үстін-де..

— Дұрыс айтады. Қогамдық міндепті атқару кезінде болғаның бәрі құрметке ие...

— Оларың рас. Айналайын халқым ұрпағына қам-қорлығып жасап жатыр. Тәуба, өкпе-назым жоқ. Міне, бәрің бірге тұған бауырдай... Әшейін балам кеміп қала ма,— деп созінің артын жұтқап ана екі көзі таңулы Қө-рікке қарап ымдаپ, алақанын жайды. «Не болды» дегені.

— Ілімі өскен, адамы айға қонған заманда орпына келмес не бар,— әркім өз ойын, өз пікіріп айтып, үй-іші ду-ду. Манағыдай емес, бойы үйреніп, өзі көріп отырған көп жайға кондіге бастаган Зылиқа байсалды сабасына түсे бастады.

— Басқаның бәрін айтпағанда,— деді көңілді сәтті пайдаланған Давид көпті сөзге тартып,— әлті итке таңым бар. Қандай есті өзі. Қорікке Зылиқа анадан соңғы жа-нымен езілген жап иесінен соны көрдім.— «Қане, дәл еке-үіндей жаның құрақ үшқан қайсың барсын?» дегендей, отырғандарды кекшіл көзімен бір сүзіп отті. Кең үйдің бұрышында егде тартқан ақсары әйелдің тасасында кекілі мандайына бүйралана үйықсан аққұба қызы опың назары-нан тыс қалды. Беті бір ду еткен қызы, өзін көріп қоя ма-дегендей, әлденеден қуыстанып, қысылғанин бетін тө-мен бұрып үлгерді.

— Айта көрмеңіз. Бәрінен де таң қалдыратыны — Қөріктің жарақат алуынан бірер күн бұрынғы сарыала төбеттің таң ата, күн батар алдында бәтасы өлген түйедей мұңмем күңіренин, ұлығанын естісең. Тас атып, жекіп қойғыза алмадым. Негілса да,— Мұсабек баладай таң-тамаша қап,— ит жеті қазынапың бірі дегенге көзім анық-

осы жолы жетті. Япыр-ай, келетін жақсылық пен жамандыкты алдын ала сезінеді екен-ау,— деп тоқтады.

Алғисоқ төңірегіндегі әңгімеге әркім өзінше үлес қосып, талай иттің сырттаны туралы бұрын-соңды айтылып жүрген аңыз едәүірге созылды. Төрт болмелі үйдің іші қоңілді әңгімеге толып, түниң ортасы ауғанша ауыл адамдары, Қоріктің достары шілдеханага келгендей тамашалап отырысты. Қаншама әзіл-оспақ, құлкі думаны қызыса да, Қорік селт етпеді. Келген бойда диванга қырынан қисайған қалпышан бір рет қозғалып, түзеліп жатқан болды.

Жайшылықта от басында дән терген тауықтай аузы дамыл ташпайтып жігіт тілі байланғандай үнсіз. Не көрді, не істеді — шешесіне жырдай ғып айтып, құлдіріп отыратын жайдары жан біржола сөніп қалған. Ақ көбік басқан бураның омырауындағы боп алқымы, көзі таңулы ол жүрт ду құлғенде сәл елең етіп, басын изегеп болмаса, үйқылы-ояу жандай сұлық, салқын. Баласының қоңіл қүйін қас-қабагынан таныш билетіп ана оның әр қимылының жіті багып отыр. Сонда оның тозған, қасаң тартқан жүйкесі ширатылып, жүргегі шымырланып, сыздап коя береді. Маңдайынан шып-шып тер шығады. Алғашқыда Зылиқа баласын мыс балқыған қазаңға түсіп кетті деп естіген. Ол түсінігінен әлі қайтқан жоқ-ты. Сондықтан, Қоріктің мына халіне мың тәубе келтіріп, ішінен шүкірлік етіп отыр. Өзінін бала күнінде шешесі қайнатып отырган құртқа бір баланың түсіп кетіп, табан астында қүйіп өлгенніп көрген. Сол сүмдік әлсін-әлі көз алдына келе беріп еді. «Мұнысына тәуба. Біржола қүйіп, пісіп қалса, қайтер ем? Әйтеуір, қол-аяғы сау, жас қой. Мүмкін, айығып, жазылар»,— деп өзін бекітеді. Бойына сенім шақырады. Бір ойдан бір ой жел айдаған толқындаид ұласа береді. Ұласа береді. Сейтіп титықташ шаршап «не да болса тәуекел, көрдім. Тас түссе талайымнан»,— дейді қатты үнлеці.

— Зылиқа апа,— бұл Давидтің дауысы — балаңыздың тез сауығып кетуіне тілекtes достары бүгін қасында болды. Ертең бізге жұмыс. Кетуге рұқсат етіңіз. Біздің Қорік жаны көзге жалаудай желбірекен таза, ақкоңіл азамат. Осындағы достары, бүкіл мыс балқыту заводы оны жақсы біледі. Сол мінезімен, адалдығымен бәрімізге қымбат, қадірлі. Қазақта ақкоңілдің аты арып, тоны тозбайды деген нақыл бар.

Ендеше, ондай адам өмірден оның жеуғе тиіс емес. Балаңыз әлі-ақ жазылады. Қоріктің электр шоғындаид

жарқыраған қарақат көзі құлім қағып, ертең-ақ достарымен қауышатыны соғсіз,— деді жүзі осы қысқа соз үстінде әлденеше құбылып.

— Көп жаса! Бізге тілеген тілегің қабыл болсын. Құрбыңа деген сүйіспеншілігіне, адалдығыңа өмірі қарыздармын. Ана тілегі — сендердің амандақтарың, заман тыныштығы. Бақытты өмір сүріндер,— деп, бүтінгі қонақтарын риясзыз ақ пейілмен шығарып салды ана.

Баласымен оңаша қалған Зылиқа есірік күй кешті. «Көріктің электрдің шоғындағы жарқыраған қарақат көзі әлі-ақ жазылады»— құлағына осы сойлем қайта-қайта жағырыға берді. Аргы түп магынасына үцілген сайын өзін қоярга жер тапшай, сарсақ болды. Енді, міне, запыран жұтып, ал ұрган ол не олай, не бұлай жүре алмай, қол-аяғы үйып, мен-зен. «Сонда не болғаны... Көріктің көзіне бірдене...» Көрік үн-түнсіз қалған. Әлгіде ғана ақар-шақар шат құлкіге толы шаңырагы қақырап кетті. «Ендігі көрер күнім осы ғой...» Зылиқаның қекірегін қақайырган ашы демі бүркүрады.

«Әкемиң жас қалып, жесірлік азабын тартса да, қос балапаным деп, еш нәрсеге мойымай-ақ келіп еді. Бүкіл өмірі, жетем-жетем деп, үміт қуған қайран анам, саған масыл болмасам петті»,— деп өзімен-өзі арпалысқан Көрік булыға күрсінді. Екі мұңлық — ана мен бала бірінебірі ашық тіл қатудан қаймығатын сияқты. «Қыбыр ет-пендер. Не істесем де еңдігі ерік менің қолымда!»— деп қатал тағдыр тас қазығына мықтап байлапты. Тақының тісіне түскен қасақ терідей қақырап түсер көкірек шергө толып, сыйздатып алыш барады.

Жарқырап жанған электр шамы ғана қап-қара көрдей мұң басқан анатың шерлі жүргегіне сәл сәуле шашады. Дәтке қуат. Ол әлі түрегеп түр. Бұл күнде бүкіс тарта бастаған бір кездегі қышиша белінің үзілердей талғанын да ұмытқан. Қаққан қазықтай қалшиып қалған. Кең маңдайына жас кезіндегі айдың сыйығындағы боп қызылып тұратын қап-қара қасы, ұзын кірпіктері сирепті. Бүйрек беттеге қызыл қашқан. Әжім ізі — суы тартылған тақырдай мың сыйық торлапты. Істан шыққан терідей боп арып, қатып ысылған. Ұйқыдан ояңған жандай, әлден уақытта тоқірегін шолып, жай басып Көріктің қарсы алдына кеп, тізе бүкті. Баласының тыныс алған демі боптар-болмас қана білінеді. Ұйықтағаны, не ояуы белгісіз. Оның бетіне тамсанып, сүзіле қарады: «Шіркін, жаны басқа тіршілік-ай,— деп күйзелді ана,— мұндай қасіретті көрмей-ақ, арсыз жан шығып кетсе кой. Әйтпесе, баласы

Ушіп құрбандыңқа шалышуға қай ана бармас. Құрсагымды жарыш шыққап сәбіім, сенен артық, сенен ардақты мен үшін бұл өмірде не бар? Нем қалды енді менің!» Зылиқаның көзінен жылжып жас сорғалады. Дауысып созып, көкірегін толтырган қайғысын шығарып, аңырап жылайын десе, тағы жасқанады. Одан не өнеді? Өзін-өзі ежегейдегі сығымдаш, қысады кеп. Сабасына түсіп: «Шыда, Зылиқа, ақырын тос!»— деп құрсінеді қалжыраган ол.

Корік апасының қасына кеп егіліп отырганып білген жоқ. Өз ойымен өзі болып кеткен. Ол қазір мойнына түскен бұғалықтан құтылмасып білген шу асаудай тағдырыпа көнген. Тек таусылмас ой үстінде. Тапжылар емес. Жансыз мурде тәрізді. Оны сағым қиял алып қашып, мүшкіл хал, сұрапыл дауылмен арпалысқа салған. Ық етпей, «не болса да көріш алдым» деген кайсарлық оны біржола билеген. Бірде көз көрмес боран, бірде үйіткыш, дүниенің бар қоқысын бауырына жинап, жұта тартқан долы құйынмен бірге ыбырсып бара жатады. Аспанға арқырай, доддана ұмтылған ақ жал, кок сауыр толқынның арасында бір батып, бір шығып жүреді. Немесе қас қағым сәтте өрекпіш жанғап өрт, алаулаған жалын, алапат ыстық ортасында аласұрады. Енді, міне, қарашы, бір уыс, бір уыс-ау, шөкімдей жел көтерген ебелек боп ұшып кеп, пышырлада жана жөнелді. Сүмдыш азабы жанын жеп, қатты шошынғаны сонша, «Апа!» деген дауысы барқырап шықты. Бүкіл тағат, шыдамын пәршалап шыққан ашы үні өзін де селк еткізді.

— О не, жаным? Шыбыным-ау, шырагым-ау, не болды? Шошынғаннан саумысың?— деп жапы үстінде шыққалы қасына тақалған Зылиқаға баласы үн қатпай, тіліп тістеп жатып қалды. «Қайран анашым-ай, қас қақпай қасымда отыр ма еді! Азаңқа салдым-ау жаныңды. Сенің менен күткенің осы ма еді? Мен бейбақтың жарық дүниeden тілегені, ақсағаны не еді? Не?! Не?!» Бұл сауалды кімге қойып жатыр, кіммен бетпе-бет сайысқа түсті? Оны бағамдаш жатқан ол жоқ. Шыр-пыры шықты. «Өмірден сарғайып тосқан рақатың осы ма еді. Енді қайтейін, сенің күйзелген жаныңды немен жұбатармын! Басыма түскен ауыртпалықты саған қалай айтып, қалай жеткізермін. Тағдыр салған тауқыметке лаж қайсы? Шыда, жаным, шыда, омырауышан мейірім бұлағы төгілген қасиетті апам менің! Бақытсыз бобегінің азабына жаныңды қинамашы!

Менің құбылам, табынатын тәңірім жалғыз сен! Соны

кәрі жүргіңе, мәңгіге оты сонбейтіп жүргіңе мәлім ет! Енді белінді бу, мықты едің гой. Ер жүргің бар еді...— Көрік осы создері апасына айтқысы келді. Тілі тандайна жабысып қапты. Аузын аша алатын емес. Жағы біржола қарысып қалғанға ұқсайды.

Бар деміп ішіне тартып үнілеген Зылиқа қат-қат тамған коз жасын сүртіп, сүйнеган болаттай түске енген. Әлгідегі дір-дір атқақтаған жүргін басып, іштей қайрат еткен адамның сиқына түсті. «Қайтейіп, қолымнан пе келеді? Өліп-өшіп жатқап аз ба? Мұнысына да шукір...»,— оз белін өзі бекітті де:

— Қекенжан, қатты шошыдың-ау, күйгеппің шопығаны жақсы деуші еді үлкендер. Түбі қайыр болар. Болтапға болаттай бол. Ендігі жерде белінді бекем бу. Шыдамдылық шыңға шығарады,— деп баласына бір сыйыра жұбату, ақыл айтқап болады. Қарлығаш қанатымен су себедісі бұл.

Сол алғашқы түн. Көріктің емханадан шырыш, үйге келген түні соншалық ұзақ болар ма! Таң атпай қойды. Қоңыраулы сағаттың анда-санда зыңғыр еткенінен бөтен бөгде дыбыссыз мұлтін, өз деміне өзі тұншықан үй еді бұл. Көріктің ойда жоқта төтеп жазылға ұшырауынан бұрын, ерте, таң алды, кешкүрим тұмсығын көкке көтеріп ұлып алатын Алыпсоқ та үнісіз қалыпты. «Тәңірім-ау»,— Зылиқаны қиял шабарманы жетегіле қайта алды,— о заман да бұ заман, иттің мұндай ырымын кім көрген! Ит екеш ит те иесіне төңген қатерді күні бұрын білгендеге,— деп шыңырауына бойлац,— ана сорлы ангармадым ба?— Ол енді қаласында бұрын болмаған дүниені іздеп, өзін-өзі тіпткен пакырдай болды. Сана сандығын, ақыл қоймасын ақтарып, берекесі кетті. Сондағы айтары: «Ит құрлы түйсік, сезімім болмағаны ма?»

Шалқалай жатқап Көрік оц жамбасына аунап түсті. Үй ішіне бозғылтым сәуле төгілін, күн шығып қалған шақ. Жаңағана тысқа шығып, қайта келген ана баласының жатысындағы өзгерісті байқап:

— Қекежан, тамаққа қоңілін шаба ма? Не қалай-сың?— деп тіл қатты. «Бастады... қалай етем? Кімнен көмек сұрармын? Бишара шешемді біржола тұғырлатастын сор болмағанда, не болдым? Ей, сормаңдай болғап басым-ай. Не істермін? Бұдан да біржола өліп кеткен артық еді-ау! Бар сенері басына сор болып, арылмас бейнет болып... Қор болып жатқан ана қайбір жетісер! Не оңушы еді? Не істермін, амалым қалды ма?! Жан-жағым тас қорғап!»— Өзін-өзі іштей жеген ол сыйырлад:

— Таңдайым кеүін жатыр. Минералды су болмаса,— дегенді зорлапа айтты. Жаңа байқады. Кепе достары шыныңсыздырылатып жатыр еді. Сарығаш сұзы екен. Бірнеше шөлмегін мұның диванының бас жағына қатарлап тізіп қойып кетіпті. «Өзі тапсырды ма әлде достары мұның шөлдегенде осындай зәм-зәм сұын іздейтінін күні бұрыш білгені ме?— деп Зылиқа астыңғы ернің тістеп,— құлыптыма осы күннің рақатын көруді жазбаган құдайға не айтайын,— деп кемсендеп барып зорға басылды. Іші алау жалау бол кетті. Қолындағы шынының тығызын қалай ашуды білмей, олай-былай бармагымен қозғап жүр. Өздігімен алына қояр түрі көрінбеді. Аузына апарып күрек тіске басып, шетінен қайыра көтерді. Газы шықпасын деп тығыздап бекіткен темір тығын қайдан бола қойсын. Оның есесіне онсыз да түбі шіріп, босап тұрган сары тіс бырт етіп түбінен омырылып, сау ете қалды. Аузы судай қанады.

— Зылиқа, ә, Зылиқа,— үйге дауыстап кірген Мұсабектің кемпірі екен,— әлі ұйықтан жатырмысың?— Өзіне озі сойлем,— Шаршаган гой, әбден жүйкелеген байғұс, бүгін баласы келгесін, емін-еркін ұйықтаған екен де,— онсыз да ашық тұрган төр үйге самбырлап кірді.

— Зәуре, е... озің бе, нениң ұйқысы,— деп үнін шүйкедей созып,— мына әдіра қалғырды аша алмай, тісі құрғырды опырып алдым. Қекенжан шөлдедім деп,— деді.

— Тәйірі-ай, бері берші,— деп Зәуре қолынан қалай шыныны лып еткізіп алса, солай пыщақтың ұшымен темір тығынды лып шертіп жіберді. Газы бұрқырап тегілген суды шай кесеге шүпіледте құйып, Зылиқа Қөріктің алдына келді. Қолы, басы таңулы оның қолтығынан демеп, еңсесін көтеріп, кесені аузына тосты. Жатып тамақ ішіп көрмеген жігіттің де, екі қарттың да ыңғайлары үйлеспей, қарбаласты. Шынтағын тірең, мойнын созып, шөліркеп, мұп-мұздай суды жұтып жіберген Қөріктің маңдайынан тер бүршактап қоя берді. Қозі таңулы. Жұтқыншағы боялған қызыл асықтай жұтынған сайын ойнап, қозғалады. Манадап осы жігіттің бет-аузында бірденесіп жогалтқандай тінте қараған Зәуре ішін тартты. «Бишараның баласы біржола мүгедек бол қалған-ау! Шамасы, осы балада көз жоқ шыгар!»— әзірге сыртқа шыгармасада, осы байламға мықтап бекінген ол:

— Қекенжан, көзің аман ба өзі? Қос шырағың сау болса, дүние-малың түгел. Екі аяқ, қол, тіпті, қалған он бір мүше дүниенің жарығы — көзге қайдан жетсін!— деп бір жағы мұсіркеп, бір жағы жаны ашып, ағынан

жарылған бол, өзін күпті еткен жәйтті сұрап қалды. Зылиқага қолқабысын тигізген бол, мұның басын сүйеген қалпы, жастығын көтеріп сап, бір қаланы дүр сілкінтек оқиға, жас қыршының қазіргі хал-ахуалын білуге бар ықылас-ынтастын аударды. Үні жылы, сөзі майда, қолы да епсекті екен. Бірақ күнде анасындағы қадірлеліп жүрген көрші кейуананың сауалына Көрік жауап бермеді, не десіп? Бәріп тәптіштемей-ақ, сырт көзге көрініп тұр. Ал басқалардың көңілін көбірек аударған көзінің жәйі мұның өзіне де қарағы.

Шынында, көзі орнында бар ма? Көре ме? Әлде... Дәрігерлер бұған ашып әлі ештеме айтқан жоқ. Бұл өзі дәлдеп ол жайында сұраган да емес. Дәрігердің қатты тансырғаны: көзіндегі дәріленіп мұқият байланған дәкені қозғауға болмайтындығы. Ол ете қатерлі нәрсе. Оны тек емдеуші дәрігер өзі шешіп, өзі қарайды. Алғаш өзі етпетіп құлап, қышқыл сүйигі шалып етіп төгіліп, коз алды лапылдаپ, қызыл ала жалын өре жөнелгенді, бүкіл ғомырауы тосіне дейін тұз құйғандай удай ашып кеткөні есінде. Сонда екі қолымен қорғаңыц, шоқтай бол тиген ыстық алаудай жасқана аласұрғаған. Әйтеуір, тұтасып лапылдаған от-жалын деңесін қүйдіргенін анық біледі. Сонан кейін бұл жарық дүниені көрген емес. Тұңғызың тереңге шым батып, кордай қараңғылыққа енгепін анық біледі. Содан бері неше күн, неше туң! Қаиша тәулік деңесі өрт болып, ыстығы көтеріліп жатты. Сондай дерт болып жабысып, қүйдіретін не сүмдүқ?! Терісі тырысып, сәл қимылдаса, қатқан көндей қақырап, жанын тыранағына әкелетін. Жан, қай жері ауырса, сонда тұрады деңен рас екен. Шыдан баққан. Азу азуына қадалып, тістенген қүйі жағын ашқан емес. «Әу» деп құлағанда бар дауысымен ышқына айқай салғаны құлағында қалыпты.

— Қүйді! Қүйіп қалды-ау!

— Әттегене-ай, бекер-ақ жұмсаған екенбіз,— деп тұра жүгірген достары қышқылға малшынған күмін қалай жыртып алғанын бұл білгең жоқ-ты.

Цех іші құндізгідей жап-жарық. Едені айнадай таптаза. Бөлек-салақ ыбырсыған ештеме жоқ. Неге сүріпді, қалай құлады? Қатер құшагына ілігетін реті жоқ. Сонда... одан әрі сансақ ойға шомып, озінің осы қүйге душар болу себебін таба алмай қойған. Тұсауы кесілмеген балладай аяғы аяғына шалынып, етпетіп түскені өзіне әлі жұмбақ. Зәуре апаға не деп жауап берсін. Әр-берден соң ішектей шұбатылған ойдан қажитыны бар. Әбден мезі бол кетеді. Ештеме ойлау мауга тырысады. Ақпайтын

қара судай мөлдіреп, тышып жата қалады. Бірақ адам ойсыз, қиялсыз өмір сүре алмайды екен. Қаншама сол жүйкелеткен қиял соңғағын баспайын десе де, бір ілгешек табыла кетеді. Міне, қарашы, енді Зәуре апа келіп, титықтап құр құлдарі жатқан, неше күн, неше түн мұны сарсаңға түсірген сауалды жаңғырып, бүйірінен қойып, тағы шерменде құйге салып отыр. «Қайтесін, көрші болғасын, өзінше жанаңыр тілеуқорлығын білдіргені шығар!», — деп бір қойды. Екі кейуана өзін төңіректеп жүрген тәрізді. Іңдис-аяқ сылдырап, сүйрете тырп-тырп басқан аяқ дыбысы естіледі.

— Әне, бір столды таяп қойсаңы Қөрікке қарай. Бір шетін мен көтерісіп жіберейіп, — деп сөйлей жүріп, — әй, белі құрғыр кілт ете қалды-ау. — Зәуренің өз белін ұстап, шойнаңдай қалғанын көзі көрмесе де Қөрік біліп жатыр.

— Бишара көрілік қой жағалап, жіцишкелеп бой үйретіп жүрген, — деп күрсіне құлді тағы өзі. Құлкісі жез қоңыраудай сылдырап шықты. Әлі сыңғылрап тұр. Қөріктің жүргегі шымырлап: «Мына құлкі... Япыр-ау, Сәннің құлкісі. Иә, Сәннің...», — деп қозғалақтап қалды...

— Әй, жүгірмек, сен осы үйге неге келгіштеп кеттің? — Зәуре апаның сондагы зәрлі дауысы бұл. Жаулығының астына құмістей жылтыраған самай шашын жинастырып, бойын тіктең, «келсөң-кел» деп жекпе-жекке шақырган батырдай, пештің аузында жатқан шымшуырды қолына ұстай түрегелген, — Шық, үйден!

Қөрік қипақатп:

— Апа, жай бір жұмыс... Сән деген...

— Әй, кет дегендеге ит те кетеді. Қызда не жұмыс болушы еді, әдіре қалғыр. Шық жаңының барында! Шымшуыр жейін демесең, — деп қуыш шықса да, аузы жалпылдан әлі сөйлеш жүр. Бұл есіктің қайрылысында тыңдалап тұра қалды. Сән ана жақта есігі ашық түпкі үйдегі шарайнаның алдында шашын тараң әуре. Шешесінің мінезіне ренжи ме, қыз қабағын түйіп алышты. Қөрік бәрін көріп тұр. Зәуре апаның мәдениетсіз мінезіне наразы тәрізді:

— Жаман, шірік неме, о несі, ей, қылқынып келеді де тұрады, қу жетімек! — Қөріктің жаңына осы сез қатты батты. Әйтсе де шыдады. — Кинә, тілбізір, тәңсі дей ме, таусылмай кеткен не пәле? — От басын сынырған боп, одан әрі аяғын бір-екі басып, апаның өз бетін өзі шымшығаны анық көрді. Енді Зәуре Сәнге тиісті:

— Сен қызға бетін опалаған не керек? Қарашы, қан жалаған қаншықтай анау ерініңді. Ұятсыз, арсыз болға-

— ыңғ ба? Енді қайттім мынаны,— екі алақанын жайып, жан-жағына шарасыз қарады.— Ойбай-ай, бетім-ай, құдайдың берген көркіне май, далап, мына күйе жақпай-ақ, жалпақ дүниеде қатардан қалған жоқ едік, жасанды әдемілікпен қатарымнаң озам деп журмісің, ей, мисыз! Әлгідей қу сирақ онсыз да,— деген Зәуре сөзінің соцын айтпай,— ейтіп боянып қуыршақ болғанша, мына қүзелгей басыңа ақыл, сана жинасай. Тірсекке түсетін білектей бұрымды бір құрттың. Енді қой, енді,— деп шаптығып жөнелді.

— Жұрттың бәрі...

— Ой, сен қыз, қіт етсе, «жұрттың бәрі» дейтінің не осы маған, қак бастаң салып жіберейп бе?— деп қызының қасына екпіндей басып жетіп барды.— Жұрт жынданды деп, сен де жындануың керек пе? Қандай шаш еді, сегіз қатар қып өріп, шолпы мен үкі тағып, бүкіл бір көшениң жауын алыш, аузынан сүйн ағызып, таңдайын қақтырып едім. Зая кеткен еңбегім-ай! Айтты не саган, айтпады не! Тәйт, түрін жұлған тауықтай.

— Апа, енді мен сіз үкілең қоятын бала емеспін ғой. Өз заманым, қатарым бар. Солардан қалай бөлінемін. Қазіргі жаңа салт-дәстүр,— Сәннің сөзін бөліп, айқай салған ана:

— Бетім-ау, мынау есалаң шыгар. Не деп тұрсың, ей?! Не дейсің, құлағыма естіртіп айтшы,— Зәуре жаулығынан құлағын ашып,— қайталашы әлгі сөзінді. Салт-дәстүрі несі, ойбай тағы,— деді қүйіпін.

— Сізге бірдеңе болған ғой өзі,— Сән жүре жауап қатты.— Зауал шақта соншама тергең. Өзі түккө түсінбейді де, жұртты милау көреді...

— Сол-лай-ма?! Сола-й-й де. Өстім, бойжеттім де!— деп бойына ашуын жинаған ол,— Қане, қане, аттап басшы аяғыңды табалдырықтан. Сирағыңды қырқайын!— Долданған Зәуренің ақсары жүзі алаулап, қызырып кетті.

— Мамасы-ау, бұныңыз не? Сізге лайық мінез бе осыңыз. Мен баяғының қызымын ба?

— Не деп тұр мынау, жұрттың-ау! Еститінім осы маеді? Баяғының қызы шешеден тумаш па екен? Қызға қырық үйден тыю деген атаниң нақылы баяғыда айтылмай, бүгін айтылған, а? Осы заманың қызы секендереп, жынды көбелек боп кетсін деп қай закунде жазылыпты, айтшы? Қөрсетпі маган! Сол закунді жазған адамға өзім барайын.

— Не десеңіз де, апа, сіздің осыңыз теріс.

— Бетім-ау, тапқан анасына жөн үйрете ме мынау,— ашу буган Зәуре бой-бой терледі. Сәп орындықта отыр-

ды. Шеңе әлі түреген түр. Екі козін ашар емес бұдан. Сөл бұрылса, қызы қаша жонелердей, қас қақнай қалған.

«Бәріп бұлдірген, Корік, сен озің. Неменеге жүгіріп келе қалып ең? Менің мамамның мінезін білмейсің. Ашуланды ма, бітті... Озіңің шыдамсыздығыңдаң кор. Екі ортада киподан қалдық. Отे қызық деп еді». — Сән ыза бол отыр. Туған шешеге қалай қарсы келеді. Онда бетпақ атапбай ма! Жагаттан айтқаңға бұл жарықтың көне қоятын адам ба! Әрі-беріден соң, шын ашуды келсе, орім-өрімінді шығарады, онан да... «Уақыт әлі erte — сағат сегіз. Соңғы сеансқа үлгіруге болады. Бұрқ-сарқ қайнап-қайнап, қазір-ақ ашуды басылар. Өзі де ұмытып кетуші еді гой, көрерміз». Сән жалма-жан шешініп, көшеге шығатын киімін тастағанда: «е, бәсе, осылай болса керек, енді кете алмассың», — деп, марападан тапжылмай тұрган Зәуре ауыз үйге беттеген. Одан қорага барды. Аңдушыны алушы жеңеді демекші, осы қағаберіс сәтті пайдаланған Сән лып беріп кетіп отырды. Жай кетпеді, «ашумен өкпелеп жатып қалды» деп ойласын деп, түкі үйдің есігін кілттеп, жауыш кетті. Едәуір уақыттан кейін сырттан оралған шеше есікті бірер рет тартып, ашылмаган соң, қағып, «Сән! Сән! деп дауыстады да:

— Жат! Ұйықта. Сен ашулапып, қыны қыласың ғой маған. Төркішімә апарып тастарсың — деп күлген. Азғана ұсақ тұғырын ористетіп кешкүрим оралған Мұсабек:

— Кімге приказдал ақырып жатсың. Әйтеуір біреуге сөйлемесең отыра алмайсыңау, ә? — деп кемпірін қағыткан.

— Кімге айтушы ем, сенің бетімен кеткенің. Жалғыз еркең де! Бетім-ау, не істерсің бұған. Қүніне кипә. Тіпті жосықсыз шошаңдал барады. Қамап тастадым, әне! Жатсын әрі! — долы кемпір бірдеңеден белең алғандай шаңқылдан кетті.

— Сен бе, сен! Бір жапырақ соған күн берме! Қамап тастағаның қандай тапқырлық еді. Басында шайнам ми жоқ сандырам, не білер ең сен! Ой, оз қатарымен ойын-сауығына барса, барат та. Мылжа-мылжа шіріген жауужұмырдай сенің қай сәүлетіңе қарап отырады, — деген Мұсабек Зәурені біраз жерге апарып еді. Оған болатын Зәүре ме:

— Соқ, соға бер! Сенікі әйтеуір ауыз болғасын сөйлейдінің кері гой. Өсіп келе жатқан қызды шеше тыйма, әке сойлеме, не бол кетер екен. Масқара болсын ба? — деп бажылдан жонелген әйеліне Мүсекең қолын котеріп.

— Тоқтат! — деп қатты ақырып қалды...

Сол кеш Қөріктің көз алдына қайта оралды.

Қабырғадағы айнаға жарқырап шағылған электр жарығы үй ішін жайнатып жіберген еді. Бұйралатып, қара боріктей етіп, жап-жагын тегістеп қигаш шаш Сәнгे жараса қапты. Қекшіл түсті гүлді койлек ақ құба қыздың ажарып аша түскен. Екі иығын кезек қозғап, олай бір, бұлай бір айна алдында ойқастап сәндene қарады. Төңкөрілген кішкене кеседей алмасы көгілдір көйлектің кеудесін көтере түсіпті. Тұп-тұзу ақ балтыр анау. Еліктің лағындағы ойнайды озі. Аппақ тамагы мойнын бұрса, сазанның жонындағы жалт береді. Сүйріктей ақ саусақтардың бүйрек бетке опа, далапты сылаш жатқаны қандай сүйкімді. Онсыз да ұзын, ірілеу, кірпіктерін қаш-қара етіп бояп тастанды. Енді, әне оймақтай, жіңішкелеп тілген әбден піскен әңгелектің қызыпдысындағы жұп-жұқа ерінің қызартта бояп... аузынан сұзы ағып кеткенін Қорік атада маңындағы қалды. Тамсанып, ақкан сілекейін сүртіп тастағалы қолын аузына апарғанда өзінің мүшкіл халі есіне түсті. Әлгі көргенінің бәрі елес бол, окініш бол кетті. Өл будан кейін тоқ соққан жандай қымылсыз қалды. «Әттең дүние-ай, келмеске кеткен өмір-ай». Қамығын іші алау-жалау бол, жүрегі өрекпи тулады. Қайдагының кеп, ойга оралуын қарашы! Сол Сәп ең болмаса, иә деймін-ау, осындағы азап қынап, тәп езіліп, жүрек сыздап жатқап күндерде қалың қалай деуге де жарамады емес пе? Ол сондай түйсіксіз, қатыгез жан ба еді. Адам аласы ішінде деген осы ма? Откен күндер-ай...

Онынши класта оқып жүрген кезі. Мұның қолтығына кіре түсіп «Қөрік, Қөрік»— деп, бұл үндей қоймаган соң әлгіденде жақын бауырына тығылып «мен мұғалім қоріп қоя ма деп қысылып барам. Ал, сен есінде ме «Бүгіп тамаша қызық кино бар. Тогілген махабbat. Барайықшы, жапым! Билет дайып» деген сөздер жазылған тілдей қағазды алдыма сырға бересің. Бетімпен отым шығың барады. Қағазға қол соғсам, жапым қоса шығардай. Алыш жыртып тастауға да дәрменім жетпеді. Мұғалім екі көзіп менен алар емес. Орнынан тұрган бойы қасыма келіп, көз жүгіртіп оқып шықты. Масқара болдым-ау, үрсады-ау, апама айтады-ау! Қызың жігіттен хат алады. Тәртіпсіз деп. Жапым шығардай қысылды. Мұғалім ұстамды кісі еді. Жымың етіп күлді де қойды. Қандай мәдениетті адам десенші. Класта, балалардың алдында жер-жебіріме жетсе қайтер ем.

«Жақсыға ишарат сөз жетер» дегендегей дұрыс еместігін сәл түйілген қабагымен танытты. Қысылғаным, үял-

ғаным соңша, жердің тесігі болса кіріп кетер едім. Ал, егер апам болды гой, мұғалімнің орнында. Бәрі бітер еді. Бірнеше күн әбден қонтақ болғанша құлақтың құрышын жер еді. Мана өзің келіп кеткен соң қолға алды кеп,— деді Қоріктің есіктің қайрылысында тұрып бәрін естіп, алғанып білмеген Сән. Ағыпап жарылып бар сырын ақтарған Сәнді Қоріктің жүргегі елжіреп жақсы көріп кетті. Оны аймалағысы келді. Қинодан жаңа шыққан көпшілік сапырылысып өтіп... Қазір Сәнді дүниедегінің бәрінен қызғанатып тәрізді. Бәрі бұған анталап қарап, қане қайтер екен — деп тұрғандай жан-жағына үрлана қаралды. Өзі едәуір алқынып, жүргегі дүрсілдеп тұр. Аяғын зорға басып ілбіп, бұқіл жан-тәні езіліп, сүйгенінің ыстық деміне мас болғандай күй кешті.

Үйлерінің қасына мана келген. Осы жерде, иә, осы өз үйлерінің қасындағы теректің түбінде Сәннің оймақтай аузынап сүйді. Қызы ерні бал ма, от па?! Байқай алмай қалды. Жүргегі үріккен көжектей атқақтап кетті. Сән, иә Сән болса, еріген сары майдай, сүттей жарық айдың астында мұның құшагында көзін бір апыш, бір жұмады.

Онының класта оқып жүрген кезі... Сол түпде айны-  
мас серт пеп мәңділік махабbat есітін екі жас имепе кеп қағып еді. Қорік: «Сәнім, жаным, қаным, арым, багым,  
барым»,— деп, қыздың ақ бетін айға көрсетіп опкенде,  
«Қорігім, серігім, ерігім, корігім!» деген қыздың сондағы  
құштар жаны сол бойы бар бояуымен қазір де мұның қоз-  
алдына келді. Түс. Қорген түс қой. Жалт етті де, жоқ  
болды. Қорік қайта қүйзелді. «Егер сорым қайнап, бір-  
жола кемін қалсам ше?..» Одан әрі жігіттің ойлағысы  
келмеді. Жүргегі шошып, жан тұршігер сүмдыш сезгендей  
бұқіл денесі мұздап қоя берді. Басқа дүниеден азат, тым-  
тырыс қалды. Екі қарт ана да аңысып аңдалап, бұған тіл қатпады.

Арада бірнеше күн өтті. Қоріктің дәрігерге көрінетін мезгілі де жеткеп. Жанга түскен жараның жазылуы қай кезде оңай болған?! Бір үміт, бір күдік қамалаған жігіт дәрігерге көрінетіп күнді үйқысыз қарсы алды. «Егер...» Оның басына келетін ой әрқашан осы сөзден басталады. Сонда үрейлі сезім қалт тоқтатады. Құзардың басынан сөл қозғалса, сырғын түсіп кететіндей, басқан жері қопсып тұрған тәрізденеді. Бұқіл денесі мұздап, қаны жүрмей, тоқтап болады. Неткен үрейлі, сүмдыш! Оның қа-  
харынан шошынған ақыл-санасы дәрменсіз күй кешеді.  
«Егер»— ар жагы түпсіз үйық, батпақ боп, мұның бойына желім боп жабысып, жылым болып жөнеледі. Сонда

күні кеше енесінің о жақ, бұз жағына құлдырай шауып жүгег құлыңдай тәтті өмірінің бір тарының қаузызына сыйғанына таң қалады. Әттең, дүние...

Зылиқаның қолтығынан үстап келеді. Қалоши кеңдеу ме, аяғын тырп-тырп басқап анасы: «Магап таяна жүр». «Алдыңда кісі келеді. Байқа, қағып кетпе»,— деген ескертулеріп жиі қайталап, жагы бір тынған жоқ. Осы сөздерді айту анасына қандай қасірет боса, естіген Қорікке қисапсыз азап еді. Кеше гана бір көшеге бір өзі сыймай, шалқақтап, өмірдің таусылмас қызығын, бақытын еншілеген жанды мұндай халге душар болар деп кім ойлаган! Енді, міне...

«Зылица, аман ба? Әнеугі бала осы ма еді? Әтегене-ай, өрімдей жап-жас екен!» деген таныстардың мұсіркеуі мен аяушылығы жанды жеп жіберді. Мұндайда қабыргасы қайысқан Қорік сыр бермеуге тырысады. Тағдыр тәлкегіне мойымаған, бас имес марттік танытады. Байырты әдетінше алшаң басып, байсалды келеді. Қараши, аяқ астында сүрінуін. Құлай жаздан, анасының сүйемелімен әрең түзелді. Қазіргі халі соқыр теке ойнаган бала сияқты. Қасында анасы болмаса, бетімен лағып кетері сөзсіз екен.

— Мынапы қара! Бұз қайда барады салақтап. Кет!— деп айбаралана дауыстаған анасының сөз ыңғайынан Қорік Алыпсоқтың еріп келе жатқанын білді. Ит мына дауысқа аңтарылып, екі құлагын жалпылдатың, жаутаңдай қарады. Сосын, «әй, бағыттарың осы емес пе?» деп, ілгері оза жортты.

— Мұз немені мәшине басып өлтіреді-ау. Алыпсоқ, кет, үйге бар. Үйге!— деген Зылиқага Қорік:

— Қайтесіз соган көшеде айқайлап. Ит тілді алушы па еді. Жүре берсін, аяқ өзінікі,— деп тоқтау айтты. Сөйткенші бұлар емханага да келіп еді. Қарсы алдышап әдейі күтіп тұргандай:

— Апа, Зылица апа, сәлематсыз ба,— деп екі қолын бірдей ұсынған Давид шыға келді.— Қоріктің бүгін мұнда келетінін білем гой. Сосын әдейілеп келіп тосып тұрмын. Сәл кешіккендерізде үй жаққа баруга да беттеп едім,— деп самбырлап сойлей жонелді. Ойда жоқта мұнша жанаптырлық көрсеткен қайнама пендеге ана шын пейілімен риза болды. Бір жағынан, таңдана бетіне қарап:

— Қоң жаса, қарағым, мұның енді, басқа айтарты жоқ, таза адамгершілік. Сен бүйтіп бәйек бол жүрсіп, ал тұған ағасы мұның мұндай күйге душар болғанын естімен-тіде!

— Естімесе, қайдан келсін. Хабар айтқап жоқ па едіңіз? Апыр-ау, осыша күн откеше... Бүкіл қала естігенде,— деп оз сезіп өзі бүгежекте, «мұным пе, ағайынды екі адамның арасына от жаққандай боп» деп, қысылған Давид іле,— мүмкін, ауырып қалған шығар,— деді.

— Айтқап сияқтымын. Кімге айттым? Тарс есімнеп шығып кетіпті. Әлде хабар айтам деген ойым ғана ма? Е, Дәүіт-ау, бұл бейбақ анаңпан неңің есін сұрайсың. Көрік күйген жоқ, мен қоса күйдім ғой.

Екі қабатты емхана үйін басына көтере самбырлап сойлеген қарт анаға басқалары таңдана қарасады. Олар мұны танитындей, ілтипатпен бас изейді. Амандақап сияқты.

— Сіз мына орындыққа сәл отыра тұрыңыз. Корікті дәрігерге мен көрсетіп шыгайын,— деген Давид ұршықтай үйірліп.

Олар ішке кіргелі де бірқауым уақыт өтті. Кемігіп жатыр. Одаша қалғанда ой айналдырады деген емес пе, Зылиқаны шым-шытырық жолға салған уайым аш бөрідей жан-жағышан ұлын кеп берді...

Екі көзі есікте. Өне шыгады, міне шыгады, қандай хабар әкеледі деп, көнілі құпті отыр. Мұндайда уақыт шіркінің өтпей қоятыны бар емес пе! Өсі тықырышып, іштей күйіп отырган ананың қасына қиялымен қарпып, оймен орып құстапалаған ұлken ұлы Барагы да келіп еді. Мойнына су кетіп, сомпиіп тұр. Ең болмаса амандасу да жоқ. Тілі байланған жап тәрізді. Бір үйден өрген жандай үн-түнсіз кеп, қатарласа жайғасты. «Не жан, қандай пенде бұл?» Өз баласына — тұла бойы тұңғышына көз тігіп қарагапы, сынап пазарлағаны осы. Жауырны қақпақтай тұтас, еңгезердей жігіттің қол-аяғы балғадай, сом, ірі жақ сүйекті, қалың қасты, жалпақ бетіне салалы мұрыны жоталана түсініті. Мына дene құрылыш бітіміне қысық, жанары отсыз көзі ғана жараспай тұр. Сонау етженді беттің, қалың тұксиген қасының астын ебедейсіз олақ біреу сәл ғана шекіп, откір пышақпен сыйып откен тәрізді. Қоз сызығы жіпсіп қалған. Содан ба, жіпсік көзбен тоғерігіне пимеие, теменшіктең бұға қарайды. Мойның ішіне алыш, сүзетін бұқадай еңкіш тартқан.

«Кімге тартты екен?»— Ананың ойына келген сауал бұл: «Әкесі Әли ақжарқын, отырган жерінің базары, сері еді, мен болсам?»— Өзіне келгенде аз тоқырап: «Ат — биеден, алыш анадан туады» демеуші ме еді. Алыш болып тууын туыпты-ау, бірақ бар керегі жетпей қалған ба?..»

Давид пен Көрік шықты. Көріктің көзін қайта таңып

беріпті, емдепті, дәрі тамызыпты. Бірақ екеуі де сұлық. Манағы кіргендегі қоңіл күйі, лепірген түрлери байқалмайды. Әсіресе мұндайда қылпыған ақ пышақтай жарқылдағ сөйлеп, құліп тұратын Давид тоғған кісідей кокшіл, кірбің бар. Барақпен ернін жыбыр еткізіп қана амандақсан болды. Тортеуі осы қоңырқай өкпелескен жандай түрде сыртқа шықты. АナンЫҢ сұңғыла жүргегі көп жайды айтқызыбай-ақ сезіп келеді. Жауатын аспанга бұлт жиналады. Зылиқаның қабагы қата бастады. Манадан бұларды тосып, емханапың алдыңда жатқан Алыпсоқ қана — «шықтындар ма?» дегендей арсаландаған күй-рығын қойқаңдатып еркелеп қыңқылады.

...Тортеуі қошеде топталған жүрді. Давид Көріктің қолтығынан ұстаган. «Ұыздай жігіттің өмірі тым ауырлан кетті-ау! Қолдан келер не бар! Қандай лаж табарсың». Құні кеше гана өзімен бірге еңбек етіп жүрген азаматтың қазіргі мүгедек халі мұның жапын жегідей жеп, жүргегін үдай ашытты.

— Мана озіңде айтып едім гой, Давид,— деген дәрігер бұған,— Көріккө ұзақ емделу керек. Біз қолдан келгенде аяп жатқан жоқпыш.

— Қымбатты доктор, менің қос жанарымды жауып тұрған қара шымылдықты сүртіп жіберсөңізші. Меніңше, болмашы гана өзі. Сәл гана жылан қабыршақ. Тіпті, соны ерітіп түсіретін дәрі жоқ па?— деп Көрік үзіле тіл қатқан.

Нақты жауап беруге тайсандаған дәрігер не олай, не бұлай демеді. Дәрігердің ойын қостагандай, шұлғыған аттай басын изеп тұрған Давид:

— Ендігі жерде өзіңпің болат төзімің, өмірге махаббат сезімің бәрінен биік тұр,— деп, Коріктің тығырыққа тығылған жанын қасіреттен шығаратын жол іздеді.

Інісінің екінші қолтығыпан ұстаган Барақ:

— Қол, аяғы сау адамға бәрі дайын қазір. Қөzsіз де ду жап омір сүруге болады. Үкімет пенсия береді. Ақшага дүкенде не керектің бәрі тұр,— «тауыш айтып келем, інімнің қоңілін котеріп тастанмын» дегендей, ірі иықтарын кезек шайқап, бұғақты мойнын бұра қарады,— Жан тыныштығына Коріктің қолы біржола жетті. Не іздейді бұл?! Рақат өмір емес пе?— деді үшіне ең болмаса науқас, жаны жаралы бауыры репжір деген ой, не сәл де болса опыну белгі бермеген ол.

Мына сөзге Зылиқа от басқаңдай жалт қарады. «Не дед келді мынау! Осынша кембагал, жарымес, қуыс кеүде жан ба едің?!»— деп ақырып тастағысы келсе де, өзіп

ақылта жендірді. Артынша: «Жаны қиналған адамның аузына не түспейді. Ойланбай қалған шыгар», — деп жо-рыды ана көкірегі. Әйтсе де, Барактың осы сөзі абаны қатты мұқатың кетіп еді. «Ақыл-есі бүтіп адамның аузынан шыгар сөз бе?» — деп ту сыртынан біреу бұдаш сұран тұрған тәріздене берген. Давид те селт етіп, бүкіл деңесімен бұрылып, оның бетіне алая қарап, тіл қатпай, түкірін жұтынды.

— Қоңыр аға,— Қөрік Баракты Қоңыр аға дейтін,— әлгі сөзінді ойнап айттың ба? Қуанғаның қандай тамаша еді. Қайран кіндігі бір бауырым-ай! Сенен басқа менің «қолға түспес бақытима» қызықкан не алыс, не жақынды білмен едім — деп күңіреніп кетті.

— Тіршіліктің қадірін білдіретін не? Соны білемісің өзі! — Оның өз қолтығынан ұстап келе жатқан қолын қатты серпіп жіберді. Қөріктің дауысы шыққапда анадай алда жортып бара жатқан Альпсоқ арсалактан кері жүтірді. Қыңылап кеп, «сені кім ренжітті» дегендей, аягына оралып, жүндес иығымен сүйкендей.

— Осыншама не бол қапты! Болмашыға болдырып, онда не түр?! Өтірік пе? Басында үйің бар. Шеше қасында. Құдай деп, жат тыптыныни. Осы уыз жасында жан бағуға қолы жеткен жалғыз сен! Тойда төбелесіп кеміген жоқсың, — деп бастырмалатып кетті Барак. Мұндан жұлқыныш сөйлегенде көзі ежірейіп, аузы копіріп кетеді екен.

— Ой, есуас, надан ба едің! Бір шайнам ес болмағаны ма! Пәлен күн өткенде келуінде осындай сыр жатыр десенші. Тумай, тұа шөккір, — болды абаның ашумен айтқан сөзі. Баласының жеткен жері, болым-бітіміне күйінгө Зылиқа одан әрі сөз жарыстырып жатпады. Барактың сыйайып аның таныған Давид:

— Көшеде бұларыңыз не? Ұят қой. Жапға тиетін ауыр сөздің реті де жоқ. Әр іэрсенің қайырын, берекелі соңын сұраңыздар. «Түбі бірге түтпейді» тым тереңдемен-нідерші, — деп басу айтып, татулыққа шақырды. Едәүір қысымыш қалды.

«Сенен туған бала не оңушы еді! Аз-ғы-ын!» — Зұмырраттың удай аңы тілі құлағының дәл түбінен шықты. Арада неше жыл өтсе де, жапға батқан жәбір санадан ошпей қапты. Қазіргі озегі өртөнген қызып-қыстау шақта сол ескі жараның аузы ашылып шыга келді. «Көрермін ел билеп, кісі болғанын шіріктерінің. Ондай балам болғанин қубастығым мың есе артық!» — Тепсініп, мұны жеп қоятын итше көзін ойнаштып: «Мені әулие дейтін күнің алдында! Безеріп қалғырдың көк тастай безеріп

тіл қатпауын қарашы. Эй, жағың қарысып қалды ма? Өлемесем, зарлағаныңды да көрермін!

Зылиқаның көз жасы сел боп төгіле берді. Үнсіз егіліп отыр: «Жаманың айтқаны емес, сандырағы келеді!» деген осы екеп де. Қай пейілімнен таптым. Тірі пендеге сен демей келем. Тәңірім-ау, кісі бетіне тік қарамай, не ауырға да, қиянатқа да көніп, жаным — арымның садағасы деп, адалдықты пір тұтқан сөр мәндай жанға тартар сыйың осы ма еді! Көретін рақатым қайсы! Екі перзент беріп, бірінің санасына саңылау бермей... бірін мынадай...» Аナンың жүргегі шымырлан, иле сүққандай қатты шаншып-шашып кетті. Өзі де қисапсыз жас төгіп, аз уақытта үлдіреген шуберектей боп жүдеп, шегіп қапты. Жілігінің майы таусылғандай, тұrsa — басы айналың, жердүние доңгелене жонелді.

\* \* \*

Зылиқаның үйіне «жедел жәрдем» бастаган жеңіл машиналар тобы шұбыра кеп тоқтаганда Сән жайылған кірлерін жинап жүрген. Жалт қараң, не ілгері, не кейін жүреріп білмей, қалт тұрып қалды. Жүргегі ұйтқың, аузына тығылды. «Келді!» — не деді, кімге не айтты — озі де аңғармады. Сасқанынан етегін басып, қолындағы кірді қалай болса солай умаждан ұстап, апалақтап үйіне жүгірді. Бас жоқ, коз жоқ; «Апа, келді!» — деді. Алқынып, демін зорға алыш тұр. Алдына ескілеу шуберекке түйілген, қобыратып озіне қарай тарта түсіп, түбіт қылышықтап отырган Зәуре қызының бетіне таңдана қарады. Бірден не айтып тұрғанына түсінбей, аспай-саспай козілдірігін қолынша алыш, камзолының қалтасына салды. Көпсіп үлпілдең манадан бері қылышығынан ажыратылған түбітті жеке қалтага, қыл-қыбыр аралас басқасын шуберекке қайта түйді. Екі қолы жұмыста, көзі қызында.

— О, кім келді? Кім? Әкең базарға кетіп пе еді! Мепің тап бір қалашым келгендей соишшама. О несі, ей, зәремді ұшырып, ессіз баладай тапырақтап,— деп шаңқылдаپ сөйлей тұрды орнынан. Сәннің ажарындағы бал-бұл жанғаң құбылысты аңғарған шеше өзіне-өзі келіп, сұрағып қайталады.

— Коршіге көп машина...

— Зылиқаның ба?

— Иә.— Шешесінің адудын мінезінен басыла қалған қызы үні болар-болмас әлсіз шықты.

— Сөйдемейсің бе күнімен,— абыл-құбыл бірдемеден

құр қалардай асыққап Зәуре,— әлгі күйген баласы бүгін бәлністен шығады деп еді. Со шыгар,— жүгіре басын терезеден көз салып,— түсіп жатыр. Сол... сол екен.— Зәуре есікке қарай жүгіре жөнелді.

Сәнпің коз алды тұманданып кетті. Терезеден қараған бұган дүние буалдыр тартып бара жатты. Өзінен-өзі қаралтан-қарап тұрып, ашыған сүттей іріп қоя берді. Ишіне белгісіз бір апта ыстық еніп, бойы қорғасындағы еріді. Қолып көзіне апарып еді, алақаны дымданып, қыз ебіл-дебілі шығып тұрганын енді аңғарды. Мұнысы не? Басыма не күн туды»,— деп өзіп қаша бекітсе де, босаған жүйке болар емес. Екі жігіт екі қолтығынан сүйемелдеген Көрікті Зылиқа емірене кеп құшақтады.

Оны бұл да анық көрді. Басқалар абыр-сабыр. Үйдің алды кәдімгі базардағыдай адам көбейіп кетті. Өзіп-өзі қаша бекітсе де, қыз жүрегі туласп, кеше ғана Көрікпен бірге откен қызықты құндер ойына қайта орала берді. «Мен неге тұрмыши осы жерде»,— десе де, терезе алдынан ұзай алмады.

...Бас шілде. Дүние тамылжып тұр. Өзен жагасы. Ауа қоңыр салқып. Судың шылы-шылып жағаға баяу толқыш кеп соғылған дыбысы естіледі. Сәбидей қытықшыл құлқи тыпар емес. Серуеп құрган жастар да мол. Қок аспан тұп-тұндық күйі төгіліп тұр. Екпе ғұл өзен бойын жагалай үлпілдеп бой котерген. Аяққа мақтадай тиетіп жұмсақ құм тоселген жаяуға арналған жол екпе ағаштардың арасына жетелейді. Құн ұясына еніп барады. Арғы беттегі жарқабаққа төгілген шағыл нұр құбыла қалды. Қып-қызыл қан түсті кілем бол жамырай өскен терек, тал, жиде, балауса құраққа құйыла, іле айшықты шидей керіле түсті. Қол созым-ақ жер. Әпе, мың нақыш, мың иірім таныс үн боп толқи жонелді. Құстар үні ол! Бұлбұлдың ба әлде басқаның ба, зердеге ләззэт боп тогіледі. Екеуі қолтықтары жабысып қатар келе жатқан. Көрік қалт тоқтай қалды. Екі көзі аргы жағада, мойнын әптек қана сол иығына бұрып, сезімді тербереген асыл әуенге құлақ түрген. Сол қолын мұның иығына асып, деміп әзер алып, қас қақпай, қалғыш кеткен кісідегі қыбыр етпей тұр.

— Сән!— Опың дауысы дірілдеп, толқыш шықты.— Қарашы, әпе, қарашы,— деп, қызды асығыс қолтығына алыш, өзіпе қарай ептең тартып,— әлгідегі көкпенбек ну жамылған аргы қабақ басқаша асқақ көрік тауыпты. Коз тояр ма! Пан, шіркіп, сұлулық, әне, сол! Шіркіп, суретші болар ма ем. Ана бояуды қылқалам шебері көрсө ғой!— Таңдайшып қағып, басын шайқап таңданғап ол ты-

нысын тереңірек алғып,— Нагыз өмір суреті, әне! Шымырлатып созып, өз бақытын, осы сәттік қайталанбас тәтті өмірді ерекше сазбен жырлаган ше?! Тыңдаши,— деген ол Сәнді бауырына тартып, құшырлана қысты.

— Әсемдік мұнда, табигатта екен той — деді қыз күн шапағы салған суреттен көз алмай телміре қарал.

— Шіркін,— деді Қорік тамсана түсіп,— көзбен көргенді сол қалпында тамылжытып суретке түсірсе,— неше бояуы алмасып, құмары қанбай сүйіскең қып-қызыл еріндей бол көзді арбағап нұр шуағына еміренген бойы,— өмір сондай той. Сүйе білсе, көре білсе,— деп тоқтаган. Өзінше бір ой түйгеп. «Сүйе білсе, көре білсе»,— деп кімге айтты, онысы не тұспал әлде қызға айтқан назы ма, бірқауым уақыт үнсіз қалған еді. Қенет Сәнниң бетіне жалт қарал,— Сұлулықты көру — өмірді көру. Жаңағы корген әсем құбылыстың бейнесіп жүрегіңе тоқып ал. Ойыңа өрмек құрсын. Ол саған әрқашан шаттық, бойыңа сергектік, құштар сезім егеді. Табигат пен адам егіз той. Бірінің бойына бірі таусылмас шабыт, махаббат, мәңгілік сүйіспеншілік дарытады. Тыңдашы менің жүрегімді, қандай әсер алғанын айтып аттай тулас, сүйінші сұраған баладай кеудемде дүбірлетіп тұр,— деді қызыдың мандағыша жайлап ернін тигізіп. Әттең, сондай қорікті сәттердің, жан тебіренген тұстардың кейде қас қағымдағайып болғышы-ай!— Қорік іші-бауыры езілген жандай күрсінген. Өз ойын Сәнниң құлағына сыйырлап, әлі таусылған жандай үзіліп зорға айтқан еді.

Сол Қорік анау. «Осыған көрінді ме? Құдыретім-ау, жалт етіп жоқ болатын сағым сәттік өмірдің, сұлулықтың несі қастерлі еді?! Иә, күн пұрына, рақатқа малынып, алтындаі төгіліп тұрган өмір, қорікті өмір... қайталанбас...»— Қыз кірпігін жиі қағып, буыны босап, сылқ етіп отыра кетті. Сондағы Қоріктің арманышыл үні құлағына қайта шалынды:

— Келесі жылы институт бітірем. Қешегі жұмысшы — жоғары білімді инженер.— Ол биікке қарап, соңғы шапағы аспағ күмбезіне шашыраған күннің патсайы нұрлыпа көз тігіп, күле сөйледі.

Сол Қорігі анау. «Егер машинапың түнгі фарындағы жайнаған қара көзі көрмей қалса ше?!»— Осы сүмдық ой Сәнниң басына бірінші рет келді.

Сән асығыс жуынды. Суық су бойындағы қызуды, көзіндегі қызыл мен аз ісікті бірсыныра басыпты. Сыртқа беттеді. Денесі мең-зен, салы суға кеткен ол, «жұрт не десе, о десін. Тәуекел! Бұғін бармаганда...»,— деп, Зы-

лиқаның табалдырығын сол Қөрік емхападан келген күпі тұңғыш рет имепе кеп аттап еді. Даң-дұң, біреу опы, біреу мұны әңгімелеп отырган ауыл үй адамдарының сыртынан ескерусіз гана кеп тізе бүккен... Экесі мен шешесі де сол коптиқ ортасынан орын алышты.

\* \* \*

Қала ортасындағы «Силуэт» ательєсінде Сәннің еңбек еткеніне үш жылдан асқан. Айтулы шебердің тәрбиесінде болған ол осы қысқа мерзім ішінде өзі қалайтып қол-өнері мамандығының көп құпиясын меңгеріп үлгерді. Ерлердің киімдерін өздігінен нішіп, көңілдегідей етіп тіге алатып дәрежеге жетті. Есімі бүкіл қала тұргындарына кеңінен танымал болды. Орта мектепте оқып жүрген кезінде-ақ мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттан алған алғашқы еңбек дағдысы осы бір тамаша мамандықты ойдағыдай игеруге кең жол ашқан. «Ұяда не көрсе, сопы іледі» деген сол.

Әріптестері арасынан оза самғап, сап жүйрікке шаң жұтқызып, мәреке бұрын жеткен бармақтай қыздың мұнша құрметке бөлениүі талай құрбысын таң қалдырган. Құрбылары арасында беделге, құрметке бөлениді. Сейтін, сырты аппақ мәрмәрмен безендірілген модалар үйі Сәннің бақыт бесігіне айналып еді. Соңдықтан болар, бұл үй оның албырт көңіліп шартарапқа шалқытып, болашағына кең жол ашқан алтын ұясы тәрізденетін. Бір қысым әдемі іісті ғұлдей боп бүр жарып, енді бой салып осіп келе жатқап оны осы ақ сарайдың алдына Қөрік талай ертіп келіп, жұмыстан соң сап рет асыға тосып алған.

...Қызы оз басында болып жатқан өзгерістің мәніне жете үңіле қойған жоқ-ты.

Өмір бақыт болып Сәнге күле қарайтып. Мұң дегендең білмей өсken az тіршілігінде мұқтаждық деген не екенін білмей келеді. Сол не керектің бәрі бір басында жетерлік жап сең соққан балықтай есендірій береді. Анасы айта беретіп елі кошкеп жұртта жападап жалғыз қалған жандай қоңылтақсиды кеп. Соңда оның көз алдынан Қөрік бір кеткен емес. Бота көзі от шашып, бетінде нұры тасыған жігіт: «Сәң, уәдең қайда? Сертінді ұмыттың ба?»— деп тұргаңдай болады бұған. Неге екеніп өзі әлі білмейді. Өзіп осыншама аласапыран қүйге түсірген жігіт жағында ешкімге айтқан емес. Сәннің орта мектепте бірге оқыған, банттик тағып, одаи бой түзеп, тал пыбықтай үралып, осынау дүниеге пәк, мөп-мөлдір жанарып тігіп,

ынтыға қараған достары толқынға мінген қасқалдақтай бірі ойға, бірі қырга кетіпті. Жұмбак, құпиясы мол, ана дай аялаған уақыт зымырай берішті. Егде тартқан, жұмыс қызығына біржола берілген, тоқтасқан ерлер арасында бұл өзінің алғашқы еңбек жолын бастады. Содан ба, кейбір женіл мінезді замандастары тәрізді жүйтіген өмірдің үңғыл-шұңғылына үцілетіп уақыт та болмапты. «Білсем, үйрепсем, меңгерсем» деген кәсіптік құштарлығы талайды еліктірген тіршілік құпиясынан шет, қағажу қалдырыпты. Бір шаңырақтың жалғызы, ерке болды. Басқаның бәріне бала мінезбен майыса қарайтын. Бөгделікті түсінбей есті. Жатырқауды білмейтін, жүрттың бәрін бауыр, дос, туыс санау жас қызды көпке сүйкімді етіп жіберген асыл қасиетке айналды, көршілері:

— Капустадан туды деуге болмайды. Көк дауыл соқпай, борандатып оте шықсан гой. Аумаган Мұсекең,— дейтін әлдеқалай Сән әңгіме бола қалса.— Қандай жігіттің маңдайы, багы жанын тұр екен? Жат жүрттың бала гой, әйтеуір,— деп ондайлар қызғанушылығы мен қызығушылығын ортаға қатар сала әңгімелейтін. Айтты-айтпады, Сән осындай бір қаланың, одан қалды бір көшедегі көрші-қолаңың құрметіне бөлениген сүйкімді қыз еді.

Қыпша белі қылыш, ақ қайыңың сері бұтағындай түп-тұзу толық балтырына төгіле түскен қос бұрым талайдың көзінің жауын жеген. Сол қызға:

— Сән, өзің сұлу бол барасың,— деп Көрік үздіге қарап тіл қатқан. «Мұншама сұқтанғаны несі»,— деп ойланған қыз едәуір қысылды. Бетіне қаны бұрқ етіп ойнап шыға келді. Ақсары жүзі кеседегі сүт қатқан қызыл шайдай күреңткен Сәнге,— Мен сені көзімнен таса еткім келмейді. Мениң өмірдегі отымның басындағы таңым болып атсаң еді,— деп ыржия күлді. Қап-қара көзі бір сәт ішіп-жеп, кіршігін қақпай қапты. Не десін Сән, бұрылыш жүре берген. Оның жолын кес-кестеген Көрік:

— Сәл тұра тұршы,— деп үздіккен.

— Апам қарап тұр, ұят болады,— деп қыз үріккен балапандай жүгіре жөнелген. Міне, сол сәттен соң өзіне не болғанып күні бүтінге дейіп білмей келеді. Тесіле қарраган, бүкіл өн бойын, жүргегін шымырлатып шарыған электр тоғындаі «өткір қара көз», бота жанар мұның есінен бір кетпей қойды. Қаша уақыт қатар жүріп, сырласа жүріп, балалық шағы откен күндерде дәл мұндаі толқыды ма!

Көріктің таңың атуы, күннің батуынан бейхабар емірі басталды. Қазір алғашқы кездегідей емес, көзі ауырмайды. Қышқыл күйдірген басқа денесі де біржола жазылған. Бұл күндердегі халі өзі жария еткендей «ас ішіп, аяқ босату». Аптасына бір рет, кейде сенбі, не жексенбі күндері Давид бастаған достары келеді. Мұның қоңілін көтерін, откен-кеткенді майын тамызып әңгімелейді. Әлемдегі, отанымыздағы, мыс заводындағы жаңалықтарды, бүгінгі күннің табыс жетістігін айтады. Ара-ара сында әп салып, би билейтіндері бар. Жаңықпайды-ау! Дегенмен қапанға дейін отыра берсін, ән сала берсін. Тұннің беймезгіл шагы келеді. «Кеке, бізге қайтуға ұлықсат бер» дейді олар. Бәрінен Көрікке бататыны осы соз. Басынан базары кошкендей қолма-қол құлазып сала береді. Қимайды достарын. Отыра берсе еken деп тілейді. Бірақ қолдан келер амал жоқ. Әрпәрсенің өз реті бар. Өкпе-бауыры бүкіл қолқасымен сөгіліп бара жатқандай қимас хал кешсе де, ұлықсатып басын қайта-қайта шұлгумен білдіреді. Шығарда жаны жаны бір кешегі еңбектес достарын ере жүріп емес, қоңілімен, ойымен қошеметтеп шығарып салады. Олар әбден үзады-ау дегенде өзін қоярға жер таптай жүртта қалғандай жалғызырап елегізитіні бар. Жаңа гана жарқырап тұрған күнін қара бұлт басқандай, өз әлемінде де сатыр-сұтыр наизагай ойнап астан-кестені шығады.

...Сол түнде, аядай жасаулы оңаша бөлмеде, Сән өзін қоярға жер таптай, аунақшып жатты. Көзі ілікпей қойды. Қашша үйықтайыныш деп көзін жұмса да болмады. «Бұл әлемдегі сүйгенім қымбаттым, енді қайттім? Өзіңсіз тіршілігім не? Жарық дуниепің қызығын көре алмай, шерменде шыбынынның шырқыраганын мен бейбақ түсінбейді, білмейді деймісің. Тыңдашы мен бақытсызыңның жүргегі не дейтіңін. Бірге елем, бар тауқыметті бір тартам деп бұлк-бұлк соғып жатыр, міне!— Қыз құлагына «Жүрт не дейді мұныңа?— дегеп дауыс саңқ еткепдей болды. Сән тың-тыңдаң қымылсыз аз жатты «Жүрт не дейді!»— енді бойын тез жиши «мендегі жүрек жүрттықі ме еді. Не десе, о десін. Тас түссе талайынан! Бүкіл нарасатым солай әмір етсе, мен не істемекпін. Сені... тек... жалғызым-ау, өзіпді мәңгілік сүйгем. Мәңгілік!» Өсі бірін-бірі өкшелеген тәтті махаббат сырый тыңдаған қызы әбден шаршап барып үйнектап кетіп еді. Үйқысырады ма, орынан атыш тұрын, тұра жүгірді. «Кекен! Кокенім!

Жа-а-ным! Өртөніп барасың, ойбай! Су-су!»— жан дауысы шықсан оны сыртқы есіктің алдында Зәуре құшақтай алды.

— Құнім-ау не болды? Не көрдің?— деп дірілдеген, бойы қалт-қалт еткен оны, бауырына қысып тұр. Сән кірпігін жи қағып ессіз қалғандай, өзіне-өзі келе алмай есірік күй кешті.

— Көкенің кім? Жаңғаны несі?— деген анаға қызы шалы тиген жандай жауап қатпады. Дел-сал. Басына алғаш ноқта киген қара құлақ құлындай денесі қалтырай, өзіне-өзі келе алмай есептіреп тұрып қалды. Қызының мына ойда жоқтағы оғаш қылышынан зәре-құты қалмай шошынган ана оның бетіне тағаты таусылып үркे қарады. «Тәңірім-ау, бір нәрсөнің шалығы тигеннен сау ма өзі? Қу маңдайымды төпелеп қалмасам пе қылсын!» Баласы жасынан көп шетінеп зәрезап болған бейбақ ананың жүргегі шымырлап қоя берді.

— Не болды? Сәнім-ау, айтсаңы,— деген Мұсабек-тің күңіренген дауысы ана мен қызды байыпты қалыбына түсірді.

— Эке, жай,— қыз үні болмашы естілер-естілмес шықты.— Жата беріңіз, Жағымсыздай түстен шошыдым ба?— деп ілбіп басып, тосегіне беттеген. Эке мен шеше ілесе келіп еді, әлгідей емес, өз сабасына келген қыздың шырайын көрген соң, өз болмелеріне кетіп еді. Бірақ Сән үйшіктайыныш деп козін қашпа жұмса да, кірпігі айқаспай қойды. Қозі алдынап Қөріктің алаулаган жарқын жүзі бір кетер емес. Қуні кешегі осыдан бірер жыл гана бұрынғы қауызып жарған гүлдей жұпарын шашқан, аузын ашса көмейі қөрінген қара көз жігіт: «Сәнім-ау разымен-ақ менен сырғақтаң барамысың? Шын сүйген жүрек бақытқа да, қасыретке де ортақ емес пе? Алысқан қол, айтысқан уәдеден тайғаның ба?» деп тұргандай боллады бұған. Қыз қиялышына қонақ болған ой оны біржола осылай иектеп алып ұйқы берер емес. Жатса-тұрса соңынан қалмайтын, көзіне қөрінбейтін беймағұлым күш озі бол, жүргі бол сыр шертіп, бірде қайрат, бірде мұң бол төгіледі. Енді байқады. Сол күш күн сапап мұны өзіне икемдеп, ырқына бағындыра бастағандай. Қазір оның көкейіндегі мәңгілік өшпес ыстық сезім, асқақ сүйіспен-шілік аяушылық, нәзік мұсіркеу бол, жан-жүйесін қозғап, іші-бауырып елжіретіп жіберетіпі бар.

Ертеңіне мең-зең болып тұрган қалышында ойын ның бекіткендей болған Сән Қөріктің үйіне қарай бет алғанын өзі де аңдамагандай еді. Ана мен бала бір әңгіменің

әсерімен отырганда есік ашылды. Жалт қараган Зылиқа имене кірген Сәнді көріп таңдана аңыра қалғап. Ана шыдай алмады. Әрі үлкениң, үй иесінің міндеті санап:

— Жоғары шық, қарагым. Бұрын келмеуші ең. Жай емес шығар,— деп тіл қатты.

— Рахмет, апа!— деді қыз. Көрік Сәннің дауысын бірден таныды. Жыртылған жібектей үн болар-болмас қана мүкіс естіліп еді. Ыргагында майда жылылық, ұялыс, имену бар.

— Сән,— өз дауысының мұншалықты қатты шыққанын Көрік ағтармады ма, қапалық жеңген жаны қуаныштан өзін теткей алмады ма, әйтеуір, ол дегбірсіздене қалғапын жасырмады.

— Көрік!— Қыз дауысы үзіле шықты. Ана аң-таң. Жаңа гана баласына бір кезде бүкіл рухани жанымен сан мәрте жалыңдай беріле қызығып тыңдаған ерлік дастанды енді бастаған опың аузы ашылып қапты. «Мұндай да әдепсіздік болушы ма еді,— деді ішінен күйзелгепін сыртына шығара алмай.— Апырай, ә, бұлдіршіндей қыздың баса қектеп кіріп кеп, ұлken отыр, ұят-ау демей... бетімдай, енді қайттім. Бас жоқ, коз жоқ. Не істерін білмеген Зылиқа бірдеңе деп қызды үйінен қуып шыгуға оныз да шерменде болып отырган баласынан жасқанды. Жүргі удай ашып кетті. Өз ерінің өзі тістеп тапжылмай отыр. Енді аның ағтарды. Қыздың алаулаған бетіне жасы тоғліп, кірігі сулана қапты Өзіне жақын отыргызып, құшарғынан шығып кетердей қымтап ұстап аймаған Көріктің қара торы жүзі күреціткен. «Жаным, аяулым, адамдығыңа разымын. Ерік сенде, енді өкпем де, айтарым да жоқ!— деп еріндері сәл діріл қағады. Осы қысылшан шақта Сән өз бойын жиып, тың қайрат тапқандай үймен:

— Апа — анашым,— деді дауысы әр сөзіне үзіліп — кешіріңіз, кешіріңіз мені. Пешепеме осындай тағдыр жазылса, не істеймін енді,— солқылдаپ, екі иығы қозғалып жылап тұр.— Есікті өзі аттаған әлемдегі жалғыз қыз мен шығармын. Менің басыма өз қолыңызбен орамал салыңыз. Мен сізден келініңіз болам,— деді.

Жүзі от бол қызарған Сән «Егер «не деп тұрсың. О заман да бұ заман қыз өз аяғымен келіп бол түсіпті де-генді естігем жоқ. Шық үйімнен, ақ босагамды масқараламай десе, осы жерде өлдім-ау! Өлдім!» Қыздың миын осындай ой осып отті. Табан астында сүмектеп терлеп қоя берді. Осы қас қағымдығы сұық ой қызды лезде әлсіреттіп бара жатқандай. Зылиқа орнып тұрып, бұларга жақындағы түскен. Тығырыққа тығылған сыйдай бар.

— Қарағым-ай, енді қайттім? Не дерміп,— үстіне біреу сұық су құйып жібергендей қалтырап шошына қалды,— мұндаі да болушы ма еді — деп шынымен састы. О заманда бұ заман — деп өз деміне өзі түйлгендей айттар ойын іштей, «есікті өзі аттаған қыз» деген Сәнниң сөзімен аяқтады. Әлі үйқыдан ойнғандай мең-зен күйде қатты дағдарды. «Қой, ауыл үй отырып, біреудің көзінің ағы мен қарасындаі жалғызын, барып, бас жоқ, көз жоқ түсіре салсам, тірімде масқара болармын. Ел кәдесінде жоқ сүмдышты қалай қоштармын. Бұл ессіздікке кім күлмес» деп түйді де:

— Сән,— деді дауысина діріл мен сұық ызғар жи-  
нап,— ұяттан безбе! Ата-баба дәстурінде мұндаі жоқ! Мұның шектен шыққан балалық, Қөрік — және Қөрік —  
деп оның жәйін өзің білесің дегенді — сөз ыңғайынан та-  
нытып,— көрпі қолаң, коп құлақтанбай түрганда үйіде  
барағой. Мұшыңды менен басқа тірі пепде білмесін —  
деді.

— Анажан, епежан — деген қыздың жалыны ашты  
дауысы үзіліп,— енді мен шегінетін жер қалған жоқ. Мен  
бұл ақ босағадан Қөрік түрганда шыбынымды арқалап  
кери аттамаймын. Мың ойланып жұз толғанып, біржола  
шешіп — деп сыңсы жылаған ол — ең ақырыгы тоқтамым  
бұл — деді. Зылиқаның көзі шарасынан шығардай, жүзі  
сұрлана түскен. «Мен не айттым? Мынапың соғығ ше-  
шімі несі? Ендігі қыздардың күйеуге өздері келетін бол-  
ғаны ма? Жоқ, халық дәстурін бұзып, ел жұртқа күлкі  
боларым жоқ! — деп Сәнді қолынан жетелеп шығарып  
жіберуге оңтайлана берді.

— Апа,— Қөріктің дауысы біреу буындыргандай тұн-  
шығып шықты.— Бізді қинамаңызы — жалбарынғап үн-  
мен — басымдағы айықпас қара бұлт іргесінен сөгіліп ба-  
рады. Менің күнім жарқырадығой, апа! — деді Сәнді қол-  
тығына тарта түсіп. Қолын Сәнге ұмсынғап күйі, мына  
созден кейін баласына не деріл білмеген Зылиқа қалт тұ-  
рып қалды. «Тіршілікте бәрі бола береді екен-ау! Өдім  
бе, тұсім бе! Тәңірім-ау не естіп, не көріп тұрмын? Халық  
не дейді, мен не бетімді айтамын, ойбай-ай загип, кем ба-  
ласына қөршісінің қызын... Мын саққа, қауға тиген өрт-  
тей жүгіретіп сүмдыш таусылмас әңгіме болады-ау! Сү-  
йеккә таңба, бетке ошпес кінә болмай не қылсын!» — деп  
куңірденең апаның ойын — Апа! — деп, қайта шыққан  
Қөріктің үні үзді. Селт еткен ана жалт қарады. Неліктеп  
екені өзіне әлі беймәлім халде қатты шошына қалды. Әлі

ешнәрсөнің парқына бара алар емес. Әйтеуір Сәннің мына қылышының жаңи шошырлық оғаш қылымыс, сокет корін тұрғаны ақиқат. Әйел затына лайықсыз сорақылық — деп бірақ түйгеп. Ол райынан қайтар емес.

— Сәнді сөкпеңіз. Біздің азаматтық уәдеміз бұл. Сән енді бұл үйден кетпейді. Осы босаганың адамы — деді. Осыдан кейін сәл сабыр сабасына түскен Зылиқа байырғы әдетінше терең бір күрсінді де:

— Халық не дейді бұларыңа. Елде жоқты шығарып — деді дауысын сәл көтеріп.

— Ел ме, ел не десін. Мақұлдайды. Адамдық ары таза, сертіне берік жастар екен дейді,— деп сенімді жауап қатты баласы.

Мына сөзден кейіп Зылиқа бар айласы таусылып, үнсіз қалды. Басына қаны көтерілді ме, тамағы құргақсып жұтына берді. Сілейіп қажығаны соңша орнынан қозғалтар қуат дәрмені таусылған тәрізді. Едәуір уақыттан кейін есін жигапдай үйден шықты. Іле қайта кірді. Ұрлық қылған жаңдай өзіпен-озі қуыстанып, қараптан-қарап берекесі кетіп:

«Шіркіп-ау, осыншама ыңғайсызданғаным не? Оныз да жаны жартыкеш балама осың теріс деп қалай айқайлармын. Мейлі, бұ заманда таң-тамаша қалдырған жаңалық аз ба? Бұ да соның бірі болар. Өздері бірін-бірі сүйіп қосылса, менің келісімім, басқапың сөзі не керек?»

Құнде бұл уақытта көршісі Мұсабек пен Зәуреге бір соғын қаңғыр-құңғыр откен-кеткенді әңгімелеп уақыт оздыратын еді. Бүгін ол әдетіне ол үйдің есігі жабық, жол жоқ. Тал түсте айды аспанға шығарып жатқан екі бала анау. Ендігі ойы «Зәуре қайтер екен» болды. Жайшылықта тау қопарып, тас лақтырып, тоңірегін дүрліктіріп жүретін тентек асаяу жан не істемес енді. Қайтеді көне-ді де...

Дәл сол айтуды сенбінің түсі болмай-ақ Давид бастаған жігіттер де жеткен. Құні бұрын осылай болады деп, келісіп қойтап шаруа тәрізді. Қуаныштары көл-кесір. Әдеттегі көзіл көтереміз дейтін, досымыз үшін деп бастайтын ойын-сауық тамашапы той рәсіміне ұластырды. Бірінің аузындағы күлкіпі екіншісі қағып алыш мәре-сәре. Шалқыган шаттықты өзара бөлісе алмай мәз бол жатқан бір бауырмал жапдар. Бүгінгі айтары да, қортындысы да екі жастың жұптасусына, қол ұстасып шаңырақ көтеруіне арнаган ыстық тілекtestіk. Жапы езіліп түрғал кіл уыз жас.

— О, әмәкілер — деді сөзін әндете жігіттерді өзіне

қаратып алған ала тақиялы өзбек жігіті — Мұндаидай үйлену тамашасының жарасымы әшула, би болыши керак — деп саусақтарын сырт-сырт шертіп секектеп билей жөнелген. Бүкіл денесі шеміршектей іледі.

— Е, бауырым, би атасы Кавказда — қане келіцдер! — деп екі иығын кезек қозғап, бақайына шашыла дөңгеленген таулық-қоңқақ мұрынды жігіт те одан қалысар емес. Сарт-сүрт, бұлт-бұлт еткен бұлшық еті тулаған де не бұлкіл қакты. Бір тұстан ән созылған. Ортада Қорік пен Сәп. Жас жұбайларды хош иісті гүл шоғына коміп тастапты. Әуелей қалқыған ән, музыка үні Зылиқа ана-ның шаңырагын бүгін шагын театрға, жасыл жапырагы күмістей жылтыраған екпе ағаштар саясы би алаңына, опер базарына айналған. Қөзіне қара қөзілдірік, соңғы үлгімен тігілген қоңыр түсті костюм киген, ақ жібек кой-лекке әр жерінде гүл шоқтары суреті бар галстук тақсан Қорік төгілдіре аппақ жібекке оранған сымдай бұралған Сәнімен ыргала билеп жүр. Екеуі де бақыт құшағында. Қоңтің қөнділі қандай тасулы болса, құлкі сондай әдемі. Шаттық кол-косір. Осындай қызыққа бір көшениң кәріжасы түгел келе қалған. Қобі шақырусызың-ақ тілекшен жастарға зор келешек тілесе, Зылиқаға қуаныш құтты болсып айтқалы келген. Қалтқысыз таза пейіл енді үлкен думанға ұласып жатқаны мынау. Ойын-тамаша әбден қызып шарықтаған сәтте бұған дейіп қайда кеткенін ешкім білмей «апыр-ай, о кісі келсе, ойын шырқы бұзылmas па екеп» — деп қауілтешіп отырган жұртқа Зәуренің келуі жай түскеншен кем болмады. Құткендей жай келмеді, барқырап бар даусымен бақыра келді. Дауысы да ашы екен. Сол жарыңшаш үн тасыған өзендей шаттықты тас кемеріне аямай соғып, шайқап жіберді. Бірден Зылиқаға бар зәрін тогіп сөзді балағаттап бастады:

— Жәдігөй! Зыли-қа-а! Іргеме құт босага, тату көрші қонды деп жүрсем, жауым екенсің! Еменнің ішінің жеген қара бас құрт. Шырагың жаңбасын. Маған істегеиңді құдай алдыңа келтірсіп. Аңырап қал! — деп ойбайға басын кеп. Не айтып, не қойғанына есеп берер түрі жоқ. Ертең қайта көрер сыйласар сүйек дос, ет жақынным болды дейтін сыңайы байқалмайды. Лапылдан жаңып, құйып бол үйітқып дүниені басына көтерді. Аузына ақ ит кіріп, көк ит шықты. Тамырлары білеуденген арық саусақтарын жазып, жұлып тастайтындей бол, манадан жақ ашпай, не десең де кондік деп үнсіз тұрган Зылиқаға беттеді. Сонда ғана ол:

— Зәуре-е! — деп дауысын көтеріп — бекерге озінді

қинама, басқа жұртты да қажытпа. Ақылыңа кел. Сабыр түбі сары алтын. Мен де өзіңдей, коп жәйттеп бейхабар жаңымын,— деп тіл қатты.

— Мұләйімсіме! Қарашы жәдігейдің, дым білмей мәңгіреу бола қалуын — Қоюң қанталап шарасынан шыгардай болған Зәуре сөзге қонақ берер емес.— Сом алтынымды, алты-ы-пы-ымды қалтасына салып алыш, қарашы түк көрмегендей тымпионын!— Долдана түсті.— Әй, дуаламасаң, сенің соқыр, көр балаңа... соры қайнаган қызы — деп маңағы-маңағы ма құтырыпшын шаңқылдаң кетті.

— Ойбай, бүйтіп масқара болғанша қолында өлең!— Әбден еліріп қозып алған Зәуре Зылиқаға ұмтыла берді. Бірақ Давид және басқа жігіттер оның жолын бөгеп қалған еді. Жап-жагынан қоршап апалап, тоқтау айтқан жігіттерді кеудеге соғып ызадан булығын, өз омырауын дар-дар айырып тастады. Түрі әлемтапсырық. Оның көзі көпшіліктен шеткерілеу Қөріктің қолтығында тұрган Сәнгे түсті.

— Әй, сен есінен адасқан сормаңдай, шимандай елден шытыра ташағандай загиңқа тап болдың ба? Соры қайнаган, балам! Осыдан басқа ерекк қырылып қап па еді. Арманың соқыр жетелеу ме?!— деп кеңкілдең өз мандағын өзі төшелеп — шық бері, ойбай шық дегенде, шық енді! Он байдан шықсаң да өзіме сыйасың. Соқыр жетелетіп қоймаймын!— деп тұра ұмтылған.

— Апа! Тоқтаңыз енді...— Сәннің дауысы байсалды шықты.— Бұ не? Соншама орынсыз бүліншіп. Басқада жұмысыңыз болмасын. Менімен сейлесіңіз. Бәріне кінелі мен!

— Жұрттым-ау, не дейді мышар? Есінен адасқан гой, есінен! Бәссе бір пәле болған деп ем. Дуалап тастаган, дуалап! Бишара қүшің пе болды...

— Ондай сөзді қойыңыз, апа. Дуа-муа пе ол! Өзім оз еркімен, өз аяғымен келдім. Қөріктің көзі сау күніндегі антам — сүйдім, мәңгілік сүйем!— қызы ашынып кетті.

— Ойбай, сорлы қызы антам дейді. Ант-серт деген не? Ертең көзің ағарып қор болған күні қөрермін. Әй, сүйдім деймісің? Тілің байлаңғырау, кімді қалай сүйгенінді ойладың ба? Ердің етегінен әйел ұстаушы еді, ессізім-ау өз етегіңнен сорға үстатқаныңды білдің бе? Жоқ, ойбай, мен көне алмаймын. Апа шайтаншың сапалағындаш шашыңды бір талдан жұлып, өз қолымпан қара жерге көміп тынам,— Зәуре жылданғандай өз бетін тырнағымен осып-осып жіберді. Сәнгे қарай екпілдей жүгірді.

— Эй, ессіз! — деген оқтем саңқ еткен дауыс көпті жалт қаратты.

— Тоқта! Басшы кәне, аяғынды ілгері — Мұсабек екен.

Қалың қасы түйіліп кеткен. Байсалды басып, төрге озды. Қошпілік қақ жарылған. Қартқа жол берді. Омырауын жапқан буырыл сақалы, қияқ мұрты желпілдең кеп, дауысын котеріп:

— О, Зылиқа, қолыңа қондырған ақ құсың құтты болсын! Балаларың бақытты, ұзақ өмірлі болыш, тілек мақсаттарына жетсін! Бұл үйден естілген ән сазына құлақ түріп талай рақатқа бөленіп келеміз. Қерікжанның көп достары әдеттегідей тамашага бас қосқан шығар шіркін бауырмал жастар-ай, деп ішімнен разы болып қойғам. Сонда да әзинен кім сырттайды. Делебені қоздырып баурап алып шыдатты ма, осылай бұрылдым. Қара қазанды қақырата жарған бәйбішемнің аңы дауысы иманымды қаза қылды. Бәрін естідім. Әсіресе жаным Сәніме жалмауыздай ұмтылғанда жаным шыдамады — деген қарттың үні тарғылданып, көзіне жас үйрілді. — Мұндай қызықты корген де, көрмеген де бар. Өз қызығын әркім өзі көреді, өз өміріне өзі қожа! Қалауын тапса қар жанаады. Шындағы жердегі бүйірледі. Бүйірек осы бопты. Ол үшін менің ойымдағым, дегенім болмады деу, опық жеу қате. Лашын құс ұшып кеп ұясына қоныпты. Оның ұясын бұзаатын кім енді? — деді жан-жағына сүзе қарап. — Ондай ақ сайтан ақылсызға кім жол береді? — Нұры аз, селдір кірпіктері суланып, жасаураган жанарын тігіп «не айтасыңдар, кәне» дегендей қабағы қарс жабылып көпшілікті тінтіп шықты.

— Бәрің де жассың! Қәрің де, тозғаның да мына — деп Зәурені иегімен нұсқап — бақырауың Қапоста мен Зылиқа ушеуміз. Әрнәрсенің пәтүасы болады. Сендер естімеген бір тоқтам айтайын, тыңдал алыңдар. Қабақтарыңды ашып, сергіп, қызық-қуаиштарыңды жалғастыра беріңдер. Ал, қазір, бұ не, жылан корген балапандай үрпие қалғандарың! Жайғасы-ып былай — деп өзі де бір жастықты қолтығына қысқан Мұсабек — отырындаршы. Ән-күй базарын қыздырыңдар. Бүгін айтылмаған ән қалмасын. Пәленешенің үйіндегі думан-қызықты-ай сондағы дейтіндей ел тамсанатын тамаша болсып бас қосуларың.

— Иә, бірді айтып бірге кетпейін. Іштеріңде биігіне шығып көргендерің де, ол туралы қызықты әңгімені естігендерің де бар шығар. Біздің туып-өскен кен атырабы-

мында Үшсандугаш атты биік шың бой котерген. Иә, дұрысы сол бой котерген. Ее-х-ей! десейші. Сендер үшін бұл тарихи әңгіме шындықтан алыс ертегі — аңыз бол көрінуі мүмкін, Жоқ, тіпті де солай емес. Онда ұлы өмірдің, сұлулықтың жүргегі тулас, қан тамыры бұлқілден соғып тұр. Мәңгі сөнбес нұр, пәзік шайқала құйылған сатым саз бол, бой котерген ғажайып сурет бол жалт-жалт ойпаса, кім қызықпас, кім құмартплас! — сол қасиетті көріндерші, таңдандаршы, құрметтеңдерші! Сұлулық — өмірдің анасы. Оныз өмір жалаңаш тақырдай. Қөркемдік — адамның жаны. Қане үціліндерші, өз жандарыңа. Дүниедегі ғажайып әсемдікті іздең, шарқ ұрганын қазір де сезінесіндер. — Қорік Сәннің оң қолтығынан ұстаған қүйі тік қалышты. Құлағы әңгімеде. «Манағы апам айта бастаған дастан жыры гой мынау. Қарт та төгілте бастады. Тегінде айтуды әңгіме болды-ау. «Сұлулық — өмірдің жаны» дейді. Бәлки, сол үшін өмір тәтті, қызықты жарқын көрінетін болар» деп ойлады. Қарттың үні қаттырақ естілді. Малдасын құрып, сақалын салалап ұзақ әңгімені бастап кеткен сыңайы бар.

— Сол жылы қыс айтудай қатты бопты. Қар қалың түсіп бетін шыныңдай шыңылтыр мұз басыпты. Мал жайылымнан қалып, күні бұрын шөп дайындаған, мүндай төрт туліктің қолға қарағанын көрмеген ел қатты күйзеліпті. Бірақ көктемде ағыл-тегіл күрт еріген қалың сіреу тесік сабадан ақтарылғандай дүниені селдетіп күркіреп өзені сарылдаپ, сайы тасып, ақ жарылқапты. Айражайра бол қыс қытымырлығын ұмыта бастаған елдің қуанышы копке ұзамайды. Мал мен ошімсіз, азын-аулақ диканышылтықтан ботен кәсіпсіз елді құрғақшылық бидайдай қуырады. Қүш-түпі дамылсыз соққан ыстық апташ шөп біткенді қуаратып, бүкіл атырапты жынды қүйіп жайлайды. Дағаның түбірлі сүйекті бұтасына дейіп күйіп, күйреп кетеді. Мал жануардың жарқыраған жаздың озінде жілік майы үзіліп, тұралап арықтап «жаз жұты» деген пәлеге ұшырайды. Халық күйзеледі. Табигаттың осы рақымсыз қысымы үш жылға созылады. Соңда да халық ата-мекенін, балалардың кіпдік қаны тамған жерді қимай, не ауыртпалықтың бәріне төзіп, басқа жаққа қоныс аудармай отырып қалады.

Қай кезде де көпекоз қариясыз болған ба, осы тұста жасы жүзден аскан ел қорғаны батыр (есіміп ұмытып-пин) үшқанат лашығында отырса, иығына бармақтай құс кеп қонышты. Жай отырмай қанатып құлдырып-құлдырып, дур-дур сілкіпіп, біресе, оң бірсесе сол иығыпа шы-

ғып сайрап, неше түрлі жан тебіренткен асыл сазды ұнді үзілте шырқайды. Құйқылжыған ән сай-сүйегін сырқыратып, кәріліктен можып, жауырыны құлдіреүштей ими-ген қартты рақатқа бөлейді. Козіне пұр төгіп, кеткен қуат бойына қайта кеп, жігіт шагыла оралады. Бұлшық еттері бұлтылдаپ, қапы қызып, мешел бол жатқан кәрі абыз орнынан атып тұрады. Сонда әлгі бармақтай құс батырдың тобесіне қонып, сайраган екеи. Оның бір кездегі баһадүр күші денесін кернеп күпдей күркіреп даудысы дүниені дүр сілкінтелі сонда. Жасы жетіп алжып, ертең бе, бүгіп бе, қара жердің қойыны құткен қарттың кенет жасаруы таңданырган елі төнірегіне топталады.

— О, халайық,— деп дауыстапты кемеліп келген батыр.— Тіршіліктің базары — мәңгілік. Ол мен үшін міне, қайта қызды. Жарық дүниедегі махаббаттың үші қайта туғызды мені, қайта түледім. Рақат жанымды бауран, коңілім шартараСқ шалқыганың коріп тұрсындар,— ол қолып котере сермен — мынау менің, сонау откен заманда, қандыбалаш қызыл коз жаудаң, өзің үшін о, туған ел, жан аяマイ талай ұрыс салып қорғап қалған атамекенім!— Козі ташадай жарқырап, тамагып кенеген батыр — көремісіндер, байтағымдағы жайқалған орманым, ұя салар көлеңкелі саясын құргақшылық орті жалмаган бармақтай сандугаш міне, төбеме кеп қонып сайрап тұр. Тамылжыған сол даудыс тал бойымдағы кепкен қанды қозғады. Жігерімді қайта тулатты. Өзегіме орт салды. Жастық қуат бол тасыды. Қайтсін! Жалғыз қапты. Жалғыздың күпі күп бе!? Оның даудысы әруақтанып тауга жаңғырыққандай зорайып естіледі. Алысқа ұшайын десе бейтапты жер, көрмеген атыраптың ойы-шұқырынан жүрексінеді. Туғаш жерін қимайды. Оның ауасы сәбііне дәру, жанына қуат емес пе, құс екеи құс та атамекенім деп сайрайды. Тыңдаңдаршы!— деп төгіліп, тамылжыған от қанат әуенге халықтың аңсырын аударыпты. СылдыраС шырқала биіктеген ұсазы жібектей созылады. Аңыратып әлемді шалқытқан сандугаш байтақ даланы сілтідей тұндырган мың нақышты үшімен бар тіршілікті бауран алады. Асқақ тасқып саз бойды балқытып жүректерге үялап, құлақ құрышып қытықтап тәтті сезім бол үйип қалады. Көрмет сырлы әуен көкей тесіп, мың нақыш, жұз құбылып титімдей құстың таңдайындағы пернеден құйылған бал шуақ бол тамылжиды. Бірде сәби иісі бүркыраС әлем бойына балғын жастық дарытады. Іле бұлқілдеп соққан жүрек дүңкілі атша тулайды. Сол сырлы сазга әйтеүір, кең дала керіле құлақ түрсе, мөлдіреген

күн кірпік қақпай қалады. Халық демін ішінен алып қалғыш кеткепдей сәтте батыр:

— Е-е-һ-е! Шіркін, өмір, балдан да тәттісің-ау, тәттісің! Мына құртақандай құс осы омірдегі сұлулықты жагы тыпбай неге жырлап тұр. Әсемдікті, коріктілікті корген көзде от жанады. Сонда оның жапы күн пұрышан шоқтапады... Қарандаршы, көзінің иүктедей қарашибы гы от бол лып-лып жанып тұрғап шыгар — дейді. Батыр айтса, айтқандай сандугаштың қос қарашибы гы көкпецбек бол балқыган болаттай сәуле тогіп жанып тұрынты. Кепет әруақтандын батыр — Қордіңдер гой, сол сәуле сұлулық сарқылмас келешек. өмір! Ал, келешек — заман, дәуір. Заман — адамдар өмірі оның еңбегінің жемісі.

Міне, титімдей құстың онері бәріміздің жапымызды ерітті. Бойымызга қуат, рухани қүш берді. Осындай өлмес, өніпес өнерді кім сүймейді, кім қастерлемейді — Мұсабектің аузына қарап қыбыр етпей манадан әңгімеге үйінан жігіттер:

— Апыр-ау, сол копекоз ел қорғаны батыр сіз озіңіз емессіз бе?

— Әкетай-ау, мына галамат әңгімеңіз — омір дастаны гой.

— Сіздің тогілдірін айтқаныңыз соңшалық, біз сол батырдың алдында сандугантың әнін тыңдағаннаш кем әсер алғамыз жоқ.

— Мұсеке, кідірмеңіз, аяқтай беріңіз. Балдар толық естісін, — деді сөзді болмендер дегендей үй-ішін шолын коз жүгірткен Зылиқа.

— Сонда батыр түкті қабағын керіп көпіллікten жауап күткендей қарап қалыпты — деп жалғады Мұсекең сөзін.

— Енкім жауап бере қойманты. Құс соңғы өуепін сыйылта созып, баяулаган кезде — озіпің туган, осекең тонырагын қимай осынша спқырлы онері арқылы халқына мұның шаққан сандугашты біз де қасиеттейік. Туган өлкесінде әсем әнін шалқытсын. Елнің, жерінің мәртебесін көтерсін. Қазір бұған бұрынғыдай пана болар орман, ұя салар төғай жоқ.

— О, халайық, ендігі тілегім — еріндегер соңыма, жеті ата үршагыма айттар өситетім: ел аты да, жер аты да аскар биігімен шығады. Ұйым, бірлігімен шығады. Ұйымдастынды жау алмайды. Халық қара аспан тауды көтереді: халық деген батырды жеңетін құдырыет жоқ! Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп қолына кетпенін алып елін бастап кетіпти. Қазіргі бәріңе белгілі Үшсандугаш тауы

омірге сонда келген екен. Батыр ата іргесін көтеруді бастапты, туғап елі еңсесін көтеруді қостапты,— деген Мұсабек жастарға ойлы көзін таставды.

— Эй, алжыған бишара, не сандалып кеттің! Ертегі айтқалы кеп пе ең? Ой-бо-ой! Онаң да мына жәдігойден сормаңдай баланды құтқармайсың ба?— деп езеуреген Зәуре Сәнді қолынан ұстап жұлқа тартып жетелей жо-пелмек болғанда тағы Мұсабек:

— Тарт қолыңды! Кет былай! Қасиетсіз! Ессіздікті көрсетпе!— деп қатты ақырды орнынан ыргала қозгалып. Төбесінен біреу қойып қалғандай оқтем дауыстан дәбді-реген Зәуре қалт тоқтап:

— Құдай бір қарғағанда мың қарғайды деген осы маеді — жүртый-ау! Ай мен құндей құлышым осындай кем-балага душар болады — деп,— ол үн салып қоя берген. Тағы да бар зілді дауысымен ақырган қария:— қайта көрер есігінді қатты серішпе,— деп кемпірін тоқтатты.

— Жәдігой деп отырганың — құдағының, кембағалың — күйеу балаң! Қесапат сөз кесел әкеледі. Ақылды сөз киелі. Аузыңа келгенді айта берсең ақымақ атана-сың — деді сабасына түсіш, ойын ілгері созып.— О, Зыли-қа, жалғыз құдағыны, бұл өмірдегі ең жақыннымың енді. Менің айтпағым соноу ықылым дәүірлерден бізге жет-кен аталар мұрасындағы ұлылық, мәңгі өлмес керемет еді. Өсінет тұғыр бол бізге жеткен Ұшсандуғаш тауы, күні бүгінде даланы сиқырлы саз, әсерлі әуенге бөлеген сандуғаш ұрпағы нені тұспалдайды, нені аңгартады? Туған халқы табиғат лаңына ұшырап, жалғыз баласы опат бол, бауыры қүйіп, шөгіп қалған көріні қандай күш тұрғызды сонда?— Мұсабек отыргандарды бір шолып, тікте-ліп отырды.— Ол — ән құдыреті еді. Әлемді тебірентіп, үйқыдағы жүректі оятқан қүйқылжыған үн сол! Ал, біз, біліп қойындар, әрқашан естерінде бөлсын, сол қайта жа-саған қарт батырдың ұрпақымыз — деді Мұсекең ғасыр-лар жасырган қойманың тәсін күшпен зорға шешкендей майдайынан тері бұршақтап.

— Менің, мына менің, кішкене шаңырағымда сайрап тұргап бармақтай тоты құсым,— еңсесін бұрып, Зылиқа-га жадырай қарады.— Ұшып кеп сенің балауса шыбығы-на қоныпты. Қайырлы тұғыр болсын! Бақытты өмір, бо-сағақ қуашынша толсын!— деп қос алақанын жайып, бе-тін сипады да — Батырдың иығына қонған сандуғаш оны жасартып еді. Сенің тотың баланды кеселінен тазартсын, бақытты гұмыр кепсін, аумин!— деп батасын берді.

— Рахмет, Мұсеке! Мен айтатын не қалдырдыңыз,

Бәрін өзіңіз айтып шешіп кеттіңіз. Әзәлдағы бүйрыққа тосқауыл болу кімпің қолынан келеді. Бүйрық осылай бопты. Екі бала — дей берген Зылиқага ендігі сөздің орны жоқ дегендей Мұсабек оң қолын котеріп:

— Опан да тойыңды әзірле! Қалыңсыз қыз болғап-мен, кәдесіз күйеу болмас. Қатар құрбылары да ойнасын, біз де қызыққа батайық,— деп жайдары рақат құлкіге батты. Зәуре кемпір манағы долданған күйіпде Сәннің қолынан ұстаган бойы отырып қалған. Мұсабек өзі ба-рып, оны қолтығынан сүйеп тұрғызды.

— Ей, жасық туган, бор кемігім, өрісім кеңіді, үйіме үй қосылды, балам көбейді деудің орнына байғыздай, ба-жылдаң о несі. Бақыт деген осы! Мұны көрініп келген бақыт дейді. Құні ертең екі құлыншағым деп айналып толғанасың. Қуанышың гой, бұлар — деді де Сән мен Көрікке бұрылды.

— Қызыым, мен қапа емеспін. Осы қуанышыңа, шұ-кір! Бұдан басқа тілегім де жоқ еді. Бір кезде бұл өмір-ден күлмей өтем бе деп қорқушы ем! — деп туа салып ше-тіней берген перзенттерін есіне алды ма белі бүкірейіп, онжүргасы түсे қалды. Қас қагым болмай «көп жасаң-дар» деп сілтідей тұна қалған копті бір сернілтіп — за-маныңа лайық азамат болыңдар! — деген дауысы саңқ етті.

— Үшсандуғаш тауы сойтіп қолмен үйілген болды ма? — деді біреу көптің ішінен.

— Дәл солай. Сандуғаш тауы ол. Сандуғашқа арнал-ған. Қоп түкірсе көл деген — дейді Мұсабек мархабbat-тансы.

— Батыр бабамыздан бері қырық-елу ме, одан көп ата өмірі өтіпті. Жарықтық тарих тереңінде, ықылым заман-дар қатпарында өз қолымен Үшсандуғаш атаиған биіктің іргесін көтеріпті — деп ылғы озімің әкемнің шоқтығы шығып мақтанып отырганын талай естуші ем. Бір мыс-қал құнарлы топырақ бір уыс тамыр өсіреді деп, қажы-мас қайрат пен соңша еңбек, ынтымақпен тер төккен ел-дің гажап әңгімесін түгел жеткізіп айтпадыңыз-ау, құ-да! — деген Зылиқа сөздің қайта сабакталуын тосты.

— Жастар түсінген шығар. Әңгіменің иегізіне. Жа-лаңаш сәбидей шырылдаپ, аптаңқа ортенип туган олкесі-нен пана таптаған сандуғаш батырды да, елді де дүр сіл-кіндірген екен сонда. Тамылжыған ән-әуен от сағым құш емес не?! Және ол қалай шырқалды екен десенші сонда! Адамның тәніне шымырлап кіріп, жаныңды білін-бей кеп жайлап жатса ше? Бұкіл әлем от сезім бол еріп,

жан рухыңды балқытып жұдырықтай жүргіде билік құрмай ма? Ындыны құрып, құмары қозбас пендені тапшы сонда! Сол әлемдегі асыл күн сөүлесінен кейінгі зеңінмен ұғылатын тәттілікті жүрек атты патша сорғалаған күйден ғана тапқан. Ал, әннің күй бол, ыргақ бол толқытын шагы ше, бәрінен ыстық құдырет! Әне сол — күн нұры тәрізді себездеп, тіршілікті баурап сәбиіндегі құшып, көкейді тесіп елбектейтін күш. Тасыр, тас құлақ керең болмаса, басқа сезімдін құйқылжыган ән, төгілген күй қыбыр еткізер ме?

Ол сенің еркінді билейді. ыстық сәуле бол сүйеді. Сол аяулы түйсік, жанды еріткен сезім емес не, шогіп қалған батыр атаны оркендей өсіріп, өмірге қайта жасартқан. Оның аты — күн нұры, құйқылжыган ән! Тагы үшінші бір жан құмары батырдың көкіретін жайлап жатынты ау!— деді отыргандарды көзінен бір шолып дауысын, котере соғған Мұсекең.— Үшсандуғанты білмейтінің жоқ. Елестетіндерші сол бейнені қиялыша. Жарықтық алыстан үш бұтақты гүл бол жайнап, миллион-миллион жаунардай жапырағынаш жұпар пісі бұрқырап түрган жоқ па? Қокке құлаш үрган, қауызын ашқан алың гүл шоғы емес пе ол. Қандай сұлу көріктілік! Ал, төсінен арқырап төгілген озені,— деп қиялыша жасанды тауды құндақтағандай көзін жұмыш,— О, дарига, өмір — ұлы айдан, молдір түн тұңғының екен-ая! Оның шалқарына біреу малтып шығады, біреу... қалқып шығады, бәз біреу тұңғыныңка жұтылып, батып кетеді, бәз біреу өзінше ошпес із тастайды. Кейісінің соқпағы сайрап жосылып қалса, кейісі тақтаға бормен жазған жазудай өшіп жатады. Сонда өшнейтін не?— Қарттың тосын сауалы көпті жалт қаратты. Бәрі де ойланған қалған. Шаршаған кісідей оң жаңбасына қисайған ол дауысын қырандай саңқылдай көтерді.— Өмірге құштарлық! Еңбек! Адалдық, ізгілік ұлы өмірдің мәңгі серігі бол келді. Әманда солай бола береді. Үшсандуғаш туган елін сүйгеп батырдың, өзі ескен ана топырағына махаббатын ариған сандуғаштың сүйіспешнілік белгісі. Ендеше адалдық, ізгілік — тіршіліктің солмас гүлі. Сол қасиет жайлласын сендерді. Жүректерің ізгілік ұясы болсын — деді сөз соцын аяқтаған қарт.

— Бәрекелді-е-е! Шіркін, біздің елдің қарттары-ай! Балаларыңыздың қызығын коре беріңіз, Мұсеке, қандай ұлагатты келешекті сөз айттыңыз. Жанымызды күндей күлдірдіңіз — деген Давид.— Ау, жігіттер, не тұрыс бұл? Әкеміз ақ отаудың шаңырағын көтеріп, бақанын тіреді. Енді сендер уығын шашып, туырлығын жабындар. От

басы әнге, шат күлкінгө толсын — деді. «Жүргөрі алаулаған, басқаның қызығы үшін мұншалық олғозек, бұл неткең ізгі жап еді. Осының негізінде бір инабаттылық бар ау» деп ойлады сонда Мұсабек оздері Әңгіт атандырган жігіттің мына созінен кейін. Ән базары қыза жонелген. Сән Зылиқага осылай келін болып түсін еді...

Сол күннен бастап Қөріктің өмірінде өзгеріс туды. Дағаның көктемігі қаулаған шалғынындағы көңлі өсіп, бойын шаффық биледі. Ол өзін кеммін, зағипшын деген ауыр қайғыдан қулан таза. Ақжарқын мінезі от басының базарын қайта қыздырыды. Қасында Сән. Оның жаңбыр жуған даға гүліндегі жүзі пүрга толған. Қалай десе де Қөрік өзі сүйетін өмірге бар құштарлығымен қайта келді. Зылиқа апа да көп қүйіктен аз да болса сейіліп, жаңа бір күнге ауысқандай. Корігі мұратына жетті. Сүйгеніне қосылды. Қасиетті жары оның кем-кетігіне қарамады. Жап қалауын тапты. Рас, бәрі солай.

Әйтсе де, ана жүргеңіне көрінбей қадалған шөңде отырса, тұрса үдай ашытып шашуын бір сәт тоқтатқан емес. «Ұмытайынышы, қарғамның көңлі бір жайлы болған тәрізді ғой. Басқа түскен баспақшыл, үш күннен кейін дозаққа да үйренеді дең, өзінің осы өміріне кәміл разы болса не дермін. Қолдан келер не бар. Құдайдың мұнысына да шүкір» — деп екіұрық қиял шегетін. Ана жаңы содан болар, көзге жайрақ қағып, іштей қасірет жұтар еді. Оңаша қалғанда қасірет буындырып, егіліп-егіліп жылап алатын. Қайран шеше-ай, жөнің бөлек-ау!.. Сынаптай жылжып күндер, алшаң басып жылдар өтіп жатты. От басы көңірсіп, арманына жеткен жастар өмірі жаңа мазмұимен байи түскен шақ еді бұл. Қөрік пен Сәннің қалтқысыз сүйіспенішлігі ана мереіп тасытып, жаңын рақатқа бөледі.

«Қайтер екен. Жастьқ мастық деген ғой бұлардікі. Албырт шақтың ыстығы басыла ертең-ақ шаң-шұңы шыгады» деп өзара коз қысып, ернін тістеген талай жабықтан сығалағандардың сагы сынды. Сөйтіп бұл шаңыраққа тағы бір қуаныш көлеңкелі көңілдің жібек баулы шымылдығын айқара серпіп, қайдастың жарық дүние, ани есігінді» деп іңгалап сәби бол келіп еді.

Дәл сол күнгі Зылиқаның қуанышын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес те шыгар. Қара торы жүзі тершіген ол қүле береді. Екі беті алауласп, козіне түнған пүр толқып тулаған көңлін паш еткен. Тіпті буын-буынынан әлі кеткендей өз етегіне өзі сүріне береді. Барын базарға шыгарған бақалшыдай осы аңсаған күнге де жиган-тер-

генін дастарханына төгумен әуре. Асып-тасып жүр. Манаңдан қарбаласып анталаган өзіне қызыға қараган тілеу-қор көпке енді бұрылып:

— О, жұртым, разымын тағдыр жомарттығына! Бірде өт, бірде күл өмірді кім кешпеген басынан,— дауысында бәрің де білесің гой деген сыңай бар.

— Бүгін ол мені алақанына салып қайта мәпеледі,— деді маңдай терін сұртіп — ол осы көптің ықыласы, өздеріңнің ақ тілеуің. Эрине, өмірде бар мұлдығам орындалды, тілегімек жеттім, енді армансызыбын деген пепде қателеседі. Өмір адам баласы ушін қашапда бір олқылық, жетіспеушіліктен тұратын тәрізді. Сол жетіспейтін, көңілді орта түсіретін сәттерге бел бермей алға үміт қуған гана мұратына жетсе керек. Ол ушін мыңты сенім, келешекке ғашық тәзім, серігің болсын,— деп үні бұзылыңқырап босап барып, қайта өзіне-өзі келді.

— Тегінде жан-жагында асқар таудай қоршаган жаңашыр елі, қамқор досы көпті қасірет, уайым және алмайды. Мына балаларыма менің беріш келген дәрісім — бұл! Менің шаңырағым сондай шаңырақ! «Апыр-ай, мұным астамшылық сөз емес пе?» деп ойлаган ол піскен бауырсақтай бол қызыарып,— міне, үлкен-кіші бүгінгі қуанышыма ортақ болып отырыздар. Ортамызға жаңа дәүірдің азаматы кепті. Оның үні жанымды жасартып, жүргімек қуат берді. Қундей күліп кеп сәбиіме құтты болсын айтқан сіздерге көп-көп аналық алғысымды айтамын,— деп еді. Қөпшілік дуылдаң қол соғып жіберді.

— Зылиқа,— деген осы дабыр-дұбыр көнишліктің үні басыла бере Мұсабек.— Тауып айттың. Қөңілден шыққан сөз — жан азығы. Жанымызды семіртіп жібердің. Адам қауыммен адам. Асқар таудай елім, ажырамас жаны бір үлкен-кіші дегенің неткен абзал сөздер еді. Қызығын көрер бақытты құндерің молая берсін. Үйің іңгалаган үнге толсын!— деп көтерілө сейледі. Тұқірігіне шашалып — өзің күә, осы үйдің төрі жылдар бойы қызық, тамашадан құр болған күн бар ма?! Қөп тілегі көл деген осы. Бұл — өзің көретін айтұлы қуаныштың алды, төл басы — деген. Үй-іші қайта дуылдаң, орындарынан дүр сілкіне тұрып қошемет көрсеткендер:

— Асыл сөз!

— Ағынан жарылды Мұсекең!

— Немересінен несін аясын.

— Төл басы деді-ау! Айтқаны қабыл болсын!— десіп көпке дейін басыла алмады. Анық шат көңілдің желпінісі. У-ду! Сән тележіп, балбырап отыр. Әкесінің сөзі тұ-

сында мойнып бұрып, не айтар екен дегендей жаутаңдал құлақ тосқан. Ақ құба оціне қызыл ірсөң ойнаш ажары құбылған. «Жарықтығым-ай, жүргегің қандай оттан жаралды екен. Мейірбандық бол езілген рухыңа бас ием, екешім» деді ол ішінен.

Құндақтағы сәбидің үні естілді. Өрттей жаңыш ұялған Сән не істерін білмей тоқтегіне жаутаңдай қарады. Бәрі мұны аңдып, қайтер екен деп отырған тәрізді. Сәби дауысы үдең барады. Жұық арада тышитын түрі жоқ. Қас қагым сәттің ауыры-ай! Әйтеуір, таяу отырған анасы Зәуре көмекке кеп, аброй болғанын қарашы.

— Дой-дой! У-у! Батыр екен гой, оянып жатыр екен гой,— деп құндақты құшақтап бауырына тарта берді.

— Ә,— ә, жас қонақ, сыпайыгершілік қайда! Есікті ашпай жатып мұнысы песі Нар баласы бақырмас болар. Әйтеуір, нағашы әжеңе ұқсай көрме,— деді Мұсекең кемпірін қағытып.

— Иә, тауып айттың. Соға бер депі атаңа. Әжемнен басқаң жетісіп тұрсаң, бір адам ештемені бұлдіре қоймас деші!— деп Зәуре есе жібермеген бол жатыр.

— Бәрекелді-е-е, жарықтық ата-әжелер-ай, мәре-сәре бол жатырсыздар ма?! Рақат деген осы болар.— Қарбалас сәтте есіктің алдына кеп, тоң жолдастарымен іркіле қалған Давид еркелей дауыстады.— Бөбектеріңіз құтты болсың. Ақ босаганың мәңгі өмірі енді басталды. Қөрік! Сән! Шын жүректен құттықтаймыз — деген ол екеуін алма кезек маңдайынан сүйеді. Гүл шоғын ұсынды. «Бірге туғап бауыр да бүйтнес. Жаңы бір дос деген осы да!» осы ойдағы Мұсабек бір жасап қоңылденіп қалды. Өздері айра-жайра мәз бол жатқан қарттардың үстінен сау етіп кіріп келген бұлар үлкеидерді бір желпіндіріп тастанады. Құрметі мен қуашыны араласып сәбиді еміп-еркін ортага енді ғана ала берген олар әлденеден ыңғайсызданғайдай да болған. Аңтарыла біріп-бірі қарап жаутаңдаса қалған.

— Сагышыны мол, коптен күткен, үні шырындар тәтті қонақты алас-құлас сәтте ортага алыш жатқандарынызды аңдып тұрғандай, біздің келісіміз үят болды-ау өзі — деп Давид сылқ-сылқ күлді.

— Өйдеме қарагым,— деді Зылиқа сасқалақтап. ірен-жіп қалдыға жорып, Давидтің сезін.

— Тәйірі, сезім-ақ екен. Мұндай қонақ кімнің ажарына қараган. Бұ дүнияда бұған қарсы келер пендені тапшы. Ал, ендеше керек болса, саган, батырың барылда-

ды,— деді шыр-пыры шыгып жылаған сәбиге төне қараған Мұсабек.

— Эй, өзінің дауысы айнымаған мына сиырны — деп Зәуре Мұсабекті нұскады.

— Қояғой, қойшы енді. Сепі көреміз деп папаңың кө-өп жолдастары кепті. Бақырауық дейді ғой. Ұят қайда — деп сәби түсіне қоятындағы өзінен-өзі сойлең, құндақты шешіп,— е-е бәсе, деп баланы қайта құндақтады.

— Мынау өзі, трактордай дарылдаң кетті. Менің дауысым осындағы ма?

— Мынау өзі, трактордай дарылдаң кетті. Менің дауынде ашу бар,— Мұсекең қарқылдаң құлді.

— Е-х-е! Біріңіз олай, біріңіз былай деп намысына тиғен соң қайтеді. Ұлық басын иіп сәлем бере келсе, өздеріңіз — деп қарттарды ду құлдірді қөп ішінен біреу.

— Батыр-екесі қойдық, қойдық. Намысшыл екен — ғой — деп Мұсекең баладай екі қолын көтерген.— Багындық,— жапы сәбидің үстінде. Соны сезгендей бала да саптына қалған.

— Апрырай, сәл болса, осы балалар-ақ сау етіп жетіп келеді де тұрады. Кім шақыра береді осыларды деп ойла маңыздар. Себепсіз келмейміз. Бұжолғы сылтау өмірге келген кішкене — Әлиев. Өзі шақырды. Ұяла-ұяла келдік. Шілдеханага қазақ атамыз шақырусыз келген дейді. Сондықтан — деп жайып-шуган Давидке:

— Құлышым-ау, о не дегенің! Ақ жарылқап күн туған мұндай қуапышты күнде кім есігін жапқан. Және осы қызық сендердікі. Қорігің, Сәнің әне шақалағың алда-рында. Біздікі тәңірім бүйіртса, сол тамашаны көру,— деді Зылиқа жұлып алғандай жауап қатып.

— Апа-а! — деп ананың сөзін тосып тұргандай — балалы болсыз, құтты аяқ бебек кепті — деп осы кезде есікті дауыстай ашқап шүйкедей қара келіншек шашуын бүршақтай жаудыра кірді. Сонында жайқапдай басқап Барап:

— Біздің баламыздың біріне бүйткен жоқ едіңіз. Қолдағы бала қожа деген осы-ау! Тіпті ағыл-тегілін шығарышты! Ту-у, іздесе табылмайтын қадірлі азamatтар да осында — деп дастархан мен үй-ішін шолыш, қызғанышып жасырмады.

— Енді қайтеміз — деп әйелі де томсара қалып еді, іле:

— Біз бұжолғы кісіден туған жоқпыш — деп тағы қойып қалды Барап. Әлгі арқа-жүркә мерейлі дастархан басын ілездеде қоңыр көңілсіздік басты. «Туған шеше мен іні ту-

тін түтеткен шаңырақта осындаïй шілдехана үстінде не айтып, не қойғандарын білмеген шіркіндерді қайтейін. Бар білгендері сол шыгар» деп іштей күйіпген Зылиқа:

— Жұрегіме қай балам болса да сыйғап. Біреуі — ол, біреуі бұл емес! Барым солардікі. Қуаныш ортақ, жан — ортақ. Ал балалар ойын-сауықтарыңды, бастай беріңдер — деп еді. Құлқі базары қайта қызғап. Қайран шеше бәрін жуып-шайып, бөгде ойдаң тігісін жатқызып жіберді. Соган орай сол күнгі тамаша қызығы да айтарлықтай болыш еді. Қаншама ән шырқалды, би билепді. Домбыра, баян, скрипка, қобыз күй текті.

Әсіреке сәбиге ат қою рәсімі шешуі қын жұмбақтан кем болмады.

— Адамның азамат болғандагы биік мәртебесі есімінде жатады. Жақсы есім — Қанат. Дұрыс ат таңдаңдар. Естігенде жаңыңды жадырататын, иманыңды тасытатын есімдер аз ба! Аты-жөні халықтың жүргегіне мәңгі орнығып, құрметке боленген ұлы перзенттерді еске алғындаршы. Тіпті тым ұзаққа бармай-ақ ұлы Абайды-ақ алайықшы. Қандай қасиетті сезінесіді?! Бәрі бір басына сия берген ұлы Абай-ай, шіркін! Бұрынғылар ат қоярда кітапқа қарапты. Біз ол билікті бүтінгі оқығаны, тоқығаны мұхиттай оздеріңе бердік,— деген Мұсабек пен Зылиқа бірін-бірі бас изесін мақұлдасты.

Осыдан кейін-ақ талас күшіе түсті. Қашшама ғұламаның, қолбасшының, зергердің, батырдың, ақынның, ұстаздың, тарихи қайраткердің аттары аталауды. Шарт бойынша таңдалған есімді ат қою рәсіміне қатысушылардың ең кемі үштеген екісі қолдауы керек. Ешкім басым көпшілік дауысқа ие бола алмай, ду-ду айтыс созыла берді. Кенет Қорік достарының назарын өзіне аударып:

— Сіздер басқаша ойлай кормециздер, менде сәбидің есімі Шырақжан болса деген ұсыныс бар — деді — едөүір қылышып, ұялып айтты.

— Шырақжан!

— Шырақ?

— Тауыш кеттің Қорік. Шырақ — жарық сөule.

Осы есім көкейдегі көп арманды арқалап түр екен — деді желпіне құптаған Давид. Ал, осы ұсынысты коптің дауысина салам. Қане, қалыс қалған? Жоқ! Қарсы! Жоқ! Бәрекелді-i-e, жүз процент! Азаматтың аты бүтінпен бастап Шырақжан, фамилиясы — Әлиев. Үй-іші дуылдата қол соғып «Көп жаса!» әніп қосыла шырқап думандатын жіберді.

...Осыдан бірнеше жыл Қорік пен Сәппің тұла бойы

тұңғышы Шырақжан туганда дос-жарандары осындай құрмет көрсеткен. Ол Зылиқа ананың отының басында өткен есте қалардай қызықты сәт еді. Ана бір жасаған. Ертеңінде сол ананың қуанышының ойда-жоқта сүттей ірігенин қайтерсіц. От басындағы озін көзінен таса қылмай қашапда арсаландап қасынан табылатың, не қуаныш, не қайғысына ортақ Алыпсоқ үшті-қүйлі жоқ болыш шықты. Шырақжанның шілдеханасы күні ақиқат бар. Іңірде тысқа шықкан мұның аяғына оралып, еркелеп қыңсағаған. Бір-екі рет маңқ-маңқ үріп жіберген. Өзінде ит болып, бұрын байқалмаган міnez. «Бұғін үйде ойын-шілдехана. Бар жата ғой, тамағыңды іш»— деп оған аяушылық білдіргені де Зылиқаның есінде. Сол Алыпсоқтың жоғалуы ана жүргегіне уайым, сүмдүк боп сезіледі.

— Зықа, ренжіме, рас итің қасиетті ит еді. Өзінің жасын санасам алжитын кезі бопты. Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді дегенді естуің бар шығар. Солай болды енді — деп Мұсабек ана көңіліндегі кірбендей бір серпілткен.

— Осы босағаның адад тілеуқоры еді. Ақылы, зияттығы сондай, не жақсылық, не жамандықты күні бұрын сезетініп қайтерсіц. Осы Шырақжан туардағы ырымы да бөлеқ боп еді — деп Мұсабек пен Зәуреге қараган ол — өздеріңіз білесіздер, мен бірде Барактың үйіне кетіп, қайта алмай қонып қалдым-ау. Кім-кімнің де өз тессегі озіне пейіш дегендей тұған баламның үйі болса да, түнімен ұйықтай алсамшы. Ертерек үйге келсем, есігімнің алдында жүрелеп біреу отыр. Қарсысында екі көзі қып-қызыл шоқтай жайнаған Алыпсоқ. Атылатын жолбарыстың төпіп апты. «Әй, қыбыр етпе» дегендей тамағын жыртып ырылдан қояды.

Мені коріп, әлгіні жұлдып тастайтындаш шабалана үмтүлды. «Кет!» деп қатты ақырып қалдым. Есігімнің алдында біреуді итім жарыш тастаса масқара-ай, не болам. Алыпсоқ тым ұзамай сәл кейін шегінін, көзін анадан алмай тісіп сақылдатып, оршелене ырылдан тұрды. Әлгі адам тәлтіректеп орынаш зорга кетерілді. Үдай мас. Қалтасында әлі ішпіліп болмаған жарты шөлмегі бар. Сақал-мұрты оскең, мен бұрын көрмеген жан. Бетіме қипала қараң:

— Шеш-ше-ше, кеш-кеш-ірі-діз. Иттің қолына түсіп... қор боп... Кете алмай өлуге айналдым. Сәл қыбыр етсем... жеп,— деп күшпен әрең-әрең тіл қатты.

— Мұнда неге келдің? Кімді іздедің,— десем.

«Қаранғыда танысымының үйі деп, шарбақтан кіріп... итіңіз тапжылтпай, міне жагам дал-дал» дейді, өзі діріл-

деп түр. Сойтіп Алыпсоқ маскунемді де бір түн қамауга алған — бәрі ду күлді. Шіркің, ондай ит түсे бермес енди — деп Зылиқа қатты күрсінді.

— Ит ырыс қой. Алыпсоқ ырысын қалдырып, осы үйдегі қайғы-қасіретті құыш кеткен, құдаги. Өзі және Шырақжан туған құнғы шілдеханада болыпты. Жақсы ырым. Ренжіме — деді Зәуре өзі өз болып көңілден шығып сөйлемеді.

— Ылайым солай болгай — деген басқалар...

Соңғы жылдары Қөріктің қолынан домбыра түснейтін болып алған. Әдепкі жылдардағыңдай емес қолы төселіп, көкірекі тың әуен, ыргақ іздейтін жаңа машиқ тапқан. Қарағай домбыраның комейін бұлкілдетіп, таңдайын тақылдатып жібереді. Он саусақ ойнап, ортекедей секіреді кеп. Соңда қос ішек неше түрлі үнде бебеулеп, соны сарын іздейді. Жаңа, бұрын адам естімеген тың мақаммен жанды өбектеген басқаша сыр шертеді.

Сай-сүйекке жетіп, жүрек қылышын басып тәнінді ерітінің қайтерсіц. Ондайда домбыра көмейі жанды арбаган ыстық әуенге толып, лықсып тезірек шығуға ұмытылып шалқып кетеді. Ұлы тасқын, тау шатқалына сыймай, жөңкіле актарылған сел дерсің оны. Ұлаисыр ел көшкендей сол домбыра шанағынан ұрапдаган саз, шаттық — сазы ерекше шабыт бол естілер еді соңда. Мұндай шақта түңғышы Шырақжан, қызы Таңакоз, кіші ұлы Тілек әке қасынан қыбыр етпей қалатын. Бөгде қымыл біржола түгесіліп, демдерін іштерінен зорға алып құмартыш қас қақпай тыңдар еді.

Сол машиқ Қөрікті жаңа, бұрын қолына домбыра ұстаған қазақ сахаrasындағы хас шебердің бірде-бірі тартапған тың асқақ құдіретті әуенге бастап еді. Жатса тұрса оны өбектеген асыл үн жаңына жайлай, кең өріс іздел шарқ үрғызған. Домбыра! Құ қарағайға тіл берсе, адамша сөйлейтінін кім көрген. Бұдан бірнеше жыл бұрын икемсіз оқтаудай добал саусақ — қазір майшының қалағындаид жалпылдаш көз ілесспес жылдамдық тапқан. Қалағаш жерін қалтқысыз басады. Қөріктің көкірекі саусағына көз бітіріпті. Және жай баспайды, аңсаулы әуенмен көкейді егілткен ыргақ табады. Тобе құйқаца дейін ерітеді соңда. Ақырын гапа ыргақ, бас пернеден басталатын қоңыр дауыс өріле тайпалған жоргадай сырғи соргалап жөнелетішін қайтерсіц. Домбыраның тар шанағын жарып, сабасына сыймай лықсып ақтарыла кететін тұс бойды шымырлатып, тәнді арбап, ерітіп тұрып алады. Қірпік

қақтырмай, дітінді қоздырып, сабыр-тагатыца атой сап кететіні ғажап!

Сагаққа кеп, тұнкі қос пернеге кезек алмасып бұлбұл көмейінен шырқала шығатын саз болып, шайқала биікке тұнады. Сонда домбыра тұла бойы күй, қаптаған ән болып құйқылжып, туған кең даласына бұлбұл боп қалықтап ұшып бара жатады. Қорік осы өзі бар ынта-ықыласымен тартатын күй толқынында бір батып, бір шығып балқиды.

Ал, соргалап төгілген әуен мамырлап ұйып, құлақта тұрып алады. Содан ба, осы туындысының атын ол «Үштоты» атапты. Бітім болмысы бөлек дүние. Биіктен соргалап, жылаап ағып, келе-келе арындан кеңге құлаш ұратын қуатты сарқырама тәрізді. Кей тұста шырышық атып оқтай атылар уыт жолбарыс бейнеде түйіліп, бірте-бірте тарқатылған жібек шүйкедей созылар кезі тым ыстық, еткір. Домбыра шанағынан сонда мың дауыс, мың жаңтырып өріледі. Анадағы Мұсабек атасы шерткен батыр туралы аңыз, Үшсандуғаш боп елес береді. Шырқалған саз тал бойын аймалап, жүргіне әдемі лебіз боп жетеді. Жіай жетпейді, батыр ата дауысы боп, кең жазықта тау тұрғызған құдіретті қолдарда жарқ-жүрқ ойнаған кетпендер, күрек тісі ақсиып, рақат күлкіге көмілген жандар боп кетеді. «Әуен — адам екен-ау! — деп тебіренеді сонда Қорік. Адам, иә, адам! Соның үні боп бүкіл дала әнге толып кетті емес пе? Еңбектің, адамның дауысы ол! Қолдан тау тұрғызған адам, бүкіл үрпағына өнеге болған адамның үні. Бұлбұлын сайратқан, сұлулықтың ізі жосылып күй болып құйылуын-ай!» — деген оның домбыраның қос ішегін қуалаған саусақтары бұлкіл қағып, ең соңғы түп пернеде көкте бір орнында байланып қалған құстай діріл қақты. Сол екі перне жалт еткен қара көздің жанарын қымтаган салалы кірпіктей жиі қағылады. Сым дауыс бір үзіліп, бір созылып тілге келеді.

Енді ол «Үштоты», «Үш бұлбұл», «Үш сандуғаш» — деп екі аяғына алма кезек секірген баладай сайрап кетті. Сагаға әкеп буып, бар сырын тақ-тақ таңдай қақтырып сейлеткеп домбырашының саусақтары біргіндеп пернө қуып жоғарылай береді. Қазіргі жамыраған саз биікке өрлең шығып бара жатқан дабыралы қоңтің әуені тәрізді еңсесі есіп биіктеген дауыс «атырабым, атырабым!» десе, екінші тілде «асылым, асылым!» деп дауыстағандай. Осы ыргакқа балқып берілген жігіт шабыт тұлпарына мінген. «Көп жайты білмей, тусінбей кеппін-ау!» — деді ол ішінен домбырасын қасыша сүйеп қойып жатып. «Бар-

лық игілік те, махаббат та, омір, сенің бір озінде екен. Сенің сазыңың қапатым екеніп білсемін! Жетім сандуғаштың тілін түсінген қайран бабам-ай, сенің жүргегің нөгө мегзейді!

Өмірді сүй, өмір махаббат деп кетіпсің-ау! О, дана бабам, осиетіңе құлмын. Өнер бар жерде ізгілік бар дегенінді үқтym. Сен маган ұрпағыңа, туған жеріңе, елжүргің адал бол!— деп кетіпсің. Сенің әруағыңа арнаадым осы күйді. Осы кіндік қаның тамған жерге өшпес белгі етіп Үшсандуғаш тауып, дақана бұлбұл үнін сыйласаң, мен асқақ от саз, жүрек тербереген әуенге құрылған еңбегімді өзіңе арнадым.

— Апа, Сән!— дауысының қалай оқыс шыққанын өзі аңғармады.— Күй аты «Үштоты», «Үштоты»— деп қуапышы қойнына сыймай орынап көтеріле берді.

Тыңдаушыларын тәнті етіп, ынтық отын маздатқан мәңгілік өмір, халық құдіретіп, шының махаббатты жырлаган айтулы «Үштоты» күйі осылай туган еді. Қорік бұдан кейін «Достық» күйін шерткен. Оны жан аямас жолдасы, досы Давидке арнапты. Осылайша бір күйден соң қарагай домбыра шанагынан күй топаны төгіле беріп еді...

«Үштоты» күйі аз күнде бүкіл қалага тарап кетті. Оны алғаш үйіп тыңдаушылардың бірі Мұсабек балаңдай таңдайын қағып:

— Балам,— деп Қоріктің қасына тақала отырды.— Халық мәңгі қадірлекен әруақты бабаңың алдында жұрагаттың міндетінді өтепсің. Өлмес, өшпес Үшсандуғаш заңғарындағы қастерлі дүние екеп мұның. Жарықтың атамыз қолмен, маңдай терімеп сол мұраны қалдырса, сен жүрек тілімен оның күи шалған құзарын биіктетіпсің. Сарала бұлбұлды сайратып, туу шығапда тұлпарды кісінетіп, қарагай домбыра шанагында не асыл әуезді иіріп үстап шеберлікке жетіпсің. Пав! Өнерім-ақ! Не айтатыны бар, бойды балқытып, жашы жадыратып жіберді — деген. Қорінің көзі жасаурап, жүйе-жүйесі едәуір босап сийледі. Домбырашыға қайта-қайта қарай берген.

Әкесің осы сезіне Қорік есіп қалды. Бұл оның өз құлагымен естіген бірінші қошметі. Содан ба, делебесі қозған. Зәуре қараң отыра алмады.

— Атаңың жапына жағыпты, бопты да — деді. Қекеткені, қоштағаны белгісіз. Қемпірінің бетіне «осы не айтып отыр» деген кісіште адырая қараган Мұсабек:

— Тамылжығап әуенге не дауа бар. Жапынды аялап — дей беріп еді.

— Түсінгішсің гой, әйтеуір — деп таты нықыртып етті.

— Тасыр деп пе ең мені — деді шамданған қарт,— бізге ол қасиет туда біткен, әріден дарыған — деп тамағын жырта кенеп, келелі әңгіме айтатыпдай сыйдай танытты.

— Көрікжан, қоніліце алма. Шешенің жақсыға да, жаманға да жағаласып отыру сүйегіндегі әдеті. Не істерсің бұған — деп өзінің лажсыз екеніп аңғартты.

— Иә, бәрі жақсы шарапаттан шығып жатыр. Құйларіңің атың «Үштоты», «Достық» атапсың. Тауып қойылған. Ізгілікті істің екінші бір есімі — қайырымдылық. Ұқылым заманда ишіна қонған сандугашқа қызмет еткен батырды, баба үрпақты келтірші көз алдыңа. Пана-сыз сандугаш жылаған сәби емес пе? Жалғыз дән! Сол бір түйірден өскен өркенді ойлаши. Қөптің қайырымы тау тұрғызды, ал әлсіз үн әлемді тербеткен күшке айналды. Құйқылжың, тамылжыған дауыс жанды рақат бесігіне боледі. Ойлап отырсам дүниепі от әуез, бійк шәрбат сазға бекітірген сандугаш әні осынау атам бигінен тараган тәрізді әлемге. Бәрі жалғыз сандугаштың үрпағы ма деймін. Қайран бабамың асыл еңбегі мәңгі жасап әлемде қайырымдылық деген үғымға ие болышты-ау! Содан есіме оралды. Аныз шыгар, мейлі. Атамыз жаңа туып жатышты. Баспана қамыс лашық жақыннан түскен жай отынан лаулап жана жөнеледі. От тілі тірі жанды мацайлатпай, іште қалған нәресте қүйестін болады. Нартәуекел деп отқа түскен талайдың беті қайтады. Өмір мен өлім айқасы қыза түседі. От — ажал бол алаулайды кеп. Соңда шыр-шыры шығып, отқа түскен ана басын қатерге тіге жүріп, баланы оттан алғып шығыпты. Әттең, не кепек, есіл сәби шала қүйіп қалады. Талмауран тынысы тарылып, демі таусылғалы жатқан шаранага:

— Балам, аш көзінді, аш! Сенің өлуге хақың жоқ! Өлім, аулақ! Аулақ — деп қатты дауыстаң, шыбынды деп баланы бауырына тартқан ана — сен өмірге бекерге келген жоқсың, өмірдегі борышыңды, адамдың міндетінді атқарып кет. Келер үрпағыңа өнегелі іс қалдыры, — депті. Әл үстіндегі, өлгелі жатқан нәрестеге айтылды ма, болмаса иісі адамға айтылды ма, осы құдыретті сөз! Бұл мүмкін, ана жүргіпен шыққан өсиет шығар. Шырқыраған ана жапының мәңгі тілегі шығар! Ана мейіріміне шомылған сол сәби қашпа қүйесе де әйтеуір, тірі қалыпты. Біздің түп-тегімізді сол нәрестеге апарады шежіре. Ойлап отырсам, ақ ниет, үрпағым деген адамның еңбегі көп жасайды екеп. Соның күәсі емес пе — «Үпсандугаш, мәң-

гі олмес өмір бол жалғасқан — ана мейірімі — үрпақ», — деп іркілді ол. Үй ішінде тырс етіп ешкім тіс жармады. Әркім өз ойымен болыш кеткен тәрізді. Үнсіздікті Зәуре бұзды.

— Шал, өзіңмен осыншама ғұмыр кепшін келе жатып естімеген әңгімем болды бұл. Ойыңдан шыгардың ба? — деді.

— Ойдан қайдан шыгарайын, Қөрікжан тартқап күй, тамылжыған ән қай-қайдагыны қозғады емес пе? Құлындағы сақау, құнаңдағы тісеуімді шыгарды. Ықылым замандар, жылдар қойында қалған сырлы сезім ояңса, не айтарсың — деді қарт. «Қайырымдылық — жақсылықтың екінші есімі!» — дейді. Өмір мына мұхиттай шексіз, буырқанғаш омір... Махаббат, адамдық! Қөріктің санасына бұкіл өлем ән болып, созылған тәтті саз болып, дірілденеттына қалды. Қараңғылық пердесі тұтылған маңдайын сипап ойга шомған. Елес дүниe мөлдірей түсті. Қек аспандаі керіліп шайқалмай молт-молт етеді. Сәл қозғалса бәрін тәрк етердей қас қақпай отыр. «Жұмыр жер, ана — жер жақсылық үшін, адамның бақыты үшін жаралған жоқ па? Үрпақ үшін емес пе!» деп айқай салғысы келді оның. Бірақ әлгі мөлдіреген сезім қаймағын шайқаудан жасқана берді. Қарт бетіне, оның қазіргі тұлғасына қанша үцілсе де, көргісі келсе де, амал не, тағдыр көруді жазбапты Қекірегін қарс айырған бар екіншін ол күрсүнумен гана білдірді. «Келіннің алғышап, қойшының таяғынан» деп халық бекер айтпапты. Сән бұл үйге береке ала келді. Жұрт айтса айтқандай, сөйлесе де әр соғын қолмен қойғаңдай салмақты, ақылға құратын жас, әкесі Мұсабектен аумай қалыпты. Құйындай үйіткыш, жүрген жерін айқай-шуга бөктіретін Зәуреге үқсаган мысқал міnez жоқ жап от басының үйіткышы болыш алды. Әсіресе Зылиқа ана қатты разы. Қашап қай уақытта үлгеретінін де білмей қалады. От басы тағ-таза, кірі жуулы, асы пісірулі бәрі қоңырсіп тұрады. Ательедегі жұмысын да тиянақты, аброймен атқарады. Ал, Қөрік жайы мұлдем басқаша, оның күтіміне, қоңілі қаяулы азаматтың сағы сынбай отыруына пе қажеттің бәрін жасап, алдын-ала әзірлең келістіріп, бабыш табады. Ең аргысы түскі үзіліске демала келген қысқа уақыттың өзін осы үйдегі екі жанның ыңғайын табуга арнайды. Қайтсе де бірі есейген, екіншісі мүгедек атанған ет бауыр, сүйікті жандарын сергек ықыласпен күтімге ала білді. Аз жыныдар ішінде-ақ үйі қатардагы белгілі шаңырақтардың біріне айналды. Зылиқаның жиған-тергені, оған қоса екеуінің

еңбек ақысына қисапсыз береке дарыды. Қала тұрмысына қажетті дүние жиһаз бұл үйдің торінен өз орнын тапты. Әлгі кірсе шыққысыз, керсе көз тоймайтын дейтін дүние мұлік іле зеде молынаң жиналыш-ақ қалды. Зылиқа әлдеқалай үлкен, тұргылыстары бас қосқан жерге шақырылса қымбат бағалы киімге малыныш баратынды шыгарды. Соның бәрінде:

— Шырағым-ай, жұрт көзіне түсіп қайтем, құба-төбел күйім жетеді — деп қаша тартыншақтаса да келіні болмай:

— Апа, бекер олай дейсіз. Қоре алмаған көзге сүйел шықсын. Несібеңізге бәрі бар. Қорік екеуміздің табысымыз бір сізді жарқыратуға жетеді. Әрі ол киген сіздің, әрі балаңыз біздің мереіміз. Екі мерей — бір мақтан — деп еріксіз ең жақсы, жаңа тігілген, өзі тіккен киім кешегін қоярда-қоймай кигізетін. Осындай келін махаббатына бөлениген Зылиқа ойга шомып, қазіргі тағдырына тәубе келтіретін. Әйтсе де жақсы келін туралы жаяу сез, қаңқу әңгіме де тыныш жатпайтын.

— Капустаның қызыны қарашиб. Осы заманның баласы іштен оқып туады. Өзіңің шамасын білген жасқа не дауа, соқыр демеді. «Сүйдім, күйдім» деп өліп-өшіп тиіп алыш еді. Алдына шығатын кімі бар. Жалғыз кемпірді уқансуқанғып, айтқанына қөндіріш, айдауына жүргізіп отыр, әне! — десе, біреуі.

— Қой епді көзіне қара көзілдірігіп тағып, мойылдай қара кастюмын сәндеп кигізіп Қоріктің қолтығына жабысып бара жатқанда көрсөң. Перінің қызы дерсің. Өзі толыса бастапты. Қөңіл шіркін шырақтаса жан семіреді деген сол.

— Эй, сонда бейбақ соқырга тидім деп семіре ме екен.

Пішту! Мұндай сөздер Қорік пен Сәннің құлағына жеткен емес, әрине.

— Ақылды келін ауылын билейді. Ауылын билесе аймақты билейді деген сөзде жан бар. Сол бармақтай жан қарт әке, шешесін де көзінен таса қылмай, бағыщ-қағып отыр. Екі үйдегі үш кәріні соноу Үшсандуғаш тауындағы кекке көтеріш, әруагын асырған ондай жасқа алғыстан бөтен не айта аларсың — деді тағы бір созуар ағынан жарылып.

— Оны қойыңызышы, тұған әке, шеше, ене не десе де ақылдан шықпақ емес. Жөн іске кім қарсы шығар. Сол келіннің өлеңді жердің өгізіндегі қайнағасы Барақ пен абысының иліктіруін айт. Бетім-ау, аналар тұған шешені керек қылмай кеткен, өзі болғандар емес пе? Сән жеңді.

Ақылмен жеңді. Қазіргі сол иіс-салмастар інісінің үйіне жиі келе бастады. Абысын тату болса ас көп дегендей күйгөн күлшедей абысының аузына қаратып алған. Бұл ма, бұл есті кісі болады. Салиқалы бәйбіше, жөндем ана болады — деп асыра мақтаушылар да аз емес.

— Зылиқа, құдай берген жансың. Қелінің қандай тәртіпті, өнегелі адам болды. Қөрігінің жанын жай тапқызыған сол шығар. От жалып жаста қасірет шекті-ау, енді күні не болар екен дегендердің аузы ашылып қалды емес не? Қосағымен қоса агарсын балаң — деп ішіне қайғы қатқан ананы семіртіп-ақ тастайды кейбір жанашыр. Қоңыл шіркін жас тері емес не, сол сәл сөзге Зылиқа едәуір көтеріліп есіп қалатын. «Мұнысына тәуба, Зұмырат құсағандар не демейді. Жағың қарысқыры-ай, «сенен туган бала не оқады» деп қаргады-ау. Аузы қалай ғана сондай сөзге барды екен. Жазықсыз жанға жәбір беруге жүрегі қалай төзеді сондайлардың», — деп ойлай қалушы еді ол. Мұның бақытына отбасы базарлы болды. Бірінен соң бірі үш сәби дүниеге келді. «Төсекпен берем, төсекпен бермесем, есеппен берем» дегендей үйелмелі-сүйелмелі Шырақжан, Танакөз, Тілегі туды. Олардың әжесі десе өліп-әшіп жатқаны. Ол да сөзіз Сәннің тәрбиесі. Жүрегі езіліп, қашпа көріп отыrsa да біреуін менен туын едің деп бауырына оқыс тарты ма екен. Жоқ! Әлде қалай бірі таяна қалса:

— Эрі жүр. Әжеце бар. Сендер со кісіден тұғансыздар — деп күле отырып, маңайына жолатпайтының қайтерсің. Расында Сән бір шаңырақтың аты ақызға айналған көркі де, бақыты да еді. Осы жанның, күндей құлғен жайдары жапыңың елгезектігі шығар омірден көрер қызығын көре алмай арманда кеткен Әлидің үйі соғыс кезде шаттық мекепіне, бақыт ордасына айналған. Екінші жағынан ол Қөріктің күйшілік өнерімен байланысты көрінген «Үштоты», «Достық», «Аңсау» күйлері көптің дауысы бар Қөрік от басында Сәнмен қосылып шырқап, жақында «Сүйінші» әні арқылы ән сүйген қауымға тағы бір тың қырынан танылған. Мұндай сәтке, досының өнер есігін айқара еміп-еркін ашиқан соны табысына қуанған Давид бастаған жастар оны завод көркемоперпаздары колективі құрамында қала мәдениет сарайында концерт қоюға апарды. Бар атақ та, даңқ та Қөрікке сол жерде келді.

Қарағай домбырадан шертілген күй көптің жүрегіне жол тапты. Дүрілдете соғылған ду қол шапалақтау, әсіресе жастар жағының «бис! бис!» деген айқайымен қар-

сы алышы. Осы сахнада тұңғыш рет «Сүйінші» әнін Сәнмен қосылып шырқап берді. Адамга келер бақыт кейде дауылдатып, кейде жауындарын келеді демекші, от басы ошақ қасында жылдар, айлар түнек құшағында күн откізген жастың атағы осы өнер кешінен кейін республика жұртшылығына тараған кетіп еді. Әуесқой композитор атанды. Туындылары радио, телевизордан жиі беріле бастады.

— Жұпарын шашқан гүл де құнарлы топыраққа өседі. Қеріктің тегінде бар. Топтан озған домбырашы атасынан тамыр тартқан өнер бұл,— десе біреулер, екіншісі:

— Е, сіз де айтқыш екенсіз. Қөрмей жүрген бала ма еді. Оғап Мұсабектің қызы бақ бол конған жоқ па? Оқтау жопа алмайтын саусаққа өнер құйған сол ардақты жанның қасиеті.

Сән тірі болса көресіз, бұл соқырды ұшпаққа шығаралы. Парижде әп салғап Әміредей әлем театрларында «Достық» күйін шерткізеді. Әне жақсы әйел жанга ырыс деген сол!

— Ту-у, сіз де бір бұйырмagan әңгіме айтады екенсіз. Қорік біртуар дарын. Қойнындағы әйелі өнер үйретеді, содан қасиет дариды дегенге итім сене ме! Рас, сол келіншекті алыш, көңілі тасыған азаматтың үйқыдағы қабілеті ояпды де! Таласым жоқ, Бірақ, әлті пікіріңіз қате.

Осылай көп талас, сап-саққа өрекпіген сөз олардың тоңірегінде борандап үйитқыш жататын. Не десе де қортынды да әйтеуір жастардың адамгершілігі мадақталушы еді. Домбыра шанағына тіл бітірген дарын жайында ауыздарынан суы құрып әңгімелейтін. Қалай десе де бір қаланың мақтанына айналған Әлидің шаңырағы биіктеп, оның үрпагының есімі копке кеңінеп тапыла бастады. Сырт көзге қазір бұл мұңсыз тек бақыт құшқап бол көрінер еді. Әйтсе де ана журегіне қадалған шөңге оқтын-оқтын сыйздатып кететін. Қолмен жұлыш тастар дерт пе? Қарт ана лажсыз тағдырға бас июші еді...

\* \* \*

Тілдей қағаздағы тасқа басылған жазуга Зылиқа мың қараган шығар. Киелі тұмардай, жан қалтасына, жібек орамалының шетіне түйіп алышты. Сәл оңашалапа берсе, сол түйіншекті шешін оқы қоятындей-ақ үціледі кеп. «Әйтеуір, рас болсыншы. Тіліграм Мәскеуден дейді. Бекер болмас...» дей береді. Әмірден талай опық жеп, запы болған кәрі жүргегі алыш үшіп тынышын алған. «Сабыр...

сабыр, сап коңілім» деп озіне басу айта береді. Содан ба, екі шекесі солқылдаш шағып кетті. Құн батқалы ел жатқалы не заман коз шырымын ала алмады, қүйбендең оны мұны ермек еткеп бол жүр. Сагатқа да әлсін-әлі қарашқояды.

Асыққанда уақыт шіркіп өте қоя ма, сағыздай созылып тұрып алды. «Таң тезірек атса еken. Самолеті үшпай қалмаса...» деп ана ойы сап-саққа жүгіреді.

— Балаларды қарсы алуға біз де барамыз — деп Мұсабек пеп Зәуре де келген. Шырақжап, Танакөз, Тілегі тагы бар. Есін біліп қалған бала емес не, әсіресе Шырақжапы:

— Әже, әжетай — деп Зылиқаның бауырына кіріп, әлі де дауысын қатты шығара алмай сыйырлап, — соқырдың баласы деген аттан құтылатын болық-ау, әйтеуір — деді. Неше жылғы мазақ болғанын, жаңының қор болғанын бүгін ашық білдірді. Қайран сәби іштен тынып, на-мыс отына қүйіп жүріпті-ау! Зылиқа үндемеді. Басын изеген де қойған. Қөрін көзімен көргенше, көнілі күпті, жытыла сеніп тұрган жоқ. Қалай сепе қойсын. «Жиырма жыл оп-одан ма?! Тас түнек қалай серпіле қалады?!» дей береді өзіне-өзі. Зылиқа самолеттен шұбыра түскен көптің ішінен баласын алыстан-ақ көрді. Сән екеуі қатар иықтасып, Давид бірер қадам алда келеді. Өздері олжамен қайтқан тәрізді. Қол жүктері едәуір қомакты. Қөрік адымдаш, аяғын еркін басады. Екі езуі құлағында. Кетерінде ұстап кеткен имек бас таяғы қазір қолында жоқ. Бірдене деп сойлеп, Сәнге мойнын бұра созады. Зылиқа өз көзіне өзі сенбегендей, жасаураган жанарын сұрткіштей береді. «Ақиқат өзі, жазылған еken, жарытый. Өз еркі өзіне тиіп, алшаңдай басып..» ана жүргегі шымырлап кетті.

— Әне, келді! Әне, кокем — дейді алыш үшікан немерелері.

— Көзімнің қарашығы, қуатым-ау, өз бетімен жүріп келеді. Тілек қабыл болды — деген осы — деп аңырады енесі Зәуре.

Мұсабек қария сыр бермей сақалын салалап сипана берді. Дәл қасына кеп, бетпе-бет тұрып көргешіп сыңдай жақ ашпақ емес. Басқадан бұрыш:

— Кок-е-е — деп шығдамы таусылған Шырақжап да-уыстап ұмтылды. Әкесінің мойнынан құшашқатап жабысын қапты. Өліп-өшіп сүйіп жатыр. Танакөз беп Тілек бір жағынан әке бауырына кіре түскен. Шіркіи, қуапыш үс-тіндегі сәби жапы-ай! Бір құліп, бір жылап папалап ай-

малайды кеп. Үш баласы үш жағынан ортага алған Қөріктің қара торы жүзі алаулап қоя берді. Аймалап, кезек-кезе беттерінен сүйген оның:

— Балақандарым-ау, өздерің қандай тамаша едіңдер — деген дауысы аэропорт ішіне жаңғырыға естілді. Ұзақ жылдар жаңарсыз қалған жаңның бол өзінің бала-ларыны өз козімен бірішпі рет көруі еді. Іші-бауыры езіліп, жүргегі тұлаған Қөріктің көзі шоқтай жаңыш, мейірім шапағы лаурай қалған. Өз бөбектерінен көзін ала алар емес. Ішіп-жеп қарай береді. Қараган сайын жаңына өмірдің жарық сәулесі тамылжи түсетін тәрізді.

— Садағаң кетейін, Дәуі-ті-ім, жарылқаушым екенсің. Күндей нұрын теккен жаңарыңсан айналдым сенің! Жаңым құрбаның болсын. Фылым құдіретін, тәңір игілігін сен болмасаң қайдан көрер едік. Жиырма жылғы түн-түнекті серіп тастаган ілім құдіретіңе бас идім, жаңым! Егізімнің сыңары, өмірімнің жаңары, бәріне себепшіл келші бері — деп маңдайынан, екі бетінен кезек сүйген Зылиқа құшагын жазбай тебіренді.— Тіршілігіме жан берген, өмір бол күлген от жүргегің көп жасасын. Бақытты бол. Сен болмасаң, бұл дүниеден құса жүрекпен бұлығын аңырап өтер ем. Енді арман жоқ! — деді салиқалы үнге ауысып.— Сендей ұл туган анадан айналдым, халықтан айналдым.

Сағап айтылар алғысты сөзбен жеткізу мүмкін емес. Айттарым — көрсеткен онегең ұрпақтарға тарасын. Қөрі жүргімді адамгершілікке толтырдың, жастық өкелдің. Ерте заманда мұндан азаматтар татулығын, жақындық қарым-қатынасын достық деп атар еді. Ал, сен ол сөздің мағынасын өлдекәйда кеңітіп жібердің. Ол сөз енді бауыр болды. Бауырлас достықтарың мәңгілік, азаматтық жандарың өмірде жамандық кормесін — деп Мұсабек қарт желпіне сойледі. Қайта-қайта Давидтің қолын қыса берді.

— Қалқашым-ау, достық деген кеудедегі жүрек пе еді, жан ба еді. Бұған дейін мен бейбақ не біліп келгем — деген Зәуре.— Давидті құшагынан босатар емес. Бода-бодасы шығын жылап түр. Мінезік шәлкес, тұмысынан қызыры жаратылған жаңның еміренген сөзі талайға таңдай қақтырды. Көзін сурте жүріп, Давиде қарай береді.

— Апа, Мұсеке, Зәуре шеше, раҳмет лебіздеріңізге. Баянды қуаныш болсын өздеріңізге. Қөріктің қуанышы біздің де қуанышымыз. Оған барлық достар ортақ. Бізде қарымта тілейтін сатулы қызмет деген болмайды. Жаңы бір адам жаңымен жалғасып өмір кепеді. Мұддесі бірдің

тілегі бірдің жүргегі бір — деген соз ол. Сіздер коп алғыс рахметті ғылымға айтыңыздар. Ғалымдарга багыштаңыздар,— деді Давид.— Мениң де тәбем сол күні кокке жеткен. Эне қараңыздаршы, қап-қара көзі комірдей, жанары мөлдірекен Қорік бар шаттықты алғып орталарыңызға оралды. Іздегеніміз, арманымыз орындалды. Одан артық олжаның керегі не?! Және осынау аз жылғы қының күндер оның мойнында ошпес дарып отын жақты.

Замандас үшін одан қымбат қасиет бар ма?— Үлкен дердің аузы ашылып, Давидке қарап қапты. «Өз бойына түк жолатпайды. Мұндай сыртқы біртогашы кім көргел. Мәрт азамат екеп-ау!» деп түйді Мұсабек. Балаларынан босаған Қорік Мұсабектен бастап қарттарға қос қолын ұсынып сөлем берді. Мұндайда ана жаны шыдаган ба, Зылиқа:

— Қөзіңиң айналдым. Әлидің жанары тіріліпті — деп салды.— Енді арманым жоқ. Бүтінгі бақыт тасытқан күнге етелмес қарыздар жаның бірімін мен. Солың ішінде ең қомақтысы Дәүіттің үлесі, Дәүітімнің еңбегі. Дүниені мөлдіреткен аспан түстес көзіңиң айналдым Дәүітім! Бойыңдағы ізгілік ошпесін. Сендей ұлы бар ел қашан да бақытты! Бұл — ана батасы, ана багасы. Егіз ұлым, достықтарың мәңгілік болсын!— деді. Осындағы қуанышты құні оз бойын бекітіп қашпа ұстамдылық корсетейін десе де аналық мейірім ыстық жас бол, коз жасы бол төгіле берді.

Әлиевтер әулеті бұл күнде бау-бақшалы қалада өмір кешіп жатыр. Барақ пен Қорік ақар-шақар балалы-шагалы берекелі белгілі шаңырақтар. Дос-жарандары, қашама! Бәрі — ана шіркіннің тәрбиеси шыгар. Қарттар деген қазына емес пе? Зылиқа, Зәуре, Мұсабектер егдеп тартса да, әлі қуашақ. Немерелерінің қызығып ақсан, келер күннің шуагып асыға күтетіп сияқты. Әсіресе, Зылиқа ширан алған. «Әр нәрсенің қайыры болғанға не жетсін! Өмірге өкінбеймін. Не көрмедік. Қуанышын да, қасіретін де шектім. Бір күнгідей болған жоқ. Бәріпен қымбат адамдық ізгілік екен. Біреудің біреуге мейірбандығынан, достығынан асыл қазына болмайтынын ұрпагыма аманат етермін-ау!»— дейді.

Қайрап шеше-ай, жөнің болек-ау...

## *МАЗМУНЫ*

Абай келгенде . . . . .	3
Кырдағы көріністер . . . . .	16
Қияндагы жалғыз үй . . . . .	27
Сөнбекен шырақ . . . . .	73
Базекеңің әңгімесі . . . . .	97
Ашылмаган сыр . . . . .	132
Әтәкү . . . . .	146
Қайран шеше . . . . .	163

АПБАЗ ҚАРАЖІГІТОВ

### *Посвящение матери*

(На казахском языке)

Редакторы Р. Шәймерденов

Суретшісі Б. Жапаров

Коркемдеуін редакторы Б. Оспан

Техникалық редакторы Ә. Құзембаева

ИБ № 490

Теруге 12.01.98 жіберілді. Басуға 13.02.98 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1/32</sup>. Баспаханалық қағаз. Әріп түрі «кәдімті жаңа». Шыбындық басылыс. Шартты баспа табағы 12,18. Есептік баспа табағы 13,44. Шартты бояулы беттақбасы 12,5. Таралымы 1000. Тапсырыс № 1332. Бағасы келісім бойынша.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім мінистрлігінің «Ана тілі» баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім мінистрлігінің Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.



Абзас Қаражігітов 1923 жылды Караганды облысы Ұлытау ауданы Сарысу аулында туран. 1953 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде филология факультетін бітірген.

Қазақстан Жазушылар одағының Сәкен Сейфуллин атындағы жергілікті белгілісінің тераарасы. “Ақмөншак”, “Шакпак”, “Әке даусы” атты әңгімелер мен хикаялар жинақтарының, “Майқоңыр” романының авторы. “Баубек” атты пьесасы үшін Қазақстан Журналистер одағының сыйлығын алған.